

АБАЙДЫҢ ТУЫСЫ МЕН ӨМІРІ

(Абай Өмірбаянының алғашқы нұсқасы (1927-1933))

Абайдың ата-тегін түгел санасақ, алысқа кетеді. Бү күнге шейін ел ішіндегі қай қазақ болса да өзінің тегін кем қойса жеті атаға шейін біледі. Абай жайына келгенде де өзге мағлұмат шалашарпы, ала-құла болса да, дәл атасының атын санауға келгенде, Тобықтының арғы атасы арғынға шейін де жетуге болады. Бірақ бұл тізім құр саннан басқа түк бермейді. Шұбырып тізілген аттан басқа көңілге де көзге де ешбір жаңа дүниенің мәнін ашпайды. Сондықтан бұл күнде әлденеше губерния ел болып, етек алып молайып кеткен арғыннан бастамай-ақ, Абайдың жайын бергі жерден бастамақшымыз.

Болашақ ақынның туыстан ала келген қалпы бар. Ата салты мен қалыптанған өмірі бар. Ата-бабадан, әке-шешеден нәсіліне көшкен мінездері бар. Осының бәрін, бұл сөздің ішінде түгелдеп боршалап жік-жігіне айырып, толық таратпасақ та аз сөздің өзі де кейінгі заман зерттеушілеріне, бірде болмаса, бірде керекке жарауға мүмкін. Сондықтан арғы жерді қойсақ та, ақынның соңғы аталарын өзіміз білген мөлшерде, еске алып өтуді керек деп білдік. Бірақ бұлардың барлық өмірі, барлық істеген ісі, мінезі, сөйлеген елеулі сөзі болсын, бірде-бірі бізге түгел толық күйде жеткен жоқ. Қай-қайсысы болса да тізбекті, сүрелі сөз сияқты емес, ел есінде қалған өлең, бөлек-бөлек қиқым суыртпақ сияқты аламыш нәрселер. Барлығы да өткен күннің соқыр соқпақ, ескі сорабы сияқты, кей жерінде көмескі сүрлеу болса, кейде жоғалып үзіледі. Бет белгілеп, бағыт болжаймын десең, сүрлеудің бар жерінде тұрып бірдеме айтарсың. Бірақ бұл сүрлеу үнемі болып отырмайды. Осыдан қиындық шығады. Қазақ ескілігін ел аузындағы сөзбенен құрастырып жамаймын деген зерттеушінің бәрінің алдында тұратын белгілі бөгет, белгілі жасырыны көп кезеңдер – осылар. Біздің алдымызда тұрған да сол қиындық. Сондықтан мұнда айтылатын мағлұматтар ерте бастан толық мағлұмат болады екен деп мақтана алмайды.

Абай Тобықтының үлкен руы Күшік ішінде, Ырғызбай деген табынан шыққан. Ақынның үшінші атасы – осы Ырғызбай, бұл кісі 1750 жылдарда Ақтабан шұбырындыдан кейін Арқаға қарай сырғып ауған жолда, Ырғыз өзенінің жағасында туғандықтан, соның атымен аталыпты. Ырғызбай – Айдос баласы, Айдостың өзге балаларының ішінде Көтібақ, Торғай дегені, одан соң Айдостың туысқаны Жігітектің баласы Кеңгірбай – барлығы да жаңағы жолдағы өзен-сулардың атымен аталған. Көтімалды өзенінің жағасында Көтібақ, Торғай өзенінің жағасында Торғай, Кеңгір өзенінің жағасында Кеңгірбай туыпты.

Ырғызбай ер жеткен кезде Тобықты осы күнгі Семей губерниясы, Семей уезіндегі Шыңғыс тауының батыс шетіне келіп ілініпті. Бұл кезде Тобықты басшысы да, әкімі де Кеңгірбай би (жалған аты Қабекен) болған.

Ырғызбай не би не батыр сияқты болып, арнаулы бір өнермен ел алдына жарқырап шығып басшылық қылған кісі емес. Ел есінде қалған сөздерге қарағанда, бұл – адал, момын, ақ көңіл кісі болғанға ұқсайды. Сондықтан Айдостың өзге үш баласының қасында мұның кісілігі барырақ болып, ағайын-туысқан осыдан дәме қылса керек. Әке-шешенің дәме қылғаны да осы баласы болу керек. Өйткені шешесі айтты деген бір сөзде:

Шыңжыр балақ, шұбар төс – Ырғызбайым,
Топлақ жалды торыайғыр – Көтібағым,
Әрі де кетпес, бері де кетпес – Топайым,
Сірә да оңбас – Торғайым, –

дейді. Бұл сөзге қарағанда, Ырғызбайдың шешесінде ақындықтың бір шағым қуы болуға керек. Мүмкін бұдан басқа айтқан сөздері де бар шығар. Бірақ біздің құлағымызға тигені осы ғана. Тегі Ырғызбай бойындағы азды-көпті қасиет болса, әкесінен гөрі осы шеше жағынан көбірек пе деп ойлауға болады. Өйткені Айдосты ел ортасы «шөккен түйеге міне алмайтын жаман Айдос» деп бағалайды екен.

Ырғызбай тұсындағы Тобықтының басшысы Кеңгірбай дедік. Сол Кеңгірбайдың ағайын ортасындағы тәуір көрген інісі Ырғызбай болыпты. Биге ажары бұлды, сөзі сыйлы, қадірлі туысқан болған. Өз басының тәуірлігінің үстіне бидің тілін білетін інісі

болғандықтан, елге де қадірлі болса керек. Сондықтан анда-санда ел ортасының құн дауы сияқты келелі сөздеріне де кірісіп жүргенге ұқсайды. Ел есінде қалған әңгімеде байын кісі өлтіріп, есепті құнын ала алмаған бір жесір қатынның жоқтауының ішінде:

Мойны-басы былқылдап,
Ырғызбай жүрді араға,
Кеңгірбай толды параға.
Параға алған сары атан
Тігілгей еді қараңа, –

деген сөз жаңағы айтқанға дәлел сияқты. Бимен сыбырлас, сыйлас болғандықтан, Ырғызбай Кеңгірбай басына келген жақсы ат, жаман аттың барлығына да ортақ болу керек. Осы Ырғызбайдың төрт баласының бірі Өскембай болады. Бұл – ақынның үлкен әкесі. Өскембайдың нағашысы – керей Ер Жәнібек. Сол кісі бір рет Ырғызбайдікіне амандаса келгенде, жас бала Өскембай қатты науқас екен. Әкесі қалы нашарлап жатқан баласына не көмек қыларын білмей, дағдарып сасып, әбден титығы құрыған соң Мырзатай деген баласын алып келіп, соны Өскембайдан айналдырып садақа қылмақ болған. Бұған шешесі қарсы болып: «баладан баланың артықтығы жоқ», – деп Мырзатайды бергісі келмеген. Сонда Ер Жәнібек: «Мырзатай адам болса, мынаның арқасымен болар, мынаның көзі біздің тұқымға тартқан екен. Адам болса, осы болады да», – депті.

Өскембай Ырғызбайдың өзге балаларының ішінде тәуірі болудың үстіне, сол кездегі Кеңгірбай маңайындағы ағайын-туысқан, іні-баласының да бәрінен артық болыпты. Биге болсын, ағайын-туысқа болсын ерекше жаққан мінезі: адалдық, ақ пейілдігі болса керек. Өскембай Кеңгірбай қартайған кезде атқа мініді.

Өзі Ырғызбай сияқты Кеңгірбайдың жақсы көрген інісінің баласы болғандықтан, оның үстіне азды-көпті болса да, жаңағы айтқандай, өз басының қасиеті барлықтан, Кеңгірбай би қартайып өлерінде қалған Тобықтыға би болуға осы Өскембайға бата бермекші болады. Бидің өз балалары мен өз туысқандарының ішінде дәме қыларлық тәуірі болмаған. Көбі тентек, сыйымсыз болып бидің де тілін алмайтын болған. Осы туралы Кеңгірбайға Күнту ақын айтты деген мынадай сөз бар:

Алпыс асып, жетпіске бағындың сен,
Бұрынғы өткен құрбыңды сағындың сен.
Жұрт тілінді алады таласындай,
Інің менен балаңа не қылдың сен?..

Би Өскембайға бата берерде ағайын ішінде тағы бір тәуір көрер кісісі Көтібаққа ақылдасқанда, о да Өскембайды лайық көріпті. Бұл кезде Өскембай ағайын ортасының түгел дәме қылған жігіті болуға керек. Өйткені сол кезде Алпыс ақын айтты деген бір сөзде:

Кер асқақтың кемелі Кеңгірбайым,
Салаң құйрық, салпы етек Борамбайым.
Ізі, жолы еліне құтты болсын –
Бесті айғырдай сақылдап Өскембайым, –

дейді. Әрі ел қадірлеп, әрі өзі дәме қылған соң би шақырып алып, Өскембайға бата бермек болғанда, жас жігіт өз туысқанының аздығын айтып: «Төрт сояу атанып едім ғой. Ерекеңе бата берсеңізші», – депті. Сонда Кеңгірбай: «Ой, шіркін, мен өз баламды өзім көрмей тұрмын ба? Менің батам қонса, тұсыңнан кісі батып оята алмас», – депті дейді.

Өскембайға бата берген соң Кеңгірбай көп кешікпей өлген. Ырғызбай одан бұрын өлген екен. Ол өлгенде би інісінің бейітінен шықпай: «Сен ақ көңіл едің, Алла тілегіңді берер, енді мынау елдің ішінде мені алжытып қоймай, Алладан тілеп қасыңа ал», – депті, содан кейін кешікпей Кеңгірбай өлген екен дейді.

Өскембай елдің «адал болады» деген дәмесін ақтаған би болды деседі. Ескіден қалған көп аузындағы дақбыртқа қарағанда: «Ісін адал болса, Өскембайға бар, арам болса, Ералыға бар», – деген сөз бар. Өскембайдың өзге мінезі туралы елдің есінде қалған сөз көп емес.

Жалғыз-жарым белгілерге қарағанда, ел ортасына қадірлі, сыйлы болуы, мінез қасиетінің тәуірлігінен болса керек. Мінезі кекшіл емес, көп тілеуін тілегіш кең болғанға ұқсайды. Туысқаны, жақыны емес, Сыбанғұл деген төренің жалғыз баласы өлді дегенде: «Жалғызды жалғыз демейтін, жартыны жарты демейтін Тәңірім-ай!» – деп жылапты дейді. Кекшіл еместігінің белгісі –

Тобықтының Тоғалақ деген бір атасы өзімен жөнді болмай, өкпелесіп қырбай болып жүргенде, бір күні елдің жылқысына жау тиіп, ер-азамат түгелімен аттанға шапса керек. Ол кездегі елдің жақсы-жаманымен түгел мал бағады. Ел жұмысынан арылып үйіне келгенде, Өскембай да малын өзі бағады екен. Сол кезде ер жетіп қалған баласы Құнанбай үнемі мал бағып, жау түсіргіш, жау жүрек, найзагер жігіт болып жүрген кезі екен.

Құнанбай жылқыда жүріп жаудың өкетіп бара жатқаны Тоғалақ жылқысы болған соң айыруға шаппай ауылына қайтқанда, алдынан аттанға шауып келе жатқан Өскембай жолығыпты. Баласынан: «Не болды?» – деп сұрағанда, шынын айтпай тайсалдатқысы келіпті. Өскембай: «Құдай атып келеді десейші», – деп шауып жөнелмек болады. Сонда Құнанбай аттан түсе қалып: «Айылыңды тартып берейін», – деп қасына келіп, әкесінің атының шылбыр тізгінінен ұстап алып, – бір жақтағы Тоғалақтың жылқысы жауға түсті деп сен өлуші ме едің?» – деп әкесі басқа көзге төпелеп ұрса да қатып ұстап жібермей, жауға шаптырмай қойыпты дейді.

Бірақ осындай кексіздік, мейірімділікпен қатар кей кезде Өскембайда шектен шығып кететін ашу да бар. Соңғы мінезі қаншалық жиі болатынын біз білмейміз. Бұл туралы ел есінде қалған көп дәлел жоқ. Сөйтсе де бір-ақ жол істелген ісі болса да кейде Өскембайдың жөйін, мінезді бөліп кететінін керсететін бірі бар. Бұл арада айтқалы келе жатқанымыз: Өскембай бір уақыт ауылына келіп отырған Мәмбетей деген кісіге ашуланып барып мұрнын кесіп алғаны.

Мұндай мінез анда-санда болса да, көп уақыттағы, көбінесе елге мәлім мінезі жоғарыдағы айтқандай адал, әділ, кең болғандықтан, Өскембай жалғыз өз еліне ғана қадірлі болмай, маңайындағы көрші елдерге де қадірлі болғанға ұқсайды. Сондықтан Тобықтыда жұмысы болмаған бөтен рулардың ісі де Өскембайдың алдына келіп бітім тауып жүргені болыпты. Бірен-саран алыс елдердің адамдары да орталарындағы үлкен дауларына Өскембайды би қылып, соның билігіне тоқтатып жүрген деседі.

Жай тұрмыстағы әдеті: қонақшыл, көпшіл мырза болса керек. Өскембай жайында елдің көбінесе есінде қалғаны осы жағы – «өрқашан қазанын қылып, дастарқанын қызықтаған» деген

сөздер көп естіледі. Өскембай бері келіп ұлғайған уақытта ауылы мен үйі, ағайын ортасының жиын үйі болып, ел бидің сыбағасы деп асын да, сыйын да әкеліп жататын болса керек. Әрине, ол заманның биі арнаулы қаржы алмаса да, ел үшін істедім деген қызметін, тіпті текке істеген жоқ. Бірінің есесін бірімен орайластыру Өскембайда да болуға керек. Үнемі өз пұлымен мырзалық қылды деу мүмкін емес. Сол орайда жаңағы «сыбаға» деген нәрсе ол заманның салтын ойлағанда бір еске алатын іс болады. Бірақ Өскембайдың өзі алуандас кісілердің ішіндегі бір айырмасы Кеңгірбай сияқты көп билігін параға сатты деп айтпайды. Бірақ бұл сөзбен мұндай мінез мүлде болған жоқ деген байлауды жасамақшы емеспіз.

Өскембай орта жасқа келгенде, баласы Құнанбай ер жетіп, сол атқа мінген. Бұл 1804 жылдарда туған. Өскембайдың айттырып алған бәйбішесі Зереден басқа тоқалдары, күң қатындары да көп болған. Құнанбай – Зереден туған баласы, Құнанбаймен бірге туған Құттымұқамбет деген інісі, Тайбала деген апасы болған. Құттымұқамбет жас кезінде өлген. Сонымен, Құнанбай бидің жалғызы есептелген. Шешесі Зере кісі ренжітпейтін жұмсақ мінезді әйел болған. Ол уақыттағы бәйбішенің бір сыны – күндестік дегенді білмей кең мінезді болу. Зере бәйбіше осы жағынан көп мақталады. Күндердің балаларын өз балаларындай асырап еркелеткен деседі.

Зере күйеуі Өскембайдан да көп жасаған, би 1850 жылы 72 жаста өлген екен, бәйбішесі 90-ға келіп өліпті. Мұның ақын болатын немересі Абайдың жас бозбала күнінде елдің бәрі Зере бәйбішені «кәрі әжем» деп қадірлейді екен. Кәріліктен құлағы есітпейтін болған соң немерелеріне дұға оқытып үшкіртеді екен. Сонда немересі Абай кәрі әжесінің құлағын өлеңді айтып келіп үшкіргенде: «Е, қарағым, құлағым тәуір болып қалды», – деп ырза болады дейді.

Құнанбай жасында әке-шешесі мен өскен ортасынан алған тәрбиеден басқа оқу тәрбиесін көрмеген, жасындағы барлық оқуы «әптиектің» ежігін білумен тоқтайды. Сонымен, хатты да танымай қалып, бері келгенде ғана өзінен-өзі қарастырып жүріп хат танырлық болған.

Мұның орайына жас күндегі өмірі, елдің ол кездегі дағдысы бойынша, батырлық, жаужүректік, жорықшылдық сияқты істерге көбірек ауған. Қолға найза ұстап, астына жүйрік мініп, өз малын

өзі бағып жауға шапқыш, жау түсіргіш жігіт болған. Жасынан қайратты, шыдамды, ашулы болғандықтан, бұл жолдағы талабы далаға кетпеген сияқты. Тобықтының найза ұстаған жас жігіттерінің ішінде ер, мықты, найзагері болып та саналуға айналған.

Өзі өскен ортасының сыны мен мақтауы сол сияқты болғандықтан, Құнанбай жас күнінде бұл бетке бірталай ынта беріп ауған сияқты. Сонымен, Тобықтыдан алыс елге қол құрап аттанатын қартаң батырлармен бірге екі рет Құнанбай да әкесінен қашып барып қосылып, екі үлкен жорықта болыпты.

Одан кейін тағы Құнанбайдың жас кезінде Тума Тоқпақ деген елден Көтібақ, Дәуітбай деген барымта алып, соның арты шабынды болып, Тобықтыдан Тума Тоқпақ жылқы алып кетеді. Соны қуа барған қолдың ішінде Құнанбай да болып, үлкен ұрыста тұтқынға түсіп кетеді. Бұл сапарда Құнанбай көп бөгелсе керек. Өйткені үйде қалған жақыны көп тілеу тілегендіктен: «Әкесінің мойнына салған бұршағы, шешесінің басына киген күндігі биттеп кеткенде зорға келіпті», – дейді.

Жасында осындай өмірге салынған Құнанбай әке-шеше мінезінен гөрі басқарақ, кесек мінезді қатты адам болғанға ұқсайды. Қаттылығы әншейін ағайынға ғана емес. Әке, шеше, жан ашыр жақынға да бірқалыпты болған сияқты.

Не қылса да Құнанбай – бидің жалғыз баласы, ағайынның да, әкенің де дәме қылса қылатыны – жалғыз сол. Сондықтан жігіттің ең алғашқы қызулы кезі өткен соң Құнанбай әкесінің жолымен ел ісіне кіріседі.

Құнанбай жас күнінде ат үстіндегі қайраттылық ерліктен басқа, ақылға да, сөзге де орамды кісінің белгісін берген болу керек. Өйткені сол кезде үлкен көрілікке жеткен Нысан абыз деген ел сыншысы Өскембайға: «Өзіңнің бағың Қыдырдай болса, балаңның бағы Шыңғыстай болады», – деп сын айтыпты дейді.

Құнанбайдың жоғарғы айтылған мінездері кейінгі өмірінде де толық сақталғанға ұқсайды. Бұл күнге шейін ел есінде қалған әртүрлі сөздерге қарағанда, бұл бір қалыпты, суық, қоя берсіні жоқ тартымды, қатты мінезді кісі болған. Кейін елді басқарып билеп, меңгеріп алған уақытындағы ел билеудегі саясаты, дін тарату жолындағы істері, айтқанын орындату турасындағы әдістері түгелімен жаңағы айтылғандай мінезінің белгісін анық көрсетеді.

Қайраты мен қажырының себебінен ел билеп, іс басқаруға келгенде, Құнанбай әкесінен өтімдірек болған. Мұның кісілікке толық ілінген кезінде Қазақ даласы «1822 жылдағы Сібір қазақтарына арналып шыққан устав» бойынша өкірікке бөлініп, өкіріктік «приказ» билейтін болған. Өкірік бастығы аға сұлтан, приказдың қалған екі мүшесінің бірі орыс чиновнигі болады (елдің көбі мұны Майыр дейді). Үшінші мүшесі кіші сұлтан болады.

Бүгінгі Семей уезіне қарайтын тобықты Құнанбай тұсында Қарқаралы өкірігіне қарайтын. Приказ шыққаннан бергі салт бойынша бұл өкіріктің аға сұлтаны ылғи төре тұқымынан болып келген. Құнанбай тұсында аға сұлтан болған төрелер Бөкей нәсілінен: Құсбек, Жамантай; Абылай нәсілінен тобықты ішіндегі Шалғымбай деген төрелер болған.

Құнанбай тобықтының бас кісісі болып өрлеп келе жатқанда, қазақ ортасында төре мен қараның жігі ашылып қалған уақыт болады. Әрбір елдің қарадан шыққан Құнанбай сияқты басты жуандары: «Төре қазақтың әреkesін тілейді, берекесін тілемейді», – дей бастаған кездері болады.

Көп рудың қалың ортасынан шыққан жуан аталары өз ауданында төреден салмақсыз болмайды. Төре дегендердің ру басшыларының қолдауымен жуан шығып жүргенін сезе бастайды. Оның үстіне әуелде хан мен төрені ұстанған патша үкіметі, енді қалың елді ұстау үшін ру басыларын қолға ұстау керек деген саясатқа ауған кез болады. Осындай екі жақты себептермен әр рудың Құнанбай сияқты жуандарына төрені сөз қылып, төрені түртпектеу салт сияқты болып тарай бастайды. Бұл туралы көп рулардың, көп басшыларының ынтымағы болуға да мүмкін. Сонымен, ел-елдің ортасында: «Қазақ әреkelі болса оңбайды, төре берекелі болса оңбайды», – деген төреге қарсы қозғалыс белгісі көп жайылады.

Осы кезде Қарқаралының аға сұлтаны болып тұрған Құсбек төре мен бұрын аға сұлтан болған Жамантайдың партиясы басталады. Ол кезде приказ сайлауына тас салуға жарайтын екі түрлі сайлаушылар болған. Бірі – пәлен сомада алым төлейтін бай да, екіншісі – төре тұқымдары болатын. Төренің 25 жасқа жеткені түгелімен тас салу құқығына ие. Жамантай өзі сұлтан бола алмайтынына көзі жеткен соң өзіне қараған тастарды Құнанбайға салғызып, Құсбек жеңіліп, Құнанбай сұлтан болған.

Құнанбайдың осы сайлаудан кейін қанша уақыт аға сұлтан болғаны белгісіз. Қалайда болса Қарқаралы өкірігіне қараған қазаққа қарадан алғашқы рет сұлтан болған – Құнанбай. Сондықтан бұл оқиға Құнанбайдың даңқын көпке жайып жіберуге себеп болған көрінеді.

Бұрын хан-төренің туы жығылып, өз орталарынан біреудің болуына көп тілеулес болып жүрген ру жуандары Құнанбайдың болуын Құсбек Жамантайдың партиясынан, орыс саясатынан дегісі келмей, қазақтың артықтығынан, Құнанбай басының қасиетінен деп кеткен сияқты.

Сол кездегі ел аузындағы аңызға қарағанда, Құнанбай «қарадан хан болған» деп аталады. Мұның мысалын мына сияқты бірер сөзден байқауға болады. Сыбан Кеңесбай деген кісі Жарқымбай деген баласына өлерде өсиет айтқанда: «Төремен ел болса, екінші ел арасында сөз болса, Сабырбайға ақылдаспай іс қылма, басыңа орыс орманнан үлкен іс келсе, қарадан хан туған Құнанбайға ақылдаспай істеме», – депті.

Одан соң 1850 жылдарда Өскембай өліп, соған Құнанбай Көкшетауға барып ас бергенде, Балта ақын:

Атың шыққан Үрімнің қақпасындай,
Айтқан сөзің кілемнің тақтасындай.
Кешегі өтіп кеткен би Өсекем,
Алтынын тастап кеткен ат басындай.

Үш жүзді жиып ас бердің,
Келістіріп сәйкесін,
Арғынның өзін биледің,
Алшысы мен тәйкесін.
Келсең-келде кез болдың,
Кейі де беріп қайтесің! –

депті деген сөз бар.

Осы сияқты дақбырттың барлығы сырт елге Құнанбайдың атағын зорайтып, өз еліне айдынын арттырып, өмірін екі қылғызбайтын көрінеді. Аға сұлтан болған бетінде Құнанбай көзге түсерлік жаңалық кіргізді ме, жоқ па? Бұл туралы ештеңе білінбейді. «Қара болды» деген ат болмаса, елге жүргізген билікте барлық істеген істің әдісі саясатында жаңалық болды деуге бол-

майды. Оны күтуге де керек емес. Қайта көп жерде Құнанбайдан Құсбек билігі ел ортасына молырақ із қалдырды деуге болады. Өйткені Құсбек ұрыны қатты тыйған. Ел ортасында жан беруді тоқтатқан. Орыс ұлығына пара алғызбаған, жалпы ұлыққа жағынуды білмей, өз бетін қатты ұстаған кісі болған сияқты.

Бұған орай Құнанбай жаңалығын айтсақ, ол діндарлығы ғана болады ғой деймін. Бұл ел ішінен зекет жиғызып, молда ұстатып, намаз оқу, ораза ұстауды жайған. Осымен бірге пайдалы бір жаңалығы бала оқытуды өз маңайына салт қылып жаймақшы болған. Өз балаларын оқыту, ағайындарына балаларын оқытқызу сияқты.

Тегінде Құнанбай аса діндар кісі болған. Бірақ сол діндарлық көп уақытта ұсақ фанатизмге де жетіп отырған. Мысалы, насыбай атқан кісінің танауын тілу сияқты. Одан соң Сыбан ішінде Барак деген төреге бір жиында насыбайды тастасайшы дегенде, ол: «Менің насыбайымды көргенше, еліндегі келінімен жүрген Қодарды көрсейші», – депті. Сонымен, Құнанбай еліне қайтқанда, Тобықтының басшы кісілерін жиып алып, Борсық ішіндегі Қодарды келінімен алғызып, «шариғат жолымен хукім қыламын», деп мойындарынан қосақтап түйеге асып өлтіріпті.

Дін жолындағы ісі осы болса, Құнанбайдың ел билеу жолындағы, әсіресе тобықтыны билеудегі ісі, бұл кісінің жаратылыс қалпын, іс мінезін, барлық тұлғасын бұдан гөрі де толығырақ көрсетеді. Құнанбай аға сұлтан болған уақытта өз еліне болыстыққа өзінің тоқал шешесінен туған Майбасар деген інісін сайлаған. Майбасар тентек, ұрыншақ мінезді, сыйымсыз адам болса керек. Ел мұны адамшылық, ақыл, мінез жағының қайсысынан болса да, басшы болып ел меңгеруге жарайтын кісі деп білмеген.

Сол Майбасарды болыс сайлаған соң Құнанбай биге ас беруге Көкшетауға кеткенде, елде болыс болып қалған інісі, әуелде жұрттың күткен ойын ақтағандай болып, ел ішін бүлдіре бастаған. Тілегенінше алым алу, жазықсыз кісіні жазалау. Дүре соғу, көлденеңнен терісін айтқан ел кісілері болса, күшке салып көңілін қалдыру сияқты істер асып көбейіп кеткен. Бірақ ағайын ортасының басты адамдары наразылықтарын ішіне сақтап, Құнанбайдың келуін күткен.

Құнанбай қайтып келгенде, ел іші ағайын ортасы іштей дүмбілез наразылықпен қарсы алса да, Құнанбай түзетер, теңгерер, ақ-қараны айыраp деп сенеді. Бірақ Құнанбай елдің ол үмітін ақтамайды. Сонымен, Құнанбайдың туысқан елі – Жігітек деген ру, бастығы Бөжей деген бас адамы болып Құнанбайға өкпелі болады. Осымен ағайын ортасы шиеленісіп, наразылыққа бет алып жүргенде, Құнанбай бір болымсыз істі сылтау қылып, өкпе ұстап жүрген Жігітекті жасытып, ықтырып жібермек болып, баса қимыл істейді. Жігітек ішіне көп кісімен аттанып келіп, Бөжейдің өзін қоса барлық ірі кісілерін ұстатып байлатып алып, тегіс дүре салғызады. Бұл оқиғаны толық жазып отырған себебіміз, осы істен бастап Құнанбай өмірінде де, кейін ел кісісі болып әкесінің орнын басатын ақын Абай өмірінде де ұзақ заманға созылған үлкен алыс-жұлыстың, ірі араздық, ірі партияның басы басталады.

Жазықты, жазықсыз болса да «терезесі тең» ағайыннан талтүсте бір ру ел болып осындай өр зорлық, үлкен намыс соққысын көрген соң осы оқиға басы болып ел ішінің ұзақ жаулығы кетеді. Сырт елге де, Тобықты ішінде де Жігітектен салмағы мен абыройы артық болғандықтан, Құнанбай есе бермейтін болған соң наразы болған елдің алдындағы жалғыз жармасытын құралы орыс ұлығына жағып, арызын айту болады. Ел ішінде бір жауласса, екі жағы да арыз үстіне арыз тоғытысып, бірін-бірі көрсетіп, ұлық алдында екі жауласады.

Осы кездерде Құнанбай қарсысында жалғыз Жігітек болмай, өзге ұсақ бұратана рулар да Жігітекке күш қосқан сияқты. Олардың қосылуына себеп (болатын) Құнанбайдың ел ортасындағы екінші бір үлкен ісі болады. Ол – Тобықты ортасында Құнанбай қолданған жер саясаты. Жалпы, Құнанбай тұсындағы көп іс, көп мінез кейін Абайдың адам болған заманына көшкендіктен, Абайдың бет бағытын алдыңғы дәуір белгілеп шешіп кеткендіктен, біз бұл жерге де біраз тоқтап өтуді қажет көреміз.

Құнанбайдың өз елі мен партияласқан жаулығынан басқа, артында қалған ісінде дәл бүгінгі күнге шейін ізі қалған бір жұмысы осы жер турасында. Ертерек заманда Кеңгірбай, Ырғызбай тұсында Шыңғыс тауынан келіп, Матайды күн шығысқа қарай сырып жіберіп, қоныс алып орналасқан Тобықты рулары Құнанбай тұсында үлкен аударысқа түскен. Бұл аударысты жасаушы

– Құнанбай. Ең әуелі, жалпы Тобықтының жер шегін молайтуға күш салған. Сонымен, Шыңғыстың солтүстігінде күзеуі, оңтүстік сыртында жайлауы болған Тобықты екі шетіндегі уақ пен керейді өз жерлерінен ептеп жылжытып, тықсыра бастап, жылдан жыл өткен сайын жерлерінің өрісін молайта берген. Бұл саясатты басқарушы Құнанбай болады. Құнанбай көп жерді өзі көшіп жүрумен алған. Жазғытұрым ерте көшіп, Уақ жеріне келіп, құдық пен қонысты меншіктеп, жаздыгүні Керейге барып, жыл сайын оның жерінен де сондай сыбаға алып отырған.

Бұл сияқты істер жалпы Тобықты шеңберіндегі сыртқы саясаты болса, Тобықтының өз ішіне келгенде өз руын, өзіне жақын руларды өзгеден гөрі құйқалырақ жерге орналастыруға тырысқан. Сонымен, бұрын орналасып қалған ұсақ рулардың көбін алғашқы ірге тепкен жерлерінен шетке қағып, ірге аудартып орындарына қалаған жақын елдерін орналастырған. Осы ретпен талай ру өз орнын екіншіге беріп, өздері Құнанбай көрсеткен жерлерден жаңа күзеу, жайлау, қыстау алысқан.

Осы сияқты Тобықты ішінің «жерге орналастыру» жұмысы ол кездегі рулардың барлығына да жетсе керек. Құнанбайдың бұл турасында ұзақ жылға белгіленген қалыпты жоспары бар. Бірақ сол жобасын түгелімен іске асыра алмаса, ол бір адамның өмірінің шағындығынан деп қана есептеу керек. Әйтпесе Құнанбай ойлағандай болғанда, бүгінгі Қызыладыр болысындағы Мамай деген ел ата санағанда, Құнанбайға Мұқырдағы Көкше руынан жақын болғандықтан, соңғы рудың жақсы орнын алып, Мамайға бермекші екен. Бұл мақсат іске аспағандықтан, кейінгі уақытқа шейін Көкше Мамай мен Олжайдың арасында сынадай қыстырылып қалған. Құнанбайдың Тобықты шеңберіндегі үлкен аударысқа түгелімен уақыты жетпей қалуына, бір жағынан, көбінесе өз руы, өз ауылының алатын жерін көп қарастырып, соған көп айналып қалғандығы себеп болу керек.

Әйткені өз руын Ырғызбайды, әсіресе өз ауылын, қалаған ниетінше барлық Тобықтының тап ортасынан, ең шұрайлы жерге ауданын мол пішіп орналастыру аз жыл, аз еңбекпен орындалмаған. Бірақ көп еңбекті тілесе де Құнанбай сол ниетіне жеткен. Бар Тобықтының жайлау, қыстауында, қазіргі күнге шейін көп рулар сол замандағы орналасқан қалпымен тіршілік етеді. Сонда

кей жерде бір ру ел болып, бір болымсыз өлке, бір бұлақтың, бір төбенің ауданын талшық қылып, соған үйіліп отырса, дәл сол Тобықтының ортасында Құнанбай ауылы деген жеке-жеке ауылдар жайлау мен қыстауды ауыл басы әлденеше өзеннен үлесіп алып отырады.

Міне, ел кісісі болып атқа мініп, үлкен орынға ие болып, ағайынға айбынды бола бастаған соң-ақ осындай іске кіріскен Құнанбай жоғарыда айтылған Жігітекпен жауласа бастағанда, ел ортасында жер туралы наразы болған бірталай руды жау тобының ішінде табуы ғажап емес. Бірақ қалай да болса Жігітек Құнанбаймен алысқанда, жауымен тең түсе алмаған. Орыс үкіметінің бірде старшыны, бірде болысы, бірде аға сұлтаны болып жүрген Құнанбай әрі сырт елдерге атақты, әрі үкіметке салмақты болып Жігітекті бойымен басып жыға берген. Алғашқы араздық, жаулық кейін де ұзақ заманға созылып кетсе де, Құнанбай тұсындағы алыстың бір буыны Жігітектің жеңілуімен бітеді. Құнанбай Жігітектің батырсымақ болып жүрген ер көңілді Базаралы деген кісісін бас қылып, 17 адамын Сібір айдатады. Сонымен, Жігітек бірталай заманға шейін көзге қамшы тигендей болып, бастықтарынан айырылып есеңгіреп қалады.

Бұл кісілердің түгел тізіліп, тез айдалып кетуіне, бір жағынан, Жігітек руының ұрлықты сүйіп, соған көп салынуы да себеп болса керек. Айдалған кісілердің ішінде барымташы, жорықшыл батыр боламын деп көпке мәлім ұры болып кеткен кісілер де болған. Бірақ осымен қатар Жігітек сияқты елдердің көп арыз, көп көрсетулері Құнанбайға да текке бітпесе керек.

Өйткені кейіннен үстінен жиылған көп арыз бойынша Құнанбайды жоғарғы ұлық Омбыға алғызып тергеуге алған. Артындағы ел Құнанбай айдалады деген лақапты да есіткен. Бірақ Омбыда көп жатудың соңында Құнанбай жазаға ұшырамайтын болып еліне қайтқан. Бұл жолда не қисынмен, қандай ретпен босады, ол бізге мәлім емес.

Құнанбайдың бұдан соңғы ел есінде қалған бір ісі – орыс ұлығының бұйрығы бойынша Кенесарыны қуғандығы. Тегі Кенесарының Ұлытау, Кіші таудан көшіп, ұлы жүзді бетке алып бара жатқан кезі, яки Балқаштың Қамал деген түбегіне қарай көшіп бара жатқан кездері бола ма, әйтеуір сол жүрісінің бірінде

үкіметтің бұйрығы бойынша, Құнанбай старшын күнінде Кенесарыны қуа шыққан орыс отрядымен бірге қазақтан кісі алып қоса қуысқан.

Құған қол Кенесарының көшіне жетіпті. Көшінің жанында Кенесарының өзі де болса керек. Олар бір топ кісі болып жиналып бір араға келгенде, Кенесары атынан түсіп намаз оқыпты. Сонда орыс бастықтары шабайық дегенде, Құнанбай: «Намаз уақытында шаппаймыз», – деп шапқызбай қойыпты. Сол жолда Құнанбай қолмен келе жатқан қазақты жиып алып, Құрқұлықтың ішінде кеңесіп, Кенесарыны ұстамауға, қас қылмауға уәделесіпті дейді. Кейін атыс болғанда, Жуантаяқ Төбет деген батыр Кенесарының қолының бір батырын қуып найзаламақшы болған екен, соны Құнанбай сабапты дейді.

Құнанбайдың ел кісісі болып, сөз басқарып, ел билеп жүрген кезінен біз білген ірі кездері осы. Жасы ұлғайып берірек келгенде, ел ісін әкесінің қолынан Абай алады. Оның жайын өз тұсында айтармыз.

Қазірде Құнанбай жайынан айтылатын тағы бір сөз: бұл кісі баласы Абай елді меңгеріп алған кезде, көрілік жетіп, ел сөзінен шыққан. Сонымен, 72 жасында қажыға барып, қажыдан қайтып келген соң 8-9 жыл өмірін ылғи дін жолындағы құлшылықпен өткізген. Бұл жылдардағы өмірі өзінің жаратылысында бойына біткен қаттылық, беріктігінің белгісімен ерекше күйде өткен. Меккеден келген соң: «Дүние сөзін сөйлемеймін», – деп ешбір жанмен тіл қатпай қойып, оңаша үйде шымылдықтың ішінде жалғыз отырып құдайға құлшылық қылуда болған.

Бұл мінезі туралы сырт ел «тілі байланды» деп те аңыз қылған екен. Бірақ соңғы жылдарында маңайында болғандар ол сөзді бекер дейді. Осымен Құнанбай 1886 жылы 82 жасында қайтыс болған.

Ел аузындағы қалған аңызда: бұл кісінің діндарлығы мен ел билеу жөніндегі ірілік, мықтылығы, алысты болжағыш, ақылдығы көп айтылады. Одан соңғы көп сөз: мінезінің суықтық, қаттылық, сонымен бірге мырзалығы жайынан көп кездеседі. Намаз оқушы кедейлерге ат беру, киім беру сияқты әдеттері көп болса керек.

Қай мінез, қай істе болса да әншейін орта қалыпты қазақтан кесек болғандығы жоғарыдағы істерден бір көрінсе, екінші, дін

жолына деп өз пұлына Қарқаралыда мешіт салғызу, Меккеде қазақ қажылары түсіп жүретін «Тәкия» деген үй салғызу сияқты істерінде де көрінеді.

Ақыл мен сөзге, келелі кеңеске, көп елді тоқтататын билік, байлауға келгенде өз тұсындағы орта жүздің басты билерінің алдыңғы қатарындағы кісі боп саналған болу керек. Мұның белгісі Ақмола, Семей, Жетісу сияқты губернияларда, ел аузында қалған билер жайындағы ескілікте Құнанбай атының көп аталатынынан байқалады.

Тобықты ішінде Құнанбай айтты деген сөздердің ішінде, «философ» айтарлық ақиқат сөздердің мына сияқтысы бар:

Күң мен қожса майданда теңеледі, жас пен кәрі білімде теңеледі, бай мен кедей жомарттықта теңеледі, жақсы мен жаман өлгенде теңеледі.

Адамның қай мінезі өнері болса, сол мінезі айыбы болады.

Кісі айыбын айтпақтан оңай жоқ, өз айыбыңды өзің айтқаннан ауыр жоқ.

Өткен істен оңай жоқ, келесі істен қиын жоқ.

Өтірік пен шынның арасы төрт-ақ елі: көзбен көрген шын, құлақпен есіткен өтірік.

Жарлы кісі жаманар, жаманар да қуанар; жаман кісі жаланар, жаланар да жұбанар.

Арымнан жаным садаға, жанымнан малым садаға.

Бірақ бұл сөздердің кейбіреуі өз өміріндегі істермен дәл келмесе, оған Құнанбайдың заманын еске алу керек. Біздің мақсат – осы қарастырылатын адамдардың барлығының өмірін, бізден алыс заманда, біздің бүгінгі өмірімізден бөлек күй, бөлек шарт, бөлек тарихи дәуірде бүгінгіден бөлек болғандығын анық көрсету.

Сондықтан біздің міндет – бірін даттап қаралау емес, бүгінде анығын білгісі келген елге дәл пішінін көрсету. Бұл сөздің басын Абайдың жайы деп алып, Құнанбай жайын көп таратып айтып кетсек, солай болуына себеп болып отырған да осы міндетті көп ойлағандық. Өйткені Құнанбайдың кім болғанын білмесек, Абайдың кім екенін білу де қиын. Бұлардың қай-қайсысы болса да заманның туындысы. Бірде заманның ұлы болса, бірде сол заманның құлы да болған.

Сондықтан бұл күнге шейін Абайды ақын ғана деп шала біліп жүрген қазақ оқушысына ең әуелі соның ақындығына анайы шарт сияқты болған, ақын емес Абай кім екенін білдіруге көшеміз.

Абай 1845 жылы әкесі Құнанбайдың 41 жасында Ұлжан деген бөйбішесінен туған. Өз заманында көпке жайылған салт бойынша Құнанбай да көп қатынды болған. Бұл кісінің үлкен жамағаты қыздай алған – Күңке деген кісі. Бұдан туған баласы – Құдайберді. Екінші әйелі – Ұлжан. Інісі Құттымұхамбетке айттырылған қалыңдық. Інісі өлген соң келін алған. Бұдан туған балалары: Тәңірберді, Ыбырай (Абай), Ысқақ, Оспан. Үшінші әйелі – Айғыз. Одан: Халиолла, Ысмағұл деген балалары болған. Төртінші әйелі – жасы ұлғайып қартайып келген кезде алған Нұрғаным. Бұдан бала болмаған.

Күңкенің жасы Құнанбайдан үлкен екен. Берірек келгенде жасы ұлғайып, өзі күту тілерлік болып, күйеуін күте алмайтын болған соң Құнанбай Ұлжанның қолына шыққан. Бірақ Ұлжан туған балаларының бәрі бірдей өз шешесінің қолында тәрбиеленбеген. Үлкен баласы Тәңірбердіні жас күнінде Өскембай би қолына алып өсіріпті. Ысқақты әкесі Құдайбердімен бірге Күңкенің қолында өсірген. Күңке ерте уақыттан бөлек ауыл болып кеткен екен.

Ұлжан мен Айғыз бір ауыл болып, Құнанбай осылармен тұрған уақытта, екі шешенің ортасындағы тел баласы кішкене Ыбырай болады. Бұл екі шешесінен кейінірек Оспан, Ысмағұл деген екі бала туған. Бірақ бұлардың жасы Абайдан едәуір кіші. Айғыздың үлкен баласы Халиолла болса, оқуда жүрген. Сондықтан Абай алғашқы балалық шағын екі шешенің ортасындағы жалғыз баланың қалпында өткізген. Екі шешеге бірдей бала болып жүргендіктен, сол кездегі үлкендер Абайға «Телқара» деп ат қойыпты. Кейін Абай ер жеткен уақытта бірталай жеңгелері ертеде қойылған атпен «Телқара» дейді екен.

Абайдың өз шешесі Қаракесек ішінде Бертис бидің тұқымы болады. Ұлжанның әкесімен бірге туысқан ағалары Қонтай, Тонтай орта жүзге қалжыңымен тегіс аты жайылған, белгілі мысқылшыл тапқыш, күлдіргілер болған. Бұл әдет – Бертис Шаншар руына түгел жайылған мінез. Осы күнге шейін көрші ел Шаншардың қулары дегенде, кісіні жазым қылып кететін ит-құстың

жайын айтқандай сөйлейді. Әлі күнге Қояндыда, үлкен жәрмеңке, қалың жиындарда, бір жерге тобымен жиылып, күліп сөйлеп келе жатқан Шаншарды көрсе, көп елдің кісілері: «Ойбай, Шаншар келе жатыр!» – деп өрттен қашқандай дүркірей қашады деседі. Бұл әдет – Шаншардың мысқыл мазаққа ұста болып, тауып айтқыш өткір тілдігінен туған нәрсе. Қандай жанның болса да мінін таппай қоймайды: мінін тауып алса, түңлігін ұшырғандай қылып айтады. Сөз шабуылымен кімнің де болса есін шығарып есеңгіретіп кетеді.

Енді бүгінгі көпшілігі сондай болса, соның барлығының баяғы, соңғы заманға шейін аузынан тастамайтын атақты қуы Тонтай болған. Тонтайдың барлық өмірі тұтас күлкі болып кеткен. Түгелімен бір өмір – бастан-аяқ «мың бір түннің» әңгімелеріндей жеке-жеке күлкі әңгіме. Сол әңгімелерге қарағанда, Тонтайлар қалың қазақ ортасының үнемі көңілін көтеріп жүрген таусылмайтын думаны, ұдайы қызық күлкісі, бүгінгі Еуропа, Американың Чарли Чаплині, Бестер Китоны сияқты. Осы Тонтайдың інісінен туған бала Ұлжан болады.

Ұлжан кең, сабырлы, мықты мінезді кісі болды деседі. Алдыңғы өткен бәйбішелер үлгісімен бұл кісі де күндестік дегенді білмесе керек. Абайдың балалық шағынан алған әсерінде, өз шешесіне қатты ырза болып, Айғыз бәйбішеге іші ренжіңкірейтіні, анау күндестікті ойламағанда, Айғыз сол жағынан белгі бергіш болса керек.

Ұлжан бәйбішеде тұқымының тауып айтқыш қалжыңшылдығы әбден болған, бірақ тартымды мінезді дағды қылып, бойын салмақпен бағып ұстайтын болғандықтан, қалжың айтуды мақсат қылмаған. Сөйтсе де анда-санда әлде қалай айтып қалған сөздері қалжың болып, ел есінде ұмытылмай сақталып қалған. Өлерінде қалжың айту бұл кісінің бұрынғы қалжыңшыл ағаларында түгел болса керек. Солар сияқты Ұлжан да өлерінде қалжың айтқан.

Тонтай өлерінде маңайына жиылып келіп отырған қожа, молдаларға қарап: «Жазыла, жазыла қожа-молдадан да ұят болды, енді өлмесек болмас», – деп айтты деген сөз орта жүзде екінің бірі білетін мәтел сөз сияқты болып кеткен.

Осындай тапқыштық, қалжыңшылдық, біреудің мінін ащы тілмен қатты түйрегіштік нағашысы мен шеше жағынан Абай-

ға да мол келген. Шынға келгенде, Абайдан қалған сөздің ішінде барлық ақындықтың шарты болатын, жалынды жанды өткір сезімді былай қойғанда, қалған сарынның ішінде салқын ақылмен сөйлегіштік көп пе, жоқ шанышпа тілді соқтықпалы, ащы мысқыл, улы күлкіге бой ұрғандық көп пе? Бұл екі ортасын дәл кесіп-пішіп айыру ұзақ тексеруді керек қылатын шығар. Бірақ біздің ұғуымызша, соңғы түрі көп сияқты.

Абай жазушының ішкі табиғатындағы осы сияқты екі айыр жолды, біз Абайдың әкесі мен шешесінің жаратылыс қалпын, өмірбаянын қарастырғанда еріксіз еске аламыз. Сонда сөзіндегі салқын ақыл әкеден, ащы тілді мысқыл шеше жағынан деуге де бола ма дейміз. Бірақ бұл пікірді Абайдың ақындық сырын ұғу жолындағы нық байланған түйін деп ойлау керек емес. Әлдеқалай айтылған, көп жобалаудың бірі деп есептеу керек.

Абайдың ақындық жолында өзге талай жазушы талай ақынның барлығының жолынан бөлек, өзіне ғана қатысты, ерекше тағдыры болған. Ақындығындағы сол ерекшелік Абайдың бала күнінен бастап, соңғы өлер сағатына шейін өзгеше шарттардың ішінде өткен ерекше өмірінен туған. Сондықтан енді қолға түскен азын-аулақ мағлұматтар бойынша Абайдың өз басының өміріне келейік.

Абай, жоғарыда айтылғандай, екі шешенің тел баласы болып жүрген кішкене кезінде мінез жағына аңқау, нанғыш және тентектеу де бала болса керек. Бірақ сол кішкене күнінде-ақ өзге балалардан ерекше жері – үйге қонған қонақтың әлдеқалай айтқан ертегі сияқты әңгімелерін құлай тыңдайды екен. Жай өмірде пысық, ширақ емес, аңқау болғандықтан, өз шешесінің ауылындағы көрші-қоланшының үлкендері Құнанбайдың бұл баласынан да Күңкенің қолындағы Ысқақтан көбірек дәме қылған. Ол Абайға қарағанда жас күнінен тықылдаған пысық, ширақ болса керек.

Құнанбайдың орнын басып, кісілікке ие болатын баласы кім деп жас балаларды сынағанда, жұрттың көбі әлгі белгілеріне қарап, Абайдан Ысқақты артық санаған. Абай 10 жасқа келгенде, әкесі Семей қаласына әкеліп оқуға берген, бұдан бұрын қырда оқыды ма, жоқ па, ол туралы хабар жоқ. Семейде алғашқы берген молдасы – Ғабдұлжаппар деген татар имамы. Артынан бұдан шығарып Ахмет Риза деген имамға тапсырған. Бұл да татар има-

мы. Екеуі де мешітте имамдық қылып, сол мешіттерінің жанында медреселері болған. Оқушы шәкірттің көбі медреседе жатып оқиды. Оқу, әрине, ескіше, ылғи дін сабақтары. Соның барлығын да араб, парсы тілдерінде оқиды. Жалпы медреселерде кейінгі заманға шейін сақталып келген салтқа қарағанда, Абай кезінде де түрікше оқу жолшыбай оқылатын қосымша болу керек. Оқушы мен оқытушының да барлық уақыты, ынта-ықыласы түгелімен дін діңгегі сияқты болған арабша, одан қала берді парсыша болу керек.

Абай осы медреседе үш жыл оқиды. Оқуға өзімен бірге оқыған үлкен, кіші балалардың барлығынан сонағұрлым зейінді, ұғымтал және ерекше ықыласты болған. Дәрісте арабша кітаптан молдасының бір оқып, бір-ақ рет түрікшеге аударып берген сөздерін екінші ретте кітапқа қарамай, өзі жатқа айтып шыға алатындай зерек болған деседі. Сонымен, дәріс ретінде оқылатын сабақтарды ұғып білу Абайға өзге балалардан сонағұрлым оңай болған. Көп уақытын да алмаған. Сондықтан барлық артылған уақытты Абай өз бетімен өзі сүйген кітаптарын оқуға жұмсап, көп тімтіруге салынса керек. Өз бетімен оқитын кітаптары – араб, парсы, түрік жұрттарының ақындары. Одан соң сол тілдерде жазылған ертегі, дастан, қисса сияқты нәрселер.

Бұларды Абай бала күніндегі ауып кеткіш мінезі бойынша ба-рын салып тесіліп, көп оқыған болу керек. Оқуға кірген соң-ақ балалық дегенді көп білмей, тез есейіп, ілім қуған кісінің қалпына оңай түсіп кеткен. Оқыған кітаптың көбіне сынмен қарай білетін, ойлы оқушы бола бастаған сияқты. Бұлай дейтін себебіміз: мұсылманша оқуы барлығы үш-ақ жылмен тоқтаған кезінде Абайдың араб, парсы, түрік ақындарының ішінде өзінің әбден сүйіп, құмартып таңдап алған арнаулы ірі ақындары болған. Солардың ұзынды-қысқалы сөздерін түгелімен оқып шығып бір емес, әлденеше рет оқып, талай бөйіттерін ұзыннан-ұзақ жаттап алғандары да болған.

Сол бала күнінде жаттаған кей сөздері ұлғайып, көрілікке жеткен уақытына шейін есінен шықпаған, ұмытылмаған. Абайдың 30 жасында туған баласы Тұраштың айтуынша, балалары оқып жүрген кітаптардың ішіндегі кейбір сөздерді, пәлен кітаптың пәлен бетінде деп, жаңылмай жатқа айтып отырушы еді дейді.

Осы сияқты белгілерге қарағанда, Абайдың медреседегі оқуы көбінесе «Мұхтасар» сияқты дін кітаптары болмай, ылғи ғана ақын сөздері болу керек. Ерте күннен өлең, әңгімелі сөздерге ерекше ынтық болып, қатты құмарлықтан талапты жас шәкірт жалпы ақындық өнерін үлкен қасиет деп біліп, барынша қадірлейтін қалыпты сол балалық шағынан ала шыққан.

Сол күнде-ақ оқытып жүрген имамы, медресенің барлық діндар шәкірті, діндар қылатын шарттары, көп әсер етпей, өз бетімен өзінен-өзі іздеп тапқан, көпке елеусіз ақындары бар ықыласын аударып, балалық қиялының барлығын билеп өкеткен сияқты. Медресе тәрбиесінде жүрген жас шәкірттің ойындағы жұбанышы, жүрегінде шын сүйетін жандары, жалғыз ғана Әзірет Әлі, пайғамбар, әулиелер болмай, солармен қатар, бәлкі солардан да гөрі үлкен орын алған Науаи, Сағди, Хожа Хафиз, Фзули сияқты ақындар болғанға ұқсайды. Бұлардың сөздерін Абай бері келіп ұлғайған уақытына шейін де тастамаған, әрқашан оқып, әрқашан сүйсініп еске алып отырған. Медреседе оқып жүрген кездерінде жаз болып елге қайтқанда, қаладан ала қайтатын кітаптары тағы сол ақындар болып, үй іші әке-шешесіне оқып беріп отыратын болса керек.

Өзі оқымаса да балаларын оқытып, оқу-білімге ынтық болған Құнанбай бір баласы Халиолланы орысша оқытып, Абайды мұсылманша оқытып жүргенде, соңғы баласына сопы Аллаяр сияқты ақындарды көп оқытып тыңдайды екен.

Осындай ретпен мұсылман ақындарын көп оқу, көп іздену, сол іздену арқасында бар ынтасымен құлай сүю болашақ ақынның балалық, жастық шағындағы ой-қиялына қатты әсер еткен сияқты.

Ескіше оқыту тәртібі бәрімізге де белгілі, шынымен «инемен құдық қазғандай» өнімсіз оқу болғанда, Абайдың үш-ақ жыл оқуы сырт көзге аз оқуы болса да, өзіне көп жаңалық беріп, көп жаңа дүниенің шетін ашқан сияқты. Алдымен, ақындарды көп оқу себепті Абай араб, парсы тілін сол үш жылдың ішінде жақсы біліп шыққан. Мұның белгісі сол заманнан қалған бірен-саран өлеңдерінен білінеді.

Кітап жүзінен алған тәрбие мен заманның үлгісі бойынша ол уақыттағы өлеңге жарайтын тіл жалғыз ғана араб, парсы тілі деп

білген Абай алғашқы өлеңдерін араб, парсы түрік, шағатай тілдерімен Фзули, Аллаяр, Бабырша айтады. Балалық шағындағы алғашқы талабын:

Фзули, Шәмси, Сәйхали,
Науаи, Сағди, Фирдауси,
Қожа Хафиз – бу һәммәси
Медет бер я шағири ферияд, –

деп өзі қадірлеген ескі ақындардың аруағына сыйынумен бастайды.

Осы аталған аттардың өзіне қарағанда, жалпы мұсылман ғаламындағы көпке белгілі болған ірі ақындардың талайымен Абайдың ерте күнде танысып алғандығы даусыз сияқты. Абай оқуды тастап, елдің жасы, бозбаласы, жас жігіті болып жүрген кезінде де осы ақындардан алған үлгі-өнерден түгел айықпай, көңілінде көп сақтап жүрген сияқты. Сол кезде сүйген, ұнатқан әйеліне өлең жазса, әлгі ретпен кітапшалап жазады.

Әлиф дек ай йүзіңе ғибрат еттім,
Би-Балай дәртіңа нисбәт еттім, –

деп әліпбимен жазған өлеңі, одан соң йүзі – раушан, көзі – гәуһар, лағылдәк бет, ұшы ахмәр... деген өлеңдері сол жас шағында қиялына қатты әсер етіп, ой-сезімін билеп, тіл кестесін де өздерінің үлгісіне еріксіз тартып бағындырып алған. Жоғарғы ақындарға еліктеген сөздер Абайдың жас күнінде өз бойындағы ақындық қуатын оятып көрсе, бұл ісі тура ғана жаңағы кітап тәрбиесі, кітап әсерінен деп білу керек.

Бірақ Абайдың жас күнінен бізге жеткен өлеңдері жоққа тән. Тіпті аз ғана. Сондықтан бұл туралы ақынның өмірбаянының ішінде ұзақ сөйлеуге орын жоқ. Бірен-саран пікір болса, ақындық жайын тексерген мақалада айтамыз. Абайдың нағыз ақындық белгісін беріп, өнімді өлең жаза бастаған кезі жігіттік шағы кеткен соң басталады. Ол кездегі Абай арабшыламақ, парсышыламақты теріс нәрсе деп түсінген.

Бұл арада Абайдың ақындығына әсер беріп, алғашқы бетін билеген себепті айтамыз деп біразырақ ілгері басып кеттік. Біздің

өзіргі мақсат Абайдың өмірі болғандықтан, енді қайтадан ақынның сол балалық шағына шегінейік.

Медреседе үшінші жыл оқып жүрген уақытта Абай жалғыз мұсылманша оқумен тоқтамай, Семей қаласындағы «Приходский школьға» түсіп, орысша да оқи бастаған. Бірақ мұндағы оқуы ұзақ болмайды. Бас-аяғы үш-ақ аймен орысша оқуы бітеді. Үш жылмен мұсылманша оқуы доғарылады.

Жасы 13-ке толғанда, ерте есейіп, ерте ақыл-сезімі ашыла бастаған, өткір зейінді ерекше талапты жас шәкіртке жаман-жақсы болса да ой-сезімінің бетін ашып келе жатқан оқу тәрбиенің есігі жабылады. Екі-үш жылдар аз да болса қырдан гөрі тәуірірек үлгі беретін қалада болғанда, ақын болатын баланың алғаш жалғыз ғана нәрлі азығы: мұсылман ақындарын шала-шарпы тану, солардың сөздерін ынтасы кетіп сүйіп көксеу ғана болады. Осындай жаңа дүниенің есігін енді ғана ашқалы, жаңа ғана саңылау көріп келе жатқан уақытта Абай ала-кұла, шикілі-пісілі біліммен үлкен кісінің өміріне кіріседі.

Оқу-білім, кітап тәрбиесі сияқты нәрселер осы қалғаннан көп уақытқа шейін бұйырмаған ас сияқты болып Абайдан алыста қалады. 13 жасқа толғанда әкесі Құнанбай оқудан шығарып алып, ел билеу жұмысында өзіне серік қылмақ болып, жаңа міндетке арнап, сол жолға баули бастайды.

Баласын оқудан ерте шығарып алуына себеп болған нәрсе: ел жұмысына өзіне серік болатын іні-баланың Абайдан қолайлысы болмағандығы, бала болса да сол кезде Абай әкесі дәме қыларлық белгілерді көрсете бастаған сияқты. Барлық балаларына қатал суық тұрып, қатты сыншы болған Құнанбай Абайдың өзгелерінен артық екенін ертеде сезген деуге болады.

Баласын оқыта түспей асығып алған себепті, жоғарыда Құнанбайдың өмірі туралы айтылған сөздерді еске алсақ, оңай ұғылады. Құнанбай елінің қақ жартысын өзіне қарсы тұратын жау қылып алып, көп өмірін сол жаулықтың жолында алыс-жұлыспен өткізген. Қарсы шыққан ағайынын үлкен тартыстың аяғында жеңіп алса да, артынан да сондағы ішке байланған мұз елдің көбінің есінен кетпеген. Ел ішінде ұсақ араздық, ұсақ жаулық, кішкене тартыс сияқты нәрселер ешуақытта құрымаған. Сондықтан барлық өмір андысу, тартысу, ел таразысын бағып келгенде

Құнанбайға дос болдым деген елдің өзі де үнемі бір қалыпта тұра алмаған. Мұның бір себебі Құнанбайдың өз істері, өз мінездері болса, екінші жағынан, сыртқа да, ішке де өмірі жүріп жуандап алған Құнанбайдың маңайында талай-талай залалкес туысқандары да болған.

Бұлар Құнанбайдың бағына мас болып, пәлен ауылдың жігіті, түген жақсының туысқаны деген атпен шамасы келгенше емін-еркін пайдаланған. Көп елді мазақтап, қорлап, орынсыз зорлық, қисынсыз жуандық істей беріп, асқақтық пен шайпау мінездерге салынып, Құнанбайдың дос болып жүрген елін де қажытып алған.

Сонымен, Абайдың жас шағында Құнанбайдың досы азайып, дұшпаны көбейген. Жоғарыда айтқан сияқты, сол көп дұшпанға қарсы тұрып, қолқанат боларлық баласы мен інісі болмаған соң Құнанбайдың басына жалғыздық түсе бастаған.

Абайды оқудан алып ел жұмысына салу, әкесінің басындағы осындай еріксіздік қалынан туған. Сонымен, 13 жастағы Абай әкесі берген бетпен ел сөзіне кіріседі. Әрине, жас бала алғашқы аяқ басқан жерден келелі кеңеске кіріп кеткен жоқ. Ел жұмысын шет жағалап ептеп бастауына керек. Сондықтан ең алғашқы жылдарында әкесінің «барып келінде» жүреді. Кейде қасына кісі қосып беріп, кейде жалғыз өзіне сөз тапсырып, әкесі ел ортасының басты кісілеріне жеңіл-желпі сөздерді сәлем қылып айтып жүріп, кейбіріне байлау жасауға да ерік береді.

Әрине, бұл күндердегі Абайдың көңіліндегі иманы – әкесінің сөзі. Содан ұғыну бойынша әкесінің жауын жау деп, досын дос санайды. Жасына жетпей ұлғайып, ерте күнде балалық белгісінің барлығын жоғалтып, сөйлесіп жүрген үлкендеріне бала көрінбей үлкен сияқты көріну, олқы түспеу – Абайға парыз сияқты болады. Әкенің билігі, өмір талқысы, араласып жүрген үлкендері болсын – барлығы да Абайды оқудан ғана алыстатып өкетумен тоқтамай, кәдуескі табиғи балалық дәуірінен де жырып өкеткен.

Жас күннен-ақ Абай өмірі әлденеше қиы-жиы шыырға түскен. Ішкі балалық дүниесін оңды-солды соққыға алатын, теріс қалыпқа кептейтін ерекше күйлерге, заңнан тысқары қалдерге ұшыраған. Өзінің дене қуаты мен ой қуатына лайық келмейтін салмағы зор міндеттер басына түскен соң Абай жаратылыстағы зеректік, талаптылық сияқты өнерінің барлығын осы жолға сал-

ған. Ел кісісімен араласқанда сөз керек, ұғым керек, тапқыштық керек, кезекті жерге келгенде айла да, ашу да керек. Әрбір көлденең келген істің тұсында өзгелер не сөйлейді? Не істейді? Бұрынғы жақсылар не айтып, не істеген? Өз әкесі қайтеді? Осының бәрін Абай ел сөзіне кірісе бастаған соң-ақ тесіле қарап, толық ұғынып, өз өміріне үлгі қылуға тырысқан.

Сонымен, балалықтан асып, бозбалалық, жігіттік шағына жеткен уақытта, қазақтың ескі сөз, ескі жол-жора мәтел-тақпақ, ескі биліктеріне елдің маңдай кісілерімен қатар түсетін білім алған. Бұл уақыттарда қазақтың ескі ақындары, кемел билері, жорықшыл батырлары, хандары болсын – барлығының жайындағы өңгімелер Абайға таныс дүние болып қалған.

Бір айтқанды ұғып алу, ұққанын ұмытпау, ел сөзіне соларды керекке жаратып, өңгіме арасына кірістіріп отыру, сол кездегі ел жақсыларына жайылған салт бойынша, Абайға да парыз сияқты болған. Жас жігіт сол білімді орнымен керегіне жаратып, келістіріп көркейтіп сөйлейтін болғандықтан, ел көзіне жасынан артық білімі бар, ескі жақсы сияқты көріне бастаған. Басында балалығының арқасында ел сөзіне құр ғана кіріскен Абай аз жылдың ішінде үлкен табыс тапқандай болып адымын ұлғайта бастайды. Бірнеше жол көріп, көзі қанған соң елдің «пәлен жақсы, түген жақсысының» айла мен епке болмаса, жалпы білімге, ақыл шалымына өзінен соншалық артық емес екенін сезеді. Абайдың өзінен үлкен кісілерден өзін кем санамауына себеп болатын тағы бір нәрсе – мұның мұсылманша оқуы барлығы. Ел кісілерінің көпшілігі Құнанбай сияқты оқымаған адамдар болған уақытта, Абай олардың қасында өзін молдадай көрген. Надан кісілердің ортасына келіп өлшескенде, өзінің үш жылдық оқуы дардай көрінген. Бұған жәнә халық ескілігі сияқты қазақ жұртының рухани байлығы қосылған соң Абай аз заманның ішінде ел ортасындағы сөзде аяғын өз қайратына сенген сенімділікпен баса бастады.

Әкесімен жауласқан кісіге сол әкесінің салмағына жақын салмағы бар мықты жігіт, бетті жүйрік, ержігіт болып көрініп, қолы мен тілі қатаң тие бастайды. Сонымен қатар аз уақыттың ішінде жұрт қанағат қылған жақсы шешен, білгіш деген кісілерді барлығын да оңайшылықпен місе қылмайтын зор көкірек, өз қайратына қатты сенген тәкәппарлық көріне бастайды.

Ақыл-ойға, шешендік сезімділікке келгенде, ерте ер жеткен жас жігіт сол уақытта-ақ өз ортасынан иығы асып, басып оза бастағанын сезгендей болады. Жалпы, ақылмен болжайтын сөздерге келгенде, біреудің айтып тоқтатқан жерінің ар жағынан жаңа есік табамын деп талап еткіш болыпты. Абайдың осы шақтан алып шыққан зор сенім, зор талабы, қырағылық, көргіштігі кейінгі уақыттағы ой-пікіріне де үлкен белгі болады.

Біреудің «таптым» дегеніне сынмен қарайтын, «жеттім» деген жеріне қанағат қылмайтын, ар жағынан асырып түсіруге тырысатын талап Абайдың жігіттік шағындағы көптен бөлек ерекше мінез сияқты. Осы пікірдің дұрыстығын дәлелдеу үшін ел есінде қалған екі-үш мысалды айталық.

Абай өз қайратын сенімді көзбен қарай бастаған соң-ақ ел ішінде кез келген жақсылардың қайсысын болса да әңгіме ішінде бір сөзбен мүдіртіп кетпесе, өзіне ырза болмай қалады екен. Балалық шағынан жаңа өтер-өтпесте, әкесінің жұмсауымен барып сөйлескен үлкендердің барлығына да осы мінезді істей бастаған.

Абайдың жас жігіт шағында Құнанбайдың Көкше ішіндегі тұрғылас, сыйлас кісісі Қаратай болған. Көп елдің сынынша, бұл – шешен, жүйрік атанған кісі. Сол Қаратай бір күні Абайдың өз құрбы жас жігіттермен жиналып отырған үстіне келіп, жастардың заманын жамандап, өз заманын мақтай бастайды. Сонда Абай бұл сөздерге көп дау айтып келіп ақырында: «Сіздің заманыңыз қанша жақсы еді, ең аяғы осы отырған Тобықты, Сыбан сияқты көрші елдің арасында бір қол кісі болып, жиналып алып түн қылып жүрмесеңдер, жалғыз жарым кісі қатынасып алмаушы еді. Ұрлық, барымта, бұзықтық көп болғандықтан, «өні алып кетті, міні алып кетті» деп кемпір-шал, қатын-қалаш, жас бала тыныштықпен асын іше алмаушы еді. Осы заман жақсы ма?» – дегенде, Қаратай дау айтып келіп: «Менің заманым пайғамбарға жақын», – депті. Бұған қарсы Абай: «Алатаудың басы күнге жақын, бірақ басында мәңгілік қар жатады. Сайында неше түрлі өсімдік, неше түрлі алуан жеміс шығады. Алланың рақметіне алыс жер, алыс заман жоқ. Қайда болса да жетеді. Сіз пайғамбарға Әзірет Әлінің әкесінен жақын емессіз, ол көпір болған», – депті.

Осы сөзді Қаратай Құнанбайға келіп айтқан соң әкесі Абай келгенде әдеттегі қаттылық суықтығына салып, көп сөз айтып

ұрсыпты. Абай үндемей тыңдап, сыртқа шыққанда, Қаратай келіп: «Бала, қалай, қайсымыз жақсы екенбіз?» – дегенде Абай: «Бәсе, қайсымыз жақсы екенбіз: біздің тобымыздың ортасына жалғыз өзіңіз келіп ойдағының бәрін айтқанда түгелімен қол қойып, тыңдағаннан басқамыз жоқ еді, сендердің ортаңа келсек, қыруар жанды жалғыз шалың ауызға үріп сөйлетпейді», – депті. Қаратай бұл сөзді де Құнанбайға айтпақ болып үйге қарай аяңдағанда, Абай атқа мініп алып жүріп кетіп қалыпты.

Осы сияқты біраз сөз Шорманның Мұсасымен де жанасыпты. Мұса – Құнанбай тұрғылас, Құнанбайдың замандасы. Бір жылы Абай әкесімен Семейде жатқанда, Мұса мен Құнанбай бір-біріне барысып, жүз көрісіп жүретін болса керек. Сол ретпен бір мәжілісте отырғанда, Мұса (тегі Құнанбайдың сұрауымен болса керек) үйдегі балаларының атын атап, Садуақас деген баласы барлығын да айтса керек. Сонда Абай: «Бір адамға екі бірдей кісінің атын қояды екен? Ол Сағд бин Уақас деген әкелі-балалы екі кісінің аты емес пе?» – депті.

Осыдан Мұса Абайдың тілін еске алып қалса керек. Екінші бір жерде, Абайдың бірталай кісінің мәжілісінде кіршіме ішіп отырған үстіне келіпті. Отырған жұртпен бірге Мұсаны Абай да мәжіліске кірісуге шақырғанда, ол кісі: «Жоқ, бұл нәрсенің аты кіршіме, тегі ноғайдың «кіршіме» деген сөзінен болса керек. Сондықтан кіріспегенді мақұл көремін», – депті. Бұл сөзге Абай: «Менің ойымша, ең әуелі бұл сөз ноғайдың тілі емес, парсының «гәршама», «шамаңа қарай» деген сөзінен болуға қисынды. Екінші – әрбір нәрсенің «ісіміне» қарай «жимісін» ала ма, жимісіне қарай ісін ала ма? «Алма» деген – жемістің аты, сол атына қарап алмайсыз ба?» – депті.

Осы сияқты жұрттың жақсы деген кісілерінің құр атағына жығылмай, қайта өз көңілін зор ұстап, бойұсынбайтын ізденгіш, өр мінезді Абай оқта-текте өз әкесімен де сөз қағысып білдіріп жүрген. Бұл туралы елдің есінде қалған мына бір әңгімені айта кетейік.

Ел ортасының бір үлкен жиынында Құнанбай көп ортасында сөйлеп отырған уақытта, Абай бір-екі рет сөз айтқысы келіп, киліге беріпті. Сонда Құнанбай «тек отыр» деп тоқтатып тастайды. Артынан ел таралып жиыннан келе жатқанда, әкесі Абай-

ды шақырып алып, көп алдында көлденеңдегені үшін наразылық айтады. Абай кінәсін мойнына алады. Содан кейін Құнанбай: «Кезі келгенде айтпақ болып жүрген үш түрлі сөзім бар еді, соны айтайын: Ең әуелі, сен жұрттың бөрімен күліп сөйлесесің. Жайдақ су сияқтысың, жайдақ суды ит те, құс та жалайды, кісілерге қадірі болмайды. Екінші, көрінгенмен жақын боласың, кісі талғамайсың. Желбегей жүрген кісінің басына ел үйірілмейді. Ел алатын қылық ол емес. Үшінші, орысшылсың, орыстың дұшпандығын ұмытасың», – депті.

Абайдың жауабы:

«Қолында құралы бар бірен-саранға ғана тиетін шыңыраудағы судан да қойшы-қолаңшы, жалшы-жақыбайдың бәріне бірдей пайдасы тиетін жайдақ су артық деп білемін. Екінші сөзге: қазақ елі бір заманда қой сияқты болған, бір қора қойды жалғыз қойшы «айт» десе өргізіп, «шөйт» десе жусататын заман болған. Одан бері келе ел түйе сияқты болды. Бір шетіне тас тастап «шөк» деп дыбыстаған уақытында аңырайып тұрып барып, бетін бұратын болды. Енді біздің заманымызда ел жылқы болды. Мұны ақ қар, көк мұзда қар төсеніп, мұз жастанып, етегін төсек, жеңін жастық қылуға шыдаған жылқышы ғана баға алады. Орысшылсың дегенге: заман орыстікі, ол – жеңген, біз – жеңілген елміз. Ендігі күнде алысатын дұшпанның айласы мен әдісін білмесең, алысқа шығудан мағына жоқ. Мен орыстың өзін сүймесем де, өнері мен ебінен үлгі алуға керек», – депті.

Құнанбай бұл жауабына қанағат қылып тоқтап: «Ақыры не болса да бетіңнен жарылқасын, өзің білген бетіңмен жүріп көресің», – депті.

Осы айтылған сияқты мінездің белгісін қаракесек Алшынбайға да көрсетіпті. Абай бұл ауылдың күйеуі болады, үлкен бәйбішесі Ділде деген кісі – сол ауылдың қызы. Сол әйелін алғаннан кейін, Абай Алшынбайға сәлем беріп амандаса барып, қайтарда қайны әдет бойынша қалаған-сұрағаны бар ма деп сұрапты. Сонда Абай шұбар айғырдың үйірі деген бір қысырақты алғысы келгенін айтады. Мұны Алшынбай бере алмай, батамды алсын дейді.

Содан соң Абай: «Ондай батагөй шал өзімде де бар», – деп бармай кетіпті. Өз тұсындағы қазақ жақсыларымен кездескенде, жас Абайдың әдет қылған сөз мінезі осы сияқты.

Жоғарыда әкесімен сөйлескен сөзіне қарағанда, Абай заманның ағымын болжап, өзгерген сөзіне қараған ұғым, наным бойынша, көпшіл, кең, жұмсақ, еліне жайлы, жағымды болған кісіге ұқсайтын сияқты. Бірақ бұл сөзге қарап, Абай шынында ел арасындағы істерде «әке жолынан бөлек жаңа жол, жаңа көзқарас, жаңа іспен мінез істеді», – деп түгел сеніп қалуға болмайды. Ел ішінің сөзі мен тартысында, араздық-жаулығында көпті билеп, өмір жүргізген уақытта өз бетіне көпшілікті бағындыруда Абай түгелімен әкесінің шәкірті болған. Өзге болса, әке істеген іс пен әке қуған мақсат жолындағы әдісі мен ебі ғана өзге. Одан басқа мойнына алған міндеті, беттеген тілек, бағыты түгелімен әкесінің жолы болды.

Сол сияқты мықты, жуан болу, сондайлық өмір жүргізу, еркіне көнбегенді, қарсылық ойлағанды сол сияқты езіп, жаншып жіберу, әкесінің жауын өзіне де жау санап, бұрынғыша қуғынға ұшырату, Құнанбайдың бір кезде ел бүтін тұрған уақытта жұрттың бәрін жалғыз өзінің аузына қаратып, бар Тобықтыны бір шыбықпен айдаған дәуірін қайта орнату. Сол орнайтын жаңа дәуреннің еркесі, қожасы өзі болу, өзінен артылған бақты Құнанбайдың өзге балаларының басына қондыру.

Сонымен, Абайдың жас кезінде әкесінен ел ажырап кетіп, Құнанбай басының жалғыздық көрген кезінде бұл тұқымның қолынан шығып кетуге айналған бақ пен абұйыр, қайрат пен қожалық болса, соны бұрынғыша толық қалпында қайта қолына жиып алу, жігіт болған Абайдың барлық бойындағы қуатымен түгел ұмтылып қуған арманы, мақсаты болады. Абай жігіт күнінде өзіне бұл жолдан басқа жол бар, осы істен түзу іс бар деп түсінбеген. Құнанбайдай әкенің баласы бола тұра талап қылса, Тобықтыдай жалпақ елге өзінің өмірі, дәуірі оп-оңай-ақ жүріп кеткелі тұрғанын көре-біле тұра, Абай өз басына екінші бір мақсат, міндет бар екен деп білмеген. Ондайды іздемеген де. Сондықтан әкесіне кім жау болып, кім достықтан тайып, жау жағына шығып кетсе, соның барлығын неге кеткен себебіне қарамай-ақ алысатын, ұстатын жауым деп біліп, айланы, ашуды, білімді де құрал қылып соңына түскен, әке тұсындағы дәуренді қайта орнатып, көп елді құлақтан басып, ауыздықтап мініп, бағындырып алу жолына еңсесін сала шапқан.

Үлғайып келіп артында қалған өмірге суық сыншы көзімен қарап, өткеннің бәрін өкінішпен еске алған уақытта Абай: «Қаны қара бір жанмын, жаны жара...» деген сөзді текке айтпаған. Сол сөзінің ішінде:

Жасымда албырт өстім ойдан жырақ,
Айлаға, ашуға да жақтым пырақ...
Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,
Саңдалмамен күн кешкен түспе ізіме, –

дегеннің барлығында көбінесе еске алатыны осы жастық шағындағы ісі мен мінезі, жасында берік бет алып, болашағына да, адамшылығына да залалдан басқа түк бермейтін шалыс жолға түскендіктен, кейінгі ес кірген соңғы өмірде, өкінсе де, зарласа да, өзін-өзі аямай қамшыласа да, сол әуелгі алған бағыттан өзгере алмай, жаңара алмай қалған.

Алғашқы бойға сіңген әдет пен жасында теріс қалыптанған өмір, кейінгі күнде ақылы қостаған жолға түсіремін десе де түсе алмай кеткен.

Енді сол жастық күнінде Абайдың істеген ісі, салынған мінездері немене еді? Кіммен алысты, қалай алысты, алыс жолында не көреді, не тапты? Соған келейік.

Абайдың жауы кім еді дегенге, әрине, ең алдымен, Жігітекті айту керек. Ат жалын тартып міне салысымен Абай әкесінің қарсысындағы жаудың ордасы Жігітек руы екенін оңай таныған. Жігітек – Олжайдың баласы, Абайдың төртінші атасы Айдоспен бірге туысқан. Бұл – Олжай балаларының ішінде басы молырақ, өскелең деген руы. Оның үстіне шамасы келсе, өзі де өзгеге соқтыққыш тентек мінезді сотқар ел болған. Арасынан шыққан барымташы, ұрлықшыл бұзықтары да болған. Көпшілігіне жайылған мінез бойынша қайратты, мықты, қыңыр алысшыл, ұжымшыл ел болғанға ұқсайды.

Өзі жақын ағайын болған соң Ырғызбаймен қоныс сыбайлас көрші ел болады да, бір араздасып алған соң Құнанбаймен, Абаймен болсын ірі жұмыс, ұсақ жұмыс болса да күн сайын бетпе-бет келіп ұдайы кездесіп отырған. Сондықтан араларында шиеленісіп алған араздық, жаулық кейде ірі тартысқа айналып кетіп отырса, кейде ұзақ соқтығысып, ұзақ андысуға да түсіп отырады. Ірі жау-

лықтың арты көбінесе Жігітек жеңілумен біткен кездерде кейде екі жағы уақытша тоқтасып, татуласып та байқайды. Бірақ бұл бітім ұзақ бітім болмайды. Аздан соң болымсыз ұсақ себеппен ескі жара қайта біттелемеді, қайтадан шиеленісіп, ұстасып түрекеледі. Сонымен, тынымсыз ұзақ жаулыққа кең өріс ұдайы табылып отырады.

Әрине, осындай алыстарда Жігітек үнемі аз болып, үнемі жалғыз болып отырмайды. Жоғарыда айтылған Құнанбай мінездері сияқты себептер бар, одан соң кейбіреулердің тура бас күндестік сияқты себептері бар, сондайдың бәрі Жігітекке бір ру болмаса, екінші руды ішінен көмектес болатын достарды тауып беріп отырған. Талас-тартыс жалғыз ғана Олжай ішінде болмай, көбінесе бар Тобықтының шеңберіне шығып, ауданын молайтып, екі жағына да жау мен досты бірдей көбейтіп отыратын болған. Сонымен, кейде Құнанбай, Абайдың қарсысына Жігітектен гөрі тобы көбірек, Жігітектен басы артық, малы артық рулар да жаулық ұстап шыға беретін болған.

Осының бәрі жоғарыда айтылғандай, әке жолын қуып, әке мақсатын арман қылып алу ниетіне бет алып шыққан жас Абайдың алдында тұрған көп бөгет, көп тосқауылдар болады. Сол бөгеттердің бірін жойып алып тыныш боламын десе, екіншісі дайын тұрады. Оған келіп кірісіп қолға аламын дегенде, ру тіршілігінің бір қалыпта тұрмайтын ойнамалы құбылғыш шырайы екінші салаға түсіп, тағы да өріс алып, ендеп кетеді. Ол тағы да ұзақ алыс, ұзақ арбасуды керек қылады. Бір жерде Абай жеңсе, екінші бір жерде жау жағы өзін де сүрінтеді. Оның арты кек пенен кіжінуге әкеп соғады.

Осындай алыстың үстінде Абай құрал таңдамайтын болып алады. Не нәрсе керегіне жарайтын болса, қандай себептермен жауын жығуға болатын болса, соның көбін іске салады.

Жас күнде әкесімен жауласқан Жігітектің 17 кісісі Сібір айдалғанын көреді. Соның арты Жігітекті әлсіретіп, көпке шейін жасытып жіберді. Бұрынғыдай тең түсемін деген ойды ойланбайтын болды. Бұлай болса жауласқан елге істейтін емнің бірі осы сияқты қаттылық, аямайтындық, шошытып жіберетіндей ірі кек болу керек.

Сондықтан Абай ашу мен қаттылыққа шырақ жағады. Бойына қуат кіріп, елді меңгеріп ала бастаған сайын қырына алған елге бөрідей тиеді. Бұл істері ел ортасында қыр құралымен бір іске

асса, ойда орыс ұлығы арқылы тағы да сол бетпен өркендей беруіне керек.

Сондықтан жоғарыда айтылған талас-тартыс, жаулықтың астар жағы, екінші бір саласы уез, жандаралдың кеңсесіне қарай ағылған көп арыз, көп шағым пішінінде болады. Әрине, бұл соңғы іс жалғыз Абайдың құралы емес, Абай қарсысындағы жаулардың да құралы, қайта ел ортасында тең түсу қиын болғандықтан, Абайдан гөрі де олар көбірек шағымшыл болу керек. Қалай да болса ел ішінде Абай екпіндеп жүре бастаған соң-ақ, аз уақыттың ішінде талас-тартыстың кіндігі қалаға қарай ауысады.

Сонымен, 24 жасқа келгенде Абайдың үстінен берілген арыз, шағым Семейдің кеңселеріне жаңбырдай жауып, етек алып кеткен соң орыс ұлығы 1869-70 жылдың қысында Абайды қалаға шақыртады.

Осы жолда Абай 12 үлкен іспен тергеліп, Семей қаласынан 3-4 айға шейін шыға алмай жатады. Бірақ жұмыс саны көп болып, тергеуден тергеу болса да, Абай бірде-біріне жығылмай, ағарып аман шығады. Біздің қолымызда Абайдың осы жолы тергелген істері қандай-қандай істер еді, ол туралы мағлұмат жоқ. Бірақ кейін Абайдың өмірбаянын толықтырып, түгел тексеремін деген кісі осы жұмыстарды түгел қарастырып танысуы өте қажет болады.

Бүгінгі сөздің ішіне бұл жайын алмасақ, қазіргі өзіміз істеп отырған істің бір үлкен шала қалған жері деп есептейміз. Кіргізе алмау ол мағлұматты керексіз дегендіктен емес, бірінші, уақыт тығыздықты, екінші, ол жұмыстардың бізден алыс жерде жатқандығы (бұл жайды реттеуші азамат болса, жоғарыда көрсетілген жылдардағы Семей уезі мен Семей жандаралдарының, Семей судьяларының, архивтерін қарауы керек), өйтсе де бұл жолғы сөзге кірмесе де жақын заманда сол мағлұмат және басқа сол сияқты Абай жайынан кеңселерде сақталған барлық үлкенді, кішілі сөздерді түгел жиып алып, жариялау, өзіміздің міндетіміздің бірі деп білеміз.

Сонымен, Абай 70-жылдарға шейін, бір жағы, әкесінің, ығында болса, екінші жағынан, сол әкесінің басындағы міндеттерді барлық жаулары мен барлық талас-тартыстарын түгелімен өз басына аударып, өз міндетіне ала бастайды. Ел билейтін кісілік пен сол кісілік жолындағы партия майданы, бас балуанға Абайдың өзін

жырып шығарады. Ендігі күрестің саясаты мен барлық жауапты істер Абайдың жеке өз басына аударылып, өз қолына келеді.

Бұл жолда алғашқы жекеленіп шығу жаңағы 12 тергеуде бас талуға керек. Сол тергеулердің тұсында Абай ұлық атаулының талайын көріп, барлығымен де өлденеше қалде кездескен болады.

Ұлық алдында жұмысты болу бір ғана ұлықтың өзі емес, сол кездің көп-көп адвокат, тілмаш сияқтыларымен де кездестіру керек. Соның барлығымен араласу көп нәрсеге көзін қандырып, Абайға заң-закон дегендерді білдіру керек. Әрине, осымен қатар орыс тілін білу, орыс ұлығының әлді, әлсіз жағын ұғыну Абайға жаңа міндет сияқтанады.

Қыр тартысын ұлық пен закон шеңберіне қай жағынан әкеп сыйғызуға болады? Ұлықпен қалай арбасуға болады, осының бәрі ел кісісі болатын Абайдың түгел ұғынып, толық білуіне қажет нәрселер сияқты көрінеді.

Сондықтан алғашқы рет орыстың тілін іздеп, оқу-біліміне қарай көңіл бөлу осы кезден басталатын сияқты, бұл уақытқа шейін Абайдың барлық оқуы үш-ақ айлық сабақпен біткен. Әрине, ол білім кейінгі күндегі Абайға азық болады деп айтуға болмайды. Ол кейінгі ісіне татымды негізде болуға жарамауына керек. Орысша жағына іздену жаңағы істің тұсында, сол 24-25 жасынан басталу керек... Бірақ бұл уақыттағы қарастыруы да үнемі салынып іздеген іс емес... Елге шыққанда, Абай ынта пейілмен кісілік соңында. Ол жолдағы міндеті мойын бұрғызбайтын, таусылмайтын ұзақ жұмыс, ұзақ міндет, сондықтан бұл кездерде сарылып кітап соңында отырады деуге болмайды.

69-70 жылардың қысы әлгідей өтсе де, Абай ел жұмысынан торықпаған. Күр тергеуге іліндіргені болмаса, жаулары жеңе алмаған. Бұрын бауырлап меншіктеп жүрген елі әлі де болса қолында қалған. Сонымен, 70-жылдардың артынан Абай бұрынғысынан да екпіндеп кіріскенге ұқсайды. Күннен күн өткен сайын тәжірибе көріп ысылып, әдіс-айланы молайтып алған соң, ойға да, қырға да атағанын сыйғызып, қалағанын жүргізетін үлкен салмақ иесі болуға айналады. Тартысқан ел қаншалық күшін салса да жеңіп шығып ала алмайды. Көбінесе өз ісіне өзі сүрініп, өз сөзіне өзі оралып, Абайдан да ел көп жығылатын болады.

Бұл уақыттарда Абай ел саясатын жалғыз әкесінің ғана нұсқауымен жүргізбей, өз жанынан өзі сүйген дағдысын да қолдана бастаған сияқты. Жоғарыда Құнанбайдың баласына айтқан сөздері Абайдың осындай өз бетін аша бастап, өз ырқынша жүргізгіш болғандығынан тууға керек. Сонда «орысшыл» деу басына іс түскенде орыстың ұлығыншыл болғанын білдіреді. Ұлықшылдық орыс төрелеріне жақын болуға істеген талабынан бір көрінсе, елді ұлық арқылы жаңалап, ұлық күшімен басып алуға салынғандығынан тағы да көрінуге керек.

Әкесі тапқан мін көбінесе осы жағынан болу керек. Орыс күшін Құнанбайдың өзі қолданса да, заманы Абайдікінен гөрі қазақырақ заман болғандықтан, қыр жолымен, өз күшімен қол қимылын істегіштік ол кісіде көбірек болған. Мысал үшін Қодарды өлтіруін еске алсақ та болады. Сонымен, Құнанбай айтқан кінәні, Абайдың орыс оқуына құмарлығынан шығар деп болжам жасауға керек емес.

Ол кездегі Абай – қыр жуанының бел баласы. Заманның құлы, сондықтан алдында көп мақсат жоқ, бар талпынғаны бір ғана тілек. Осы жолда 70-жылдардан соң Абай өз бетін жүргізе бастады дедік. Соның бір белгісі жоғарғы айтқан болса, екіншісі ел ішінен өз басына арнап, өз бетімен дос жиюында болды.

Бұрын ылғи әкесі дос санаған кісімен іс қылып келген Абай енді өз замандастарынан өз сынынша дос іріктейді. Сол ретпен тапқан кісілері: Оразбай, Жиренше, Ербол деген сияқты кісілер болады. Абайдың өз басы бұларға шын сенеді екен, бірақ Құнанбай:

«Адал дос болмайды, алдамшылар» деп жек көреді екен. Кей уақытта осыларға Абайдың қатты сенгендігінен мазаланып: «Құдайдың жан қылып жаратқаны рас болса, осылардан татып отырғаныңды бір көремін-ау», – дейді екен.

Бірақ Абай әкесінің сөзіне қарап достарын тастамаған, сонымен, өз талабы мен осы достарының көмек талабының арқасында көп елмен ұзақ жағаласып, бірде жеңіп, бірде жеңіліп келіп, 28 жасқа толғанында қарсысындағы елдерді ең алғашқы рет емін-еркін басып, жеңіп алады. Жеңгеннің белгісі: Оразбай Аққұлы баласының ауылында болған өз сайлауына, жанына туған-туысқандарынан ешкімді ертпей, өзі тапқан достарын ғана алып барып, партияласқан елді қаптал бүктеп, үйдегі Ысқақ деген інісін болыстыққа сайлатып қояды.

Ысқақтың алғашқы болыс болғаны – 1873 жыл, осымен алғашқы рет сайланған соң Абай Ысқақты ұдайымен үш сайлау 9 жыл болыс қылады. Осыдан кейін оқта-текте болмаса, Құнанбай баласы, Құнанбай немерелері болыстықтың үнемі иесі болады да, өзге ел адамдарының бірде-біріне тимей қояды. 73-жылдан кейін Құнанбай балаларының дәуірі жүреді. Тобықты ортасынан қажы (Құнанбай) баласының билігі орнайды.

Жә, енді осы айтылып өткен жасқа шейін, одан соң бұдан кейінгі біраз жылдарға шейін Абайдың ақындық қызметі болды ма, болса қандай себептерден туып, қай түрлі болды, қаншалық өлең жазылды, сол жайынан біраз сөз айтайық.

Бұл тұсқа келгенде, ең алдымен, қысқаша айтылатын сөз: Абай осы жастарға шейін өзінің ақын екенін білсін, білмесін, бірақ өз басына ақындық іс екен, жол екен, уақыт бөліп, еңбек қылатын кең өріс екен деп білмеген.

Тегінде Абайдың жас шағында айтқан өлеңдері өте көп болмау керек. Болғаны болса Абай қағазға жазбай, орайы келген жерлерде қалжың сөз ретінде ауызша айта салып, артынан өзі де ескермей ұмытылып қала берген сияқты. Жасындағы өлеңдерін ақынның өзі ескермеген соң кезінде басқа кісілер де ескеріп есінде сақтамаған. Берірек келгенде, Абайдың жас күніндегі өлеңдерінен бірен-сараны есінде қалған үлкен кісілер болса, олардың аузынан ешкім ескеріп жазып алмаған, біздің уақытымызда ол кісілер жоқ болды. Сонымен, ақынның жас шағынан біздің қолымызға түскен белгілері тіпті болымсыз, аз ғана. Сөйтсе де қолға түскен бірен-саранның айтылған себептерін қарасақ, көпшілігі – біреуді қалжың қылған, мысқыл, мазақ, күлкі аралас өлеңдер. Бұларының бәрінің де өлең қылған кісінің көзіне қалжындап күліп айтқан сөз сияқты. Абайдың ерте баста айта бастаған өлеңі осы сияқтылар. Тегінде ұмытылып біздің заманымызға жете алмай қалған өлеңдері болса, көбі осы түрлі сөздерінен болу керек.

Екінші түрлі өлеңдері – қыз-келіншекке жастық дағдысымен жазған хат өлеңдер. Мәселен, 13-14 жасында «Жүзі – рәушән, көзі гәуһар» деген өлеңді айтқан.

19-20 жас шамасында «Әліпби» өлеңін айтқан, одан соң жігіт күнінде Сүгір деген кісінің қызына құмар болып, «Ақ етің аппақ екен,

атқан таңдай» деген бір өлеңі болса керек. Бірақ біз ол өлеңін білетін кісіні таба алмадық, құр атынан басқа ешнәрсе айта алмадық.

Толық жігіттің шағына жетіп, үлкендікке мойын қоя бастаған кезінен «Сап-сап, көңілім, сап, көңілім» деген бір өлеңі табылды. Біздің мөлшерімізге қарағанда, бұл өлең 25-26 жастарында жазылған сөз болу керек.

Міне, осы сияқты оқта-текте бір кездесетін шашау-шашау тұрған белгілеріне қарасақ, Абайдың жас күнінде ақындыққа салынбай, өлең шығаруды мақсат көрмей, бұл өнерге үстірт қарап өскендігі байқалады. Анда-санда айтылып қалған өлең болса, барлығы да бойға біткен ақындық қуатының өзінен-өзі әлде қалай шығып қалғаны сияқты. Жастығының көп өлеңі болса, бөрі де өңгіме арасында қалжыңдап отырып айта салған сөздер. Абайдың ерте күндегі ақындық қуаты осы сияқты жолмен өзіне шығыс тапқан сияқты.

Одан соң күлкі мен қалжың қылып айтатын өлеңнің басын кішкене бала күнінен бастаған сияқты. 12 жасында бір жолаушы қатынға айтты деген бір-бір ауыз өлең – бұған дәлел. Сол уақытта-ақ біреуді мінегіш, күлгіш кішкене Абай Тонтайдың кішкене жиенімін деп өз жайын мәлім етіп тұрған сияқты. Кейін айтатын қалжың өлеңінің барлығы да осы бетпен өседі.

Осымен әр жылда әр жерде кейде ұзақтау болса, кейде бірер ауыз ғана қалжың өлеңдер айта жүріп, Абай Ысқақ болыс болған жылдарға келеді. Бұл уақытта елінің бір деген басшы кісісі атанып, айтқаны кімге болса да бұлды, өмірі Тобықты ішіне екі болмайтын дәрежеге жетеді. Болыс болып күндегі істі інісі басқарғанда, өзі елдің сыртқы шеңберін ұстап, үлкен таразысын бағатын кісі болады. Ысқақ Абай айтқанды бұлжытпай істейтін орындаушысы болғандықтан, өзге ел сырт болсын түгелімен, жуандық, кісілік, билік барлығының тұтқасы Абай деп біледі. Абай басына үйіріледі. Сондықтан өзі болыс болмаса да, болысқа да келетін істің барлығын, ел ортасының дау-шарын, билігін, сөзін түгелімен өзі атқарып, өзі басқарады.

Осымен қатар ұлық жағының тауқыметін өзі алады, бұрынғыша жақын жүріп, таныс болған уез, судья, адвокат сияқтылармен өлі қатынасын үзбей араласып, көрісіп жақын болып жүреді. Солардың үйлерінде қонақта болу, мәжілістерін көру, айтысқан

сөздерін есіту сияқты нәрселер Абайдың бұрынғы уақытта шала біліп қана, жұта алмай қалған білім кемістігін, қайтадан өзіне сездіреді. Бұрын өзін елге салыстырып білімдімін, толықпын деп жүрсе, орыстың оқыған адамдарына кездескен соң түбірлі білімі жоқ, надан екенін сезген. Сонан соң ойына алғашқы рет надандықтың өкініші келіп, бар күшімен талпынып білім іздейді.

Жасы 30-дан асқан соң бұрынғы азды-көпті білгенін есіне түсіріп, орыстың тілін жаттайды. Қалада жатып азын-аулақ тіл білген соң кітап оқуға кіріседі.

Содан біраз жыл өткенде Абайдың күндегі өмірінде үлкен орынды ел сөзімен қатар кітап алады. Кітапты тәртіппен, ретпен оқымаса да, пәлен жақсы, түген жақсы дегендердің сөздеріне бірі артынан бірін жіберіп, үсті-үстіне үйіп қадалып оқи береді. Бір жағы, ел сөзі, ел жұмысымен жатса, екіншісі, әдейі қала кітапханасының кітаптары үшін де Семейде қысқы айларда ұзақ уақыт жатып алатын болып, өз-өзінен ізденіп қармана бастайды. Осымен 35-36 жастардың шамасында кітап қарастырудың жолында жүріп, Абай 1880 жылдарда Петрбордан айдалып келген орыстың төңкерісшіл, халықшыл Михаэлис деген кісімен таныс болады. Михаэлис ол кезде жас, Петрбор университетінің студенті болып жүрген күнінде айдалған екен. Бұл сол замандағы орыстың төңкерісшілдік пікірінде жүрген адамдарының басшысы, атақты Чернышевскийдің жақын танысының бірі болса керек.

Сол Михаэлис Семейдің кітапханасынан өзіне керек бір кітапты іздеп келіп тұрғанда, сол кітапханада Толстойдың кітабын сұрап Абай да тұр екен. Михаэлиске қыр қазағының толстойшылдығы таңсық көрінеді. Сондықтан ол Абайға келіп: «Толстой неге керек?» – деп сұрағанда, Абай өзінің кітап қарастырып жүрген жайын айтады. Содан екеуі кітапханадан бірге шығып әңгімелесіп кетеді де, артынан жақын таныс, сыйлас, тату адамдардың халына жетеді.

Михаэлис осы барғаннан Семей облысынан қайта алмай, 40 жыл тұрып, сол жақта өлген. Әуелгі кезде Семейдің өзінде тұрып, артынан ылғи Өскемен қаласын мекен еткен. Міне, осы замандардың, барлығында, алғашқы рет таныс болып алған соң Абаймен ұдайы кездесіп не хатпен хабарласып тұрған. Бертін келген уақытта Абайдың ауылына қонаққа да барған болса керек.

Аздан соң Михаэлис арқылы Абай 80-жылдарда айдалған басқа халықшылдармен де танысқан. Солардың ішінде халықшыл адвокат Гросс, жас доктор Долгополов сияқтылар болған. Гросс айдалып келген соң қазақтың ескі жорасы бойынша айтылатын билік кесім сияқты ескі әдет заңдарын жиып, қарастыруға салынған, сонымен бұ да Абаймен араласып, қырға шығып, 3-4 айдай Абайдың ауылында жатып қайтқан. Кейінірек уақытта Абайдың ауылына Долгополов та келіп, қонақ болып жатып жүреді.

Бұл кісілердің барлығының ішінде ең алдымен таныс болып, Абайға алдымен пайдалы әсер еткен кісі – Михаэлис. Михаэлистің істеген еңбегі көп болғандықтан, Абай кейінгі уақыттарда «дүниеге көзімді ашқан кісі – Михаэлис» деп алғашқы басшылық істеп, бет нұсқағандығы үшін өмір бойы алғыс айтып кеткен. Михаэлистің өзінің тексерген жолы табиғат ғылымы болса да (жердің жаратылысын оқыған), үлкен қаланың университетіне өр тарау жолдардан мағлұматтары болған мәдениетті адам, Абайға қандай кітапты оқу туралы шынымен үлкен ұстаз есебінде көңілдегідей жақсы бет бағыт берген.

Бұрын қолына түскеннің бәрін талғаусыз, ретсіз оқып жүрген Абай ендігі оқуын Михаэлистің ұсынысы бойынша үлкен тәртіпті ретке қойып, суретті әдебиет, сын, фөлсафа, тарих, табиғат ғылымдары, ақыры әлеуметшілдік жайындағы кітаптарға шейін тарау-тарауымен белгі, жоспармен оқитын болған. Осы ретпен орыстың белгілі ақын-жазушыларынан – Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой, Тургенов, Салтыков-Щедрин, Достоевский, сыншыларынан – Белинский, Чернышевский, Добролюбов, Писарев, Еуропа ақындарынан – Гёте, фөлсафашыл, табиғатшыл білгіштерінен – Спенсер, Луис, Дарвин, тарихшыларынан Дрепер сияқты талайларды оқыған. Әрине, бұл аталған жазушылардың бәрін бірдей Абай бірер-ақ жылдың ішінде оқыды деуге болмайды. Соңғылардың көбін бері келіп, ұлғайып, көрілікке айналған кезінде ғана қолына түсіруі мүмкін.

Алғашқы кезде оқығандарының көбі орыстың суретті әдебиеті мен сыны болу керек. Көп заманға шейін қалада жатып оқумен келіп, кейінірек көп кітаптарды қырға да алып шығып, елден де қарастыратын болады. Әдебиет тұсында жалғыз орыс жазушыларымен тоқтамай, Еуропаның көпке жайылған роман-

шылдарын да оқыған сияқты. Әрі-беріден соң әңгімесі қызық кітаптарды жалғыз өзі оқумен қанағат қылмай, маңындағыларға әңгімелерін ертегі сияқты қылып, айтып отыруды әдет қыла бастайды. Сол 35 жастың шамасында өзі кітап қарастыра бастағанымен қатар, екінші баласы Әбдірахманды Семей қаласында уездік шkolға оқуға берді. Бұл баласы кейін өндіріп ұзақ оқып кетеді. Артынан біраз жылдан соң үшінші баласы Мағауияны да, әйел баласы Күлбәданды да әкеп орыс школына береді.

Семей қаласының уез-жандарал, судьяларындай құр төрелікпен болған ұлықтарынан сонағұрлым жоғары тұрған Михаэлис, Гросс сияқты зор білімдері бар, ірі мағлұматты кісілерге таныс болып, анда-санда солардың мәжілістерінде болып, солар атаған кітаптарды көп оқып, зерттей де бастаған соң Абайдың алдына жаңа жарық дүниенің шеті ашылғандай болады. Сонымен, 1884 жылы, 1885 жылдарда өз жасы қырыққа таман келіп ілінгенде, Абай дүниеден көп мағлұматы бар, әр нәрсеге білім алған кісідей арнаулы көзқарасы, сыны бар, әншейін ел кісілерінен сонағұрлым білімді, қырағы, озғын кісі болып жекеленіп шыға бастайды.

Бұдан кейінгі Абай елге де құр Құнанбайдың баласы, құр тартысқа мықты, құр ғана айлашыл, ашушыл жуан болмай, ең алдымен, өзге жауларының бәрінен білімді, ақылы, сөзі мен өнері артық кісі болып таныла бастайды. Көптің ұғынып жүрген құр ел жақсысы емес, Абай, ең алдымен, білгіш, кемел, шешен, жүйрік болып санала бастайды. Енді өз елімен кейде келісіп, кейде келіспей жүрсе де, сырт елдердің барлық басты деген кісілері Абайдың атағын көп естіп, әңгіме, мәжілісіне құмар да болатын болады.

Сонымен, көбінің өз тілектері бойынша, Абай кейбірімен айқыш-ұйқыш құда болып, кейбірімен сырлас, тамыр, дос болып, жалғыз Семей уезі емес, Қарқаралы, Өскемен, Аякөз айналасының басты кісілерімен де жақындық таба бастайды. Ел айтқанда Абайдың атағы, абұйыры, бақ дәрежесі бір тобықты емес, сан тобықтыдай елдерге түгел жете бастайды. Туыстас, шешендік, зеректік, ерекше ақылдылық, сыншылдықтың үстіне Еуропа сияқты жақсы сенімді құрал тауып алған соң Абаймен қыр елдің мақтаған жақсылары, атақты шешендері болса да, тіресе сөйлесіп пікір таластыруға жарамайтын болған. Қай-қайсысы болса да сыртқы даңқы зор болғанымен, Абайға келіп кездескен-

де, дүниені болжар білімі, шалымы жоқ болғандықтан, ескі-жаңа білімге бірдей жүйрік, қазақ пен орысқа бірдей жетік Абайдың қасында білгіштің қасындағы наданның халінде қалып отырған.

Сонымен, Семей қаласында болсын, басқа дуандарда болсын, бірнеше уез елдердің болыс, билері, басты кісілері бас қосқан үлкен съезд, червечнайларда Абай өзімен толық тең түсіп, толық мәжілістес болатын қазақ кісісін көре алмаған.

Сонымен, бір тобықты емес, өз тұсындағы қазақтың қайсысынан болса да өзінің сонауғұрлым озып кеткендігін сезген. Осыны сезуінің арты қазақ елінің барлық салт-сана, әдет-қалпына қатты сын көзімен қарауды туғызады. Бүгінгі ел жайына, ел ортасындағы өз жайына болса да қанағат қылмайтын, заманынан озғын ойларды ойлата бастайды.

Абай енді елдің тентек-тебіз, ұрлық-қарлық, алыс-жұлыс сияқты теріс мінездерінің барлығын жалпы қазақ еліне жайылған түгел мін екенін көріп, сол терістіктерді түзететін тезі болғысы келеді. Ұғарлық, ойланарлық санасы бар-ау деген кісілерге өсиет, ақыл айтып ұстаз болғысы келеді. Сонымен, 40 жасқа толған Абай енді елдің ақылды, ақылшы басшысы болғысы келеді. Отыз жасқа шейінгі өмірі қыр жуанының, қырша мақсат, тілектеріне арналған болса, ендігі өмірді жаңа ұғынып, жаңа құралған негіз, пікір бойынша жаңа мағыналы түрде өткізгісі келеді. Осы соңғы мақсатқа қарай ауысуына Еуропа оқығандарымен таныс болып, кітап жүзінен алған пікір тәрбиесі себеп болды. Одан соң осымен қатар солардың әсерімен өзінің, ойланған ойлары себеп болды дегіміз келеді.

Көп кітап оқып, бұрын сезбей, білмей жүрген көп жаңалық есіткен соң Абайдың ішінде қатты толқын, үлкен ой-пікір өзгерістері болады. Мұның мысалына, берірек ұлғайып келген уақытта Абайдың өзі айтқан бір сөзін еске алуға болады. Өзі айтуынша: «Отыздың ішінен бастап Еуропа оқымыстыларының көп кітаптарын оқып, қырыққа таман келген уақытта, бұрынғы дүниенің асты-үстіне шығып өзгеріп, күншығысым күнбатыс, күнбатысым күншығыс болып кетті», – депті. Берірек келіп оқуға салынып оқып, кітап деген нәрсе әншейін қазақтың ет пен қымызы сияқты тіршілік азығының ең үлкен шартының бірі болып алғандай Абай әрбір жақсы сөзді оқығанның артынан, соның ағымына ақыл, оймен құлай сүйсініп, шын сүйетін сияқты әдеттер тауыпты. Мәсе-

лен, будданы оқып шыққанның артынан: «Шіркін будданың сөзі қалай терең еді, жасымда кез келмеді-ау», – деген сияқты. Өмір бойы Лермонтовты сүйіп: «Бұл – махаббатқа уланған шын ақын», «махаббатын улаған – ашу», – деген сияқты сөздері бар.

Осымен Абай 40 жасқа келгенде, өз өміріндегі бұрыннан келе жатқан жолға жаңа бағыт беріп, жаңа мақсат қойып, жаңаша түр қосқысы келді дедік. Жә, осы талап, ниеті, осы белгіленген негіз, бағыты Абайдың кейінгі өмірінде іске асты ма? Өзін өзгерту, өзімен бірге ұстаз болып, басшылық етіп, артындағы елін өзгерту Абайдың қолынан келді ме? Бұл айтқанның қай-қайсысы болса да Абайдың қолынан толық келді деп айта алмаймыз. Өзгерген негіз, жаңарған ұғым, бағыт бойынша Абай енді елдің партия тартысынан айығып, аршылып шығу керек еді, Абай бұдан босай алмады.

Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,
Етек басты көп көрдім елден бірақ, –

деді.

Болмаса:

Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,
Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме, –

дейді. Ақыл айтады, сынайды, сөгеді. Көппен бірге өз мінін де, өзін де жазалайды. Бірақ ешбірі де ем болмайды. Осыдан соң сыртқы өмір ырқына көнбей, бұрынғы жасынан қалыптасып қалған теріс бет, ескі дағдымен әлі де болса, өзінің билігіне еріксіз көндіріп, еріксіз жиренішті жолға қайта салындырып әкеткен соң Абайда ой мен іс екіге бөлінеді. 40 жастан асқан соңғы Абай бізге бір Абай емес, екі Абай болып кетеді. Біреуі – өмірге үйлескісі келмей, заманнан, ортасынан озып шығып, сыншы, ұстаз, ақылшы, ақын-данышпан болуға айналған Абай да, екіншісі – күндегі өмірдің бетімен елдің сөзін ұстап, бұрынғыша партия тартыстың, билік, әкімшіліктің жолындағы ру басшы, ел меңгеруші Абай.

Абайдың өз ішінде осындай екі тарау жол шығады. Бір жүрек екіге бөлініп, жыртылып айырылады. Заманнан ақыл сезімі артып, басы озған жалғыздық трагедиясы (қайғысы) туады. Сол

қайғысы сыртқа шығатын бір жол болу керек. Абайдың сыртқы өмірі жеміссіз, ажарсыз, мағынасыз болса, соған өз ішінде болып жатқан қарсылық бар. Ойына жиылған улы зар, үлкен мұң, көп арман бар. Осының бәрін сыртқы көзге көрсетіп, іштегі арман мен өкінішке аз тыныс, аз ем болатын нәрсе ақындық болады. Өлең болады. Сонымен, 84-85 жылдардан бері қарай Абайдың ақындығы басталады. Бұл сөздің ішінде біздің алдымен ескеріп отырғанымыз, Абайдың сыртқы өмірінің ағымы болғандықтан, ақындығы мен жай өмірінің ортасында әруақытта қандай байланыс болып отырды. Әрбір өлеңі қандай күй, қаншалық бағалы деген мәселелерді тексермейміз. Абайдың ақындығын тексеретін екінші мақала болғандықтан, бұдан былай әр кезде жазылған өлеңдерін құр ғана санап өтіп отырып, көбінесе қалған өмірінің ішкі, сыртқы өзгерісі мен ағымын айтамыз.

84-86 жылдардан бастап Абай өлеңге кірісті дедік. Өлеңге кірісуіне іштей себеп болған нәрселердің барлығын да шама келгенше оқушыға мәлімдедік деп білеміз. Енді осы жылдарда жанағы айтылғанмен қатар Абайдың өлеңге ауысуына себеп болған, сыртқы өмірінде де бір үлкен іс бар. Енді соған келейік.

Бұл оқиға Абайдың өз елінде болыс сайлау өңгімесінен туады. Ысқақты ұдайы үш сайлау 9 жыл болыс қылған соң төртінші сайлауда 81-82 жылдарда: «Енді болыстықты Бөкемнің орнынан беремін», – деп жасы 20-ға әрең толған Шөкәрімді болыс сайлатады. Бөкем деп өзінің, үлкен шешесі Күңкеден туған Құдайберді деген ағасын айтады.

Ол кісі ертерек өліп, артында екі-үш баласы жетім қалған. Сол ағаның аруағын сыйлағандықтан, жасы жетер-жетпесте Ысқақты өкпелетіп Шөкәрімді сайлайды. Шөкәрім бір сайлау болыс болып, 84-жылдың сайлауына келгенде, Абай ендігі болыстықты өзімен бірге туысқан кенже інісі Оспанға бермек болады. Оспан елге тентек аусар атанған, болыстыққа қолайсыз кісі болады. Ол жасынан көңілі сүйген кісіге жақсы болса да, сүймегенді үйінен сүйреп тастайтын, қарсы келгенді бас салып сабап, қолымен батыл қимыл қылатын о жар болғандықтан, ел тегіс Абайдың ниетіне қарсы болады.

Оның үстіне тағы бұл кезде Құнанбай балаларының дәуірі ұзақ жүргендіктен, барлық Ырғызбай деген рудың ішінде, болысы да, болыс емесі де түгелімен бақ мастыққа салынып, орынсыз

жуандық, орайсыз тентектік молаяды. Сонымен, ел ортасындағы жалпы наразылық күшейеді. Ырғызбай деу орынсыз еркелік, орайсыз тентектік, жуандыққа кепілсіз шексіз берілген билет сияқты болады.

Мысалы, Бақаш деген біреуі көп елдің ортасында орайсыз ақымақ сөздерді сөйлеп-сөйлеп келгенде, тыңдаушы: «Бақаш-ау, мынауың орайсыз ғой», – дегенде: «Менің ырғызбайлығым шығар», – деп жауап береді дейді.

Осы сияқты ұшы-қиыры жоқ толып жатады. Сондай себептердің барлығы жиылып келіп, ел ішінде Абайдың айтқанына қарсылық ойлайтын кісілердің тобын көбейте бастайды. Бұл күнге шейін болысты сайлаушы уез начальнигі емес, Абай болып, болыстықты ылғи ғана өзінің жақын көрген інілеріне беріп келгеніне ел қарсылық істей алмаса да, енді інілерінің ішіндегі ең тынышсызына бермек болғаны Абайдан бірталай елді торықтыра бастайды.

Ең алдымен, бұрынғы дос болып жүрген Ербол, Жиренше, Оразбай, Күнту деген сияқты сенген адамдары кетеді. Осылардың ішінде өз ағайындарынан да қосылушы болса керек. Оның үстіне өзінің кейбір жақын інілері іштен Абайдың ниетіне қарсы болып, астыртын әркіммен баталасыпты деген сөз де бар.

Бірақ жаңағы саналған кісілер болсын, өзге ел болсын – қай-қайсысы болса да нақ сайлау күніне шейін сырттарымен баяғыша Абайдың ала көңіл досы болып жүреді. Не істесе де бірде-бірін Абайға айтпайтын, сездірмейтін болып, барлық дос атаулысы түгелімен анттасып, баталасып алады да, істің бәрін жасырын істейді. Сонымен, ел ішінде партия бары да білінбейді. Абай мақсатына қарсы астыртын дайындалып келе жатқан бір болыс елдің жаулығы бар екені де сезілмейді. Бұл қыр ішінде ешуақытта болар-ау деп кісі күтпейтін ерекше шебер жасалған кәдүескі өзгеріс жасайтын жасырын ұйым болады. Басшылары шынымен ширығып, мықтап дайындағандықтан, іс пен сөздің барлығын бірнеше сенімді кісілеріне тапсырып, қалың елге үлкен сырды шашпай да қойған.

Осынымен 1884 жылдың сайлау күні болады. Оспанды болыс қоямын деп Абай келеді. Абайдың жақын ағайындары болсын, Оспан болсын, барлығы да Абайдың айтқаны бұрынғыша екі болмай орындалады деп түгел сеніп келеді. Жалғыз-ақ дәл сайлаудың алдында елдің жыбырынан аз сезіктенген Ысқақ Абайға

келіп: «Ел бұзылып жүрген сияқты, сені алдап жүрмесін», – деген соң Абай Ерболды шақыртып алып ел жайын сұрапты. Ербол өзге достарымен жасасқан уәдесі бойынша: «Ысқақ бекер айтады», – деген, сонымен Абай сеніп отыра берген. Бірақ Ысқақтың сөзі шын болып, елдің де, Ерболдың да жалған екеніне дәл болыстыққа шар салған жерде бір-ақ көзі жеткен. Уездің алдында елдің елу басылары болыс болатын кісіге тас салар жерде Оспанмен бірге шарға түсіретін болып ойда жоқтан Күнту Шонқа баласының атын атайды. Баталасып алған елу басылардың барлығы түгелімен тастарын Күнтуға салып жіберіп, бұл күнге шейін жасырын дайындалып келген болыстық төңкерістің бетін Күнту болыс болып шыға келген жерде бір-ақ ашады.

Бұл іске Абаймен, Абай тілеуіндегі елдің таң қалуы былай тұрсын, осы күнге шейін «Күнту болыс болған сайлауды» ертегідей, жырдай қылып айтатын тобықты іші уездің қатыны да таң қалып, «көтек» депті деседі.

Осы оқиға бұдан бұрын елге «ақ» дегені – алғыс, «қара» дегені – қарғыс болып, «сүт үстінде қаймақ» болып келген Абайға үлкен қаза сияқты көрінеді. Қаза жалғыз ғана інісінің болыс бола алмай, Құнанбай баласынан болыстық шығып кеткендігінен емес, өйткені сайлаушы уез Тихонов деген кісі сайлауды қайтадан бұзғызайын дегенде, Абай көнбей бекітіңіз депті деген сөз бар. Бұл іс, ең алдымен, Абайға өзіміздік намыс қазасы болған сияқты. Тобықтыны таныдым, «ұқтым, билеймін» деген толық сеніммен жүрген уақытта, досым деп жүрген кісінің барлығы түгелімен бір-ақ сағаттың ішінде жау екенін білдіріп, ол жаулықты сыртына шығармастан, іштеріне үлкен еппен жасырып жүріп кеп қатты алдап кеткені Абайдың ақылы мен білімін, атағы мен айбын күштілігін аямастай жазалап, мазақ қылып кеткен сияқты.

Шынында, Абай халінде болған кісіге, бұл төңкерісті істеуші жасырын ұйым өз мақсатына жетумен бірге, жауына тағдыр қазасындай қаза, тағдыр мазағындай мазақ табағын ұсынған сияқты еді. Бұл күнге шейін беті қайтып көрмеген Абай осы істің түсында өмірдің де, елдің де бұған қарап бетін тыржытып, ернін шығарып, мысқыл қылып күліп тұрған, боғауыз мінезін көрген сияқты болады.

Ел ішіндегі іс осыған келіп тірелген соң кітап тәрбиесі, ой тәрбиесімен жаңа бағыт ұстанармын деп жүрген ниетінің барлығы

еріксіз кейін қағылып қалады да, Абай қайтадан елді бағып кетеді. Достың бәрі жау шығып, ел болса өзін тастап, жөңкіліп кеткен соң алдаған кісіні жазалау, кеткен елді қайта баурап алу, қайтадан алысу қажет болады. Одан соң бұл уақытта Абай тоқтаймын десе де тоқтай алмас еді. Өйткені өз кісілерін болыс қойып жеңіп алған ел, Құнанбай балаларынан баяғыдан көрген қорлық-зорлығы болса, соның есесін алу керек. Жеңгендіктің жемісін теру керек. Одан соң олардың ұғынуында Абай қайта алыспай, кек алмай қоймайды. Сондықтан оны әлсіретіп біржолата жығып алу керек. Құнанбай баласын осы сүріндірген бетінен қайта тұрғызбай, біржолата тұқырту керек. Құнанбайдың, Абайдың өздері салған жол бар – қырда түгел жыға алмасаң, ұлыққа жағып, орыс күшімен жаныштау керек. Олай болса, үстінен арыз беріп, болыс, бидің мөріні пайдаланып, қылмысты кісі қылып көрсету керек. Мұның бәрі тынымсыз алыс, тоқтаусыз партия тартыс болмай қоймайды. Сонымен, Абайдың ендігі алысы, бір жағынан, бас қорғаудың алысы болуына тура келеді. Енді ерік өзіне тимей, тілесе де, тілемесе де алысу керек болады. Осымен 84-85-86 жылдар түгелімен алыспен өтеді. Бірақ 80-жылдардан кейін Абай бір кісі емес, екі кісі болып бөлінді дедік. Қайтадан еріксіз келіп алысқа кірсе де, жаңағы жылдардың ішінде Абайдың ой-сезім қайраты ішіне қарай үңіліп, бірталай өлең шығарады. 84-85 жылдар «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» деген сияқты бір-екі өлеңді ғана туғызса, 1886 жыл Абайдың нағыз ақындыққа шынымен бой беріп, көп көңіл бөле бастағанын білдіреді. Бұл жылда 16-17 өлең шығарады. Абайдың бұл күнге шейінгі баспаларында «халық туралы» деп жүрген өлеңдерінің көбі осы жылда, елден алғашқы рет қатты торыққан көңілінен шыққан сөздері болады. Сол өлеңдердің ішінде:

Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда, –

деген сияқты талай-талай сөздерде Құнту болыс болатын сайлаудың алыстағы сарыны сезілгендей болады. Сонымен қатар бұл өлеңдерінің барлығы өзінің шын налыған зары да сияқты. Бірақ бұл жылдарға шейін Абай өлеңді жазса да өз атымен жазбай, ыл-

ғи Көкбай айтқан өлең деп жүргізеді. Сондықтан зарланып жатқан Көкбайды аяп кейде:

Сорлы Көкбай жылайды,
Жылайды да жырлайды,
Жыламай қайтып тұрады,
Мынау азған қу заман
Қалыбында тұрмайды.
Біреу малды ұрлайды,
Біреу басты қорлайды
...болмаған соң,
Жылауына зорлайды, –

дейді. 82-жылдан бастап осы 85-86 жылдарда Абай Пушкин, Лермонтовтан бірден-саран өлеңдерді қазақшаға аударып та байқайды. Бірақ жоғарғы айтқан ретпен Күнту болыс болып алған соң Абайдың үстінен арыз-шағым ұлық кеңселеріне топырлап түсе бастайды. Сонымен, 1885 жылы Қарамола деген жәрмеңкеде бірнеше дуан елдің, ол күндегі әдет бойынша, бас қосатын червечнай (төтенше) съезі болады. Осыған Абай да келеді. Бұл уақытта Тобықты ішінде Абайға жау болып шыққан кісілер өздеріне іштей ниеттес, тілектес болатын кісілерді басқа елдерден де тауып алған болады. Бұрын Абайдың өзге сырт елдегі достары көп болса, сол достарының қарсысында жүрген жауларының барлығы да енді Тобықты іші жіктеліп алғанда, шұрқырасып келіп, оп-оңай Абайдың Тобықты ішіндегі жауларымен табысып кетіп, солардың қарасын көбейтіп, тобын молайтады.

Червечнайға жиылған топтың ішінде осы сияқты Абайға қастық ниет ойлайтын кісілердің барлығы Қарамолаға келетін жандаралдан Абайды жазалайтын қаттылықты күтеді. Абай айдалар деп те үміт қылатындар болады. Сонымен, жандарал келіп Тобықтыдағы ел кісілерін жағалай жүріп әрқайсысымен танысып келе жатып, Абайға келгенде:

– Партияшыл, ел бүлдіргіш Құнанбаев сенбісің? – дейді.

Абай:

– Мен, – депті.

– Неге партия қыласың? – дегенде:

– Жалғыз мен партия қылмаймын, дүние түгел партия, жанды, жансыз мақлұқтың барлығы да алыс-тартыспен тіршілік етеді. Дүниедегі тіршілік – күрес, партия тіршілігі, әуелі өзіңіз де партия қыласыз, – дейді.

– Сені ел неге көп жамандайды?

– Ел көп, мен жалғызбын, көп әрқашан тентек, бұзық, көппен алысқан жалғыз жаман атты болмай тұрмайды. Қай қауымды аласаңыз да жақсысынан жаманы көп емес пе? Бірақ көп екен деп жаманның сөзін мақұлдау керек пе? – депті.

Осы сөздерден соң: «Абайды не қылар екен» деп анталасып, асығып күтіп тұрған елдің барлығының көзінше жандарал Абайды өзіне тіккен үйге ертіп кіріп, ұзақ әңгімелесіп отырып қалады. Аздан соң шай ішіп шыққанда, елге:

– Съезді жақсы өткізіндер, ұрыда ақысы кеткендердің ақысын толық әперіндер, съезді жақсы өткізу үшін Абай сияқты кісіні төбе би сайландар, – деп өзі Абайды червечнайдың төбе биі қылып қайтып кетеді.

Бұл оқиға оқушының көбіне керексіз ұсақ мысал сияқты көрінсе де, біз Абайдың білімдігі, жүйріктігі арқасында мұнымен алысқан кісілердің әрқашан тең түсе алмай, ұлық алдына келгенде, жеңіліп шығатынына мысал көрсету үшін келтірдік. Бірақ червечнай съезде осылай өтсе де, Күнту болыс болып тұрған уақытта Абаймен ұтасқан ел алысып-тартысқанда, арыз шағымнан да тыйылмаған. Сонымен, 86-жылы көрсету қатты молайып кеткендіктен, көп мөрлердің себебімен Абайды жер аудартуға да жақындайды. Осы орайда, Семей қаласына Ақмола, Семей облысының корпус генерал-губернаторы келеді. Елдің арызы оның алдынан да жаңбырша жауады. Корпус бұл істерді көрген соң Абайды жер аудартуды бекітпекші болады. Бірақ сол уақытта мұның қасында корпусстың кеңсесін басқаратын Лосовский деген кісі бар екен. Бұл бұрын Семей уезіне начальник болып, Абаймен жақын таныс болған адам. Сол араға түсіп, Абайды корпусқа жолықтырып, бетпе-бет сөйлестіріпті. Абай мұнымен де жаңағы жандаралмен сөйлескендей, мағлұматы барлығын көрсетіп, оқымысты кісіше еркін сөйлессе керек, дәл не сөйлескені мәлім емес. Бірақ әңгіменің артынан Абайға: «Сен ортаңнан басың асқан адам екенсің», – депті.

Осы әңгіменің артынан бұрынғы жер аударылу деген әңгіме қалады да, оның орнына қайта Күнтуды болыстықтан түсіріп, қызметті Абайдың көрсетуінше Шөкәрімге тапсыратын қылып, уезге нұсқау беріп кетеді. Бірақ Семейде болып жатқан сол сияқты өзгерісті білмей, Абай айдалатын болыпты деген дақбыртқа нанған жау жағы осы кезде Төңірберді деген Абайдың ағасының қыстап шыққан жылқысын тиіп алған. Алумен тұрмай, топты жылқыны талап әкетіп, көбін қырып алады. Бірақ осы уақытта Күнту болыстықтан түсіп қалып, «назначением» Шөкәрім болыс болды деген хабар келіп, елдің берекесі кетіп, қатты қазаға ұшырап қалады. Осымен Абайды бір рет алдап, жасырын іс қылып, болыстықты Құнанбай балаларынан алып кетсе де, жау жағы тым болмаса түгелімен бір сайлау болыс бола алмай, Құнанбай балаларынан қайта жеңіліп, бұрынғы болыстықты қайтадан соларға береді. Сол соңғы аударыстан соң Абайдың тірі шағында болыстық қайтып Құнанбай балаларынан шықпайды. Қаншалық уақыт тоқтаусыз алысып, тартысса да өзге руларға болыстық арам астай болып кетеді.

Сонымен, жеңген шығармыз деген уақыттарда толық жеңе алмай, қайтадан Абайдың айтқаны болып, атаған кісісі сайланған соң сол 86-жылы болыстықтан түскеннен кейін Күнту өз соңына ерген елін алып, Абаймен болыстас болғысы келмей, көрші болыс Мұқырға шығып кетеді де, Оразбай артына ерген Күшікті алып, Шыңғыс болысының екінші жағындағы Бұғылы болысына шығып кетеді. Талай дәмелі тартыста Абайдан жеңіле беріп, әзіргі күнде жолы болмайтындарына көзі жеткен соң бұлардың алдындағы жалғыз Шыңғыс осы сияқты болып қалады. Сонымен, 87-жылы келесі сайлау болғанда, қалған Шыңғысқа Абай өзінің атағаны бойынша Оспанды болыс сайлайды. Осымен 89-жылғы сайлауда тағы да Оспан болыс болады. Бұл жолы болыс болып алған соң Шыңғыс ішінде тартыс-талас жоғалып, тыныштық орнауға айналады. Осы ретпен әзірше тобықты іші де біраз тыныс алып, партиядан қажыған сияқтанады.

1884 жылдан соң елдің сөзіне өз еркімен бұрынғыша еңсесін салып шаппайтын болып, таласып, тартысатын жауларының шабуылы көбейген соң, еріксіз бас қорғау мақсатымен ғана кірісетін болған Абай енді шынымен тыныштықты іздейді. Сондықтан

Оспанға екі жақтағы болыстарға өкпелеп шығып кеткен ағайындармен татуласуды тапсырады. Оспан айтқандай барлығымен татуласып, табысып, бұрынғы шығып кеткен елді қайтадан Шыңғысқа алып келіп қосады. Абай осы 89-жылда араздасқан елімен табысқан соң ендігі ел жұмысын Оспанға тапсырып, өзі бірыңғай ілім іздеу жолына, ақындыққа берілмекші болып шығады. 80-жылдардан бұрын кітап оқуға кіріскен Абай, елмен талай арбасып жүрсе де кітабын тастамаған, сонымен бірге 86-жылдан кейін 89-жылға жеткенше тағы да ел жұмысымен, кітаппен қатар өз өлеңдерін де жазып отырған. Рас, 87-88 жылдар көп өлең туғызған жоқ. Бірақ дәл 86-жылдай болмады демесек, бұрынғыға қарағанда бұл жылдар да құр өткен жоқ. Екі жылда жиыны он шақтыдай өлең жазылған. Сонымен, 89-жылға келіп, сыртқы өмірінде әлгідей тыныштық толас болған соң мүмкін болғанша бұрынғы мақсат, арман қылған мағыналы өмірін бастап көреді. Ең алдымен, бұл жылда кітапты көп оқиды. Өз қолындағы кітаптары біткенде әдейі ат айдатып қалаға кісі жіберіп, Семей кітапханасынан жаңа кітаптар алғызып, оқығанын қайтарып жіберіп жаңғыртып отырады. Осы жыл Абайдың барлық ақындық қызметінің ішіндегі ең өнімді, ең жемісті жылы болады. 89-жылы 25 шамалы өлең жазылады. Бұл сөздерінің ішінде бұрынғыша елінің өзі көрген кемшілік міндерін қатал сыншы, үлкен ұстаз тілімен сынап, тексеру бар. Сонымен қатар махаббат жайындағы сөздер, табиғат суреттері, бас қайғысы да бар, одан соң Пушкиннің Онегинін аударма жасайды. Осы жылдан бастап Абайдың білімі мен өсиетіне құмар болған ел ішінің көзі ашық жастарына Абайдың ауылы үлкен білгіштіктің медресесі сияқты болады. Абай ұстаз да, сөз ұғатын ынталы талапты жастардың бәрі – шәкірт. Абай іні, бала, ағайындарына мағыналы тәрбиеші бола бастайды.

Өз өмірінде көрген істерінің барлығы жиренішті, жеміссіз болып, адамшылыққа залалды істер болғандықтан, ендігі сөз ұғатын жастарды жаңа жолмен, өзі қиял қылған адамшылыққа қарай жетектеп баулығысы келеді. Бұларға өз өмірін мінеп, басынан атқарған қата жұмыстарының барлығын жасырмай, бүркемей мойнына алып айтып отырып, ендігі жастың ол жолдан аулақ болғанын тілейді. Сондықтан өлең сөздерімен бір ақыл айтса, ауызша өсиет, ұзақ мәжілістерімен тағы да баулып, ылғи ғана та-

за адамшылық жолын үгіттейді. Әділдік, шыншылдық, махаббатты бауырмалды арлылық, ойшылдық, сыншылық сияқты адамды адам қылатын жан тәрбиесінің барлық негізін қолданады.

Әлдеқандай себептермен қалаға барып оқи алмай қалып, өз маңайына жиналған іні, бала, ағайын-туысқан сияқты жастардың тәрбиесін қатты ескергендіктен, Абай жалғыз өз өсиетіне қанағат қылмай, бұлардың сезім тәрбиесін толтырмақ болып, сол 89-жылы музыка үйретпекші болады. Сол мақсатпен Көкен еліндегі Мұқа деген скрипкешіні ауылына алғызады. Тағы сол жылы Әсет деген ақынды да сақтайды. Осымен 91-жылға шейінгі өмірі Абайдың ең мағыналы өткізген жылдары болады. 90-91 жылдарда жиырма шақты өлең жазады. Сол уақыттарда жас шәкірт болып әкесінің қолында тұрып, оқып жүрген Тұраш деген баласы мынаны айтады: «Осы жылдарда мәжілісінде ілім сөзінен басқа сөз жоқ болды, бастығымыз Шәкәрім болып шәкірт секілденіп сөзін тыңдап, медреседегі шәкірттерше ақиқат олай емес, бұлай деп бір-бірімізбен дауласып жатушы едік.

Сол екі жылдың ішінде жоғарыда айтылған көп өлеңдермен бірге кей өлеңдеріне өн де шығарып еді. Ұстаздық қылып отырғанда, біздің жүрегімізге малқұмар, мансапқұмар адам адам емес деп егуші еді. Әрдайым сағынып көксеп, кезі келгенде қуанып, қатты рақаттанатын уақытта сөзді ұғар-ау деген адамдары іні, балалары секілді жастарға ілім сөзін сөйлеп, насихат айтып отырған кезі болушы еді. Ондай сөзге түсіп жайылып отырғанында шаруа судай ағып бара жатса да, қаперіне алған емес. Біреу не шаруа айтып немесе ел арасындағы партияның жайын айтып сөзін болсе, қатты кейіп я ашуланып қалушы еді.

Сауданың, ақшаның есебі секілді есеп әңгімесі шықса, аза бойы қаза тұрып, жеркенген кісідей болып, мазасы кетіп: «Есептерің бар болса, аулаққа барып есептесіндер», – деп өзі отырған үйінен қуып жіберуші еді», – дейді.

Осы айтылған сөздердің барлығы жалғыз Абайдың өз баласы емес, сол кездерде Абайдың тәрбиесінде болған көп адамдардың бірдей айтатын сөздері осы сияқты өмір, осындай білімді, саналы, терең ойлы кісінің мағыналы үлгілі жолы Абайдың барлық кейінгі өмірінде де бір алуан айнымай ұстанған жолы болады. Егерде ел ішінің бірқалыпта тұрмайтын тынышсыз, тынымсыз

әдеттері осындай өмірден Абайды кей уақытта еріксіз тартыла алмаса, Абай 89-жылдан соңғы күндеріне шейін өз өмірін осы жолмен өткізбекші еді.

Бірақ ойлаған мақсат, ниеті бұл тұста түгелімен арман қылған өрісіне жете алмады. 91-жылға шейін тыныштық болып келіп, дәл сол жылдың жазында Оспан мен Оразбай қайта араздасып, жаңадан жамандасып жауласа бастайды. Абай басында бұл екеуін татуластырмақ болып, арасына жүріп көреді, бірақ екеуі де тоқтаса алмай, жауласып кеткен соң інісі жаққа шығады. Осы жаулық тоқтамайтын болып ұлғайып өсіп, тағы да Шыңғыстың шегінен асып, Тобықтыға жетіп, Тобықтыдан басқа сырт елдерге де жаңадан жайыла бастап, 92-жылға жеткенде, Оспан өледі. Бұл інісі елдің міндетінің барлығын Абайдан шығарып, өз мойнына көтеріп алған еді. Өзге туысқан ішінде Абайдың ең жақсы көрген інісі еді. Мұның өлімі Абай көрген қатты ауыр қазаның бірі болады. 92-жылғы өлеңдерінің көбінде Абай Оспанның өлімімен уланып дерттенген жүрегін көп жерде сездіреді. Бұл өлімнің өзіне арнап та көп өлең айтады. Осы інісі өлген соң барлық жаудың азабы мен елдің өлегі түгелімен келіп Абайдың жеке басына, өз міндетіне түседі. Бұрынғы тыныштық өмір бұзылады. Екі-үш жыл болса да өзінің көптен бергі тілегі бойынша мағыналы үлгі күйге келтірген тіршілігі қайтадан асты-үстіне келіп, ескі дертке қарай тартады. Енді бұрынғысын барлық ішкі қуат сезімімен барынша жек көріп жиреніп алған Абай, қайтадан сол қалыпқа еріксіз келген соң тіршіліктің бұл сыбағасын ас орнына у тартқандай көреді. Бірақ қалайда болса кіріспесіне болмайды. Кірісу Абайлығына міндет болып қалған, сондықтан уақыттың бәрін жауласу жұмысы алып кетеді. Өсиетін көксеп, мәжілісін іздеген жастарға медресе жабылғандай болады.

Тұраштың айтуынша, осыдан кейін өлеңдері де бұрынғылары сияқты тыныштықпен отырып жазылмай, ерекше тынышсыздық алыс-жұлыстың ішінде әр жерде жаза салған өлеңдер сияқты көрінеді. Шынында, осы жылдардан соң Абайдың өлеңімен қатар аудармалары көп орын ала бастайды. Жыл сайын жазатын жалпы өлең саны 10-12-нің шамасында болғанда, соның бірталайы аударма болады. Өмірінің аяқ жағына жақындаған сайын, өз өлеңінен аударманың саны әлдеқайда артық бола береді. Мәселен 89-жыл-

дан соң ең көп жазған жылы 98-жыл еді. Сондағы барлық өлеңнің саны жиырманың ішінде болса, ішінен бесеу, алтауы-ақ өзінікі, қалғандары аударма, 92-жылғы жаулық тағы да ұзаққа кетеді. Осы тартыс бір ел емес, өлденеше елдің ішінде өлденеше түрлі жұмыстардың тұсында бола келіп, 98-жылға шейін созылады. Бұл екі арада Абай өмірінде болған үлкен өзгеріс 92-жылы Оспанның үлкен үйіндегі (бұл Құнанбайдың үлкен үйі болады) Еркежан деген келінін алады. Оспан өлгенде артында қалың дәулет пен үш қатыны қалады. Бірақ ешбіреуінен бала болмаған. Содан соң Оспанның үш қатынын Тәңірберді, Абай, Ысқақ сияқты үш ағасы алып, ауылдары мен мал-мүліктерін де келіндері отырған орындарға қарай, бірі артық, бірі кем қылып бөлісіп алады. Көп сыбаға үлкен келін мен Абайға тиісті болады. Еркежаннан басқа бұрын Абайдың екі әйелі бар еді. Біреуі жоғарыда айтылған Алшынбай ауылының қызы – Ділдә деген бәйбішесі. Екінші – тоқал алған Әйгерім деген кісі. Үшіншісі соңғы Еркежан болады. Алғашқы әйелінен: Ақылбай, Әбдірахман, Мағауия деген балалары болған.

Екіншісінен үш еркек баласы болады. Мұның үлкені Тұраш, одан кейінгілері Мекайыл, Ізқайыл. Абай Еркежанды алмай тұрғанда, көбінесе үлкен ауылында болып, кіші әйелінің Тұраш деген баласын сол ауылда өз қасында алып жүріп, Мағауиямен бірге тәрбиелеген.

Әбдірахман Семейде уездік школды бітірген соң Түменнің «реальный училищесін» барып бітіріп, содан кейін Петрборға барып, Семейде уез болған Лосовскийдің мәслихаты бойынша «Михайловский-Артиллерийский школға» түскен. Басында Абай «Технологический институтқа» түс деп жіберген екен. Сабаққа кешігіп келіп түсе алмайтын болған соң жаңағы Лосовский айтқан мектепке түсіп кетіп, соны бітіріп шыққан. Әбдірахман Абайдың қатты сүйеніш көріп, қатты үміт қылған баласының бірі болған. Бұл жаңағы мектепті бітірумен де қанағат қылмай, енді әскерлік артиллерия академиясына түсемін деп жүргенде, костоед (құрт ауруы) науқасты болып, 1895 жылдың қаңтарында қайтыс болған. Оспанның өлімінен соң Абайды қатты күйдірген өлімнің бірі осы болады.

Бұл баласы Абайдай әке өмірінің жалғыз бір үлкен жұбанышы болған еді. Соның мұратына жете алмай ерте өлгені артында

қалған әкесін қатты қайғыға салған. Ел ортасында «етек басты көріп» талпынған адамшылық жарығына өз басы жете алмай, барлық өмірі «сандалмамен күн кешкен» өмір болғанда, Абайдың қиялымен сағынып көкसेп, асығып аңсап іздеген, мағыналы тіршілігі сол баласының тіршілігі болса керек. Шынымен көп үшін өмір сүріп, өнімді еңбек істеп, мағыналы адамшылық ұрығын шашатын жалғыз үміті сол еді. Соның ерте өлгендігі Абайдың жүрегінен тағы да қатты толқынып келген көп-көп зарды шығарады. Әбіштің (Әбдірахман) өліміне арнап айтқан өлеңдері Оспанның өліміне айтқаннан да қайғылы, зарлы, шерлі сөздер болады. Бұл өлім де осы кездегі барлық өлеңдеріне қайғы мен өкініштің қалың арманының уын жайғандай болады. Әрине, бұл уақыттарда, қазақша айтқанда, Абайға ақындық біржолата орнаған болатын. Сыртқы өмірдің у қосып тартып жатқан сыбағасы бар, өз ішінде қалыптанып толған сыншы ақылдың елден ұзарып әкететін жалғыздығы бар, оның үстіне жанына сүйеніш санап, тіршілігін жұбаныш қылған сүйікті жандарының өлімі бар – осының бөрі жиылған соң елмен алысып жүрсе де, Абай өлеңді өз жүрегінің тынысы сияқты қылып алған. Сондықтан Лермонтов сияқты ақындардың өлеңдерін қазақшаға аударса, сол сөздердің құрғана сыртқы келісімін сүйгендіктен аудармайды. Барлығын да өз жүрегіне түсінікті, өз халына жанасатын, өз қиялына дәл келетін ерекше бір жақындығы болғандықтан аударарды. Өзі шығаратын өлеңдермен қатар Лермонтовтың аудармасы ақынның өз жүрегінен толқып шыққан қайғылы шердің де айнасы, толасы, тынысы сияқты болады. Осындай болып қалыптанған ішкі өмірдің күй сарыны Абайдың соңғы күндеріне шейін біржолата нығайып, орнығып алған сарыны болады. Әрелікте қыс болсын, жаз болсын, ел сөзінен қолы босап үйіне келіп, аз да болса орнығып отыратын уақыт болса, 89-90 жылдардағыдай тағы да тәрбиешілік, ұстаздық қылады. Осымен Оразбаймен ұстасқан жаулық 92-жылдан бастап 1898 жылға жетеді. Бұл кезде Абайдың ел ұстарлық Ақылбай, Мағауия сияқты балалары, Кәкітай, Шәкәрім сияқты немере інілері ер жетсе де, Абайдың соңына ерген ел, жалпы тартыс болсын, ел ішінің келелі кеңесі, билігі болсын, үлкен червечнай съездері мен болыстық съездері болсын, барлығынан да Абайды босатпайды. Ел сөзі Абайды барлық үлкен-кіші жұмысқа басшы

қылып босатпаудың үстіне, бір-екі рет болыстыққа да шығарған. Абай өмірінде екі рет назначением болыс болған. Бірақ бұл екі жолында да өз еліне болыс болмай, Шыңғыстың көрші болысы Қоңыр-Көкшеге болған. Бұл елге алғашқы болған жылы – 1880 жыл, екіншісі 1893 жыл болса керек. Қоңыр-Көкше кейінгі заманда Қызыладыр, Мұқыр деген екі болысқа бөлінеді. Абай тұсында бұлар тұтас болған. Бұл жерге болыс болған дәуірінен біздің қолымызда мағлұмат жоқ. Бірақ Қоңыр-Көкше көбінесе Абайдың дос елі болғандықтан, бұл жақта пәлендей тартыс, талас болды деген сөз естілмейді. Жалпы қызметі: бұрынғы өз еліндегі сияқты билік айту, өміршілік қылу, басшылық болғандықтан, мұнда да орасан өзгеріс, алабөтен жаңалық болды деуге болмайды. Жоғарыда біз Абай өмірінің сыртқы өзгерістерін ұзыннан-ұзақ санаған уақытта, көбінесе партиямен алыс-тартысты айттық. Бірақ соның барлығымен қатар Абайдың ел ішінің ең үлкен, ең іргелі биі болғанын да еске алу керек.

Қармолада бірнеше дуан елдің бас қосқан червечнай съезіне төбе би болған сияқты (екінші рет тағы сол сияқты) Жетісу мен Семей облысының бас қосқан червечнай съезінде Абай тағы да екі облыстың билерінің үстінен қарайтын төбе би болған.

Мұндай жерде Абайдың білімі мен жүйріктігіне, әділ, кемел билігіне талай рет көзі жеткен ел іштей жау болып, дос болып жүрсе де, Абайдың төбе басы болуына ешуақытта қарсылық көрсетпеген. Сол червечнайларда ақылдасатын елдердің қашанғы істерін, қандай істерін, қандайлық жол-жобамен қарау керек деген сияқты жалпы заң есепті ережелері жасалады. Осы ережелер көп билердің ортасына салынып, тексеріліп сыналып өткен соң қаулы болып бекіледі де, содан кейін ақылы жұмысты тергейтін третей билері түгелімен осы ережені қолданады. Міне, осындай тәртіппен болатын червечнайлардың қайсысына барса да, Абай көбінесе төбе би болып, солардың ереже атаулысының барлығын өзі жазып, көптің сынына салып өткеріп отырған. Мәселен, Көктума съезінде Абай жазған ереже 92 статья еді деседі. Бұл ережелердің барлығы да қазақ елінің ескіден келе жатқан жол-жоба, әдет-заңына, ескі билік салтына сүйеніп, елдің өз ортасындағы ғұрпына дәлденіп жасалады. Патша үкіметі қазақ елінің ішкі өмірін білмей, жалпы әкімшілік билік жұмысын ешуақытта жөнге

сала алмай, билеудің жөнін білмей қойған соң жалғыз тапқан шарасы осы болатын. Ру-рудың ақылдасып, еселесіп, екі арасының тыныштануына келгенде бұл істеген съездерінің негізі дұрыс болатын, ел ішінің жайына келгенде, шынымен дәл тапқан ақыл деуге болады. Сонымен, осындай съездердің барлығына ереже жасаушы да, төбе би болушы да Абай дедік. Мұның жазған ережелері әрқашан съезге жиылған елдің көңілдегі арманын дәл тауып, қышуын қандырғандай болып, съездің мақсат, міндетіне үнемі жанасып, аумай дәл түсетін болған, жазып әкеліп ұсынған ережелері көбінесе қапысыз болғандықтан, қосымшасыз, түзету-сіз түгел өтіп отырған. Осы тұстарда айтылған ерекшелігінен басқа, Абайдың би болуын көп-көп елдің тілейтініне тағы бір себеп – Абайдың билігі өлгенше әділ болғандығы. Қандай үлкен кімі болса да, қандайлық алыс-жақынына билік айтса да, таза тексеріп, ақтықты сүйеп, әділ сын жасап, түзу кесік айтуға келгенде, Абай өз тұсындағы қазақтың қайсысынан болса да шын мағынасында сонауғұрлым ірі, сонауғұрлым ілгері болған. Осы күнге шейін Абаймен өмір бойы жауласып, ұстасып өткен кісілері болса да дәл өз алдына келген тергеуде Абай өз жағына бұрып айтты, әділетсіз билік жасады деген сөздерді айтпайды деседі. Абайдың басынан кешірген барлық ұзақ өмірін артынан отырып болжаған кісі бірде кінәлайтын мін тауып, бірде шынымен мақтап сүйінетін, соның ішінде Абайдың үлкен ерекшелігі деп осы әділ би болғандығын еске алу керек. Басшылық, ұстаздық, сыншылық, ел түзеуші тез болу жайында, өлең мен үгіт өсиеттерінде ұдайы айтатын тазалықты Абай осы тұста шынымен орындаған сияқты. Мұның белгісіне Абайдың сырт елдердің талай-талай үлкен дауларына билік айтуынан басқа, дәл өз елінің ортасындағы биліктерін де мысал қылуға болады. Тобықты ішінде жер дауы, жесір дауы, құн дауы сияқты үлкен сөздер болғанда, Абайға келіп билік айтқызуға әрқашан жау жағы ынтық болады екен. Өзгені қойып, Құнанбай заманынан бері қарай ұдайы жаулықпен құн кешірген Жігітек те үлкен даудың тұсында дауласқан кісі Абайдың тілеуіндегі адам болмаса да алдымен Абайға баруға өзі ұмтылады екен. Сондай істерге билік айтқанда, Абай әрқашан өзіне жақын кісілерге кесіктің ауыр салмағын көбірек салып, өзі түсінген әділдік шарты толық болсын деп, жау жағына кеңірек қарауға тырысады

екен. Мінеки, осындаймен 98-жылдарға келгенше Абай ел сөзі мен ел жұмысынан шыға алмай қойғанда, көбінесе ел ішіне әділ билікпен тыныштық орнатып, тым болмаса дау-шарды тоқтатармын деген үмітте болған сияқты. Әйтеуір ел бейнеті босатпайтын болған соң тым болмаса осымен бірдеме істеп болмас па екен дегендей мұндай жолға Абайдың түскені осы соңғы айтылған жылдарда ғана емес, бұдан көп бұрын 80-жылдардан басталу керек. Бірақ берірек келген сайын, ел сөзінен шынымен қашып жүрсе де, еріксіздік кірістірген уақытта көп еңбегін осы жаққа салады:

Болды да партия,
Ел іші жарылды.
Әуремін, мен тыя,
Дауың мен шарыңды, –

дейді. Бірақ 98-жылға шейінгі іс жалғыз бұл емес, Оразбайдың партиясы бір Шыңғыс, бір Тобықтымен тоқтамай, үлкен ауданға, кең майданға шығып кеткен. Абай не қылса да бұл тартыс тыйылмайды, үндемей отырайын десе, тыныштықпен отырғызбайды. Еріксіз келіп түрткі салып, соқтығып, еркі алдына қоймай майданға алып шығады. Оразбай өз болыстарымен қанағат қылмай, көрші болыстардың барлығының сайлауына барып, Абайға қарсы болатын елдің басын құрап, сайлау басында партия, тартыс шығарады. Сонымен, жауы баратын болған соң ықтиярсыз Абай жағы да барады. Балаларын, інілерін жібергеніне бөтен елдегі достары қанағат қылмай, өзін керек қылады. Осындайдың әлегімен жүріп 98-жылдың сайлауына келгенде, Абайдың үнемі арманы болып, жеміссіз еңбек істеп, мағынасыз өткізген өмірінің ең мағынасыз қорытындысы сияқты болып бір үлкен оқиға туады. Бұл оқиға Мұқыр болысының сайлауында болған. Мұқырға сайлаушы уез келер кезде, берісі Тобықты, әрісі барлық Семей уезінің шеңберінде түгел партия болып, барлық болыстар қақ жарылып, жартысы Оразбай, жартысы Абай ниетінде жүреді. Оразбайдың бұл кезде байлығы асып, дәуірі Тобықты ішінде Абаймен қатар жүре бастаған уақыт болады. Сонымен, Мұқырдың сайлауы жақындаған соң сол болыстағы Абайдың тілеулестері: «Сайлауға өзін жүрмесен болмайды. Оразбай келіп сүйген адамын болыстыққа сайлатып алып, басымызға бөле жаудырады», – деп Абайды ер-

кіне қоймай алып барады. Абай барған соң елдігі мен достығы қас пен көздің арасында тұратын халық Абайдың төбесін көріп, мұның, достары жаққа қарай ауыса бастайды. Содан соң Оразбай өз достарымен ақылдасып: «Абайдың өзіне қол тигізіп таңба салмасақ, ел ескі әдетімен жылжи береді», – деп бірнеше адамды жанжал шығаруға сайлап шығарады. Бұлар уезбен өңгімелесіп отырған Абайға келіп, айтқандай жанжал шығарып, жаудың ниетінен қаперсіз отырған Абайға жабылып кетеді. Сонда өзіне тілеулес кісіден маңында отырған жалғыз ғана сопының Уайысы деген кісі, аналар қамшы сілтей бергенде, Абайдың үстіне жығылып, таяқтан Абайды қорғап, қамшының астына өзі құлайды. Абайдың бетіне таңба түспейді. Бірақ жаулары «Абайды ұрды» деген атақ алады да, барлық елге Абай сабалды деген дақбырт жайылады. Осы іс туралы Тұраштың айтқаны: «Мұқыр оқиғасының артынан ағайын-туған, ел-жұрт, дос-жары, бала-бауырлары жиналып: «Біз де пәлен етеміз, түген етеміз, өлеміз, өлтіреміз, бітім жоқ», – дескенде, өкем айтты: «Барша жамандықтан жамандық туады, жақсылық тумайды, мен жасымда «қарғағанымды жер қыламын, алғағанымды зор қыламын» деп ашуға да, айлаға да шырақ жағып түнегендей болғанмын. Дұшпанын жеңуге келгенде жолы болған адамның біріне қосыламын. Мен алғашқы атқа мінгенде, Жігітектің дәулеті де, дәурені де өзімізбен тең ел еді. Солардың қанша жандарының айдалып, байланғанына, бірінің артынан бірі барамын деп, бейнетке, қазаға ұшырауына мен себеп болған шығармын. Рас, өздерінің ұрлық, зорлығынан да болған шығар. Бірақ менің қатты зерттеп, соңына түскенімнен де болды. Сол Жігітек қаншалық елдіктен кетіп кедей болып, торғайдай тозса да, бүгін астымда жатып аяғымды шайнауға жарады. Бұл – жаманшылықтан туған жаманшылық деп біліңдер. «Өлеміз, өлтіреміз, бітім жоқ» деген сөз дұрыс емес, Мен бұ бітімсіздікті қостамаймын», – деп елді тоқтатты дейді».

Бұл сөзге тыңнан сөз қосудың қажеті жоқ. Бұл уақытқа шейін ел ісін бұрынғы әдетпен еріксіз істеп жүрсе де, іштей сол істері үшін у ішкендей қиналып, азап шегіп жүрген Абай мынау оқиғаны өз басына лайықты жаза деп біледі. Жауында әділдік, ақтық қасиет бар деп ойламаса да, өз өмірі мен өз ісінің терістігіне осы сияқты соққы орынсыз емес деп ұғады. Бұл уақыттағы Абай

елден азайып, қайраттан кеміп, мол дүниеден тапшылық көрген жоқ-ты. Өзі өлгенше мұндайдың бірде-бірі болған жоқ. Сондықтан Оразбай істеген іске бұрынғыдай ой түспеген ашулы күні болса, он есе артық іспен, жазамен қарсылық көрсету 98-жылда да қолынан келуші еді. Бірақ өзі көрген өмірдің жақсылық, жаманшылық дегенінің барлығына Оразбай сияқты әншейін қазақтан сонауғұрлым бөтен көзбен қарап, білгіш кісінің сыншылдық, салқындық, сабырлылығымен ұғатын болғандықтан, Абай жаңағы оқиғаны бұл күнге шейін ел жақсысы, ру басшысы болып келген Абайдың саяси өлімі болсын деп, іштей әдейі ырза болып қабыл алған сияқты. 80-жылдардан бастап екі кісі болып бөлінген Абайдың сыртқа көрсетіп жүрген тонын осымен өртегісі келеді.

Абайдың өзі сүйген ішкі дүниесіне үнемі жау болып келген сыртқы көрініс, сыртқы тіршілікті осы қазамен бірге жоқ болып, өлсе екен дейді. 98-жылы өзі айтқан өлеңдерінің көбі осы сөздерге ашық дәлел. Одан соң сол тұстағы барлық ісі мен мінезі де осы айтқан сөзді дәлелдейді. Өйткені 98-99 жылдың қысында Оразбай Меккеге жүрмек болып, Абайдан ырзалық алып, ырзаласып кетемін дегенде, қазақша жол-жоба демей бас қосып, ырзалығын беріп қош айтысады.

Одан соң 99-жылдың жазында землемер болыс-болыстың арасына меже салып шек жүргізгенде, бұрын Мұқыр болысына Абаймен араздасып шығып кеткен және 98-жылғы жанжалдың кіндік енесі болған Жігітек жер қоныс ыңғайы бойынша Шыңғысқа қарап қалады. Бұл оқиға болғанда Жігітек Тұраштың айтуынша: «Ашулы арыстанның алдына қол-аяғын байлап тастаған адамның ойын ойлады. Бірақ әкем сол араз ағайынның бар басты адамдарын, ақ сақал, қара сақалын шақырып алып: ««Қырық жыл елдік, қырық жыл жаулық» болмайды деген. Енді бұрынғы араздық, кекті тастайық», – деп шын жүрегін көрсетіп, қойнын ашып жібергенде, Жігітек те бұрынғы жаулықты соншалық ұмытты. Содан кейін әкем барда сөзі мен басын сыйлап, өлген соң аруағын сыйлап, достығын көрсеткен елінің алды осы Жігітек болды», – дейді. 98-жыл оқиғасының тұсында бұрынғыдай ашуланбай, ашуланғысы келмей, кек аламыз деген жақындарын тоқтатып, өзінің де қатты өзгеруінің тағы бір белгісі – Абай бұл жұмысты ұлықтарға шақпаған. Бұрынғы замандағыдай заң-за-

кон арқылы кек алуды да іздемеген және 98-99 жылдың қысынан кейін Семейге біржолата бармайтын болған. Жаңағы жылдарда бұрынғыдан біржолата тыйылғанына өмірден біржолата суынып қажы бастағаны да себеп болған. Алды үміт, арты өкініш өмірден енді түңілген сияқты.

Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма?
Бір бес күннің орны жоқ аптығарға.
Қай қызығы татиды қу өмірдің,
Татуды араз, жақынды жат қыларға? –

депті. Осы жылдарда Абай өлімді де ойлай бастайды. Сондықтан өзі кешірген ерекше дертті, мағынасыз өмірдің барлық қайғысын, өкінішін еске алып отырып, қазақ әдебиетінде мәңгілікке ұмытылмайтын, Абайды айтсақ, Абайдың ақындығы мен өмірін есіңе ала бастасаң, еріксіз келіп аузыңа түсетін, Абайдың қайғылы жүзін көрсететін атақты «Өлсем орным қара жерді» жазады.

98-жылы осы өлең, жазылған соң ғана өзінің бұдан бұрын жазған барлық өлеңдерін жиналсын деген. Бізге бұл жұмыс қаншалық ғажап көрінсе де, осы 98-жылға шейін Абайдың өлеңдері жиналмаған болатын да, Абай өзі бір жазып тастаған өлеңін қайтадан жоқтап «Пәлені-түлені бар еді» деп еске алған да емес. Әрқашан кейде кітап оқып отырғанда, кейде жай бір ойлармен қозғалып отырғанында, қолына бір парақ қағаз бен қарындашты алып, айтпақ өлеңін жазып тастайды. Соны қасында отырған балалары, інілері я жай бір адамдары болса да қалтасына салып алып жүріп кетеді, содан бірден біреу жазып алып жаттайды, кейбірін өнге қосып домбырамен айтып жүреді. Өлең жазу қызметі осы сияқты болғандықтан, қазірде біздің қолымызға Абайдың өз қолымен жазған сөздің бірде-бірі де жетпей отыр. Барлығы да ел жігіттерінің қалтасында, қойны-қоншында жүріп таусылып, жоғалып біткен. Осы ретіне қарағанда: «Абай жазған талай өлең ешкімге мәлімсіз болып, бір жолата жарық дүние көрмей, шығысымен жоқ болып кетпеді ме екен?» – деген де күдік келеді. Өйткені жасынан, туыстан бойына біткен әдет бойынша, Абай біреудің орасан мінезін көргенде, ылғи қалжың, мысқыл өлең айтқыш болатын. Осындай сөздерінде әрқашан өз жанында жүрген жақындарын, көрші-қолаңшыларын, ағайын-туысқандарын ма-

зақ етіп, күліп айтады. Кейде соларға қалжың қылып жазып өз қолдарына да береді. Осы кісілердің көбі қолына өлең түсісімен, өз мінін айтқан сөздердің көзін жоғалтуға тырысқан. Онан соң кейбіреулер Абайдың өзінен жалынып, жалпайып сұрап алып та жыртып тастайтын болған. Мысалы, Көкбайға, Қыздарға шығарды деген өлеңдер осындай күйге ұшыраған. Онан соң тағы бір алуан өлеңдерінде жақын туысқан, жақын достарын қатты мінеп айтқандықтан, інілері мен балалары ана кісілер өкпелер деп, жасырып, жоғалтып жібергені де бар сияқты. Осындай өлеңдердің тұрасында еске алатын бір нәрсе: Абай кісі мінін айтып өлең шығарғыш болғанда, осы құралды ешуақытта нағыз жауына қарсы жұмсамаған, өлеңмен мысқыл қылатыны ылғи өз жақыны, өз достары болады. Сондықтан бұлардың Абай сөзін жоқ қылып жіберуі өзгеден сонауғұрлым оңай болған. Қайта өлеңдеріне қарағанда, Абайдың қара сөздері көбірек, түгелірек сақталған сияқты. 90-жылдардан бастап ұстаздық, үгітшілік жолына түскен соң Абай өлеңді аз жазса да қара сөзбен айтатын өсиетті көп жазатын болған. Осы кітапта оқушының алдына алғаш рет ұсынылып отырған «қара сөз» деген өсиеттері сол 90-жыл мен 98-жылдардың арасында жазылған. 91-жылдан соң өлеңмен айтпақ болған сөздерінің талайын қара сөз үгітіне айналдырып жіберген, қай уақытта бірталай өлеңдерін сол қара сөзде айтқан пікірлерінен шығарып өлең қылып кеткені де бар.

Қалай да болса Абай өмірінің соңғы 10-15 жылы ақындық, жазушылық қызметіне келгенде, осы сияқты бір түрді тауып, соған кейде өлеңнен де көп уақыт бөледі. Абай сөзін қадірлі көріп, әрбір шыққан жаңа өлеңдеріне ынтық болып отыратын ел оқушылары, қара сөздер шыға бастаған соң мұны өлеңнен кем көрмейтін болып алған. Қайта берірек келгенде, біздің бала күнімізде Тобықты ішіндегі ел кісілерінің барлығы да Абай сөздерін молдаларына ақша беріп жазғызып, көшіртіп алып жүргенде, ең алдымен, қара сөзді тілейтін, үйде отырып оқығанда да өлеңін қойып, ылғи ғана қара сөзін оқып, соған көп нашаланатын үлкендерді бала күнімде менің өзім де көп көрдім.

Қара сөздер кім болса соның қолында кетпей, жазылысымен манайындағы молдалардың қолына түсіп, соларда шашылмай аман сақталып қалған ғой деймін. Өз өлеңдерін 98-жылға шейін

жиғысы келмегені Абайдың өлең сөзге өте үлкен сынмен қарап, үлкен шарттар қойғандығынан болған сияқты. Өлең болса, Лермонтов, Пушкин сөзіндей болмаса, одан берідегі сөздерді өз сөзі болса да толық қанағат қылмаған көрінеді.

Абайдың әдетінде бір жазған өлеңін қайта түзеп жазып, қайтадан қарастыру машығы жоқ. Жалғыз ғана «Сегіз аяқ» деген өлеңнің басын қайта бір түрлі қылып айтып еді деген сөз бар. Басқа жалпы өлеңдері туралы: «Қайта жазсам, бұдан жақсырақ, толығырақ болар еді», – деп қана айтады екен. Өлең сөзге келгенде, азға місе қылмай, қатты сынайтын Абай өз сөздеріне толық қанағат қылмаумен қатар, маңында өлең жазатын жастарға да сондай мінез істеген. Тегінде Абайдың өсиет, үгіттері, білімді, мағыналы кеңестері Абайдың маңына өз тұсындағы талапты жастардың талайын жиғандықтан, солардың ішінде жалпы адамшылық, ақиқат деген жайларды көп ойлап, көп сөйлейтін жастармен қатар, бірталайының ақын болғысы да келген. Ақын болмақ болып, талаптанып өлең шығарып көруге Абайдың іні, балалары барлығы да ұмтылған. Бұл жағына келгенде, Абайдың алды, бір жағынан, «әдебиет мектебі» сияқты да болады. Сол ретпен өлең шығаратын Көкбай, Шәкәрім, Абайдың өз балаларынан Ақылбай, Мағауия болады. Бұлардың бәрі де қысқа өлең, өсиет өлең айту Абайдың жол, дағдысы болғандықтан, өздеріне бөлек бет іздеген сияқты. Сондықтан төртеуі де ұзақ әңгімелі өлең жазады. Сонда Көкбай, Шәкәрім қазақ елінің ескі өмірінен тарихи оқиғаларды жазса, Ақылбай, Мағауия Еуропа ақындарының салтымен Кавказды, Зұлысты, Африканы өлең қылып, махаббатты жырлайтын сезімді поэма (романтическая поэманың) үлгісін ұстағысы келеді. Әрине, қазақ әдебиеті сол күнде баспа жүзіне шығып, сол күнде оқушы тауып отырарлық жайға жетсе, Абай айналасынан Абай мектебінен шыққан ақындар түгелімен Абайдың ізін баса шыққан үлкен әдебиет ағымын көрсеткен болар еді. Абай бұл жастардың өлең жазуын қабылдаған. Кейбіріне (мәселен, Көкбайға) Абылай ханды, Кенесарыны өлең қыл деп өзі тақырып та беріп отырған. Бірақ бұлардың өлеңдеріне де жалпы өлеңге қоятын қатты сынын түгел қояды. Сондықтан сөздерін, ұнамаған уақытта міндерін өлеңге қосып та жібереді. Мәселен, Көкбай, Әріп, Шәкәрім үшеуінің үш түрлі өлеңдерін еске алып:

Хат жаздым Әзірет Әлі, айдаһарсыз,
Бізде жоқ алтын иек сары ала қыз.
Көрілікті жамандап өлім тілеп,
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз, –

дейді. Алғашқы жолдағы «Әзірет Әлі, айдаһарды» Көкбайдың қисса жазғыш болғандығынан айтты. «Алтын иек сары ала қыз» деп Сыбан Әріп деген ақын «Зияда» деген қиссасында сұлу қызды сипаттаймын деп, иегі – алтын, көзі – гәуһар деп мақтауын асырып, түсіне қарамай, асыл тастарды санай берсе керек. Соған айтылған. Соңғы екі ауыз көрілікті жамандап айтқан Шәкәрім өлеңіне арналған. Осы сөздер ақындардың барлығына да ауыр тиген шығар. Бірақ іштерінде, әсіресе Әріп қатты намыс қылып кектеніп, Абайдан есесін қайырмақ болып, «Біржан-Сараның» айтысын шығарған. Сонда Сара айтты қылып, Абайдағы кегін шынымен-ақ алғандай болады. Біржан-Сара Әріпке өншейін ойдан шығарған геройлар есепті ғана керек. Сондықтан Біржанның арғын емес, керей екенін де ескермеген. Мүмкін ол кезде Біржанның руын білмеген де шығар.

Қалай да болса осы айтылған мысалдар өлеңші боламын деген жастардың сөзіне Абайдың қатты сынмен қарап, үлкен шарт қоятыны анық екенін көрсетеді. Сондықтан өз балалары да өлеңді жазарын жазса да, әкесіне көрсетуге именіңкіреп жүретін болса керек. Абай сөздері көбейіп жайыла бастаған соң Тобықты іші болсын, басқа көрші елдер болсын, барлығы да Абай өлеңдерінің ұдайы оқушысы болады. Бірақ бұларға ол сөздерді жеткізетін кітап пен жазу емес, ылғи ғана домбырашы жігіт болған. Сондықтан Абай өлеңдерінің тыңдаушысы мен жақтаушылары арнаулы аз адамдар ғана болмай, жалпақ ел болғанға ұқсайды. Өлең айтып, өн саламын деген өнші ақын болса, қыз-келіншек, жас-көрі болса, барлығының да топта, ойын, тойда айтатын өлең жинағының көбі Абай сөздері, Абай өлеңдері болады. Мінеки, Абайдың сыртқы өмірінің түрлері жоғарыда айтылғандай, қаншалық ерекше болса, ақындық, жазушылық жолындағы қызметінің тағдыры да сол сияқты елден ерекше күйлерде болған. Ақындық жолындағы қызметі мен сол қызметінің жарыққа шығып жайылу ретіне қарағанда, Абайдың бойына біткен ірі қуатының өзі де, сол қуаттың барлық асыл қасиетіне лайықты күтімді көре алмаған.

Барлық сөзі өзінің мұнды, шерлі жүрегінен шынымен қайнап шыққан жалғыздық зары болса да, сол сөздерді жинап, тізіп, сақтап, сыртқы тағдырын ескеруге келгенде, Абай біржолата салқын қараған сияқты. 98-жылға шейін күтпей, ескермей, қалай болса, солай жібере салады да, ескерген уақытында да өзі жиып түземей балаларына жиналсын деп қана тапсырумен тоқтайды.

98-жылдан соң келесі 99-жылда Абай өлеңді едәуір көп жазды да, осы жылдан соң алғашқы жаза бастаған 80-жылдары сияқты өлең сандары тағы азая бастайды. Көп жазылған жылы 4-5, әйтпесе екі-үш өлеңмен 1903 жылға келеді де, содан кейін біржолата өлең жазылмай қалады.

1903 жыл мен 1904 жылдың қысында, Абайдың тірі қалған балаларының ішіндегі ең жақсы көрген Мағауия бұрын көптен әлсіретіп жүрген құрт ауруымен төсек тартып жатып алады. Мағауия Абайдың барлық баласының ең жақсы, ең ірісі екенін, жалғыз әкесі емес, барлық Тобықтының елі де ұғып біле бастаған еді. Бұл ақындығының үстіне барлық елге түгел жаққан, ерекше мінезді кісі болған. Адамшылығына өле-өлгенше кір жүкқызбай, өте таза болып, кең мінезді, ерекше рақымды, өте сезімді, білімді, тәрбиелі адам болған. Жасынан денсаулығы нашар болғандықтан, қаладан толық тәрбие ала алмаса да, әкесінің шын жақсылап, тәрбиелеп шығарған баласы осы болады. Елде отырып Еуропа тәрбиесін алған адамдай, ақыл-мінез, адамшылығы түгелімен мәдениетті кісінің қалыбында болған. Бұл да әкесі сияктанып қырда отырып көп оқып, өзінен-өзі қарастырумен көп білім алып қалған. Осымен қатар ел жұмысына кірісіп, әкесінің міндетін өз мойнына алғанда, бойындағы таза адамшылық, ерекше рақымды, жылы жүрекпен ел көпшілігіне әкесінен көп сүйікті болған сияқты. Сол Мағауия 1903-1904 жылы қыс бойы төсек тартып жатып ауырып келіп, жазғытұрым 35 жасында қайтыс болған.

Абайдың өзі бұл өлімнен бұрын да өмірден қажып, талып, ендігі тіршілігіне ешкімге керексіз артық нәрседей қарай бастаған еді. Өз сынынша ажарсыз, мағынасыз өткен дәурені ендігі күннің үміт тілегінен біржолата у ішіп түңіліп болған еді. Өмір тойдырып болып, енді барлық мағынасынан айырылып, ақыл мен сезімін жалғыздық дертімен құлазытып, тондырып тоздыруға айналды еді. Соның барлығының үстіне Мағауия өлген соң Абай бір

алуан ауруға айналады. Төсек тартып жатпаса да, отырып ауырды. Ешкіммен сөйлеспейді де, ешнәрсемен өзін жұбатпайды. Ауруын ешкімге көрсетіп емдетпейді де, мұның бәрін керексіз деп біледі. Сонымен, Мағауия өлімінен кейін 40 күн отырып, 23 маусымда 1904 жылы жаралы ақын, жарасы мен өмірде татқан уларын өз ішіне жиып, өзімен бірге алып, 60 жасында дүниеден көшеді.

Бұл сөздің ішінде біз Абайдың жай өмірдегі аңшылдық, бәйге атшылдық, мырзалық, өңгімешілік сияқты мінездері мен ұсақ әдеттерінің ешқайсысын да жазбадық. Сонымен, бізге көп өлеңдері мен әсіресе қара сөздерінде, барлық үгіт, өсиет, ұстаздық сөздерінде көп кездесетін Абайдың діні туралы да ешнәрсе айтпадық. Бұл жайларымен танысамын деген оқушыға осы кітаптағы Абай туралы Көкбай ақсақал мен Тұраштың айтқан «Естегісін» оқуға нұсқаймыз. Жаңағы жайлардың барлығына да сол сөздерде орын толық берілгендіктен, мына мақала сияқты өзінше қысқа айтылып отырған Абайдың өмірбаянында тағы орын беруді артық көрдік. Оның орнына бұл мақалада Абай өмірінің әрбір үлкен дәуірлері мен ой-сезімінен үлкен әсер етіп, бет бағытын билеген, асу-асу белдеріне көбірек көз салып, көп уақыт бөлуді қажет деп білдік.

1927-1933 жж.

АБАЙ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІК ӘНГІМЕ

Ел ішінің ақы алысып, ақы берісіп жатқан сиезі еді.

Мұны өткізуге Семейден Лосевский деген уез келіп еді. Сол бір ісімді жақтырмай, мені ел кісілерінің ортасында тұрғанымда стражниктерін (атарман) жіберіп, жазалмақшы болды. Әлгілер ерікке қоймай өкетіп бара жатқан соң қасымда еріп жүретін өлеңші жігітім бар еді, солардың біреуінен Абайға бір ауыз өлеңмен сәлем айтып жібердім. Ол кезде ән салып, өлең айтатұғын, қасымдағы жолдастарым да сондайды әдет қылатын.

Уезге әкелген соң Абай да келді де: «жазыға не?» – деп істің жөнін сұрады. Сонан кейін Лосевский: «Бұған біреу басшылық етіп тәрбиесіне алмаса, мына елдің ортасында арызқой, пәлекет-мар болып, бұзылғалы жүрген адам. Сен тәрбиеге алып міндетті болып, түзетемін десең берем. Әйтпесе, жазаға ұшырайтын ісі бар», – деді.

Абай маған кепіл болып алып шықты. Осыдан кейін Абайдың жолдасы болдым. Жолдастығым 25 жылға созылады.

Жаңағы оқиға 1880 жылдардың шамасында болып еді. Сонан кейін қыс болсын, жаз болсын, Абай ел араласа, қасында жүріп, ауылына келсе, үйінде бірге жатып, айырылыспайтын болдық. Абайдың қасында ай жүріп, ай жарым жүріп келіп, бір әредік толас болғанда ғана өз үйіме бір жұма, көп болса он күнге рұхсат алып, артынан қайта барамын.

1880 жылдан бастап 1886 жылдарға шейін Абай әрбір өлеңді жазып жүрді. Бірақ бұл уақыттағы сөздерінің барлығын Көкбай сөздері деп жүргізді. Кейін Омбыда «Дала уалаяты» мен «Серке» газеті шыққанда, бірер өлеңін тағы да менің атыммен жіберді. «Сорлы Көкбай жылайды, жылайды да жырлайды» дегенді мен қылып қойып, өзін айтып еді.

Осы хәл 86 жылға дейін келді де, сол жылдың жазында ел жайлауға шықты. Абай ауылының ең өрістеп барып, орнықпақ болған жайлауы «Бақанас» өзенінің бойы еді.

Көш жүріп кетті. Біз Абаймен бірге бірнеше кісі болып артынан келдік. Осы жылы Абай ауылында доктор Долгополов та

қонақ еді. Ауыл Бақанастың бойындағы Көпбейіт деген жерге қонып жатыр екен.

Абай қонып жатқан ауылды көріп, осы суретті өлең қыл деді. Мен біраз өлең қылып едім, жақтырмады да өзі жазбақшы болды. Сонымен, үй тігіліп болып бәріміз жайланған соң Абайға келіп едім: «Өлең Көкшенің бойынан асайын деді ғой», – деді.

Мен: «Асса, басында мен қолқаланып алған нәрсе емес еді. Енді өзіңіз ретін тауып қайта аларсыз», – деп қалжыңдадым.

Сөйтсем, сол күні «Жазды күн шілде болғанданы» жазған екен, оқып берді.

Өзі жазған сөзіне ең алғашқы рет аз да болса қанағат қылғанын көргенім сол. Менің қалжыңыма орай қылып: «Сен соғымыңа бір ту бие ал, мен енді өлеңімді өзім алайын» – деді. «Жаз» өлеңіндегі Абайдың ауылы – өз ауылы. Абайдың астындағы аяңшылы – Абайдың Әбдірахметінен алған аяңшыл күрең, төбел аты. Айқайшы шалы – сол жылы өз ауылымен көрші болып отырған Әнет Бармақ деген шал. Құс салып жүрген жас жігіттер өзінің балалары: Ақылбай, Әбдірахман болатын.

Осыдан кейін өлеңді жиі жаза бастады. Тегінде өлеңді көп жазатын уақыты қысты күн мен жазға салым болатын. Кейін 89-90 жылдарда тыныштық алып отырғанда, барлық өндерін де бір қыста, жазға салым шығарды.

Өзі біреуге ұзақ әңгіме, ұзақ жыр сияқты нәрселерді айтқызғанда еш уақытта басқа бөтен нәрселерге аумай, таза көңілмен, үлкен ықыласпен тыңдайтын. Және әрқашан сондайды тыңдап болған соң мағынасы мен жөнін ұғындырып, сын айтатын. Сол ретпен «Ақбала – Боздақты» айтқанымызда осы жырдың ішіндегі бір-ақ ауыз өлеңін жақсы көреді де: «Мынаны шығарған кісі – ақын», – деді. Тегінде өлең ішінде бірер ауыз дәмді сөзі табылса, сол үшін қатты ырза болып қалушы еді. Жаңағы өлеңде Ақбала мен Боздақ тау аралап келе жатса, алдарынан шағылысып жүрген құр, ұйығып жүрген екі түлкі кездесіпті. Сонда Боздақ Ақбалаға:

Бір қораз, бір мекпен талда ойнайды,
Адам түгіл хайуан, мал да ойнайды.
Құдайым бір нәрсеге бастап жүр ме,
Алдымызда кез келген аң да ойнайды, –

депті.

Абай: «Осы сөзінен айтушының ақындығы білінеді», – деп сынады.

Әрқашан Абай ақындық туралы сөйлегенде: «Ол қуат, табиғат сыйы, Құдай сыйы», – деп құрметпен сөйлейтін. «Ақындық шабыты шын келгенде адамды қайта тудырып жібереді. Ол келгенде адам жай, жабайы адам болмайды», – дейтін.

Осы сөзінің шындығы, бәріміздің көзімізше, ел ішінің бір ақынының тұсында ақталғандай болды.

85-жылдың шамасында Қарамолада болатын шербешнайға Абаймен бірге кеп, кісі болып келе жаттық. Ішімізде Байкөкше деген ақын да бар еді. Бір кезде Байкөкшенің түсіне Абайдың көзі түсті де: «Мына көрінің жыны ұстап келе жатыр екен», – деді. Айтқанындай сол арада Байкөкше Абайға түнде көрген түсін айтып, ұзақ өлеңді шұбатып жөнелді. Түсінде Абайдың бірталай қиындық, қауіптен өтіп, мұратына қолы жеткенін көрген екен. Соны айтумен бірге өзінің жоруын да өлеңге қосып, Қарамоладан жолы болып, қастық қылмақ кісілерді жеңіп қайтатынын айтты.

Ел ішінің тағы бір сиезі болып, Семейдің уезі келгенде, соған тілмаш болып сыбан Әріп келді. Әріп екеуіміз құрбы болатынбыз. Кездескен жерде әрқашан бірер ауыз өлеңмен жанасып қалатынбыз. Сиез болып жатқанда, менің бір ақы сұраған арызым болып, соның тез қаралуын тапсырамын деп

Әріпке:

Найманшам, адырайма кеуіп-ісіп,
Ежелден Арғын аға, Найман кішік.
Төбеңмен жүр, тез бітір қызметімді,
Күнде бүйтіп мәлимен ісім түсіп, – дегенімде, ол:
Асықпа, бітірермін қызметінді,
Тапсырған құрбылықпен міндетінді.
Арғынға Көкше сенен Қызай жақын,
Ата құмай түзей бер өз бетінді, –

деді. Мен мұның орайына:

Көкше атам Тобықтының бел баласы,
Бөтен деген білместің бос таласы.
Нарымбайды тәшкенттік сарт дейді ғой,
Сол сияқты қазақтың құр жаласы, –

дедім.

Әріп:

Тіпті Тобықты Арғын емес Көкше тұрсын,
Ата қуып қайтесің өзің жүрсін.
Қудайақын, теңдесім Алтай-Қарпық,
Құр көңіліңді көтерген кеудең кұрсын, –

деді.

Біз осылай сөйлесіп жатқанда, өзіміздің елдің біреулері Абайға барып, Әріп пен Көкбай айтысып жатыр депті. Сонан соң біреу келіп екеуімізді де Абай шақырады деді. Келіп едік: «Не айтыстыңдар!» – деді. Мынау ананы айтты, мен мынаны айттым дедім. Абай тыңдады да, өлгі даудың орайына:

Ақ сұпы дүниеден ұлсыз өткен,
Енеге жалшысынан бала біткен,
Өкіреп Найман ұлы болмаған соң,
Атасызда Найман көп деп ап кеткен, –

деді.

Өлең айтқыш жігіттердің сөздерінде нәр, жұғын болса, дәмді сөзін көріп ырза болса, ондайлардың өлеңді көбірек айтқанын тілейтін. Кейбіреуіне өлең қыларлық теманы да беретін сияқты еді.

Бір жылы менің өзіме: «Абылай хан мен Кенесарының қазаққа істеген еңбектерін ұзақ өңгіме қылып айтып беріп осыны өлең қыл деді. Абылай да, Кенесары да қазақтың мақтан қылатын ерлері. Бұлардың еңбегі де – айта қалғандай, ұмытпастық еңбек. Сондықтан бастарынан кешкен дәуренді жақсы сөзбен жыр қылып ел ортасына жаю – жақсы өлеңшінің міндеті. Сен үйіңе барып орнығып отырып, осыны өлең қылып кел», – деді.

Сонан кейін үйге келіп отырысымен өлең қылуға кірісіп, күндіз-түні тыным алмай, 5-6 күнде бітіріп, Абайға қарай қайта жүрдім. Абай бұл уақытта үлкен ауылынан бауырдағы ауылына, тоқалынікіне барып сонда жатыр екен. Кіші ауылы «Аралтөбе» деген жерде, үлкен ауылынан 35 шақырым жерде, біздің ауылдан 70 шақырымдай жерде еді.

Осы жолға қасымдағы атшыммен қысты күнгі аязда салт атпен келе жатып жазған өлеңімді ойлап көрсем жатқа айтуға бір

де бірі есімде қалмапты. Абайдың барысымен «айт» дейтіні мәлім. Сондықтан жол жүріп келе жатып, өз өлеңімді өзім жаттауға кірістім. Күн суық, қағазды екі жеңіммен ұстап атымның басын жолдасыма жетектетіп қойып, жол бойы жаттадым.

Сонымен, кеш болып ел орынға отыратын кезде кіші ауылға жетіп Абай отырған үйге сәлем беріп кіріп келдім. Үйде кісі көп екен. Алдарына кешкі шайды жаңа алған екен. Кірген жерімде сәлемімді алмастан: «Абылай келді ме?» – деді.

Тегінде сол 25 жыл жолдас болған уақытымда анда-санда қасынан кетіп қайта келгенімде: сәлем алып, мал-жаның аман ба? – деп амандасып көрген емес. Ылғи жаңа ғана көрісіп шыққан кісідей іліп ала әңгімеге кірісетін, бұл жолы да соны істеді.

Мен сұрағанына «келді» деп едім, олай болса «айт» деді.

Сонан соң мен барлық киімімді шешінбестен, отыра қалып айта бастадым. Өлеңді алғашқы айта бастағанымда тымағымның бауын шешкен жоқ едім. Тегінде «шешінейін, жайланайын» деген сөз Абайдың нашасын кетіріп, ықыласын қайтарып тастайды. Сондықтан өлеңді айта отырып, тымағымды шешіп бір алып қойып, тағы бір әредікте белдігімді тастап, онан өлеңнің желісін үзбей отырып, сыртқы киімімді тастап, жүгімнен бірте-бірте барып қана босандым.

Абайдың өмір бойғы әдеті осындай еді. Біреу өзіне келсе, келген жерден жұмысың не деп сұрайды да, сол арада шаруасын бітіріп, сонан кейін өзінің әңгімесіне кетеді. Алғаш сұраған жерде шапшаң айтып жіберген кісі болса, ырза болып қалады. Басында айтпай артынан «пәленім бар еді» дегенге ашуланып қалатын. Кейде бағана неге айтпадың деп ұрысып тыңдамай да қоятын.

Сол әдеті мәлім болғандықтан, өлеңді әнге салып айтсам да шаршаған-талғанымды білдірмей, желісін үзбей айтып отырдым. Қағазыма да қарағаным жоқ, ылғи жатқа айттым.

Алдарына келген шай ішілмей қалды. Алғашқы самаурын суып кетіп, оны алып барып, екінші рет қойып тағы әкелді. О да суып қалды. Абай да, басқа ешкім де ішкен жоқ. Сонымен, үшінші самауырын келгенде Абылай менен Кенесарының жорығын аяқтатып болып, енді Наурызбайға қарай көшіп едім. Бұған келгенде: «Енеңді ұрайын, жаман ұры, ханның бағын да осы алып

еді. Енді шайыңды іш», – деп Наурызбайдың жайын бұл арада тыңдағысы келмеді.

Шай ішіп жайлануға сонан соң ғана мұршам келді. Осы өлеңнің ішінде Наурызбайға Меркенің бегі берген Ақауыз аттың тұлғасын сипаттап едім. Ол атты менің сөзімнен сынады да: «Мұның шыға шауып жайылып қалатын ат болғаны (?) керек» деп сол күндерде Ақауыз атты жазамын деп «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ» деген белгілі ат сынын айтқан өлеңі шығады. Басында мұны Ақауыз аттың сипаты деп айтқан соң мен «Абылай жырына кіргізейін бе?» – деп сұрап едім: «Бұл шіркіннің өзі де мес болып кетті ғой» деп жақтырмай кіргіздірмеді.

Ұдайы жолдас болған уақытымда көп байқаған бір нәрсем бар. Орыс болсын, қазақ болсын, жақсы, жаман болсын әрқашан мінезінде бояма болмай, шынымен келген кісіні жақтырушы еді. Бойын бағып, қымтырылып, «пәлен көрінем, түген көрінем» деп қолдан пішін жасайтын мінезді көре бастаса, қытығына тигендей жақтырмай қалатын.

Ондайды кекетіп, мысқыл қылып, қалжыңмен өлең айтып жіберетін. Қалжың өлеңнің көбі маңындағы жұрттың осындай мінезінен туады.

Бір күні осындайдың тұсында өзімді де өлең қылды. Ел ішінің бір тобынан келе жатыр едік. Жолда бірер сөз, бірер мінезіді Абайдың жақтырмай қалғанын сездім. Ауылға жақындағанда Абай бізден озып кетіп еді. Үйге келсем, қолына бір табақ қағаз бен қарындашты алып өлең жазып жатыр екен.

«Не қылса да өзімді өлең қылып жатыр-ау» деп ішіме сезік кіріп, қасына жетіп келіп едім, мына өлеңді оқып қоя берді:

Бұралып тұрып,
Буыны құрып,
Қисайта тартып мұрынын.
Әсемсіп, сәнсіп,
Білгенсіп, бәлсіп,
Әр нәрсенің орынын.
Керенау, кердең бір керім,
Жақпайды маған сол жерің, –

деп өзімді өлең қып қойыпты. Сонан соң жалынып отырып, сұрап алдым да көзінше жыртып тастадым. Өлеңін өзімнен басқа

ешкім білген жоқ. Сол бір оқып шыққанда есімде қалғаны осы еді.

Жалпы өміріндегі мұрат қылған қиялы әділшілдік пен дұрыстық, шындық болғандықтан, орыста дос көретін кісілері сол кезде өзімен жақын таныс болып жүрген халықшыл социалистер болатын да, қазақтағы өтірігі жоқ шыншыл кісі болатын.

Өтірік айтпай шынын айтатын болса, мал ұрлайтын ұры болса да сүюші еді. Ұрыдан алатын парасы шынын айтқанда. Шындыққа, дұрыстыққа құмарлығын жолдағы (?) елден ерекше мінезінің барлығын биіктете анық көрсетіп жүрді. Билікке келгенде Абайдай әділ, таза, дұрыстығы күшті биді Тобықты іші бұрынғы, соңғы заманның қайсысында болса да көрген жоқ деп айта аламын.

Абайдың билігіне, Абай тергеуіне әрқашан ел ішінде шиеленісіп, ұстасып жүрген жаулары құмар болатын. Сондықтан Абай өмірінде айтылған биліктің көбі әрқашан сол жау жақтарының даулары туралы бола ма деп ойлаймын.

Өзіміз көріп, өзіміз естіп-білген заманда жауына келіп билік айтқызу Абайдан басқа кісінің тұсында болды деп білмейміз. Тобықты ішінің өзге, ешбір адамына да билік турасында бұрынғы заманда, соңғы заманда болса да мұндай сенім болған жоқ.

Билікте әділдікпен қатар осымен егіз сияқты бір мінезі Абайдың мырзалығы, жомарттығы, дүниесқор еместігі болатын. Жақын маңайдағы елде өзі атағын есіткен атышулы жүйрік ат, қыран құс, алғыр ит сияқты сауық аспаптары болса, Абай қалап та алады. Қызыққаны кедейдікі болса, сатып та алады. Бір жазда бес түйе беріп бір бөйге ат алып, бес құлынды бие беріп екінші бөйге ат алғанын көрдім. Соларының екеуін де сұраған екі кісіге өзі қызықтамастан беріп жіберді.

Осы күнге дейін Тобықты іші «Бір досыңнан қызығып қалап, бұлдап алған жақсынды, үйіңе жеткізбей бір жақсы көрген адамың алып кетсе, сонан қызық не бар деп Абай айтпап па еді?» – деп аңыз қылысады.

Өзі шаруа басқарып қырда малдың санын, қалада ақша пұлдың санын ескерген емес. Қыр шаруасында ескерсе жылқыны ғана ескеріп, жақсыдан айғыр салып, тесе мініліп ер батып кеткен арықтары болса сол жағын ғана ескеретін. Жалпы малына еңбек-

ақысын толық беріп, мықты малшы салуды ескеретін. Осыдан басқа ауыл шаруасына істейтін қамы болмаушы еді.

Қалада болған уақытта ақшасының барлығын қасындағы ат-қосшы жігіт ұстайды. Онан «қанша қалды, не ұстадың?» – деп сұрамайтын. Жалғыз-ақ «бітіп қалды» дегенде ғана тыңнан ақша тауып тағы қалтасына салып береді де отыра береді.

Ауылы қысы-жазы өте қонақшыл, әрдайым күндіз-түні басып жатқан неше алуан кісі болады. Солардың ішінде «Абайдың түстігінен жейміз» деп, ас аңдып келетін кедей-кепшікпен бірге, ел-елдің басты адамдары ертекші, күс бегі, домбырашы, әнші не болмаса тоғызқұмалақ, дойбы ойнағыш ойыншылары да жатады.

Абай қысты күні бос уақыттарының бірталайында өзі оқып алған романдарды кейде ертек қылып маңындағы жұртпен бірге, әсіресе өзінің ұдайы қасында болатын ертекшісі Баймағанбетке айтып беретін.

Баймағанбет орыс романдарын бір айтқаннан жаңылмай ұғады. Ішіндегі Европаша аттарды да қайта сұрамайды. Сонан кейін бірнеше күндер өткенде өзі айтып берген ертектерін Баймағанбетке қайта айтқызады да ешнәрсеге алаңдамастан, бөлінбестен қайтадан түгел тыңдап шығады.

Осындай әдетпен қатар Абай қырдың тоғызқұмалақ, дойбы сияқты ойындарына көп уақыт беретін. Әсіресе көп салынып ойнайтыны тоғызқұмалақ болушы еді. Бұл ойындарға Тобықты ішіндегі ірі ойыншылардың ең, ілгергі қатардағы бірі болып саналады. Ойнай-ойнай келе бірден біреу озып, екшелеп келген соң Тобықтыда 5-6-ақ үлкен ойыншы шықты.

Солар: Көрпебай, Құттықожа, Қуаттың Құдайбердісі, Нақыштың Смағұлы дегендер еді, Абай осыларды кезек-кезек алғызып, кейде бөрін бір уақытта жиып көп күндер бас алмай ойнап жатады. Артынан ойын тарқап, әлгі кісілер қайтатын болғанда дәулеті аз нашарларына соғымдық тай, тайынша, қой, киім сияқты нәрселер беріп қайырады. Осы сияқты ел ортасының көңілді алаң қылып, аз да болса сергітетін қызық-сауықтарының барлығын да Абай молынан көріп, толық қызықтады.

Осы ретте аңшылық құру, бәйгеге ат апарып қосу, палуан апарып күрестіру, қаршыға, лашын салғызу, жүйрік ат пен мықты жігіт сақтап ұры түсірту, қасқыр соққызу, ақын, әнші, күйшіні

сақтап, өнерді қызықтау сияқтының барлығын да өзі де көрді, бала, інілеріне де толық көрсетті. Осындай көп әдістері маңайының барлығына үлгі болып жайылды.

Аңшылықты жасында істеген. Сонда ол кезде Шыңғыстың қыс бойы елсіз қалатын сыртында бұғы, арқар, киік, түлкі болады. Абай көп кісі, көп жақсы мерген сияқты жақсы аңшылармен қостап шығып, бірнеше үймен көп соғым сойыспен барып бір ай, екі ай жүріп қайтады.

Бірақ берірек келгенде аңшылықты қойып, жоғарыда сақталған өзге түрлі-түрлі сауықтарға көбірек ауысты. Бірақ бұл істерінің қайсысы болса да Абайдың жалпы тыңдаушыға айтып отыратын өсиет үгітіне, келелі мәжілісіне, кітап оқып білім табуына көп бөгет болған жоқ. Осы айтылғандардың барлығына бөгет нәрсе болса, ол ел сөзі, ел тартысы болды.

Абай Европа ғалымдарының ірі пәлсапамен жазылған кітаптарын оқығанда, өз басындағы ой-пікірлерінің ірге негізін аналарға оңай беріп жіберіп отырған жоқ. Жұртқа өсиет қылып, өзге сөзін мысал қылып сөйлегенде, әрқашан өз ақылының елегінен өткізіп алып айтушы еді. Сондағы көп насихатының түпқазығы: адамшылық, ақтық, әділет болса, осының барлығы да мұсылман дінінің дөңгелегіне әкеліп, бір шалып (?) келіп отыратын.

Абай шын мағынасында мұсылман еді. Бірақ мұсылманшылығы молла-қожа, айтып жүрген сырты сопы мұсылмандық емес, үлкен сынмен, терең оймен өз жүрегімен тапқан мұсылмандық болатын. Бергі жерлердегі кітап сөзі, молла сөзі, шариғат жолы дегеннің барлығына сынмен қарап, діннің негізін, мақсат, бағытын ғана алып соны ақиқат діні қып қолданған. Абайдың діні мұсылманшылықтың ішіндегі осындай жолмен, үлкен сынмен табылған таза ақыл дін еді. Сондықтан сыртымен тақуалық қылып ұдайы намаз оқып, ұдайы ораза тұтып, ұдайы құлшылық қылған да емес. Намазды оқығысы келген кезде оқиды. Бірақ ондайда қасына ешкімді алмай, онаша үйде жалғыз өзі ұзақ-ұзақ уақыттан отырып оқитын.

Онан соң жалпы мұсылманшылық жолындағы үлкен ғұламалар жазған ірі сөздердің барлығын да білетін. Бөрінен өз тұсындағы үлкен молдалардың қайсысымен болса да қатар түсерлік мағлұматы бар-ды. Сонымен, Семейге барып жатқан уақытта,

Семейдің Камали қазірет сияқты үлкен молдаларымен анда-санда бас қосып, мәжіліс те жасап қоятын. Осындай мәжілістер арқылы Семей қаласындағы қазақ татар молдаларының барлығы да Абайдың дін мәселесіне әбден жетіктігіне көзі жеткен соң бұл кітап өз заманының ғұламасы сияқты да көрген.

Сонымен, кейінгі жылдарда Семейге миссионер Сергей деген кісі келіп, мұсылман дінін қорғаушы молла, имамдар болса, сөйлесемін деп іздегенде, Семей қаласындағы мұсылман оқымыстыларының барлығы араларынан бірауыздан Абайды сайлап шығарып, Сергейден жеңілмей өз дінінің абиұрын аман сақтап шығуына мешітке жиылып мінежат қылып, Абайға бата беріп, тілек тілеп жіберген.

Бірақ Сергейдің не мақсатпен сөйлесемін дегенін қала молдалары шала ұғынып, алып қаштымен ұлғайтып жіберіп, елді де үркітіп, өздері де босқа үріккен ғой деймін. Абай барғанда Сергей де дін жайында талас жасамай, бірер нәрселерді сұрап қана артынан жай өңгімеге кетсе керек. Бұл мәжілісте Абай дін жайынан қаншалық сөйлесіп, қанша таласты, ол арасын толық білмеймін. Бірақ артынан Абайдың өзіміз сұрағанда азын-аулақ айтқаны:

Сергей: «Мұсылман дінінде құдай күш иесі, қорқытушы. Сондықтан құдай жолындағы құлшылық, тазалық, ақтық барлығы да қорқудан туатын сияқты», – деді.

Оған мен: «Біздің құдай, «Рахман Рахим» қуат қана иесі емес, рахым да қылушы. Қуаты қара күш бастаған қуат емес. Махаббаты (кітапта «Мапақаты» депті, мен түзеттім. – С.). Әке мен баланың арасы сияқты, әке, сүйуші ие» дедім дейді.

Сонан кейін Абай христиан дінінің наным бойынша «үш жүзді құдай» деген ұғымға қарсы дау айтыпты. «Бірлігіне үш жүзді болу сыя ма, сол үш сипаты бір жүзінде болса, құдайылығына көп бола ма?» – десе керек. Бірақ бұл сөзге Сергейдің не айтқанын толық білмеймін. Жалғыз айтқаны: «Сергей дін жағынан аз сөйлесті де жалпы ғылыми өңгімеге түсіп кетті. Сонан соң мен де дін жайын қайта қозғағам жоқ».

Бұл мәжіліс туралы тағы бір есімде қалған нәрсе: осы сөйлесетін күні Сергейдің қасында көп поптары бар екен. Солардың кейбіреулері бір өредікте мұсылман дінінің ұсақ мәселелері туралы Абаймен дауласқысы келсе керек. Сонда Сергей: «Сен-

дер қойыңдар. Ыбрайым Құнанбаев сендердің тісің бататын кісі емес», – дейді.

Абайдың осы Сергеймен сөйлескен сөздерін кейінгі уақытта қаланың жатақтары мен шала молдалары ертек қылып әкетті. Соның ішінде Сергей «үй» депті, Абай «бүй» депті деген талай ұйқасты, ұйқассыз сөздер толып жатыр. Бірақ мұның бірде-бірін де біз Абайдың өз аузынан естігеніміз жоқ.

Абайдың жалпы діни өсиеттері мен негізгі діни пікірлері қара сөзінің ішіндегі «ғақлият, тастихат» деген сөзінде толық айтылған. Әрқашан ауызша айтатын уағыз насихаттары болсын, өлеңмен үгіт қылып айтатын адамшылық жолы, құдайшылық жолы болсын, барлығы сол сөзіне жиналып келіп қорытылған сияқты. Кейде жазылған дін жайындағы өлеңдері болса, түгелімен сол сөздің жеке-жеке пікірлерінен туған сияқты.

ӘКЕМ АБАЙ ТУРАЛЫ

Менің әкемнің биографиясына керекті сөздерді жинамақшы болған азаматқа менің әкемнің жалпы әдепті мінезін, салтын көрсетуге замандасының бір жолыққандағы қалпын, түрін, киген киімін, отырған-тұрғанын, сөйлеген сөзін, қуанған не ашуланғанын жазбағым қажет екен. Менің әкемнің замандасында қаламға үйір, көргенін-білгенін қағазға түсіре білері аз болған соң амалсыз өзім жазбақты мойныма алдым. Әйтпесе, әкесінің әдет-ғұрпын баласы жазбағы, менің білуімше, солақай секілді.

Мен бұрын мұндай сөзді жазып, иә жазған адамның кітабын оқып, танысқан адам емес едім. Бір күнгі, бір жердегі көргенімді есіме алып жазғаныммен сұраушы азаматтың көңіліндегі арманын ақтай алғандай емеспін. Сондықтан әкемнің өзімнің білген қадерімше, жалпы мінезін алыстан алып кеп, толғап жазғым келеді. Бұл сөздерді керек қылған азамат, мол бұлдан керегін пішіп, қорытып алар.

Мен – әкемнің кіші жамағатынан туған тұңғыш баласымын. Әкем екінші жамағат алғанда, бастапқы бәйбішесі өзінен 2-3 жас үлкен еді, ұлғайған кезімде өзімді күтуге қолайсыз болады деген шығар. Екінші, жалпы қолы жеткен, өлі келген адамға екі қатын алмақ ғұрып сықылданғандықтан да шығар.

Мен әкемнің 32 жасында жастықтың алғашқы ағыны басылып, жігіт ағасы болып қалған кезінде туғамын. Мен әкемді танығанда, әкемнің жүзі ашық, ажары сыртында, көзі өткір, ашуы да, қуануы да жылдам, ширақ жанды еді. Мәжілісі қызықты, сауықшыл, дастарханы аса мол еді. Бір іспен қызықтамай, жай салбырап, шаруасын істеп отырмаушы еді. Маған десе малай, малшы, қызметкер қатыннан да болса, бір тәуір мінезін, қылығын тауып жақсы көріп, ойнап, қалжыңдап отырар еді. Еш уақытта: іші сүймеген, сенбеген адаммен мәжілістес болып, ұзақ отыра алмаушы еді. Оңдай адамдармен бас қоспақ уақыт еріксіз кез келсе, ол уақыттың өзі абақтыдан кем көрінбеуші еді. Сыпайылық, сыйлық, әдейі реттеніп, аяғын басқанын аңдып, аузынан шыққан сөзін санап отыратын адамға ешуақытта риза емес еді. Жарқын сөзбен,

ашық көңілмен қалтқысыз келетін адамды аңсап сағынып, ондай адам келгенде, баласы иә туған бауыры келген кісідей қуанып қалушы еді.

Менің бала кезімде, менің әкем қандайлық жылы шыраймен ойнап, қалжыңдап отырса да, көңілі қайтса, қытығына тисе ашуы да тез келгіштігінен, ауылдағылар да, бәйбішелері де айғырмен ойнаған ат секілді қорқынышы кеуделерінен кетпей қымсынып отырушы еді.

Ұйқысы шағын, жалпы халықтан кеш жатып, ерте тұру әдеті. Төсегінің алдынан қалың постел төсетіп, оның үстіне көрпе салғызып, бір жағынан үлкен жастық қойғызып, көйлекшең, басқа киім кимей, жастығына шынтақтап, кейде бауырына басып отырушы еді. Қағаз шайдан басқа шай ішкен емес, қантсыз шай ішкенін көргенім жоқ. Көп жегіш емес. Таңертеңгі шайына: кейде жұмыртқа қостырып құймақ құйғызады, кейде самса пісіртеді, жеке бауырсақпен іше қоймаушы еді, шайын стақанға құйғызып, ыстық күйінде ішпей, салқындаған кезінде жұта салушы еді.

Қазақ ойнайтын ойындар: дойбы, карта сықылды ойындардың бәріне де ілгергі қазақтың ойыншылары ретті ойнаушы еді, сөйтсе де, мен білген кезде салынып қызықтанып ойнайтұғын ойыны – тоғызқұмалақ еді. Қай-қайдағы тобықты ішіндегі ойыншы шалдар келіп, ай жатып ойнап қайтушы еді. Сондай ойыншы шалдардың дәулеті нашарлары, кейде соғымдық қой, тай, тайынша алып, иә атқа мініп қайтқаны да болды. Көбінесе ол шалдары қысты күні келіп жатқышы: Көрпебай, Құттықожа, Қуаттың Құдайбердісі, Мақыштың Ысмағұлы дегендер секілді.

Таңертеңгі шайды ішкен соң құмалақ басталады. Менің әкем көйлекшең күйінде, басында тақиясы, бауырында ақ жастығын басып, құмалағын ойнап жатады. Күндіз келген ел арасының ретті адамдары да ойынға кірісіп кетеді. Құмалақтан кезек тимегендер, ойнай алмайтын балалары өз алдына дойбы, иә картаның дүкенін ашады. Құмалақтан әкемді жеңген адам көргенім жоқ.

Біздің қазақтың уақытқа байлығының бір әдеті – бір жерге жұмыспен барса, барған жұмысын барған жерден айтпай не қонып не түстеніп, енді аттанарында ғана айтады. Менің әкем елдің бұл әдетіне қарсы еді. Алыс жерден келген сый адам болмаса, ел арасының адамынан келген жерден жұмысын сұрап, бітіріп, енді

отыра бер деп өзі алаңсыз ойынына, иә кітабына кірісіп кетуші еді. Егер келген кісі, сұраған жерден жұмысын айтпай, елдің әдетіне салып тынығып қалса, оған ыза болып, енді ол айтарлық кезегім келді деп жұмысын айтпақшы болғанда, бағана сұрағанымда неге айтпайдың деп ұрысып, кейде сөзін тыңдамай да қояды. Сұраған жерде жұмысын айтқан кісіге ырза болып қалады. Біздің елдің адамы бұл мінезіне үйренгендігінен нағып жүрсің деп сұраған жерден келген жұмысын айтатын болды.

Шаруа жағына көзін сирек салады. Күндіз-түні босатпайтын елдің жұмысынан қолы да тимейді. Шаруаның үш түрін ескеруші еді: жақсы қонысты таңдап қону, жақсы малшыны іздеп тауып, ақысын қымбатсынбай алу, жылқының аса ер етіп кеткені бар ма, соны ғана қараушы еді. Жақсы ат, айғыр сықылды жылқысы болмаса, жалпы жылқысын танымайды, қой мен түйені де сеніп салған қойшы, түйешісінен ғана сұрайды, өйтпесе өзі мынау менің түйем, қойым деп бірін де танымайды. Сиырды жиған кісі емес, сиыр қар теппейді, жаз болса үйдің маңайын былғайды деп, ол кездегі біздің елдің байларының бәрі де жимаушы еді. Қалаға барғанда, үйіне керек-жарағын өзі алып, апарған малын өзі саудалап сатқан емес, ондай шаруасына да ие қылып қойған жолдасы алып, сатады. Ақшасын қалтасына салып, не алғанын, несі қалғанын есептеп көрген емес. Ақшасы аз болса да, көп болса да, атшысының қалтасында жүреді. Ақша бітті десе, қайда ұстадың деп есеп алу да жоқ, қайтадан ақша тауып береді. Қалада жатқанда қасаптың етін жемей, қолынан малын сойғызып жеуші еді. Біржолы қалада сойған жылқысының терісін сатқызса, сатып алған алыпсатар Матайбай Мәмбет баласы деген жігіт мақтана-мын деп айтыпты: «сіздің кешегі бір жылқыңыздың терісінен үш теңге пайда қылдым», – деп сонда менің әкем айтып еді деп, өзі айтып келуші еді:

«Мен саудагер кісі емеспін, мені ұялмаған арсыздың бәрі жейді», – деп. Мен бірдеңе айтайын деп едім, Айтқазы Жексенай баласы отыр еді, «тек» деп ымдаған соң, үндемей ұялып қалдым деп.

Түн болғанда әмсе біреуге ертегі айтқызып, иә өзі айтып отыру әдеті бар еді. Біреуге айтқызғанда, бұрын есітпеген кісіше ынтасын сала тыңдап, әбден айтып болған соң айтушының адасқан жері болса айтып, түзеп береді. Қазақ ертегісінде есітпеген, біл-

меген ертегісі кем шығар, «Қазақтың ертегісінен бұрын қай жерлерде жүргенін, көршілесі, күндес елдері кім екенін, қарекеті не екенін, елдің арманы, білімінің қандайлық кезінде шығарғандығы көрінеді», – деуші еді. Жас кезінде парсы жұртының ертегілерін, «Жәмшит», «Қаһарман» сықылды кітаптарын да көп оқыса керек. Өзім көргенде «Мың бір түннің» кітабын оқып, алғаш біздің елді «Мың бір түнмен» таныстырған кісі менің әкем еді. Орыс кітабындағы «Густав Әмір» сықылды әңгіме кітаптарды елге таныстырды. Біздің ел «Мың бір түннен» жалығып, орыс романдарын әуестеп кетті.

Жалпы ғадетінде: ақылынан гөрі махаббатын ардақтап, ақылдың суық сынынан қашып көңіліне билетіңкіреп отырушы еді. Бірақ құдайдың өзіне мол берген өткір сезімінің арқасында, айтпасақ та не ойлап, разы яки наразы болып жүргенімізді де бүлк еткізбей сезіп қоюшы еді.

Көңіліне билеткіштігі сондайлық, жас баланы әлпештеп шақырғанда ұмтылып келсе, қатты қуанып, қаны тартып біліп тұр деуші еді, егер келмесе, жатырқап қашса, өкпелеп, ашуланып қалушы еді. Мысалы, біздің үйіміз бөлек ауыл болған соң әкеміз көбінесе қала-далада болып, үйде болғанда мол дәулетті бай-бәйбішесінікіндегі топта болып, біздің үйге сирегірек келгендігінен Мекайл деген менің інім бір келгенінде шақырғанына бармаса, көтін жана басып отырған жас баланың үстіне су құйып, ұрып еді.

Менің балам Жәбраһилді, әкемнің өлеріндегі науқасының басталғанында, менің шешем алып барып еді, әкем шақырды, тұғалы көргені сол, жас бала шақырғанда лапылдап ұмтылып еді, қаны тартып, жүрегі сезіп тұр деп қатты рахаттанып қалды. Мен: жоқ аға, нені біліп отыр дейсіз, әншейін ақымақтығынан ұмтылды ғой деп едім, «сен білмейсің» деп мені тыйып тастап, қолындағы өрігінің етін сүйегінен айырып, баланың аузына салды.

Менің өзімнің де бес ауыз сөзді болса да білгеніме, әкемнің осындай алыстан үміт қып қуанатұғын көңілі себеп болды, әйтпесе мұнан да әрі талапсыз, талантсыз болып қалғандай едім.

1889 жылы менің 14 жасымда үлкен шешемнен туған Райхан деген апамды, Найман, Серікбай баласы Құдайбергенге беріп, ұзатып, үйдің ішінің бәрі жолаушы кеткенде, әкеммен екеуміз ға-

на үйде қалдық. Бұл жылы өкемнің белсеніп ғылым жолына кіріскен жылы екен, артынан байқасам.

Өкемнің әмсе үйде отырғандағы киіп отыратұғын, баяғы көйлек-штаны, басында тақиясы, оның сыртынан тысқа шыққанда кие салатын жапетер, ақ елтіріден істеген, көк сатинмен тысталған көк бөркі. Анда-санда еті салқындаса жамылатұғын сары тоны бар. Таңертеңнен кешке дейін, көбінесе орыстың кітабын оқиды да, ара-тұра жастықты бауырына басып, алдында ақ қағазы, қолында қарындашы, күніреніп отырып өлең жазып тастайды. Сол өлең жазардағы түрі.

Бір мұсаға мінген кісідей өңі қашыңқырап, азырақ еңтіккен кісідей танауы кебіңкіреп, көзі жасаураңқырап, естір-естіместей қып күңіренгеннің ішінде күбірлеңкіреп көп жазып кеп кеткенде, көп тоқталып ойлана бермейді де, қайта сызып түзетпейді де, өлеңнің тығыны суырылып кеткенге ұқсайды.

«Бір Алдаоңғар деген ұрыны» ұрлығыңды қой деп қасына көшіріп алып, теңіне қосамын деп, әлгінің бір Меңке деген әйел баласын асырап алған. Сол бала шайын құйып береді. Әлгі әйел балаға оңашада үйретіп қояды: «Мен қонақтарға сөйлеп-сөйлеп келіп, солай ма Меңке дермін, сонда сен «солай» де деп.

Кешке сөз ұғар ма дегендей адамдар келіп: «Солай ма, Меңке?» – десе, Меңке: «Солай», – дейді. Сонда әлгі қонақтар: «Япырай, мына баланың ұғып отырғанын қарашы», – деп таңырқап қалысады. Кейде сөйлеп болған соң: «Осы сөзімнің жалғанын тапсаңыздар, көк бөркімді берейін», – дейді. Онысы – қонақтың қытығын тарқататұғын ойыны.

Мен сол жарты айдың шамасындай уақытта, жазған өлеңдерін жаттап, айтқан сөзін жалықпай тыңдап отырсам керек, менің соныма қатты қуанып, ырза болып, жолаушылар келгенде, соларға мені: «Мынау адам болады екен, менің сөзімді ұғып, жалықпай тыңдады», – деп мақтады.

Мен өкемнің аузынан шыққан сөзді пайғамбардың аузынан естігендей сеніп, адам болады екемін деп, сол жылғы бастығымыз Шаһкөрім қажы болып, ақиқат олай емес, былай деп таласып жататұғын саналы шәкірттің қатарында болдым.

Жасында ашу мен махаббатты қатар қолданғандығынан, қатын-балалары да, ауыл-ауданы да, елдің адамдары да, бір жағы-

нан, жылы махаббатты, жомарт мінезін сүйіп, бір жағынан, жазатайым болса, ашуланып кететұғын мінезінен қорқып жүретұғын еді. Қай адам екі қатынын күндестесіп қалай сыйсын дейді, бөрі де күндестігін жоғалтқысы келетұғын шығар, бірақ адамның бұл тілегі қабыл бола бермейді ғой. Менің әкемнің жоғарыдағы айтқан екі түрлі мінезінің күштілігінен шығар, менің шешем де күндестігін көрсете алған жоқ. Балаларының ойына күндестің баласымыз деген жаман ой кірген емес деп айта аламын.

Ұлғайған сайын әкемнің ашуы азайып, жұмсақ тарта берді, бұл жұмсартуды өзі еңбек қылып тапты. Әкесі қажының қайтпайтын қатты, суық мінезін сөгіп отырушы еді. Қорықпақ пен сүймек, от пен су секілді бір жерде жиылмайды, адам сүйген адамның ақылын ұғып, содан бағыра алады, қорқытып, ұрсып айтқан ақыл дарымайды деп.

Көз алдында қандай ойын-ойнап, күліп отырсақ, тиіп-қақпай еркін еркелетіп отырады да, алдынан қашып, жасырынып, кейбір теріс мінезді адамдармен ойнағымыз келгенін көрсе, қатты ренжіп ұрсып, былайша айтып сөгуші еді. «Адамға көбінесе үш алуан адамнан мінез жұғады: ата-ана, ұстазы, құрбысынан, солардың ішінде қайсысын сүйсе, содан мол алады. Сендердің менен жақсы көріп барғыларың келіп отырған жақсы құрбыларың қайсы?» – деп ондай ойыннан әйел бала есебінде тыю салып, қорғаштап өсіргісі келеді.

Көз алдында істеген іске көнгендігінің белгісі: бір жылы Семейде жатқанымызда, Көкітай деген оқыған немере ағамыз азырақ қаланың сауда ісіне де араласатыны бар еді. Государственный банкіден кредит ашып, бізді гостиницаға шақырып, той сымал істеді. Гостиницаға барған соң, әрине, ғибадатқа бола бармаймыз, ішуге бола баратұғынымыз белгілі. Әкеме айттым: «Барайын ба?» – деп. «Бар», – деп рұқсат берді. Бұрын арақ, сыра ішетінімізді жасырып жүретінбіз. Әкеден рұқсат алып барған соң жақсы адам, көп дудың ішінде артығырақ ішіп алып, түнде пәтерге келсек, әкем төсекке жатқан жоқ екен. Төсекті салғызып тысқа шыққанда, әлі де болса ішкенімді әкемнен жасырмақшымын. Жүрегімді сыра көтеріп бара жатқан соң оңаша жерге келіп жасырынып құсып тастайын деп, қораның қараңғырақ жеріне келіп, құсып жібергенімде, алдыңғы жағымдағы бұрышта әкем отыр екен. Мен

ала-көленкеде абайламаппын, сонда әкем тұра келіп: «Сыра антұрған жүректі көтергіш келеді, әбден құсып таста», – деді...

Бір ғадеті жақсы атқа, қыран құсқа құмар еді, өзі 2-3 жыл салтанатын келістіріп, құсбегілерін, мергендерін сайлап құс салыпты. Балаларының әрқайсысына құс салғызды, бірақ ұзақ уақыт құсшы болғанымыз жоқ. Біреудікін алып, біреуге сапырып отырады. 250 шамалы құсы қолыма келіп кеткен шығар. Тулақтың шолағындай құс көргенім жоқ деп айтып отырушы еді. Сол кісінің осындай сапырған мінезі біздің елге жұғып, бір ел бірінікін-бірі алып сапырылып жатқыш. Өз атымды өзім мінемін, өз құсымды өзім саламын деп, ат пенен құс секілді асылы бар кісі қаптал сеніп отыра алмаушы еді. Біздің Шыңғыстан басқа тобықты Шыңғыстай емес, өйтсе де, басқа елден көрі олар да бере алмай қалғанды ұят санайды. Бір жылы жайлауда біреудің бір қоңыр қасқа атын 5 құлынды биесін беріп алды да, оған көңілі болмай, бауырға түскенде 5 түйесін беріп, Қуқұла деген қаракесекте атағы шыққан атты алды. Сол секілді біреудің атына көңілі түсіп, бұлдап алады да, тез жеріп, бір болымсыз адамға бере салғыш еді.

Жасында атқа болдырмайтын жүргіш болыпты. Мен есімді білген кезде алысырақ жерге арба жегіп, 30-40 шақырымдық жерге салт ат пен жүруші еді. Жасында жылқы бағып, отарға да шығыпты. Мен білгенде жалпы қазақтың байларынша ертелі-кешті малын аралап, жерін шалып, мал үшін атқа мінбеуші еді. Көбінесе үйде отырғандықтан ба, жазу жазғандықтан ба, иә жанын күтемін дегендіктен бе, ертерек көрілік көктеді ме, өйтеуір жалпы халықтан көп ерте атқа мінуден қалды.

Үлкен үйдегі келіні Еркежанды алып, сол үйге кірген соң өзге үйіне оқта-текте келетін болып, дәулеті мол жерде, ел ортасында үлкен үйде отыратын болды. Қысты күні бұрынғы бәйбішесінің ауылы екі арасы 45 шақырым, біздің ауылымызға 70 шақырым болады. Бұл екі ауылдағы бала-шағасын сағынып, жазғы жайлауға барып, бірге алып жүргісі келеді.

Менің жоғарыдағы ашуын өзі еңбек қылып азайтты деп ойлаған себептерімнің бірі, 97-жылы май айының басында үлкен ауылға келсем, әкем ұранқай үйінде екен. Әмісе жазғытұрым ыстық басталғанша, күзгі салқын бастала бергенде үлкен ақ үйдің

қонаққа, басқа ас-суға босатып, өзі ұранқай дейтұғын төрт қанат кішірек үйге кіріп, ақ жапаны жиғызып алып, көп үзбей от жаққызып, жер төсегінің алдынан қалың постел төсетіп, оның үстіне көрпе салғызып, көйлегінің сыртынан айналасына қара құлынның жарғағын ұстатқан сары тонын жамылып отыр екен, алдында қазан асып астына жапа қалап от жағып қойыпты. Үйдің сол жағына кішірек қара саба емізіктер тұр, қазанның есік жағында самауыры қайнап, жапаның шоғында бүрк-бүрк қайнап шөйнек тұр.

Мен сәлем беріп кіріп келгенде: «Сәлемімді алар-алмас-тан, сыртқа шығасындар ма», – деді. Мен: «-а-а-у біздің түйеміз симайды ғой», – дедім. «Мен түйе жинап берейін сыртқа шығындар», – деді. «Сол үйде отырған Оразалы деген балалау жігітті Есіркеп деген сыбайласының ауылына жіберді, үш түйесін берсін, біздің кіші ауыл жүк артып жайлауға шығады, түйесін ақсатпай, жауратпай бергізерсің», – деді. Ол Есіркеп біздің Ырғызбайдың төрт баласының ішіндегі ең азы, нашары Жортар деген кенжесі болады. Есіркеп – сол Жортардың Арқат деген құлының баласы. Есіркепке орташа мал біткен адам, Жортардың балаларының ішіп-жегенінен қашып 2-3 жылдан бері менің әкемді паналап отырушы еді. Оразалыға «түйем жоқ» деп түйе бермей жіберіпті. Сонда менің әкем азырақ үндемей отырыңқырап, аздан соң басын көтеріп күлімсіреген шыраймен айтты: «Құдайға бергеніңе тәубә, мен мұсылман екенмін. Егер осы Есіркеп Тәкежанның қасында отырып, Тәкежан осы менше түйе сұратып жіберсе, түйем жоқ деп түйесін бермей жібере алмас еді. Бұл түйе бермегеніме Абай ашуланып ештеңе етпейді», – деп менің жұмсақ мінезіме сеніп бермей отыр деп қуанып қалды.

Ұры сүйегіш адамға ырзалығы жоқ еді. Бір күні үйде отырғанда Найман Көріпжан қажы келіп тұр деп тыстан біреу келген соң әкем мәсісін, шалбар, бешпетін киіп, көрпе салғызып, үйге кіргіздірді.

«Е! Қажы, неғып жүрсіз?» – деп сұрағанда: «7-8 жылқы алғызып, соны қуып келіп қалып едік», – деді. Менің әкем: «– Ай, Қажы-ай 7-8 жылқыны өзіңнің қуып келгенің не қылғаның бір бала-шағаны жіберсеңіз де тобықтының ұрысы әкелген болса, алып бермеуші ме едім», – деп ренжіген еді. Көріпжан қажы: «Бір ашумен шығып кетіп едім», – деп ұялып қалды.

Қасында 5-6 кісімен Көріпжан қажы түстеніп отырғанда, қасында Ысмағұл Шодыр баласы деген ұрыны ертіп, Төңірберді дейтұғын ағасы келді. Менің әкем: «Сіз неғып жүрсіз?» – деп Төңірбердіден сұрағанда: «Төңірберді мына Ысмағұлды пәленшемен даулы жұмыс туралы Оспан саған билікке жіберіп еді, мынаны ертіп келдім», – деп еді, менің әкем «Сіз атшабар болып па едіңіз?» – деді. Менің әкем ағасының ұрыны сүйеп ертіп келгеніне қатты ренжіп айтты. Әкемнің бұл сөзіне ағасы өкпелеп қалып, артынан Оспанның аулына бастарын қостырып, татуластырмақшы болған жиылысында мен де еріп бардым.

Менің әкемнің топта билікке тартып, яки айтып, сөзін сыртқа сөйлеп, суырылып отырғанын көргенім жоқ. Байлаулы жеріне қысқа түйірім сөзді ақырын айтса тоқтаса қалушы еді.

Менің әкемнен басқа араздық іздеп, жүгінетұғын адамды көргенім жоқ. Жалпы, өзіміздің елдің жақсысын абайласам, алдына келген даудан, мүмкін қадірлі, өзінің досына пайдалы жағынан қапы қалдырмай билік айтады. Менің әкеммен жаудың іздеп жүгінгіші аз да болса, салмағын досына сала айтатұғын секілді еді.

Жалпы, ұрылар айтады: «Абайдың алдына өтірікпен бара алмаймыз, жанымыз қалса, шын сөзіміздің арқасында қалады», – деп.

Менің әкемнің ұрыдан алатұғыш парасы – шын сөзі еді. Мыңжасар Қобылан баласы деген атасынан бері қарай неше шабылып, айдалса да ұрылығын тастамаған бір көрі ұры айтады: «Жас кезімде Абайдың сұраған малының шынын айтып, шыншыл атанып, абұйырлы ұры болып жүргенімде құдай атып бір өтірік айтқаным, Қаракесек жағынан бір топ жылқы алдық та, осы малды кімге болса да айтпалық десіп, жолдастарымыздың бөрі түгел төбеге тас қойып, анттасқанбыз. Жоқшы келген соң Абай мені шақыртып алып сұрады, айтпай танығаным. Қыстың суық күнінде суық су құйып қинаса да айтпай тістеніп отырғанымда: «өй, өкеңнің аузын... не оттап отырсың, пәленше жолдасың әлдеқашан айтқан, пәленнің-пәленге, түгеннің-түгенге таратыпсыңдар деп қоя бергені. Сөйтсем, ана иттер айтып қойған екен. Мені ие болып, қайтып айтқаным сенбейтін ғып алғаным», – деп.

Қалаға барғанда мен білгенде үш адамның үйіне жатты. Қабыл деген шала қазақ, Сүлеймен деген ноғай, Мауты деген қазақтың үйінде, бұл үшеуінің де қатындары пысық, асты төтті қып

пісіре білетұғын адамдар еді. Байдың үйіне ақы берсе жатпайды. «Өй, Тәңірі-ай! Расходымды көтереді екен деп байдың қабағын түріп, андап басып, абайлап сөйлеп, кіші күйеу сықылданып жатарым ба», – деуші еді.

Мағаш деген жақсы көретұғын баласы қыстай ауру, қыс жұт, қардың кеткеніне қарамай, Еркежанды ертіп, Ұранқай мен Мағаштың ауылына келіп отырды.

Өскенбай бидің Таңшолпан деген келін алған қатынынан шын аты Тілеуберді, жалған аты Шыбар деген баласы болған. Шыбар менің әкемнің асықты бірге ойнап өскен тату туысқаны еді. Шыбардың дәулеті нашар болды да, өзі өліп, артында үш баласы қалды, соның ортаншы баласы Қанағат деген менімен құрбы баласы, қолынан келсе ұрлық қылғандай, ағайынға қадірі жоқ, жасық жігіт еді. Сол Қанағат, бұрынғы әкесі алып берген қатынын кемсініп, біреудің қызын алып қашқан соң ағасы жазғырып, қолындағы барлық малын қыздың әкесіне сыпырып алып берген. Ағайынына тентек болып, малдан айырылып қалған Қанағат сорлыға жоқшылық күнін көріп шықпақ та қиын болып, біреудің арық атын сұрап мініп қалаға барып, азырақ астық алып, иттеніп, біздің төменгі ауылға жеткізіп, сабырда жүре алмай, Мағаштың көңілін сұрамақшы болып, біздің ауылға келді. Өзі жалпы туысқаннан сөгіс естіп жасып қалған сорлы, Мағашқа да қорғалап өрең сәлем беріп жүрген, сұрағанымызда өрең айтты.

Қораның сыртына киіз үймен отырған менің әкеме де сәлем бере кетпекші болып барса, сен қайдан жүрсің десе Қанағат жүрген жайын, аты болдырғанын, әншейін жай-күйдің ретінде айтса, менің әкем: «Ой, байғұс-ай атың болдырып келе ме? Олай болса, менің қара атымды жегіп, астығыңды жеткізіп ала қой», – деп қыстай сұлылап отырған атын Қанағатқа беріп жібергенін естіп, Мағаш ағам маған айтады: Ой, сенің әкеңе қайткен адам ұқсай алады. Қанағат деген кім? Құрбысы, сыйласы емес. Оған болыспақ марқамат қылмақ, сен, мен, Көкітай сықылдылардікі емес пе? Қанағатқа астындағы атын қосып беріп отырған әкеге мен ұқсай алмаймын, – деді әкесінің жомарттығына сүйініп, осы сықылды мінезі толып жатыр.

Менің жас күнімде Кавказдағы атақты батыр Тастемірдің баласы, қасында екі жолдасы бар, қыстап жатып, жаз шыққан соң

үшеуі үш ат мініп кетті. Ол Тастемірдің баласы екенін жасырып жүреді екен. Бір күні біз сөзден біздің ауылдың бір жігіті ашуланып, өлгі жігітті өлтіремін деп қуғанда, сені өлтірмесем, Тастемірден тумайын деп, аузынан шығып кетті, сонан кейін Тастемірдің баласы екенін білген. Жыл сайын бірден, екіден үркіттен қашқан Кавказдың адамдары келіп, кейде қыстап, кейде бір-екі ай жатып, кісі басы ат мініп кетеді, көбінесе оларды менің әкем Қояндыларға барушыларға қосып береді.

Оларды арғы Көкшетау жақтан келген саудагерлерге қосып береді. Осы секілді тасымалмен кетуші еді. Осындай ат мініп кеткен адамдар 15 шақты бар шығар. Осылар секілді қашып келе жатқан мұсылманға ат беріп жіберетұғын әдет қажыда да көп болса керек.

Мен жоғарыда жазғанымда айтқаным: әкесінің мінезін баласы жазбақ қолайсыз деп, сондағы менің ойыма келгені баласының көңіліне әкесінің жақсы қылықтары ғана түсіп, жаман мінезі түспейтін сықылды.

Мен қандайлық әділ көзбен қарап жазайын десем де: жасында қарулы еді, жанын күткіш, ертерек шау тартып еріншегірек тартты демесем, басқа мін таба алмадым, мұным әкемді мақтаймын дегенім емес, бар білгенім-сезгенім осы-ақ.

Енді Долгополовтың менің әкеме айтқан сынын жазайын. Бұл Долгополов бірінші ме, иә екінші ме, государственный Думаға Одесса қаласынан депутат болып сайланған адам.

Докторлыққа экзамен беріп жатқан жерінде саяси айыбы анықталып, Семейге айдалып келген жерінде, менің әкеммен таныс болып бір жаз, 85-жылы жаздай біздің ауылда болған. Бір күні менің әкем сөйлесіп отырып, менің балаларымды сынашы депті. Сонда Долгополовтың айтқаны: «Сенің балаларыңның адамға қарасы түзу, зерек, жақсы балалар. Бірақ сенің мына сән-салтанатыңды, дәулет-дәуренінді көре отырып, жақсы бала болмайды (әкемнің жазды өлең қылғандағы ауылы, осы Долгополовтың ауылды жайлағандағы өзінің ауылы еді), ғылымға ет ауырттып еңбек қылмаса қолға түспейді, сенің балаларың оншалық етін ауырттып еңбек қып неғылсын, еңбексіз-ақ өзі хан, өзі би, сенің ауылыңның төбесі көрінбестей алысқа кетсе, сонда адам болады», – депті. Содан соң өзімді сынашы депті, сондағы Долгополовтың айтқан сыны:

«Сенің басың алтын адамсың, бірақ үйренген әдет-салтын ұнамсыз, таңертең төсектен тұрасың, киімдеріңді біреу әкеліп береді, арқаң шапаныңды жабады, есікті ашып тысқа шығарады, қайтып келген соң тағы да есікті ашып, үйге енгізіп, алдыңа шылапшынды әкеліп, құман мен суды қолыңа құяды. Ас келсе, шайыңды құйып береді, етіңді жапырақтап береді, ұйықтамақ болсаң, төсегіңді салып, өзінді біреу шешіндіріп, жатқызып, шақшаңды бір жағыңа, мұрын орамалыңды бір жағыңа тығып, үстіңе көрпенді жауып салады. Өзің-өзің үшін не қыласың? Әр нешік ұйықтап көресің», – депті. Осы Долгополовтың аз ғана сөзі менің әкемнің бірқатар әдетін, салтын көрсетер деп жаздым, бірақ бұл әкеме сырт берілген сын, оның оқу, жазу, ой қызметі – бәрінен де қиын ғой, Долгополов осы жағына көңіл бөлмеген сияқты. 13 жасынан жұмысқа жүргізіпті. Қажының өзінің қыздай алған бөйбішесі Күңке шешеміз Қажыдан бірнеше жасы үлкен екен. Қажыны күтуге қолайсыз жасы жетіп алған адам болғандықтан, келін алған, Қажы біздің шешеміз Ұлжанның қолына шығыпты. Ұлжаннан басқа Айғыз деген Халиолла мен Смағұлдың шешесі бар. Бұл екі бөйбішесі бір болыпты. Күңкеден туған жалғыз баласын Құдайберді деген ағамыз шешемді тастап кетті деп, Қажыға кектеніп, айтқанына көнбей шалыс болған екен, әкеммен бірге туған ағасы Тәңірберді, Өскенбай бидің келін алған қатынының қолында өсіпті. Қолындағы баласы да менің әкем, қолайлысы да сол болған шығар. Сол 13 жасынан былай қарай қажының жауын жаулап, бірде жеңіп, бірде жеңіліп, ағайындарымен бірде қосылып, бірде ашылып келіп, 27 жасында біздің елдің Бұғылы жақ шетіндегі Оразбай Аққұлы баласының ауылындағы сайлауда қасында жақын туған-туысқаннан адам жоқ, жалғыз барып, елді жеңіп алып, інісі Сқақты болыстыққа сайлатып қайтыпты. Оразбай Аққұлы баласы, бірсыпыра шын сенген жолдастары болған, бұлар қажы адал дос болмайды, алдамшы деп кек көреді екен. Оған менің әкем көнбей, өзі заманында да тапқан достарына алаңсыз сеніп жүре беріпті. Қажының қатты айтып ұрысқан жерлері де болса керек. Осы ретімен жік салмай Сқақты үш рет болыстыққа сайлапты. Сқақты соңғы болыстыққа сайлатардың алдында бір күні Сқақтың ауылына елдің бір жиылысы тобына менің әкем келсе, Сқақ төсектен тұрған жоқ, түске шейін отыр-

ған елдің ақсақалдары жалығып тарқап бара жатыр еді. Сонда менің әкем, Сқақты шақырып алып, айтыпты: «Сонау Жиреншенің не ойлап бара жатқанын білесің бе?» – деп. Сқақ айтыпты: «Жоқ», – деп. «Ендеше сені келесі сайлауда боғымды болыс сайлармын дей барады», – депті. Біздің қажы баласының елді билегені-ай дейтұғын дәурені – осы Сқақтың болыс болып өткізген 9 жылы. Қажы баласы атанған жандар елді билеу үшін елге жалынып, елдің ықыласын алу керек дегенді ұмытып, тек Абайға жақсақ болады дегенді көздеген көрінеді. Сқақтың да, Сқақтың бөйбішесінің де елді-ел, жұртты-жұрт демей, елдің малын өз малындай қолы билеп, қостап шыққан жылқыдан қолымен ұстатып алып, бай бөйбішесінің де сойған соғымын, байы съезге шыққанда, бөйбішесі ере шығып, үй тіккізіп, салтанат құрып шығарған дукертін, Сқақтың ашуы келсе үлкен-кіші, жаман-жақсы демей бас салып ұрысып айтқанда, ертегі секілді дәл бақтың өзі қонған байдың ауылы, қатыны, баласы таңырқаушы еді.

Кенже інісі Оспан: сырты аусар, аңғал көңілі сүйген кісіге көл болып төге салатын, көңілі сүймеген адамды үйінен сүйреп тастайтұғын адам болса керек. Бірақ анығында: Абайдан соңғы ақылдысы, сырты аусар болып отырып, іші есепдал, бір келешек пайдасын көздеп, иә болмаса жұртты дәмелендірейін деп істейтін болса керек. Ақыл тоқтатып, анық жобалы жолына түспей келе жатқан жасты, ер адам әртүрлі жорып адасса керек.

Жоғарыда айтып кеткен Құдайберді ағамызбен «әкеме көнбедің деп, күндестік ойладың деп, жасында менің әкем де араз болып келіп, өлерінің алдында, екі-үш жыл бұрын татуласқан екен. Осы екі-үш жылда бұрынғы араздық жоғалып, қатты қызықты туысқан болыпты.

Әкем айтып отырушы еді: қайғы жас жүрекке қатты батады екен, Бөкемнің өліміндей қатты батқан өлім көрмедім деп (Құдайбердіні Бөкем деуші еді). Мағауияның өлгендегісін өлшеп айтқан жоқ, бұрынғы Оспан мен Ғабдрахманның өлімін өлшеп айтып еді. Сқақтың үш сайлауынан кейін, Бөкемнің орнына беремін деп, жиырмадан жаңа асқан Шәһкәрім қажыны болыстыққа байлатыпты. Шәһкәрім қажы болыс болған соң астыртын ел құрып, әркіммен анттасыпты. Келесі сайлауда Оспанды сайламақ болған екен, оған елде, Шәһкәрім қажы да қарсы болып, барлық

адал деп әкесі үлкен қажының айтқанына бұрылмай сеніп жүрген достары, күрдасы бұзылып, Күнту дегенді болыс сайлаған жерде бір-ақ біліпті. Ел бұзылды, сені алдап жүр деп Сақ келіп айтса, Ербол деген бір досын шақырып сұрапты, ол: «жоқ, Абай, Сақ бекер айтады», – десе, сеніп отыра беріпті, өзі азырақ сырқат екен.

Осы сайлау 1884 жылы болғанда содан кейін достан, елден түңіліп соққы жегендіктен, осы өлеңдерді айтқан секілді: «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Қыран бүркіт не алмайды салса баптап», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Байлар жүр жиған малын қорғалатып», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ».

«Сабырсыз, арсыз еріншекті» жазып болып отырғанда, қасында атын ерттеп жүретін жолдасы Қарасақау деген шын аты Құсайын Қықымбай баласы деген көкше табы Балтайы сол айтыпты: Көжекбай қалды ғой деп.

Бұл Көжекбай: Мамай ішінде Еламан табынан Көжекбай әкесі Жамантай үлкен қажыға ата болып, біздің Ұлжан шешемізді өкіл қыз еткен екен.

Жамантайды жерге таласып, туысқандары өлтіргенде Қажы құнын келістіріп алып беріп, әкеден жас қалған Көжекбай, Тезекбай, Мақыш деген үш баласын өз балаларындай көріп, еркелетіп, қанаттыға қақтырмай өсірген екен. Ұлжанның төрт баласының біріндей болып өсіп алмағаны да, бермегені де болмаған жандар. Сол біздің ел бұзылғанда, жеңген жақты жақтайтын мінез бен Қажы балаларының жау жағына шығып, болыс болған Күнтумен күда болған.

Біздің жау ағайынымыз Жігітек табындағы Базаралы деген кісі бізден кетіп, өздеріне еріп жүргенде, былайша айтып Көжекбайды боқтапты:

«– Кімнің жүгі биік болса, соған қарғын, шыққан мысық келді, ененді ұрайын», – деп бір топта өзіне соқтыға бергенде, Байкөкше ақын айтыпты:

Көккөжектің осы сөзі расына,
Көк тымақ әкесінің мұрасына.
(ескі тозған көк тымағы бар білем Көжекбайдың).

Айнадағы бере кедей елеңдейді:
Сайтанның анасы ма, баласы ма? –

деп: «Тегі құбылма адам екенің рас-ау деймін». «Бөтен елде бар болса, өжеттісің, сыйлассың басыңа жұмыс түскен күн жақсылықты бұрынғы неғылып ол ойласын» деген өлеңді сол Көжекке арнаңқырап бастап, арт жағын жалпы елдің мінезіне аударып кетіпті.

Менің әкемнің көбінесе ағайын-туысқандарын жамандап сөгіп айта беретұғынына өзінің Ырғызбай деген табының елден ерекше нашарлығынан болған секілді. Ырғызбай би болмаса да, Кеңгірбай биге қадірлі, ажарлы болады, сөзі сыйлы адам бопты. Кеңгірбайдың тілін білетұғын інісі болған соң елге де қадірлі болыпты. Бір байын кісі өлтірген қатын байына жөнді құн ала алмай қалғанда мынадай деп дауыс айтыпты:

Мойны, басы былқылдап,
Ырғызбай жүрді араға,
Кеңгірбай толды параға,
Параға алған сары атан,
Тігілгей еді қараңа, –

деп Ырғызбай Кеңгірбаймен сырласып, татулығынан Кеңгірбайға келген жақсы ат, жаман атқа ортақ болған секілді.

Кеңгірбайдың Өскенбайға батасын бергеніне Ырғызбай мен татулығы себеп болған шығар. Кеңгірбай Ырғызбай өлгенде бейітінен шықпай, «Сен ақ көңіл Алланың арыстаны едің ғой, Алла тілегінді берер, мені енді мына елдің ішінде алжытпай қасыңа Алладан тілеп ал», – депті деседі. Содан кейін кешікпей Кеңгірбай би де өліпті. Сол Ырғызбайдан бастап, Өскенбай, Құнанбай, менің әкем төртеуі де елден ерекше бақытты қадірлі адамдар болғандығынан ұрпақтарының бәрі дүниенің талқысын көрмей, көлеңкеде өскен көк шыбық болып, біреу білер жер келсе жөндеп сөз айтары кем, жоғарыдағылардың бағына мас болып, сөздері істе сорақы келеді.

Бір Бақаш деген Ырғызбайдың ауқатты адамы сөйлеп отырғанда, тіпті түске жуық келерлік болмай, сөзі сорақы болып шыққан соң тыңдаушылар «Бақаш-ай, мына сөзің қисынбай кетті ғой

десе, менің Ырғызбайлығым шығар», – депті. Бақашқа Ырғызбайға келеңсіздің, келеңсіздігі болмаса керек.

Ырғызбайдың жақсысы ерекше жақсы болады да, жаманы бақсы болып екі аралық алым-берімі болмайды деп ел күлкі қылады екен.

«Болыс болдым, мінекей» деген өлеңді Мұқыр деген елге өзінің құрдасы, нашар атаның ұлы Күлембай деген кісі дәулетінің арқасында болыс болып, 1888 жылы Бақанас деген өзендегі чезвычайный съездегі тұрып, көріп айтқандары:

Уағалайкумсәлем, болыс, мал, жаныңыз аман ба?
Мынадайға кез болдың аума, төкпе заманда,
Болыс қалып қалыңдау кешегі бір алаңда, –

деген өлеңді соған арнап айтқан.

«Патша құдай сиындым» деген өлең мен «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деген өлеңдері Ғабдырахим деген баласы Түмендегі реальный училищеде, Мағауияны бір Күлбадан деген әйел баласымен Семейдегі городскойде оқытып жүргенде айтқан.

«Интернатта оқып жүр, талай қазақ баласы» деген өлеңді сол кезде айтса керек. «Сәулең болса кеуденде» деген өлеңі де 84-жыл мен 87-жылдың арасындағы жылдарда айтылған өлең.

«Жазды күн шілде болғанда» деген өлеңді 86-жылы Бақанас деген өзеннің төменгі жағындағы керей жері Көкбейіт деген қонысқа өзінің ауылы қонып жатқандағысын көріп айтқан екен.

«Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» деген өлеңі өзінің Төңірберген деген ағасының ауылында, ағасы мен жеңгесінің Дініслам деген немересін тамағыңды үйде отырып іш деп аңдап отырғанын, оның құрбыларымен бірігіп ішкісі келіп отырғанын көріп айтқан.

«Ақ киімді, денелі ақ сақалды» деп қысты өлең қылғаны сол 84-жылы қыс қатты болып, елі жұтаған. Қар апрельдің басында кеткен, сонда айтыпты.

«Масғұд» деген өлеңді 1887 жылы шығарып еді. 81-82 жылдарда қос салған екен, сол жылдарда қансонарды айтыпты:

1. Мәз болады болысың.
2. Біреуден-біреу артылса.

3. Білімдіден шыққан сөз.
4. Бай сейілді.
5. Ем таба алмай.
6. Замана ақыр жастары.
7. Қайғы шығар тілімнен.
8. Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей.
9. Ұяламын дегені көңіл үшін.
10. Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол.
11. Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін.
12. Келдік талай жерге енді.
13. Өзгеге, көңілім, тоярысың.
14. Әуелде бір суық мұз, ақыл зерек.
15. Қор болды жаным.
16. Сен мені не етесің.
17. Айттым сөлем, Қаламқас.
18. Қиыстырып мақтайсыз.
19. Көзімнің қарасы.
20. Жастықтың оты жалындап.
21. Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап.
22. Өзінен басқа ойы жоқ.
23. Менсінбеуші ем наданды.
24. Алыстан сермеп.
25. Қақтаған ақ күмістей кең мандайлы.
26. Жазғытұрым қалмайды қыстың сызы.
27. Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан.
28. Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ.
29. Жасынан түсін біліп сыр бермеген.
30. Кейде есер көңіл құрғырын.

Барша Онегин мен Татьянаға тиісті өлеңдерді 89-жыл мен 92-жылдың ішінде жазған. 86-жылы Күнту Шоңқа баласы болыстығынан түсіп, орнына назначением Шәһкәрім болыс болған. Күнту соңынан ерген шекті Олжабайды ертіп, Мұқырға шығып, Оразбай соңына ерген Күшікті ертіп. Бұғылыға шыққан.

87-жылы қалған Шыңғысқа Оспан деген інісі болыс болған. 89-жылы бұл өкпелесіп екі жақтағы екі болысқа шығып кеткен елдер татуласып, қайтадан Шыңғысқа шыққан. Ол жылы тағы да

Оспан болыстыққа сайланып, азар елімен табысып, елді Оспанға тапсырып, енді бірбеткей ғылым жолына шықтым деген жылдары еді.

Әмсе мәжілісінде ғылым сөзінен басқа сөз жоқ. Біз шәкірт есебінде сөзін тындап, мұсылманның медресесіндегі шәкірттерше ақиқат олай емес былай деп, дауласып жатушы едік.

Сол үш жылдың ішінде осы айтылған бірсыпыра өлеңдерге өнді де шығарып еді.

Әсіресе 89-жылдың 90-ға қараған қысы мен, тоқсаныншы жылдың тоқсан бірінші жылға қарайғы қысында шығарды. 91-жылы Оспан мен Оразбай жамандасып араз бола бастап, тағы да отырғызбай кетті. Басында екеуін ұғыстырмақшы болып, арасына жүріп, ақыры болмай жауласқан соң інісі Оспанның сөзін қуаттап, Оспан жаққа шығып кетті.

Сол бізге ұстаздық қылып отырғанда біздің жүрегімізге: «Малқұмар, мансапқұмар адам, адам емес», – деп еді. Бұл сөздері әр өлеңінен де көрінер. «Мөз болады болысың», «Малға дос-тың мұңы жоқ малдан басқа» деген сықылды әр өлеңнен абайлап қарасаңыз көрінеді. «Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек» деген өлеңді айтқанда, «Ел билеген адамды мақтап отыр ма, боқтап отыр ма?» солары секілділері көп.

Мен сөзімнің басында айттым ғой: жасында әлуетті жас болып, ел билемекке еңсесін сала шапса да, ой кірген соң тоқталып қайтқан, өзінің «өлсем орным қара жер» деген өлеңіндегісі де дәл сол 89-жылда мен 14 жаста едім. Сонан былайғы әкемнің сөйлеген сөзіне, істеген ісіне қарағанымда бұзақылармен алысқандағысы өзін жаудан қорғау ретінде. Күнту болыс болып кеткен жерде: сайлауға келген Тихонов деген оязнойдың қатыны айтты, көтек деп күлуші еді. Сол жерде оязной бұл сайлауды бұзып, қайта сайлау қылайын десе, менің әкем жоқ, осы бетімен бекітіңіз депті. Жауласқан ел болыстықты алған бетімен тұрмай, менің әкеме, біздің елге қорлық, зорлық қыла бастатыпты. Өздері қалай сайлап алған старшиндарына түр бастырып, 86-жылы менің әкемді жер аудартпақшы болған.

Сол орайда Семейге генерал-губернатор келіп, қасында бұрын уезной болып кеткен Лосовский бар. Елдің приговоруна қарап, менің әкемді жер аударылсын деп резолюция салмақшы

болғанында менің әкеммен екі арасына, әлгіні Лосовский жүріп, әкемді генерал губернаторға жолықтырыпты. Сөйлескенде не айтқанын білмейміз, «Сен заманыңнан басың асқан адам екенсің», – депті.

Сол жерде оязнойға тапсырып, Күнтуды түсіріп, қызметті Шөһкәрімге тапсырмақ қылыпты. Біздің жау жағымыз мұндай төңкеріс болып қалғанын білмей, Абай айдалатын болды деп, елге келісімен Төңірберді қыстап шыққан қостан жылқысын алған. Сол жерде Күнту түсіп, қызмет Шөһкәрімге тиіп, жылқыны алып, қырық салған ел қатты қазаға ұшырап, берекесі кетіп қалған.

Приговорларында шет Шубас елдердің де қосылғандары болыпты. Жазығы болмаса да пәленшені мұқатқан деген сөзді өздеріне абырой көргендер болса керек, жаңа «Дала уалаяты» деген газетке менің әкемді қасына ас бермеді деп жамандап, Кереку жағының біреуі «Атадан бала туса игі, ата жолын қуса игі» деп жазған. Сондайлардың мінезіне мынаны айтқан:

Сор қалың соққы жеген бишарамыз,
Қайтып суын қалғаннан көре аламыз,
Күр дәрімен атқанға өлмейді екен,
Өмірі мақтаншаққа нысанамыз, –

деп елдің жабылып мазасын алғаннан айтқаны:

Күшік иг бөрі ала ма жабылса да,
Төңірі сақтар табандап кеп ұрса да.
Арсыз адам арсаңдап арсылдайды,
Әр жерде керегеде таңылса да.

«Мәз болады болысың» деген өлеңді 90-жылы Семейге Барон Таубе деген генерал губернатор келіп, бірсыпыра болыстарға, билерге шекпен қылыш сыйлаған, сондағы шекпен алған болыстардың қуанғанына ыза болып жазған, өзіне де қос ауыз мылтық сыйлап еді.

«Біреуден біреу артылса» деген өлеңді сол жылы бізге музыка үйретемін деп Мұқа деген скрипкашыны әкеліп, әм әсет деген ақынды да сақтаған. Әсет терісі тар, ызақор, кісімсіген адам еді, соған арнап жазған.

«Білімдіден шыққан сөз» деген өлеңді де осының ретінде айтып кеткен, «Ем таба алмай» деген өлеңінің артына «Жас жүрегім жанды менің» деген өлең тіркеліп кетіпті, ол өз алдына бөлек өлең, бұл перевод болса керек еді. Пушкиннің «Под вечер» деген өлеңінен перевод емес пе екен, бастап кеп тастаған ба деп ойлаймын. «Бай сейілді» деген өлеңді ел билеген болыстарға наразы ғып айтқан, «ұрысса орыс, елге болыс» үйде ұрған итке ұқсап» дегені үйден таяқ жеп шыққан ит, тыстағы итпен алыса кететін әдеті болады. Үйдегі кісіге ештеңе ете алмай, ашуын тыстағы иттен алады. Уезнойдан сөгіс естіген болыс та, сол ит секілді уезге ештеңе ете алмай, тыстағы жай адаммен ұрысады дегені.

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген өлеңді Шәхкәрім жас күнінде көрілікті жамандап, алпыстан аспай өлеңін көрі ит жат деп, былшылдап шат деп айтады деп, бозбалашылықты мақтап, шіліктен шымылдық құрып, томашадан жастық қып деген өлеңі болған.

Көкбай молланың: «Әзіреті әлі айдаһармен атысыпты» деген өлеңі болған. Әріп деген сыбан, өлең жазғыш жігіт Зияда деген өлең жазған қызды мақтамақшы болып суреттегенде «көзі – гауһар, сүйегі – алтын» деп осы сықылды асыл тастарды түсіне қарамай сұлудың бетіне жапсыра берген. Сол үшеуіне ой салып, ақыл көрсетпекші болып жазған еді. Ол өлеңге Әріп кектеніп, Біржан мен Сара деген қыз айтысыпты деп, өлең жазып, біздің ақсақалды жамандайды, Біржанның арғын емес, керей екенін білмейді.

91-жылы Оразбай Оспанмен араласып жауласқанда Тәңірберген деген ағасы Оразбай жаққа шыққан. Былайша болмақтың себебі: Тәңірбердінің сүйегі бос адам еді, ертерек қартайып, билікті Әзімбай деген баласы алған. Оның жауласқан себебі талабы бар оқымаған жас жігіт абұйырлы болмаққа ел билеумен табамын деп ойлап, ағаларының алақанына қарамай өзінің ел таппаққа ең қолайлысы ағаларының жауын ел қылғаны болып көрініп, Оразбаймен құда болған. Оразбайлар ойлаған: бұларды бөлмеске болмайды, өстіп құда болып бөлелік деп. Елді меңгеріп, елдің сүндет-міндетін де жаудың азабын да жеке көтеріп алған інісі Оспан 92-жылы өліп, Оспан арқалаған азап, жеке басына түсіп қалды. Сондықтан медресе болғандай болып кейінгі өлеңдерді әр уақытта жазып тастай берген.

Көбінесе өлеңді қысты күні жазушы еді. «Бойы бұлғаң, сөзі жылмаң» деген өлеңді 92-жылы Оспан өткен жылы қыстауға қонғанда жазып еді. Бұл өлеңнің аяғы «Кешегі Оспан бір бөлек жан» деген өлең.

Оспан деген кенже інісі өлген соң артында қалған баласыз үш жамағатын Сқақ, Төңірберді, үшеуі алған. Үлкен үйдегі келіні Еркежанды әкем алып, үлкен үйге кірген бұл келінін алғаны 94-жылы. 98-жылы сайлауда баяғы Оразбай мен Күнту тағы да бірі Бұғылыға, бірі Мұқырға шығып, қалған елді өзің ие болып қайырып алмасаң болмайды деп, халық ақсақалдары менің әкемді болыстыққа сайлаған. Менің әкем 20 жасында Құдайберді деген ағасына кандидаттыққа бір сайланған екен. Құдайберді өлген соң араз жағы, жасы толымсыз деп көрсетіп, түсіп қалған екен. Содан кейін қандайлық елдің сайлауын еркі біліп, билеп жүрсе де, болыстыққа сайланған емес. Екі рет бұрын Мұқыр елі Қоңыр көкше атанып жүргенде осы елге назначением болыс болыпты.

Еркежанды алған жылы волостной съез қылуға елге шыққанда: Қыздар атты бір құрдасы, олақтау адам еді. Бейне бір менің әкем ішсе асқа, кісе киімге жарымай жүрген адамша, қалжыңдаймын деп айтыпты: «Биыл үлкен үйге кірген соң тойып, түйініпсің ғой», – деп.

Сол Қыздардың қалжыңына ыза болып, мына өлеңді жазған. Бір талай өлең еді, ертеңінде Қыздар жалынып сұрап алып, отқа салып жіберді. Бір-екі рет оқығандағы жаттап алғанымыз осы-ақ:

Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бөкең,

Бөкең Қыздардың табы, Ілекер, Бетімбай...

Аталық, Жанқожа сол таптың Қыздардан бұрынғы өткен жақсылары.

Байұзақ Қыздардың ағасы, бірақ бұл кезде тұғырдан түскен. Дауылбай – қанды балақ ұры (айпар, жайпар, жегіш, жүтқыш, жалмауыз деген сөздердің мағынасында).

Шотқара Қыздармен тектес Бөкең ішіндегі бір топ оның Айтқожа деген есті, жұғымды адамы болған, сол сені ақымақтандырып жүр деді. Досақ – Бөкең ішіндегі Қыздардың табы.

«Болды да партия ел іші жарылды» деген өлеңді де осы Қыздарға шамданғаннан айтып жіберді.

«Ант пенен тарқайды, жиылса кеңеске» деген өлеңдері де сол 94-жылы съездегі билердің мінезінен айтқан.

«Не іздейсің көңілім, не іздейсің», «Жүрегім, ойбай соқпа енді», «Ал сенейін, сенейін», «Жүрегім нені сезесің», «Жақсылық ұзақ тұрмайды», «Қарашада өмір тұр», «Жас өспірім замандас қапа қылды» деген өлеңді Оспан өліп, бар бейнет басына мезгілсіз түсіп, ықыласы қайтып қажыған кезінде досы да, туысқаны да бұлданған, құбылғанын көріп, сол 92-жыл мен 93-жылдың ішінде жазған еді. Менің әкемнің өз еліне, ағайын, туысқанына арнап айтқан сөздері де жалпы қазаққа жағып, көкейіне қона түседі. Жалпы қазақтың дерті бір дерт болған ғой, бүгін абайлап қараса елдегі қазақтың дерті оқыған азаматтарынан да арылмаған секілді. Қазақ азаматтарының әлденеше тобында болдым, талас шықсақ табымен бөлінеді. Ол баяғы елдегі біздің науқасымыз, қастықпен бөлінсе аралас болып, ата жігі көрінбес еді. Қастығын ұстаған тастай лақтырып тастап, жеңген жаққа шығып, «өзбек өз ағам, сарт садағам» деген баяғы көрі мінездің қалпы қурап па? Мен бұл жерде өз басынан ойлап шығарған өлеңдерінің мына кітаптағыларын реттеп, қай мезгілде, не себепті жазылып кетті екен деген сөзге жауап орнында жаздым. Басқа переводтарының қай жылдарда жазылған бұрынғы кітабында айтылған.

Крыловтың переводтарын 94-жылы Недоров деген уезной елге келгенде менің әкемнің Лермонтовтың өлеңдерін перевод еткенін естіп, менің әкеме айтты: «Сіз Крыловтан перевод етсеңізші, қазақтың ұғымына сол қолайлы жеңіл ғой», – деп. Содан кейін Крыловты перевод етіп еді.

Біздің елге Сқақ Махмұдов деген ноғай ертеректе саудамен келіп, қазақтан қыз алып, қазақ ғұрпына түсіп, қазақ сықылданып кеткен, қазақ ішінде недәуір бай болған. Құнанбай қажының балаларынан алып, қыз беріп, құршалалып құда, құшақтасқан дос, туысқан есебінде болған. Сол Сқақтың немерелері Сыдық, Жибұлда деген екі жасы, бозбалаша балалар менің әкемнің үйіне келіп отырғанда, соларға арнап «Қуанбаңдар жастыққа» деген өлеңді жазған.

Қымыз ішіп отырғандарға арнап: «Осы қымыз қазақтар, мақтаның ба, асың ба?» – деген өлеңді жазған.

«Көңілдің күйі тағы да» деген өлең Лермонтовтың «Вдохновениені» суреттегені болса керек еді, сөйтсе де: «Ескендірді» жазардың алдында жазса керек.

«Желсіз түнде жарық ай» деген өлеңді 98-жылы жазған. 88-жылы жазды деп бұрынғы өлеңдерді көшіріп жазған Мүрсейіт деген адамның қате жібергені болады.

Өнді өлең қып суреттегенінің себебі: мен де жасымда ақын шығармын деп, аз-маз өлең жазып жүргенімде, өнді өлең қып қарайыншы деп едім, қисынын келтіре алмадым. Содан соң әкеме айттым: «Осы өнді өлең етіп суреттеңіші», – деп. Сонан соң айтып еді. Соған жалғас кешті суреттеп осы өлеңді жазды.

«Құлақтан кіріп бойды алар, жақсы ән мен тәтті күй», «Сағат» деген өлеңді біздің өлең қыламыз деп қыбыжықтап жүргенімізді естіп жазды.

«Алла деген сөз жеңіл, Аллаға ауыз жол емес» деген өлеңді, «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес, ол бірақ қайтып келіп, ойнап күлмес» деген өлеңді, «Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Еш уақыт рас сөз жалған болмас» деген өлеңді өзінің қара сөзбен тасдық деп жазған сөзіне қарай өлең қылған. «Қуатты оттай бұрқырап, уазынға өлшеп тізілген», «Адамның кейбір кездері» деген өлеңді өзі ойланып «вдохновениені» суреттеп айтқаны. «Күнді уақыт қызартып көк жиектен асырса, Көлеңке басын ұзартып, алысты көзден жасырса» деген өлеңі – сүйген, сенген достарынан соққы жеп, жер соғып алданғаннан айтқаны. «Сүм дүние, тонап жатыр ісің бар ма?», «Есіңде барма жас күнің» дегені – өзінің қартайып бара жатқандығын айтқаны. «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма» деген өлеңді қалай өскенін, қандай тәлім алған, қандай халықтың ортасында болған, ой кірген соң не қылған – соларын қысқаша айтып, биография есебінде жазған. «Ескендірді» жазғанда жұрт мақтаған Ескендір жақсы кісі емес, мұның қаһармандығының жолы осы деп жамандаған.

* * *

Менің әкемнің ашуын өзі еңбек қып азайтып еді дегеніме бір себеп төмендегі сөз:

«Біздің қазақ сорлы мансапқа таласпай жүре ме? 1898 жылы сайлау болғанда, бұрынғы Мұқыр атанған елдің сайлауына менің әкем барған. Оразбай байдың дәулеті асып, дәуірі тобықты іші-

не жүріп, Оспанмен екеуінің араздығы, Оспан өлген соң менің әкемнің басында қалған. Оразбай мен әкемнің араздығы тобықты елі болып, үлкен съездерде бір уезге қараған қазаққа жетіп, бір уез елдің адамдары екі жар болатұғын. Мұқыр болысының ішіндегі менің әкемнің тілеулестері: «Сіз бармасаңыз болмайды, Оразбай қалаған кісісін сайлатып алып, басымызға пәле жауғызады», – деп жалынып жалпайып апарған. Ақылы көзінде, елдігі де, жаулығы да қаспен көздің арасында тұратұғын сорлы қазақ, менің әкемді көрген соң әкемнің досы жаққа қарай ауыса бастаса керек. Бастығы Оразбай жолдастарымен осының өзіне қол тигізіп бір таңба салмасак, ел ескі әдетімен ауа береді десіп, бірнеше адамдарды сайлап шығарып: «Уезнойдың қасында әңгімелесіп отырған Абайға қолдарыңды тигізіп, жанжал шығарыңдар», – деп жіберген.

Халықтың бұл сияқты ниетінен хабарсыз отырған әкеме бірнеше татымсыз адамдар келіп, жанжал шығарған жерде бұлардың бұл ақылының ішінде болған адам аналардың қолы Абайға тигенше, маған тисін деп, аналар ұмтылып қамшысын сілтей бергенде, әкемнің үстіне жығылыпты. Жұрттың таяғы оған тиіп, әкеме таңба түспей қалыпты, бұл кісі Сопының інісі Аппас, бірақ таяқ тиді не, тимеді не, әйтеуір Абайды ұрдық деген атын көтеріп, мұратына жетті.

Осы ісі туралы ағайын туғаны, балалары, ел-жұрты, досы-жары жиылып: «Біз де пәлен етеміз, түген етеміз, өлеміз, өлтіреміз, бітім жоқ», – дескенде, менің әкем айтты: «Барша жамандықтан жамандық туады, жақсылық тумайды. Мен жасымда қарғағанымды жер қыламын, алғағанымды зор қыламын деп ашуға да, айлаға да шырақ жағып түнегендей болғанмын. Дұшпанын жеңбекте жолы болған адамның бірімін. Мен алғаш атқа мінгенде, жігіттіктің дәулеті де, дәурені де өзімізбен тең, жай келсе, артықпыз деп жүрген ел еді. Солардың қанша жандарының айдалып, байлануына, бірінің артынан бірі барамын деп жапан жүріп бейнетке, қазаға ұшырауына себеп болған шығармын. Рас, өздерінің ұрлық, зұлымдығынан да болған шығар, бірақ менің қатты зөрленіп соңына түскенімнен де болды. Сол Жігітек деген ел қандайлық елдіктен кетіп, кедей болып тұрғандай тозды десең де, бүгін астымда жатса да аяғымды тістеуге жарады. Бұл жаманшылықтан туған

жаманшылық деп біліңдер. «Өлеміз, өлтіреміз, бітім жоқ» деген сөз дұрыс емес. Мен енді бұл бітімсіздікті қостауға жайым жоқ. Жөні келсе, мен – бітімнің кісісімін», – деп елді тоқтатты.

98-ден 99-ға қарайғы қысында, Оразбай Меккеге жүрерде бітелік, ризаласалық деп кісі салған соң, әкем жарайды деп, алған-берген еш нәрсе жоқ. Семейде Жақия қажының үйінде бас қосып, Меккеге жүрмекші Оразбайға ризалығын берді. Артынан елге барған соң Медеу деген Оразбайдың баласы жанжалдағы елдің басты адамдарын жол-жобасымен әкемнің алдына алып келіп, бітім болды. Абай алған жол-жобасы үшін бітім қылды деп ешбір Тобықты айта алмас.

99-жылы обласной землемер болыс-болыстың арасына меже салып, гран жүргізгенде, бұрынғы Мұқыр болысындағы Жігітек, Бөкенші деген екі тап елдің егесі мен ежелгі жау болып келе жатқан екінші 98 жылғы жанжалдың иесі, ағайыны, гран бойынша еріксіз біздің Шыңғыс елінің хатына кіріп қалды. Бұлар ашулы арыстанның алдына қол-аяғын байлап тастаған кісінің күйінде болды. Жоқ, әкем сол араз ағайынның бар басты адамдарын, ақсақал, қарасақалын шақырып алып: «қырық жыл елдік, қырық жыл жаулық болмайды» деген, енді жаулықты ұмыталық, мен жаулық қылады екен деменіздер деп, шын жүрегін көрсетіп, қойнын ашып жіберіп еді, олар да бұрынғы жаулықты соншалық ұмытты.

Содан кейін төрт жыл өтіп, бесінші жылдың басында менің әкем дүниеден қайтып, артында мен қалғанда, әкемнің аруағын сыйлап, шын достығын көрсеткен елде тек осы Оразбай болды.

Оразбай секілді әкемнің жаулары енді мені бишара жетім ғой, енді бұған тиіп неғыламыз деген жоқ. Қандай жаулығын қылса да әкемнің достарының арқасында жалғыздық көргенім жоқ.

АБАЙ (ИБРАҺИМ) ҚҰНАНБАЕВ

1904 жылы маусымның 23 жұлдызында Семей уезінің болысында (Шыңғыстауда) даланың сүйікті ақыны Абай Құнанбаев дүние салды. Негізгі хатқа түскен аты Ибраһим (Авраам) болса да, қазақ даласы шешесінің (әжесінің Т.Ж.) еркелетіп қойған нәзік те үнді есімімен Абай деп атап кеткендіктен, біз де солай қолданамыз.

Абай әке жағынан алғанда тобықты руының белгілі шонжары мен биінен тарайды. Ақынның бабасы, тобықтының батыр биі Ырғызбай Торғай облысындағы Ырғыз өзенінің бойында XVII ғасырдың елуінші жылдарында дүниеге келген. Ат төбеліндей көсемнің бірі ретінде ол тобықты руын Түркістаннан аса құнарлы жайылымы мол Шыңғыс тауына көшіріп әкеледі. Абайдың атасы Өскенбай дала халқына әділ би ретінде танылды. Оған басқа рулардың қазақтары да жүгініп, дауларын шешкізді. Абайдың әкесі Құнанбай да басқа рудың қазақтарына өктемдік жүргізген, оны тек төре тұқымдарының сұлтандарына ғана тән лауазым – Қарқаралы округінің аға сұлтаны болып сайлануы дәлелдейді. Құнанбай өмірінің соңында Меккеге барып, одан қайтып оралған соң ел билігінен бойын аулақ салады. Бұның өзі де Құнанбайдың беделін өсіре түседі.

Абайдың шешесі Ұлжан да Бошан руының затты тұқымы Бертістен тарайды. Ол да Ырғызбай сияқты Қаракесек руын Қарқаралы уезіндегі Қу, Едірей, Мыржық тауына бастап келген. Абайдың шешесі Ұлжанның төркіні қушыкеш Қантай мен Тонтайдың есімі қазақ даласына кеңінен мәлім.

Бірде Қантай бай ұзақ ауырады. Қожа мен молдалар жиналып, оның көңілін сұрайды. Сонда Қантай жантөсілім беріп бара жатып: «Жазыла-жазыла қожа-молдалардан да ұят болды, енді өлмесек болмас», – депті.

Абай алпыс жасқа қарағанда қайтыс болды. Ол 1845 жылы (жылан жылы) туылып, 1904 жылы (қоян жылы) қайтыс болды.

Абай он-он екі жастар аралығында қазақ даласында жүріп хат таныды. Ал он екі жасында Семейдегі Ахмет Риза молданың мед-

ресесіне түседі. Абай он төрт жасында сонда жүріп үш ай орыс мектебінен дәріс алады. Осы төрт жылдық медреседегі және үш айлық орыс мектебіндегі дәріспен Абайдың мектептік оқуы аяқталады. Ол далаға қайтып келген соң он бес жасында қазақ руларының арасындағы беделі зор, 1822 жылы Сібір қазақтарының басқару ережесіне сай монополиялық күшке ие болған сұлтан тұқымдарымен саяси-билік тартысына түскен өз әкесінің қасына еріп, ел ісіне араласады. Бозбалалық жасына қарамастан, Абай сол кездегі қайраткерлердің арасынан көрнекті орын алып, бидің заманының өткеніне қарамастан, оны ел-жұрт би етіп сайлады. Жиырма жаста Абай от тілді, шешен, халық өмірі мен әдет-салтын, қазақ даласындағы атақты билердің әр істі шешкендегі төреліктерін жақсы білетін ділмәр атанады. Өзінің білуге құштарлығы мен зерделілігінің арқасында, қазақтың ғұламаларының халық аузындағы сөздерін, мақалдарын, ертегілері мен нақылдарын меңгереді. Абай билердің шартты түрде сайланбай, талантымен бағаланатын ескі заңы кезінде өмір сүрсе, артистер мен жазушылардың даңқы сияқты атақты би атанар еді. Ислам дінінің далаға орнығуының пайда-зиянына орай жана заманның талабымен Абай білімге ден қойып, араб, парсы, түркі тілдерін кітап арқылы үйренеді. Табандылығы мен бейімділігінің нәтижесінде өз бетімен араб, парсы тілдерін еркін меңгеріп, қасиетті біліммен суындады. Молла мен қожалар туралы далада кең таралған «аңқау елге арамза молла» деген мақалға орай олар өздерінің жан дүниесінің пасықтығын әшкерелеуден қорқып, Абаймен кездесіп, сұхбаттасудан қашқақтап жүретін. Осы арада Абайдың ислам дініне қатынасын да айта кету لازым. Ол өзінің өлеңінде молдалардың арамзалығы мен алықтығын сынап, мұсылмандық жолымен күніне бес уақыт намаз оқуды мінейді. Осы арқылы барлық діни ғұрыпты ұстанатын, әсіресе отыз күн рамазан айындағы ораза мен тәулігіне бес уақыт намаз оқуға қарсы келеді. Құнанбайдың семьясындағы діни пікірлер мен ғұрыптар, әкенің үстемдігінің күші – Абайдың ислам әдет-ғұрыптарының бүркеншік қасиеттерін сезінуге жол ашты. Абай отыз жасында барымтаны жойып, өзге рудың байлары мен туысқандық пен достыққа ұмтылған, жауларын сескентетін беделді қазақ атанады. Абай өзінің барлық қабілеті мен білімінің арқасында қазақтардың билік тартысы ара-

сында басты тізгін ұстаушы болды. Абай өз отанының сом алтыны еді. Дауға да, партия таласында да әділ төрелік айтты. Абай он төрт жасынан бастап сықақ өлеңдер шығарды. Ол жастар арасында кең таралғанымен, оған онша мән бермеді. Негізінде, дала атқамінерлерінің «ақын» деген атты иемденуден қашқаны әсер етсе керек. Қазақ сұлтандары өздерінің арасынан бақсы мен ақын шықпағанын мақтанышпен айтатын. Кейін ақындық жолға түскен Абай қазақ ақындарын өнерді байдан мал қалап алуға жұмсағанын сынап, өлеңші сымақтардан өзін аулақ ұстады.

Ақындары ақылсыз надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап,
Қобыз бен домбыра алып топта зарлап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап.
Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап.
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап.
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,
Өз елін бай деп мақтап, құдай қарғап.
Қайда бай, мақтаншаққа барған таңдап,
Жиса да бай болмапты қанша малды ап.

Міне, қазақтың суырыпсалма «ақынсымақтарына» берген бағасы.

Егер 80-жылдары өлең туралы көзқарасын мүлдем өзгерте пегенде, өзінің ұлы дарынын көрсете алмай дүние салған болар еді. Сол жылдары «Қазақтардың заңдық әдет-ғұрпы» туралы қырдан дерек жинап, кейін Маковецкий және Михаэлис мырзаның редакциясымен жарық көрген кітапшаға материал іздестіріп жүрген саяси жер аударылушы Гросс мырзамен танысты. Гросс пен Михаэлис екеуі де Абай ауылында қонақта болып, оны орыс әдебиетімен таныстырды. Солардың ықпалымен Абай Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой, Тургенев, Салтыков-Шедрин, Достоевский, Белинский, Добролюбов, Писаревтің творчествосымен танысты. Абай өзінің өмірінің соңғы сәтіне дейін Михаэлисті ерекше ілтипатпен еске алып, «Дүниеге көзімді ашқанға үлкен себепкер болған кісі – Михаэлис» деп өзінің оған борыштар екендігін білдіретін. Соңынан Абай Спен-

сердің «Тәжірибелерін», Льюистің «Позитивті философиясын», Дрепердің «Европаның ақыл ойының дамуын», Н.Г. Чернышевскийдің «Современник» кітаптарындағы мақалаларды оқыды және олардың тағдырымен жақсы таныс болды. Абай, әсіресе Лермонтовтың шығармаларын сүйіп оқыды және «Ой», «Қан-жар», «Дұға», т.б. өлеңдерін ден қоя аударды. Абай қазаққа түсінікті әрі пайдалы деп санаған Крыловтың көптеген мысалдарын тәржімалады.

Абай қазақ тіліне «Евгений Онегинді» аударды, оның ішінде аудармашының өзі ән шығарған «Татьянаның хаты» қырда үлкен сүйіспеншілікке бөленді. 1899 жылы Көкен болысының әнші қазағы Әділхак бізге «Татьянаның хатын» скрипкаға қосып орындады. Бізді таңқалдырғаны «Татьянаны қайдан білесің?» дегенде, Әділхан өзін нұсқап қойып, орыстың өзі сияқты Пушкин деген ақыны болыпты, ол Татьяна сұлудың Онегин деген жігітті сүйгенін айтып хат жазғанын жырлайды. Сол кеште Әділхан бізге Абайдың Лермонтовтан аударған өлеңін әнмен айтып, сонымен қатар Лермонтов өмірге риза болмаған, ал Пушкин оған данышпанша қарады деп түсініктеме береді. Осы жолдардың авторы соңынан Абайдың Пушкин мен Лермонтовтан аударған өлеңдерін домбырамен қосып айтқан бірнеше ақындарды кездестіреді. Абай Толстой мен Салтыковтың талантына бас иді. Орыс мектептерінде оқитын қазақ балаларына арнап, қазақ балаларының паракор, ұлық, полиция чиновнигі болуға ұмтылатынын сықақ етіп. Толстой мен Шедриндей болуға меңзейді.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көріп тұрып тексермедім.
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.

Өткеннің орнын толтыру үшін Абай өз балаларын орыс мектептеріне оқытып, өзге қырғыздар сияқты шен-шекпенді емес, білімді уағыздады. Абай өзінің балаларын оқуға тәрбиелеу туралы былай деді:

Адамның бір қызығы бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім.

Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет кылсын, пен алсын деп бермедім.

Екінші баласы Әбдірахман қалалық училищені бітіргеннен кейін Абай оны жылына бірнеше жүз сом қаржы шығара отырып, Тюменьдегі реальды училищеге береді. Абай – оқу үшін осынша көп ақша шығарған алғашқы қазақтың бірі. Әбдірахман Тюменьнің реальды училищесін тамамдаған соң Петербургтегі технологиялық институтқа аттанады. Онда бір танысының (Лосевский мырзаның) кеңесімен Михайлов артиллерия училищесіне түседі. Өкінішке орай, өз еліне қамқорлығы тиеді деп үміт еткен Әбдірахман Артиллерия академиясына баруға дайындалып жүрген кезінде, 1895 жылы өкпе ауруынан қайтыс болады.

Орыс әдебиетімен танысу Абайға үлкен әсерін тигізіп, қазақтың ұсақ-түйегінен аулақ, оқу мен өлеңге берілген қазақ ақыны болды. Өкінішке қарай, өлеңдерін жинамады. Абай айтқан әрбір сөз бен қағаз бетіне түскен өлеңін жастар іле жаттап алды. Әсіресе Абайдың сатиралық өлеңдері қырғыз даласының түкпір-түкпірінен кездеседі. Абай өзінің туыстарына да сын көзбен қарап, өз талантының тәсілін түсіндірді.

Жан көрінбес көзіме,
Арғын, найман жиылса,
Таңырқаған сөзіме,
Қайран сөзім қор болды
Тобықтының езіне.

Жоғарыда көрсетілгеніндей, Абай соңғы кезде қоғамдық істерге араласпады, оның жаулары сонда да оны қудалауын тоқтатқан жоқ. Өзінің көп көлеңкесінде қалғанын келесі шумақтар арқылы жеткізді:

Өзім де басқа шауып, төске өрледім,
Қазаққа қара сөзге дес бермедім.
Еңбегінді білерлік еш адам жоқ,
Түбінде тыныш жүргенді жек көрмедім.

1904 жылы мамырдың 14 жұлдызында Абайдың сүйікті ұлы Мағауия қайтыс болды. Кезінде денсаулығының нашарлауына

байланысты сүйікті баласын қалалық училищеден қайтарып алған болатын. Бұл қаза Абайды қатты қайғыртып, ешкіммен сөйлеспеді, көптен өзін жырақ ұстады. Қырық күннен кейін өзі де дүние салды. 1893 жылы жазған өлеңдері алдынан шыққандай көрінді.

Жүрегімді күм қылды,
Өткен адам, өлген жан.
Ақыл іздеп зерлепті,
Бәрін сынап сандалған.
Енді ішіме ой салған,
Тұла бойды улатты,
Бәрі алдағыш сүм жалған,
Басқа тиді, байқадық,
Бөріне басты шайқадық,
Тағы бар ма, айтарың,
Нанғыш болсаң енді нан.

Абайдың өз шығармалары мен Пушкиннен, Лермонтовтан, Крыловтан жасаған аудармаларын ұлы Тұрағұл жинап, таяу арада императорлық Россияның Географиялық қоғамының Семей бөлімшесі басып шығарды.

Өлеңдерінен көрініп тұрғандай Абай асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы болды. Абай сияқты халықтың рухани творчествосын осыншама жоғары көтерген қазақ ақыны әлі кездескен жоқ. Оның жылдың төрт мезгіліне арналған (көктем, жаз, күз, қыс) тамаша жырлары оны Еуропаның атақты ақындарының қатарына қосар еді.

1905 ж.

ҚАЗАҚТЫҢ БАС АҚЫНЫ

Қазақтың бас ақыны – Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ. Ақмола, Семей облыстарында Абайды білмейтін адам жоқ. Ақмоламен сыбайлас Торғай облысында Абайды білетін адам кем, құты жоқ деп айтса да боларлық. Олай болуы сөзі басылмағандықтан, Абайдың сөздері кітап болып басылып шыққанша Абайдың аты да, сөзі де Торғай облысында естілмеуші еді. Ақмола, Семей облыстарында Абайдың атын, сөзін естімедім дегенге недәуір таңырқап қалады. Мен ең әуелі Ақмола облысына барғанымда Абайды білмегеніме, сөзін естігенім жоқ дегеніме таңырқап қалушы еді.

Қай жерде ақындар жайынан я ақындардың сөздері жайынан әңгіме болса, Абайдың сөзін мақтамайтын адам болмады. Абайдың сөзін көрмей тұрғанда, мақтағандарына сенбей, қазақ үкілеген өз құнанын өзгелердің тұлпарынан артық көретін мінезі болушы еді, мақтап отырған Абайы біздің Әбубәкір, Сейдахмет, Ақмолдаларымыз сықылды біреу ғой деп жүрдім.

1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олар сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады. Кей сөздерін, ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық – Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда айып жазушыда емес, оқушыда. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң сөзінің бөрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сы-

найды. Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олар сөзінен үздік, артық. Ол оқшаулық, артықтық басқа ақындардан Абайдың жалғыз сөзінде ғана емес, өзінде де болған. Абайдың қандай болғанын көзбен көрмесек те, көргендердің айтуынан білеміз. Сөзінің қандай екендігін сөйлеген соң өзінің де қандай екенін айтып, білдіріп өткеніміз теріс болмас.

Абай – Семей облысының қазағы, руы Тобықты. Ұлы атасы Ырғызбай Торғай облысындағы Ырғыз деген өзен бойында туған екен. Ырғызбай халқының қолбасы батыры һәм ел ағасы би екен. Тобықтының аймағы аз кезінде Түркістаннан елін ертіп ауып келіп, Шыңғыс тауы малға жайлы деп, қоныс еткен екен. Кіші атасы Өскенбай би халық арасында ғаділ би атанған. Өз елі түгіл, басқа алыстағы елдер де араларындағы зор дауларын Өскенбай бидің алдына келіп бітіседі екен. Өз әкесі Құнанбай жұрт аузына қараған қазақтың бас адамдарының бірі болған. Қазақты төрелер билеп, сұлтандар төрелерден қойылып тұрған заманда, солармен таласып, қарадан сұлтан болған адам екен. Шешесі Ұлжан бәйбіше Қарқаралы уезіндегі Әбдірей, Мыржық деген жердегі Қаракесектің Бошан руынан, Бертіс бидің тұқымынан. Шеше тұқымы күлдіргі, қалжың, өзілге ұста Қантай, Тонтай деген күлкімен сөгіп, қалжыңмен жеңіп, аты шыққан адамдар нәсілінен. Тонтай малды адам болған екен. Ауырғанда өзгелерден гөрі қожа, молдалар көңілін жиірек сұрайтынын байқап жүреді екен. Өлер жолы қатты ауырып жатқанда молдалар көңілін сұрай келіп отырғанында айтқан: «Баяғыдан бері жазыла-жазыла қожа, молдалардан да ұят болды, енді өлмесе болмас», – деп.

Абай 1845 жылы туған. Жылы жылан екен. Ибраһим деген атын бұзып, Абай деп ат қойған шешесі екен. Шешесінің сүйіп қойған аты ел арасында шын атынан көбірек айтылады. Абай 10 жасынан 13 жасқа шейін қырда мұсылманша оқыған. 13 жасқа шығарда Семейде Ахмед Ризаның медресесінде оқыған. Медреседе оқып жүргенде 3 айдай орысша да оқыған. 4 жыл мұсылманша оқып, 3 ай орысша оқып, сонымен оқуды қойған. 15 жасында-ақ балалық қылмай, үлкендердің қатарына кіре бастаған. Қазақты меңгеріп, халыққа араны жүріп тұрған төрелермен әкесі Құнанбай таласқанда, Абай әкесіне серіктікке жарай бастаған. 20 жасында ел ішіндегі белгілі бір шешені атана бастаған. Зерек-

тікпен естігенін ұмытпаған. Ел ішіндегі сақталған қазақтың бұрынғы өткен билерінің билігі, шешендерінің сөйлеген сөзі, көсемдерінің істеген ісі, үлгілі сөздер, ұнасымды өзілдер, мақалдар, мысалдар сияқты нәрселерді Абай көп біледі екен.

Заман бұрынғыдай болса, Абай алаштың атақты билерінің бірі болуы шүбәсіз. Біліммен би болып, жұрт билейтін заман өтіп, тасың [таспен] би болатын заманға қарсы туған. Білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билейтін заманға қарсы туған. Абай жұрт алдына білімін салғанда, басқалар малын салған, жұрттың беті малға ауып, ел билігі Абай қолына еркін тимеген, «Білімнен мал артық болушы ма еді», – деп Абай жұрттың онысына көнбей, таласқан. Сөйтіп, партия лаңына кіріп кеткен, өнер, білімін партия ісіне салған. Білімінің қызығын жалғыз ғана Тобықтылар көріп, басқаларға пайдасы тимей, болыстыққа құмар көп қазақтың бірі болып, бәлкі, сол күйімен өліп те кетуі ықтимал еді. Қазақтың бағына ондай болудан Құдай сақтаған.

80-жылдарда жер аударылып барған Михаэлис деген бір білімді кісімен, қазақ ғұрпындағы қағидаларды жиюға елге шыққан Гросс деген екеуімен Абай таныс болған. Бұлар Абайдікіне қонаққа келіп-кетіп жүрген. Абайдың тегін адам емес екенін байқап, олар болыстықтан гөрі жақсырақ нәрсе барлығын Абайға сездірген. Абайдай зерек адамға жөн сілтесе болғаны, онан арғысын өзі іздеп табады. Олар орыстың атақты ақындары Пушкин, Лермонтов, Некрасов барлығын, қарасөзді келістіріп жазғыш Толстой, Салтыков, Достоевский барлығын, сөз сыншысы Белинский, Добролюбов, Писарев барлығын Абайға білдірген; олардың кітаптарымен таныстырған. Өлең жазған Пушкин, Лермонтов, Некрасовтар қазақтың би, болыстарынан гөрі қадірлі екендігін Абайға түсіндірген. Ғылымды жұртта өлең жазу, сөз жазу нағыз қадірлі істің бірі екенін Абай енді ұққан. Ақындық, өлеңшілік ел көзіне қадірсіз көрінсе, ол кемшілік ақындық пен өлеңшілікте емес, ақындық пен өлеңшілікті орнына жұмсамағандықта екендігін, ақындық пен өлеңшілікті қазақ ақындары, өлеңшілері қайыршы, тіленшілік орынға жұмсағаннан өлеңнің қадірі кеткенін Абай әбден білген соң өлең жазуға түскен.

Абай жас күнінде күлкі үшін қалжың өлеңдер, қыздарға ғашық өлеңдер жазған, есейген соң арланып, тастаған екен. Ми-

хаэлис пен Гросска кез болмаса, сол күйімен, бөлкі, кетер еді. Қандай үлгілі, қандай мағыналы, қандай асыл, қандай терең сөздер жерге көмілер еді?! Абай сөздері дүниеда қалғаны – қазаққа зор бақ. Бетін түзеп, жөн сілтеген кісілерге де, сілтеген жолды ылақпай түп-тура тапқан адамға да қазақ балалары талай алғыс берер. Орыс ақындарымен танысып, өлең орны қайда екенін білгеннен кейін, Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрмет-ықыласпен күтіп алып, төр түгіл, тақтан орын берген. Бірақ басқа сөзден өлеңнің таққа мінгендей артықшылығы қандай – оны да көрсетіп, айтып қойған. Айтушы мен тыңдаушының көбі надан болғандықтан, өлең болып айтылып, тыңдалып жүргендердің көбі өлең емес екендігі, өлең жазушылар болса да, келістіріп жазушылары ішінде бірен-саран таңдама екендігі, жұрт мағыналы, маңызды, терең сөзден гөрі мағына жоқ, маңыз жоқ, желдей гулеп, құлаққа дыбысы тиіп өте шығатын жеңіл сөздерді тыңдауға құмар екендігі Абайдың өлең жайынан жазған сөздерінде көрсетілген. Сол сөзінен Абайдың сыншылығы, өлең жақсы болуға не керектігін білетіні де көрініп тұр.

Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек, ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек; мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Бұлардың үстіне, Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған. Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады. Ол өрнектерді ойдан шығармай, орыстан алса да, орыс өлеңдерінің өрнектері қазақ тіліне жарайтындығын бастап көрсеткені де зор көсемдік. Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген. Сондықтан өлеңі қай тарапынан да болса толық. Жалғыз-ақ міні бар. Ол мін – өлең бунақтары тексеріліп орнына қойылмағандық. Оның оқығанда я өнге салып айтқанда кемшілігі зор болады. Дауыстың ағынын бұзып, өлеңнің ажарын кетіреді, мысалы, төселіп желіп келе жатып шоқытып кеткен сияқты, тайпалып жорғалап келе жатып текіректеп кеткен сияқты. Бұл кемшілікті түзетуге болады. Өлеңнің үш буынды бунақтары мен төрт буынды бунақтары алмасып кеткен жерлерін алып, өз орындарына қойса, түзеледі. Мұнан басқа Абай өлеңдерінде мін бар деп өз басым айта алмаймын. Кейбіреулердің айтатын «ауырлығы бар» деген сөздер, ол өлең-

нің қисынын келтіре алмағаннан емес, өрнегінің жаңалығынан, қазақ өлеңдерінің дағдылы түрінен басқарақ болған соң, оқушылар жаттыққанша жатырқайды. Сонан ғана ауыр сияқты көрінеді.

Абайдың өзі тексергіш болған соң оның өлеңін тексеріп қата шығарып ешкім жарыта алмайды. Абайдың қандай сыншы, сөз тексергіш екендігін төмендегі сөзінен байқауға болады:

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.
Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол – ақынның білімсіз бишарасы.
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.
Әуелі аят, хадис – сөздің басы,
Қосарлы бейітсымал келді арасы.
Қисынымен қызықты болмаса сөз,
Неге айтсын пайғамбар мен оны Алласы.
Мешіттің құтпа оқыған ғұламасы,
Мінажат уәлилердің зар-наласы.
Бір сөзін бір сөзіне қиыстырар,
Өрбірі келгенінше өз шамасы.
Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іпші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы?
Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,
Мақалдап айтады екен сөз қосарлап.
Ақындары ақылсыз, надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап.
Қобыз бен домбыра алып, топта сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап.
Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап.
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,
Өз елін бай деп мақтар Құдай қарғап.
Қайда бай мақтаншаққа барған таңдап,
Жиса да бай болмапты қанша малды ап.
Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,
Бығжырақ көрінеді соларды аңдап.

Ескі бише отырман бос мақалдап,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.
Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел!
Сендерге де келейін енді аяңдап.
Батырды айтсам, ел шауып алған талап,
Қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап,
Әншейін күн өткізбек әңгімеге
Тыңдар едің әр сөзін мыңға балап.

Абайдың асылын танып, дұрыс баға берген нәрсесі жалғыз өлең емес, көп нәрсені Абай сөз қылған; сол сөздерінің бәрінде де Абайдың әр нәрсенің асылын танығаны, білгені көрінеді. Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік артықтығы әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендіктен. Басқа ақындардың сөзге шеберлігі, шешендігі Абайдан кем болмаса да, білімі кем болғандығы даусыз. Абай сөзінен Әбубәкірдің: «шайды, кебісті өркім тұтынып кеткені асылды қорлау болды», – деп қайғырған сөздері табылмайды. Басқа ақындар аз білімін сөздің ажарымен толтыруға тырысқан. Абай сөздің ажарына қарамай, сыпайылығына қарамай, әр нәрсенің бар қалыбын сол қалыбынша дұрыс айтуды сүйген. Мысалы, «Аттың сыны» деген өлеңінде сыпайышылық жүзінен құлаққа жағымсыз тиетін сөздер бар; бірақ аттың сынына керек мүшелері болған соң, оларын айтпаса, аттың сыны толық болып шықпас еді. Абайдың «Аттың сыны» деген өлеңін оқығаныңда көз алдыңда сол жақсы аттың өзі тұрғандай, пішіні келіп елестейтіні жақсы атқа бітетін мүшелердің бірін қалдырмай жазғандықтан. Абай көп нәрсені білген, білген нәрселерін жазғанда, «мынау халыққа түсінуге ауыр болар, мынаның сыпайышылыққа кемшілігі болар» деп, таяқтан тартынбаған. Хақиқатты хақиқат қалыбында, тереңді терең қалпында жазған. Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге, бойына біткен зеректіктің үстіне, Абай әртүрлі Еуропа білім иесілерінің кітаптарын оқыған. Тәржіма халін, жазушы Ғалихан Бөкейхановтың айтуына қарағанда, Абай Спенсер, Луис, Дрепер деген Еуропаның терең пікірлі адамдарының кітаптарын оқыған. Өлең жазушылардан орыстың Лермонтов деген терең пікірлі ақынының өлеңдерін сүйіп оқыған. Сондықтан Абайдың терең пікірлі сөздерін қарапайым жұрттың көбі ұға алмай, ауырсына-

ды. Абайдың өлеңдерін мың қайтара оқып, жаттап алып жүрген адамдардың да Абайдың кейбір өлеңдерінің мағынасын түсініп жетпей жүргендерін байқағаным бар, құты, осының мағынасы не деп сұрағандары да бар. Сол өлеңді алып қарасақ, айтылған пікірде, ол пікірді сөзбен келістіріп айтуында еш кемшілік жоқ. Түсіне алмаса, ол кемшілік оқушыда. Сондай түсінуге қиын көретін сөздерінің бірі мынау:

Көк тұман алдындағы келер заман,
Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған.
Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр,
Сипат та, сурет те жоқ, көзім талған.
Ол күндер өткен күнмен бәрібір бәс.
Келер, кетер, артына із қалдырмас.
Соның бірі – арнаулы таусыншық күн,
Арғысын бір-ақ Алла біледі, рас.
Ақыл мен жан мен өзім, тән менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе, өлсін, оған бекі!
Пырақтар, ынталарың «менікінде»,
Тән құмарын іздейсің күні-түнде.
Әділеттік, арпылық, махаббат пен –
Үй жолдасың қабірден әрі өткенде.
Адам ғапыл дүниені дер «менікі»,
«Менікі» деп жүргеннің бәрі оныкі.
Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде,
Сонда ойла, болады не сенікі?
Мазлұмға жаның ашып, ішің күйсін,
Харекет қыл, пайдасы көпке тисін.
Көптің қамын әуелден тәңірі ойлаған,
Мен сүйгенді сүйді деп иен сүйсін.
Көптің бәрін көп деме, көп те бөлек:
Көп ит жеңіп, көк итті күнде жемек.
Ғадәлет пен мархамат – көп азығы,
Қайда көрсең, болып бақ соған көмек.
Өркімнің мақсаты өз керегінде,
Біле алмадым пысығын, зерегін де.
Саяз жүзер сайқалдар ғапыл қалар,
Хақиқат та, дін-дағы тереңінде.

1897 ж.

Абайдың осы сөзінің дұрыс емес, қате айтылған, теріп айтылған, жұмбақ қылып, ашпай айтылған еш нәрсесі жоқ. Бәрі де дұрыс, түзу, тиісті орнында айтылған сөздер. Оған оқушылар түсінбесе, ол Абайдың үздік ілгері кетіп, оқушылары шаңына ере алмағанын көрсетеді.

Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек. Абайдың сөздері 1909 жылы кітап болып басылып шықты. Бірақ жұртқа тарамай жатыр. Басылған кітап Ақмола, Семей болысынан басқа облыстарға таралмай жатқаны кісі таң қаларлық іс. Абайдың сөзін Семей ләпкесіне қамап, жасырып қоймай, кілі қазақ баласы бар уалаяттардағы кітап сатушылардың бөрінің де магазиндерінде жүргізу керек еді. Абайды қолымыздан келген қадарлы жұртқа таныту үшін мұнан былай кейбір өнегелі, өрнекті сөздерін газеталарға басып, көпке көрсетпекшіміз.

1913 ж.

АБАЙ (ИБРАҺИМ) ҚҰНАНБАЕВ

1

«Уақыттың» 322-санында (1908. – № 38. – Ред.) Россияның ең атақты ақындарының бірі Лермонтовтың М.М. өпендінің аударуымен «Жалғыздықта» деген өлеңі жарияланған еді. Осы өлеңді көрген соң оқушыларымыздың құрметті Ибраһим Құнанбаевтың Лермонтовқа іңкәр болып, орыс әдебиетінің гүл шоқтарын өз тілінде сайратқаны екінші бір жағынан адамның ойына оралады.

Бұл адам – Семипалат облысы, қазақ, нәсілі тобықтыдан еді, Өскенбайдан тараған Құнанбайұлы Ибраһим мырза. Ибраһим мырза, ұлы ақын аталып, бұдан төрт жыл бұрын дүниеден қайтты, 59 жаста еді. Ғылымсыз, қара халық арасында, сахара қазақтары ішінде жалғыз жұлдыздай болып жанып шығып, тілі оқушыларын оятатын өлеңдері оны бүкіл атырапқа машһүр етті. Шығармалары қазақша жазылды.

Мейлінше мол еңбектенумен орыс тілін үйреніп, орыс әдебиетіне еркін жетіліп, достасып алды. Өлеңдері есіткеннің жүрегін жігерлендірерліктей табиғи болып, шығармаларының асыл негізі Лермонтовқа үндес. Мәжілісінде болған кісілердің айтуынша, тілі ләззатты, араб, парсы, түрік, қалмақ тілдерінен хабардар, тарих, география пәндерінен мағлұматы кең болып, танымы ауқымды еді. Адамшылық ой-қиялы өте таза, ұлтжанды, елін-жерін сүйген кісі еді. Марқұмның өлеңдері көп болса да, басылғандары жоққа тән еді. Обалы шығармаларын біліп, жарыққа шығаруға қайрат етпеген кісілердің басында тұр. Марқұмның сөздерінің бірі:

Қуатты оттай бүрқырап,
Уәзінге салып тізілген.
Жаңбырлы жайдай зырқырап,
Көк бұлттан үзілген.
Қайран тіл, қайран сөз,
Наданға қадірсіз.
Тәуекел мен батыр ой
Өткір тілді найза етіп,
Сайысып-ақ бақты ғой,
Неше түрлі айла етіп.

Оянбай, қайран жұрт,
Ұялмай, қал жым-жырт!
Ақылмен ойлап айтқан сөз,
Бойына жұқпас, сырғанар.
Ынгалы жүрек сезген сөз,
Бар тамырды қуалар.
Ән салар, жатқа алар,
Түбінде құр қалар.

2

Абай (Опат. 23 июнь 1904 жыл). Бүгін атақты қазақ ақыны марқұм Құнанбаев опатына дәл он жыл толды. Егер Абай қазақтан өзге оразды жұрттардың бірінің ақыны болса, сегіздегі баласынан сексендегі шалына дейін түгел атына қанық, сөзімен таныс болар еді, елі туғанына сүйініп, өлгеніне тегіс күйінер еді. Опатына он, жиырма бес, елу, жүз жыл толған сайын бүтін жұрт ескеріп, матбұғаты қайнап, есімін мәңгіге шейін қалдыруға өшпес белгілер орнатып, құрметіне неше түрлі ізгі жайлар ашар еді.

Не шара? Біздің жұрт өлі күнге шейін мәдениет басқышының ең төменіне аяқ баса алмай тұр. Қазақ әдебиетінің атасы хакімінде тарихта аты алтынмен жазыларлық Абай Шыңғыс тауында туып, Шыңғыс тауында алпыс жылдық өмірін өткізіп, сол Шыңғыс тауында өлді. Туғанын, жасағанын, өлгенін өз елі тобықтыдан басқа қалың қазақтың көп жері білмей де қалды. Осы заманда үш ауыз сөздің басын құрай білетіндердің жазулары тасқа басылып, халыққа таралып, сынға түсіп тұрғанда, Абай сөзі өзі өлгеннен кейін бес жыл өткенде басылды. Абай кітабы басылғаннан соң да елге көп тарай алмады. Былтырдан бері ғана «Қазақта» Абайдың кім екендігі жайынан жазылған соң қазақтың әр жерінен сұраушылар бола бастады. Абай сөзі өзінің тірі күнінде басылмау себебін, өлген соң да балалары неге тез бастырмағанын анық білмейміз. 1904 жылы июнь айының басында Омскіге барғанымда, Абай өлеңдерінің жазбасын алғаш Ахмет Байтұрсыновтан көрдім. Сонда Байтұрсынов айтты: «Естүімше, Абай өз өлеңінің басылып шығуын тілемейді һәм бастыруға ешкімге рұқсат бермейді екен, күз Қарқаралы қаласына барамын, сонда әдейі бұрылып, Абайға сәлем беремін, танысамын һәм өлеңдерін бастыру жайынан сөйлесемін», – деп. Ахметке Абайды көруге нәсіп болмады. Абай өмірі күзге жетпей, сол июньның 23-інде опат болды.

1905 жылы «Семипалатинский листок» газетасында һәм онан кейін Семейдегі Географический обществоның шығарған бір кітабында Әлихан Бөкейханов Абайдың тәржіма халін жазды һәм кешікпей кітабы да басылатынын білдіріп еді. Бірақ тез шықпады. 1909 Абайдың балалары һәм інілерінің ризалығы һәм Әлиханның ыждаһатымен Абай кітабы Петербургте Бураганский баспаханасында басылып шықты. Бұл күні қолымыздағы кітап – сол бірінші баспасы.

Бүгін Абай секілді атасымен қазақ халқы мақтанарлық ақынымызды арамыздан жоғалтқанымызға 10 жыл толуын еске түсіріп, халқымыздың мұндай адамының қадірін білмеуін айтып қана өтеміз. Тәржіма халі өткен жылы «Қазақтың» 39, 41 һәм 43-нөмірлерінде, бұрын өз кітабында һәм «Географическое общество» кітабында жазылғандықтан, бұл жолы тарқап жазбаймыз. Абай сынды ақынның қадірін білмеу қазақ халқының зор кемшілігін көрсетуге толық жарайды, себебі қазақ басқа жұртпен үзеңгі қағысып, тең халық болып жасай алмауы – тарихы, әдебиеті жоқтықтан. Тарихы, әдебиеті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сақтап, ілгері басуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып, жоқ болады.

Қай жұрттың болса да жаны – әдебиет, жансыз тән жасамақ емес. Қайдан өрбігенін, қайдан өскенін, ата-бабалары кім болғанын, не істегенін білмеген жұртқа, бұл талас-тартыс, тар заманда арнаулы орын жоқ. Сондықтан Абайдың аты жоғалуы, мұнан кейін де шығатын Абайлар сондай ескерусіз ұмытылу ықтималы қазақтың жоғалуымен, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей.

Соның үшін жиырмасыншы ғасырдың таңында халқымыздың ұйқыдан азырақ бас көтеруі, жас әдебиетіміздің өсуі, белгілі кісілеріміздің тірлігінде һәм өлген соңында мәңгі ұмытылмастай болуы – біздің бірінші ескеретін борышымыз. Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты боларға керек. Абайға шейін қазақта қолға алып оқырлық, шын мағынасында қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ еді. Абайдың бізге қымбаттығы да сол. Бәлкі, мұнан кейін Абайдан үздік артық ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жоғары, ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз – Абай.

1914 ж.

АБАЙДЫҢ ӨНЕРІ ҺӘМ ҚЫЗМЕТІ

Абай 1845 жылы дүниеге келіп, 60 жыл өмір сүріп, 1904 жылы дүниеден қайтты. Қазақ халқын надандықтың айсыз қараңғы түні ғылым сәулесінен бүркеп, түншықтырып тұрған кезінде, түншыққан елге дем болуға, қараңғы жерге нұр болуға, надандық-аждаһаны өртеуге құдай жіберген хақиқаттың ұшқыны Абай туды. Табиғаттың қыңыр жолы кімді билемеген?!

Өскен орта, көрген үлгі, тоңмойын надандық толқыны ағызып, ақыл көзін шын хақиқатқа ашқызбай, заман тонын кигізіп, 35 жасқа шейін ықтиярсыз айдап келді. Бұл жасқа келгенде маңайында жұрттың кір, бұзық мінездері бар қалпымен көзіне айқын суреттелді. Өкінді, өксіді, жиренді... Осы өкініш, өксіктің уыты бойын кернеп, сөзінде азалы, кекті, улы көп әсер, көп із қалдырды.

Өткен өмір – қу соқпақ,
Қыдырады талайды.
Кім алдады, кім таппақ,
Салды соны санайды.
Нені тапсаң, оны тап,
Жарамайды керекке.
Өңкей ұды жиып ап,
Себеді сорлы жүрекке
Адасқан күшік сықылды,
Ұлып жұртқа қайтқан ой,
Өкінді, жолын бекінді,
Әуре болма, оны қой.

Абайдың белсеніп, қолына қалам ұстап надандықпен алысуға кіріскенге шейінгі өмірінің сыртқы пішіні осы болды. Енді Абайдың сөзінің бағасына келейік.

Абайдың ең бір артық өзгешелігі – заманның ыңғайына жүрмей, өзінің «өздік» бетін мықты ұстап, ақылға, ақтыққа, көңілдің шабытына билетіп, көз түнжыарлық кемшілік, міннің ортасында тұрып, ортасында жүріп, үлгілі жерден өрнек алып келген кісі-

дей ашық көзбен қарап, барлық мінді мүлтіксіз суреттеуі, жырақта жүріп қылт еткенді көретін қырағы қырандай сыншылдығы.

Мұндай сипат – Абай бұл жүрген адамдарға ұқсамай, өзгеше зор мақсат үшін дүниеге келгендігіне дәлел.

Абайдың қиялы шалымды, ойы терең, ақыл-білімінің әр тарауынан көкірегінде асыл қазына көп. Сол көп қазынаны барлық ырғағы, нәзік сипатымен қазақтың ұстармаған, ысылмаған жуан тілімен биязы ғып шығаруы – әрі ақындығы, «қызыл тілді» шешендігі.

Абайдың ақындық өнері тар жолды, бірбеткей емес. Әр тараулы, сегіз қырлы. Ол тараулар мынау: мінез түзететіндік (ахлақ), тереңнен толғайтындық (пәлсапа), сыншылдық (критика), суретшілдік (художественность), жүректің мұң-зарын, сырын тапқыштық (лирика), ащы тілділік, ызалықпен күлетіндік (сатира), һәм керемет переводшиктік. Мұндай әр жақты, сегіз қырлы өнер – басқа ақындардан табыла бермейтін, Абайға ғана хас сипат. Абайдың өлеңінің көбі-ақ мінез түзеу жолына арналған. Көп өлеңнің ішінен мысал үшін мына бір сөзін алайық:

Мағлұмға жаның ашып, ішің күйсін,
Харекет қыл, пайдасы көпке тисін.
Көптің қамын әуелден тәңірі ойлаған,
Мен сүйгенді сүйді деп иең сүйсін.

Тереңнен толғап, хақиқатты болжап, пәлсәпа жолымен де сөйлегендігіне кейінгі сөздерді мысал қылуға болады:

Кім жүрер тіршілікте көңіл бермей,
Бақи қоймас фәнидің мінін көрмей.
Міні қайда екенін біле алмассың,
Терең ойдың телміріп соңына ермей.

Өркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек?
Заманға жаман күйлемек?
Замана оны илемек.

Және «Алла деген сөз жеңіл» деген сөзі де пәлсапамен сөйлейтіндігін көрсетеді. Абайдың басылмаған қара сөздері көп.

Сол сөздерінің бәрі терең ойға салып толғап жазылған. Ахлақ, адамшылық, дін, халықтың мінезі неше түрлі хақиқаттар туралы жазылған сөздері – Абайда пәлсапа қуаты барлығына үлкен дәлел. Абайдың данышпандық белгісі – өзі шығарған он алты мақалы бар. Мақаланың біреуі: «Әкесінің баласы – адамның дүшпаны, адамның баласы – бауырың», – деген.

Заманындағы өнерсіз, қалжыңбас жігіттерді, шен құмар ел адамдарын сынағаны, өлеңге, ән-күйге баға қойғандығы Абайдың сыншылдығын көрсетеді.

Өзге сипаттарының ішіндегі ақындық сезімінің артық жетіктігі, дүниенің сыры мен жүрегінің жалғасып, ымдасып кететіндігі, жылдың төрт уақытын қазақтың өмірімен үйлестіріп жазғандары оқып отырғанда сол уақыттарды көзіңмен көріп, денеңмен сезіп отырғандай суретін алдына әкеліп елестетеді. «Сөзімде жаз бар шыбынсыз», – дегені – өзінің ақындығына көзі жеткендігімен айтқаны. Мысалы, Абай көз алдына мынандай дүниенің түрін келтірген: желсіз, жарық түн, әдемі тау, ағашты су, су бетінде дірілдеген айдың көлеңкесі, ұйықтаған ауыл, үрген ит. Бұл дүниенің бір ұнасымды суреті. Нәзік мінез, ыстық махаббатқа жүректері толып айқасқан екі ғашықтың сұлу халін дүниенің әлгіндей сұлу суретімен құбылыстырып, «Желсіз түнде жарық ай» деп жазған өлеңі – суретшілігінің зор қуәсі.

Ғашықтық жайын, әйел турасын жазғанда, Абай аса шеберлеп, қызықтыра сипаттайды. Ондай өлеңдерінде ахлақ жолынан алыстау кететін орындары болады. Бірақ мұнысы – ақындық жолында кешігерлік іс. Ақынның жүрегі не нәрсенің болсын жарастығын, келісін, сұлудың сұлуын іздейді. Жүрегінің сезімі, көңілінің шабыты билеп, өз бетімен жазып кеткен сөзін былай неге жазбадың, ахлаққа хлаф деу жол емес, ол – зорлық. Оның суретшіл көңіліне, жүрек қиялына басқаның мөлшері өлшеу емес.

Абайдың бірсыпыра өлеңдері жүрегінің сырын, шерін толқытып қанымен, мұң-зармен шығады. Мысалы, «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?...», «Ішім өлген, сыртым сау...», «Жүрегім менің қырық жамау...» деген өлеңдері.

Шаншып алма ащы тіл, ызалы күлкі, кекесін де Абайдан табылады. Ұнатпаған қылықтарды көріп, кекеп, жерлеп, мысқыл қылатын жерлері де көп. «Болыс болдым, мінеки» деген өлеңі

– жаман болысты сықақ қылған ылғи кекесін. Мінді кекеп айтқанына кей жерлерде үстірт қараған кісі түсінбей қалуға да болады. Мысалы, паракор болыс туралы кекеп айтқан бір сөзі мынау:

Кісімсі қайда болса олжаға тоқ,
Шұқыма халық көзінше қарғаша боқ!
Жұрт – бала, ешнәрсесін тартып алма
Білдіртпей ештеп алсаң залалы жоқ.

Жатты жау деп елінді үрпитіп ап,
Жауға жабдық деп жиып, пайда қыл тез!

Көп өнерінің бірі – Абай керемет переводшы болған. Переводқа шеберлігі мынадан білінеді: кейбір орыс өлеңдерін қазақ тіліне аударғандары өзінің тән өлеңінен артық деуге болады. Орыстың әдебі болған толғаулы, ырғақты, нақысты бай тілімен жазылған сөздерін қазақтың кедей, дөкір тілімен ұғымды, мағыналы, терең, тілге жеңіл келтіріп переводтауы – мейлінше ұсталығы. Кейбір өлеңдерді, мысалы: «Қараңғы түнде тау қалғып», «Тұтқындағы батыр», «Кинжал», «Жолға шықтым бір жым-жырт» қалыбынан, мағынасынан һеш аудармай перевод еткен. Кей жерлерде сөздің мағынасынан ғана алып, қазақтың ұғымына ыңғайлап сырт пішінін өзгерткен. Абайдың ақындығының еркіндігі сол: кейбір переводты өз өлеңінен асырып, түрлеп жіберген. Мысалы: «Теректің сыйы», «Онегиннің хатын» Пушкиннің геройынан өзгертіп, тілін сұлулап перевод қылған.

Енді Абайдың тіл жағына келсек, тілі ұғымды, қысқа, аз сөзге көп мағына сыйғызғыш. Өрнекті, дәлшіл, күйлі, таза һәм анық келеді. Тіл терең мағыналы болғандықтан, жұрттың көбіне ұғымсыз, ауыр жерлері де болады. Жалпыға түсініксіз сөздері туралы: «Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін», – деп өзі де айтып кеткен, «Көкірегі сезімді, тілі орамды, жаздым өлең жастарға бермек үшін», – деген сөзінен; «Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар», – деген сөзінен Абайдың жалпы үшін өлең жазбағандығын көрсетеді.

Бұрынғы ақындармен Абайды салыстырып көрейік. Бұрынғы ақындардың, шешендердің өрнекті, түрлі, мағыналы тілдері болмағандық па? Болса да көбі жазылып, нұсқауға түспегендік пе,

қазақ тілі аса ұстарып өрнекті келмеген. Қазақ тілін анық түрлеп, керекке жаратып, түзеген Абай.

Бұл бір. Екінші, Абайдан бұрынғы қазақ әдебиетінің беті мақтау, жамандау, асыру, кеміту, болмаса зарлаған сары уайым болып келген. Мінезді суреттеп, мінді айтып, адамшылыққа жөн сілтеген ақындар болмаған. О кездегі ақындар ия қошеметшіл, ия тіленші, ия мақтаншақ болып заманның ыңғайымен кетіп, сөздеріне баға қойылмаған һәм баға қойдыра алмаған. Мұның себебі: ол кезде ақындық өнер орнына жүрмей, жан сақтап, дүние табу жолына жұмсалғандықтан; ақыл көзінің шарасы кең, халықтың бетін бұрарлық, жол көрсетіп, түре саларлық, білімді, дана ақындар шықпағандықтан; ақындық пен тіленшілік жанас жүрген соң халық ақындыққа терең көзбен қарап қадірлемегендіктен, һәм ақындар төмен, нашар жерлерден шығып, аталы адамдар ақындықтан жиренгендіктен еді.

Абайдан бергі қазақ әдебиетінің беті жаңа түр тапты. Абай бұрынғы ақындардың ұстанып келе жатқан бетін тастап, тыңнан жол салды. Бұл Абайдың бұрынғы ақындардан ақыл көзінің артықтығы болды – бір; ақындығы күшті болды – екі; өлеңнің өнер екендігін білді – үш. Сонымен, Абай ешкімнен үлгі алмай, қазақ әдебиетінің бетін бұрып, мүйіс шығарды. Өлеңшілікке өзгеше түр кіргізді. Осы күнгі қазақ әдебиетінің түрі Абайдың көрсеткен бетімен келеді. Абайдың ақындық күшінің зорлығы – өз заманында жұртты өзіне қаратып алып, кейінгілері де сол ізбен әкеле жатыр. Кейінгі жазушылардың бәрін Абай өзіне еліктетіп, соңынан ертіп шәкірт қып әкетті. Абай өлеңнен неше түрлі өлшеу көрсетіп, көп түр кіргізді. Бұл күнде ақындар Абайдың салған көп түріне түр қоспақ түгілі, әлі сол түрлерді түгел сіңіріп ала алған жоқ. Көптің бетін бұрып алғандығы – ақындық екпіннің күштілігі. Абайдың өлеңімен пайдаланып, еліктеу әлі қызған жоқ, бірақ мұнан да артық қозып, бірталай заманға шейін бармақ. Ақындығы Абай қатарлы адам шығып, жаңа түр тапқанша осы буындағы әдебиеттің беті «Абай дәуірі» деп аталады.

Қазақтың әдебиеті ілгері басып, өрлейтін болса, Абайдың бұл қызметі әдебиетімізге негіз болып, келешектегі көтерілуіне түрғы болмақ. Пушкин айтқандай, Абай «өзіне мәңгілік ескерткіш орнатып кетті».

Абайдың пайдасыз сөзі жоқ. Ахлақ, адамшылық туралы айтқан терең мағыналы, үлгілі сөздері кемшіліктің мінезін тәрбиелеп, ақыл көзінің ауданын кеңейтпек. Жүректен толғанып, ыза мен қайрат айдап шыққан қайғылы, қапалы, зарлы сөздері адамның ақылын өз ішіне үңілтіп, жанымен сырластырып ұғып, оқып түсінгендердің сезімін тәрбиелемек.

Бұл күнде жұрт Абайдың сөзімен пайдаланып, айтқанын ала қоймайтындық – көптің қараңғы, надандығынан. Бірақ Абайдың соңынан ерген, сөздері әсер берген кісілер жоқ деуге тағы болмайды. Халық жалпы ғылымға бет қойып, көзі ашылған сайын Абайдың сөзінің бағасы артылып, өзінің нұсқаған жолдарына халықтың ұғымын сүйреме, көпшіліктің қараңғы надандығына қарағанда Абайдың көп сөзі ертерек айтылғанға ұқсайды, бірақ іске аспай, керекке жарамай қалмайды. Жұрттың хақиқатқа көзі ашылуға айналса, тағы бірталайға шейін созып барады.

Қазақ жұрты – кең дала, еркін ауада сайран қылып, жер мен көк, су мен ағаш, тау мен тастың тамаша сырларымен бірге туысып, біте қайнап, басы бос, қиялы күшті, бұлғақтап жүрген дүниенің бір ерке баласы. Сондықтан қазақтың сүйегіне біткен ақындығы бар – бұл бір. Екінші, әдебиетіміздің алғашқы адымында надан халықтың ішінен мәдени жұрттардың алдыңғы ақындарымен таласа Абай сықылды кісі шығып көтермеші, таяныш болып отыр. Бұл екі себепке қарағанда біздің әдебиетіміз мәдени жұрттардың әдебиетінің қатарына тез ілінеді деп білеміз.

Абайдың істеп кеткен қызметі – әдебиетімізге асыл іргетас. Бұл асыл іргенің үстіне салынатын ілгергі қазақ әдебиетінің дүкені көрікті, көрнекті, нақысты, өрнекті болуына лайық. Қуанамыз! Нанамыз! Марқұм атамыз қазақ халқына халықтығын жоғалтпайтын өшпес белгі орнаттың! Еңбегіңнің жемісін өзін көрмесең, аруағың көріп қуансын!

1918 ж.

АБАЙ

Атақты қазақ ақыны Абайдың өлеңдері қазіргі уақытқа шейін үш рет бастырылып таратылған:

1-баспасы 1909 жылы Петроградта «Шарх баспаханасында» басылған; 2-баспасы 1922 жылы Қазанда Татарстан Республикасының баспаханасында бастырылған; 3-баспасы 1922 жылы Ташкентте бастырылған.

Бірінші баспасы ескі, емлесі ескі, ескі болғанда өте орасан. Баспа реті жөнсіз. Көп сөздері қисынсыз қате басылған, оқушы айыра алмастай жерлері көп болған екен. Қазанда бастырылған 2-баспасындағы қателер Мұхтар Әуезовтің жәрдемімен түзетіліп бастырылған екен. Бұл екінші баспасы Бернияз жолдастың даярлауымен бастырылған көрінеді. Екінші баспасының үлкендігі – 207 бет.

Ташкенттегі баспасы да, 1922 жылы басылса да, Қазанда басылғанынан біраз кейінірек шыққандықтан, кітаптың 3-баспасы деп есептелген. Нәм кітаптың сыртында солай деп басылған. Бұл үшінші баспасы екіншісінің өзі яки сол Қазан баспасының түзетілгені емес. Ташкент баспасының зорлығы – 293 бет. Бірақ кітаптың 3-баспасы (Ташкентте бастырылғаны) кітаптың басылуында әдемілік, қағазының жаңалығы жағынан Қазан баспасынан жақсы болып шыққан. Өлеңдері әдемі өнерден (искусстводан) саналады. Солай болған соң олардың әдемі басылуға тиіс екендігі өзінен-өзі ашық нәрсе.

Түркістан баспасөз таратушы мекемесі жергілікті халық ақындарының өлеңдерінің бұл кітапты жақсы, әдемі қып бастыруымен әуелгі кемшіліктерінің біразын жойған көрінеді. Сөздердің дұрыстығы жағынан Ташкент баспасы алда деп айтарлық. Кітаптың аяғына аңдамайтын сөздердің аңдатпалары қосылып жақсы қылынған. Қазан баспасында бұл жоқ. Бірақ бұл екі баспаның өлеңдерді бөлімдерге бөлуде, жолдарға айыруда, өлшеулерге белгілеуде бір жолмен бара алмағандықтары көрінеді. Кейбір өлеңдерде Ташкент баспасы жаңылған болса, кейбіреулерінде Қазан баспасы жаңылысқан. Солар туралы айтып өтуге тура келеді. Кейбір өлеңдердің өлшеулері, жолға айырулары Қазан баспасында Ташкент баспасына қарағанда дұрысырақ болып көрінеді.

Мәселен: «Бай сейілді» деп басталған 54 жолдық өлеңде:

Елде жақсы қалмады
Һәмда
Қағып елін қармады, –

сықылды 7 буындық үшінші қоспа жолдар Қазан баспасында әуелгі жолдардың астында сол жерлердің аяғына жалғанып басылған. Өлшеудің дұрысы сол болуы керек. Бұл туралы Қазан баспасы дұрыс жол ұстаған болса да, бұл өлеңдердің жолдарын мағынасы жағынан қарай бөлімдерге айыра алмаған. Мағынасы жағынан қарағанда бұл өлеңдердің жолдарының әр 6 жолы бір бөлім болып айырылып баруы керек еді. Мұнда Ташкент баспасының тұтқан жолы дұрыс. Ол солайша айырып барған. Бірақ бұлай мағынасы жағынан қарап, 6 жолды бөлімдерге айырғанда бір бөлімді ішке кіргізіп, бірін шығармай, бәлкім бір қатарда жазып, әр алты жолдың арасын кеңірек қылып бос қалдыру яки араға жұлдыз (*) сықылды белгі қою керек еді.

«Ем таба алмай» деп басталған 42 жолдық өлеңдерменен 20-сан астында «Бойы бұлған» деп басталған 72 жолдық өлеңдерді жолдарға бөлуде Ташкент баспасы дұрыс жол тұтқан. Мұнда өлеңдердің өлшеуі ашық, тура бір жолға қойылған. Белгілі бір тәртіпке салынған. Бірақ мұнда да мағынасы жағынан қарағанда 7 жолдан ғибрат болған бөлімдерді ашық яки жұлдызды қылу жолы тұтылмаған. Бұлардың мысалын көрсетсек мынау. Ташкент баспасында:

Ұйқы, тамақ,
Қалды тым-ақ,
Керегі жоқ,
Ас болып.
Жай жатпағын,
Тыныш таппағын,
Кеш болып.

Қазан баспасында:

Ұйқы, тамақ,
Қалды тым-ақ,
Керегі жоқ ас болып.

Жай жатпағым,
Тыныш таппағым
Күш болып.

Бұл өлең сол рәуіште Ташкент баспасында әуелгі үш яки әуелгі екі жол 4 буындық соларға қоспа жолдар 3 буындық өлшеуге салынған. Жолдардың түсулері жағынан бұл дұрыс болғанын өзіңіз де көріп отырсыз.

Қазан баспасы мағынасы жағынан қарап бұл өлеңдерді 4-2-7 өлшеуге дейін салған. Яғни әуелгі екі жолды 4 буындық қылып, 3 жолды 7 буындық жолдан қылып бару жолын тұтқан. Бірақ ол жөнмен үнемі бара алмай, кейбір жерлерінде қателесіп қалған. «Күш болып» дегенді өз басына айырып шығарған.

«Сегіз аяқ» деген сөз басы астында жазылған 200 жолдық өлең жолға һәм бөлімдерге айрылуында Қазан баспасының тұтқан жолы дұрыс. Неге десең, себебі мынау: Бұл өлеңдердің бөлімі 8 жолдық. Өлшеуі 5-5-8 болып барады. 8 буындық жолдар 5-5 буындық. Әр екі жолға қоспа қойылған. Және 8 буындық екі жол қосылып барады. Абайдың бұл өлшеуі солай болғанда дұрыс ретті қағидалы бір өлшем болады.

Ташкент баспасының жаңылысқандығы 8 буындық 3 қоспа жолдарды бөтен 5 буындық жолдардың қатарына қойғандығы болып табылады. Ташкент баспасындағыша қарағанда, өлеңдердің өлшеуіндегі түп қасиеті, әдемілігі жоғалады.

Сонда да Ташкент баспасында 8 жолдық бөлімді сызумен айыра баруда дұрыстық жолы тұтылған. Қазан баспасында бұлай қылынбаған.

«Қор болды жаным» деген 24 жолдық өлеңді бөлуде, жолдарға айыруда дұрыстық Ташкент баспасында. Қазан баспасы бұл орында жаңылысқан. Бірақ Ташкент баспасында 7 буындық жалғыз жолдар 5 буындықтардың астына соңғы жағына алып келіп қойғандай болса, тіпті жақсы болған болар еді.

«Сен мені не етесің» деп басталған 72 жолдық өлеңді бөлімдерге, жолдарға айыруда Қазан баспасы да, Ташкент баспасы да дұрыс жол тұта алмаған. Бұл тұрғыда Ташкент баспасы зор қателескен көрінеді. Қазандікі бұл тұрғыда дұрыстыққа жақындап қалса да, жақсылап тексеріп анық дұрыстығын таба алмаған.

Дұрыстығы мынау: бұл өлеңдердің бөлімі бәрі де 12 жолдық болып соның өзі тағы 6 жолдықтан 2 басқа айырылады. Өлеңдердің өлшеуі дұрысында былайша: 6-4-4-3-6-8, яғни бірінші жол – 6 буын, 2-һәм 3-жолдар 4 буыннан, ортада қоспа жол 3 буын, кейінгі екі жолдың әуелгісі еш өзгерместен 6 буын, екіншісі 8 буын болып барады. Абайда былайша өлшеу ашық бір жол қалып алынған өзгермес бір қағидаға қойылған жаңа өлшеу. Мысал үшін мұнда дұрыс деп бір бөлімді жазып өтеміз.

Сен мені не етесің,
Мені тастап,
Өнер бастап,
Жайыңа
Және алдап, арбап
Өз бетіңмен сен кетесің,
Неге әуре етесің.
Қосылыспай,
Басылыспай
Байыңа.
Және жагтан бай тап,
Өмір бойы қор етесің.

Мінеки, Қазан баспасы мен Ташкент баспасы арасында Абай өлеңдерін бөлімдерге, жолдарға, өлшеулерге айыруда бір жолдан барғандықтарының қалай екенін көрдіңіз. Соны көрген соң мұнда біздің басымызға бір сұрау келеді. Ол мынау: Бұл өлеңдерді Абай өзі қалай жазған, ол өзі оларды бөлімдерге, жолдарға қандай қылып айырған, оларды қандай өлшеуге салған? Қазан баспасынан бастырушыларға да, Ташкент баспасынан бастырушыларға да мәлім болмады ма екен? Абайдың өзінің түп қолжазбасы жоқ па екен?

Бір ақынның өзі үшін өлшеу мәселесі – өте керекті бір мәселе. Абай өзі көп жаңа өлшеулер тудырған көрінеді.

Абайдың қанша ән қандай түрлі өлшеулері болғанын кейін жинап айтып өтеміз, соның үшін бұл туралы енді сөзді тоқтатамыз.

Ақындар өлеңдері туралы айтатын сөздерді газеттерге онша толық, кең қылып айтып болмайды. Мұның орны журналдар болады. Сондықтан біздің мұнда Абайдың өлеңдерінің һәм оның ақындығын тексеруіміз қысқа болмауында шара жоқ. Біз газет бетінде қысқаша ғана тексеріп өтпекпіз.

Ақындар өз заманы жұртшылығының жемістері болады. Ақынның миы, жүрегі өз ішінде жасаған мұхитына (айналасына) қарап істейді. Ақынның миы һәм жүрегінде болғанның бәрі, өзі ішіне алған, тұрмыстың оған берген нәрселері, ол соларды өзінің миы һәм жүрегі арқылы тілімен, яғни сөздерімен жандандырып тысқа шығарады. Ұзын сөздің қысқасы: бір халықтың көрмек тұрмысы, дүние-тіршілігі, техникасы қандай болса, ол халықтың ақындары да сондай болады. Сол тұрмыстың берген әсерлерін сөзбен жарыққа шығарып, майданға салады, яғни тіршіліктің өзін яки одан алған әсерін суреттеп жандандырады. Өзі ішінде жасаған орынның табиғат көріністері, жаратылыс сырлары әрдайым әсер беріп тұратын нәрселерден саналады.

Абайдың өмірі, өткен заманы, елі ақсақалдық (феодалдық), қазақтың билік негізінде құрылған тұрмыспенен жасап келген заманы, оның өзінің өсіп-өнген елі, тіршілік еткен жері – төрт аяқты мал шаруашылығымен тіршілік қылған қазақ елі. Бұл елдің тұрмыс көмегінің, тіршілік техникасы, ғылымы, өнері һәм бар идеологиясы қандай болғаны мәлім. Мұны мұнда жазып отыруға қажет емес.

Абайдың һәм барлық қазақ халқының отырған орны, қонып жүрген шеті көрінбес кең шөлдер, меңіреу үнсіз далалар болғандығы белгілі.

Абай, міні, сол заманда, сол елдің ішінде сондай тіршілік орындары, сондай табиғат орындары ортасында туған, сонда өскен, бар өмірін сонда жасап, сонда өлген бір кісі. Кісіге сол ел, сол тұрмыс қандай әсер, қандай ғибрат бере алса, Абай да сол бізге өзі арқылы өлеңдеріменен соны береді. Сол тұрмыстан алған жүрек толқындарын шығарады. Содан артықты біз хатта Абай күшті данышпан бір ақын болғанда да, Абайдан күте алмаймыз һәм күтуге қақымыз да жоқ.

Тағы да айтатын бір сөз: Абай – XIX ғасырдың кейінгі жартысының адамы. Бұл заман – орыс сауда капиталының күшейген заманы. Орыс ақсүйектерінің (дворян тобының) қуат алған заманы. Өнер капиталының да басталып, өсуге бет алған дәуірі, орыс сауда капиталының һәм орыс патша үкіметінің бар күшімен қазақ елін жаншып езген заманы да сол заман. Патша үкіметінің қазақ елінің үстіне түрлі жақтан құрық салған, шу қозғатқан колониза-

торлық, миссионерлік саясаты да сол замандарда күшейген. Бұл саясат қазақтың бұрынғы биігін, билеу үшін болған таластардың, ру тартыстарын қуаттандырып, жаман бір жолға кіргізіп жіберген. Қазақ елінде өзара талас, өзара дұшпандық, қастық күшейген. Төрелік, болыстық үшін партия болып таласу деген туды.

Екінші жақтан, қазақ еліне, қазақтың арасына орыс миссионерлік школдары (яғни қазақты орыстандыру, орыс дініне кіргізу үшін қызмет ететін школдар) ашыла бастап, орыс патша үкіметінің орыстық саясатының күшті жүргізіле бастаған заманы нақ Абай заманына тура келді.

Сол жоғарыда айтылған сөзімізді қысқартып, жиып айтқанда, былай болады: Кең дала, меңіреу шөл, көшпелі тұрмыс, көбірек аяқты мал шаруашылығымен күн көріс, Россия сауда капиталының, Россия патша үкіметінің әкімдігі, колонизаторлық, миссионерлік саясаты; аймақ-рулардың өзара төрелік, болыстық, ауылнайлық үшін тартыстары, бір-біріне қастық, надандық, қараңғылық, еңбексіздік, жалқаулық, бассыздық, қайратсыздық, өсекшілдік. Мінеки, Абайдың өз ішінде жасаған айналасының, елінің, тұрмысының жөні сондай еді. Абай өлеңдерінде адамға сол жолдардың беретұғын әсерлерінің бәрі де ашық көрсетіледі.

Абай – сыршыл (лирик) ақын. Оның өлеңдерінің бәрінде де қайғы бар, зар бар. Ол зарланады, ел мұңын зарланады. Өзінің білімді, сезімді болуы себепті, ел үшін қайғырады. Оның тілінен шыққан зардың бәрі өз заманында қазақ елін басып жатқан қайғы, бақытсыздықтың ұшқыны. Абай өзі мұны ашық айтып берген төмендегі 4 жолдық өлеңімен:

Қайғы пығар ілімнен,
Ыза пығар білімнен.
Қайғы мен ыза қысқан соң,
Зар пығады тілімнен.

Абай қазақтың жалғыз ақыны ғана емес, ақындықтың үстіне Абай – қазақтың ояну дәуірін бастаушы ойлаушыларының ең біріншісі. Бұл турада Абай былай дейді:

Ерте ояндым, ойландым жете алмадым,
Етек басты көп көрдім елден бірақ.

Абай – ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған адам.

Ақыл, қайрат жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.

Абайда ақыл мен жүрек бірігіп, бір түйінді жұмбақ жасаған.

Жүрек тербеп, оятар баста миды, –

дейді Абай. Ол толқында толқындана ойлайды, ойлай-ойлай толқынданды.

Абай турасында жұмбақ адам. Мұны ол өзі:

Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла, –

деп аңғартады. Дұрысында Абайды жақсы тану үшін, бір жақтан ақылының түбіне терең бойлайтұғын тұңғық терең адам керек. Ол:

Жүрегім менің қырық жамау, –

дейді. Мінеки, сол қырық жамау жүректің сырын шешетін жүрек керек. Сонда Абайдың кім болғандығы, қандай ақын екендігі аңдасылады. Абай өзі:

Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей...
Екі күймек бір жанға әділет пе,
Қаны қара, бір жанмын, жаны жара

Һәм

Мен ішпеген у бар ма?

Һәм

Ызалы жүрек, долы қол,
Ұлы сия, апқы тіл, –

деп Абай бізге өзін дұрыс аңдатып береді.

Ауырмай тәнім,
Ауырады жаным,
Қаңғыртты, қысты басымды.
Тарылды көкірек,
Қысылды жүрек,
Ағызды сығып жасымды, –

деген өлеңдері Абайдың заманынан асып туған бір адам болып, қаптап жатқан қараңғылықта тұншығып, қиянатқа шамданып, кемдікке ызаланғанын көрсетеді.

Абайды бұл жолға жеткізген себептер өзінің бақытсыздығы емес, бәлкі Абайдың алдындағы елінің бақытсыздығы. Абайдың жүрегіне бұл қайғыларды, бұл ауруларды қойған оның жүрегін өртеген тұрмыс және жоғарыда айтылған дала тұрмысы, ел намысы, қазақтың құл болып күн көруі. Зерек, сезгіш Абайды сол ел, сол тұрмыс, сол құлдық қайнатып, ақындығын еріксіз қозғап жіберген. Абайдың:

Іште қайғы, дерт кесіп,
Көкіректі өрт қысып
Айтуға көңілім тебіренді, –

дегені соны көрсетеді. Қысқа сөз: Абай – қазақтың сол замандағы өз тұрмысы тудырған күшті, өткір бір таланты. Оның өлеңдері арқылы Абай дәуіріндегі қазақ елінің тұрмысын әм басқа да сыр-сипаттарын ашық көруге болады.

Абай патша үкіметінің қазақ еліне көрсеткен саясатына зарланып былай дейді:

Орыс съезд қылдырса,
Болыс елін қармайды.
Қу старшын, аш билер
Өз жүрегін жалғайды.
Орыссыз жерде топ болса,
Шақырған кісі бармайды.
Болды да партия
Ел іші жарылды,
Әуремін мен тыя,
Дауың мен шарыңды...

Абайдың жоғарыдағы өлеңдері қазақтың болыс болғысы келіп жүрген атқамінерлерінің қандай істер істеп жүргенін, олардың сол

уақыттағы рухындағы ахуалды өте жақсы қылып суреттеп, айтып береді. Бұлардың ішінен бірнеше жолды көрсетсек мынау:

Болыс болдым, мінеки,
Бар малымды шығындап.
Түйеде қом, атта жал,
Қалмады елге тығындап.

Және

Күн батқанша шабамын
Арлы-берлі далпылдап.
Етек кеткен жайылып,
Ат көтіне жалпылдап.

Мінеки, сондай көріністі ашық суреттейді. Сөздеріменен болыс болдым деп, телміріп жүргендердің халдерін бізге ашып береді. Бұл өлеңнің бәрі 190 жол. Сонда қазақ болыстық талас артынан еліріп жүрген телі-тентектерінің қылып жүрген ісі һәм мінезі көз алдымызда ашық суреттеледі.

Өз заманында қазақтың ала ауыздығы, бір-біріне қастығы Абайға қандай әсер берген, сол туралы жазған көп өлеңдері ішінен төмендегі өлеңдерді ашық көрсетіп тұр.

Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,
Бұл жұртты қойған жоқ па құдай атып.
Құда, тамыр, дос-жарың, қатын балаң
Олар да бір қалыпты бола алмай жүр...

Кетті бірлік,
Сөнді ерлік...

Заман ақыр жастары,
Қосылмас ешбір бастары,
Біріне-бірі қастыққа,
Ішіне тыққан тастары.

Абай жалпы қазақтың надандығына зарланып, соған қайғырса, ел ақындарының надандығына да қайғырып, зарланып былай дейді:

Ақындары ақылсыз надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап...
Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,
Мал сұрап, біреуді алдап, біреуді арбап.
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,
Өз елін бай деп мақтап құдай қарғап.

Бұл өлеңдер Абайдың ұлы жүрегінің алдымызға шашырап түскен ең ұлы бір ұшқыны емес пе? Қырық жамау жүректі Абайдың өзі түгіл басында есі бар адамның жүрегін, Абайдың сол сөздерінің өзі қырық жамау қыларлық емес пе? Бірақ Абай – өз жүрегіне үксас адамдарды таба алмаған адам. Абай өлеңімен өзін-өзі уатып, өлеңін өзінің жаралы жүрегіне ем қылады. Абайдың көңілі өз тұсындағы қазақ елінің істеген істерінің көбіне қуанбайды. Оны төменгі өлеңдері көрсетеді:

Еңбек жоқ, hareket жоқ, қазақ кедей...
Өз үйіннен тоярлық қолың қысқа.
Ас берер ауылды іздеп жүрсің босқа.
Бір жылк пен бір аяқ қымыз берген
Дереу сені жұмсайды бір жұмысқа...

Осы күнде осы елде дәнеме жоқ,
Мейір қанып, мәз болып қуанарлық.

Абайдың өз халқының ісіне өзінің көңілі толмағандықтан, төмендегі сөздерді ықтиярсыз айтып салады:

Адам деген даңқым бар,
Адам қылмас халқым бар.

Және

Туған жерді қия алмай,
Тентегі-телін тыя алмай,
Әлі отырмыз ұятмай,
Таба алмадық өңге елді, –

деген сөздерді жүрегінен ықтиярсыз шығарады. Абай өлеңімен жүрегін жамайды. Абай сол жоғарыдағы ұлы зарларды, қанды көз жастарменен бірге халық үшін төмендегі үгіттерді айтады:

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол...
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ
Бес дұшпанды білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой.

Байқап отырсақ Абай үкімет, зорлық, неше түрлі ащы сөздерді қаймықпастан айта береді. Абай дін, сопылық тұзағы, елді тонаушы надан сопы туралы да еш тыныш тұрып қала алмаған. Абай оларды мынандай деп сыпаттайды:

Кейбірі пірге қол берген,
Ішпi залым, сырты абыз.
Кейбірі хажіге барып жүр,
Болмаса да хаж парыз.
Кітапты молда теріс оқыр
Дағарадай болып сәлдесі,
Мал құмар көңлі бек соқыр
Бүркіттен кем бе жем жесі.

Абайдың жасаған айналасы, елінің жалпы тіршілігі Абайға, мінекей, сол әсерлерді берген. Абайдың миынан, жүрегінен ықтиярсыз соларды қайнатып шығарған.

Абайды қанағаттандыра алмаған қазақтың салт-сана тұрмысы бәрі жиылып келіп дүниеден мүлде бездіруге, үмітсіздікке түсіруге де себеп болған, пессимистік жолына кіргізген.

Абай соңынан хатта бүтін дүниясына, бүтін өмір деген нәрсе-нің өзінен ем азаматтың бөрінен үміт ұзу жолына кіреді. Ол ардан қол сілтей бастайды:

Өмір дүние дегенің
Ағып жатқан су екен.
Жақсы-жаман көргенің
Ойлай берсең у екен.
Жүрегімді қан қылды,
Өткен адам, өлген жан,
Ақыл іздеп, ізерлеп,
Бәрін сынап сандалған.
Бірін тапшай солардың

Енді ішіме ой салған.
Тұла бойды улатты,
Бәрі алдағыш сұм жалған.

Мақаланың басынан бері жазып келген сөздеріміз Абайға жұртшылық жағынан қарауымыздың нәтижесі болып айтылып отыр. Абайдың өз ішінде жасаған қазақ елінің тұрмысы, салт-сана-насынан алғаны, мінеки, сол. Бұл тұрмыстың Абайға бергені де болса, Абай өз басында, өз жүрегінде соны ақындық қуатыменен жаңадан істеп, жаңадан суреттеп, соларды өлеңдері арқылы халыққа жариялап отыр.

Қазақ халқы Абай арқылы өзінің суретін, сипатын көп жақтан дұрыс көре алады. Сондықтан Абайды өз заманының айнасы десе де болады.

Енді алдағы мақалаларымызда Абайды өлеңінің мазмұны, рухы жағынан, ақындық қуаты жағынан, тіл, сөз қисыны жағынан қысқаша тексеріп өтпекпіз.

Біз ақынның шығарған өлеңдерінің нендей табиғатта, нендей рухта болғандығын жақсы тексеріп, бар сырын түгел ашып беру үшін ақынның өзінің табиғаттағы жайларын жете білу керек болады. Мұны білу үшін бірінші кезекті нық таяныш нәрсе – ақынның өмір тарихы болмақшы. Міне, соның үшін біз Абай өлеңдерінің табиғатын һәм рухы жағын тексерген уақытта Абайдың өмірімен таныс болмағанымыз үшін біздерге көп қиындықтар кездеседі.

Абайдың өмірінің жақсы тексеріліп жазылмағандығы, белгілі бір ғылым жолына салынып жазылған өмір тарихының болмауы Абай туралы жазушыларды аса зор ыңғайсыз халге түсіреді.

Абайдың өлеңіне қосылып, басылған өмір тарихы Абайға шын мағынасында сын жазамын деген жазушыларды да қанағаттандыра алмайды. Ең соңғы басылған Абай өлеңдерінде де Абайдың ескі баспасында басылған әдебиет заңын қолданбаған алғашқы жазылған өмір тарихын қайта басқан. Соңғы баспасын бастырушы жолдастар Абайдың өмір тарихын толықтырып, ғылыми бір жолға салып бастыруы керек еді. Не үшін қазақтың қалам қайраткерлері Абайдың өмір тарихын толықтырып жазуға сараңдық қылуы – аса түсініксіз аянышты нәрсе.

Абайдың өлеңдерінің табиғатын һәм ішкі рухын ашық тексеру үшін демесін беретін нәрселер мыналар:

1. Абайдың өмірінде басылған өмір тарихының көрсетуі бойынша, Абай 10 жасынан былай қырда мұсылманша оқи бастаған. 13 жасына шейін Семейдегі медреседе оқыған. 14 жасында оқудан мүлде тоқтаған. Қысқасын айтқанда, Абайдың бар оқыған мұсылманша оқуы төрт жылдық қана болған. Орысшаны да Семейде болған шағында бастауыш орыс мектебінен үш ай ғана оқып шыққан. Абайдың орысша болсын, мұсылманша болсын мектептерден алған бұл мағлұматы Абайдың барлық біліміне жол ашып берді деп айтуға бола ма?

Абай үш ай ғана оқыған оқумен орыстың ірі ақындары Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Крыловтардың түпкі негізіне қалай түсінген. Олардың өлеңдерінен қалайша түпкі негізін бұлжытпай тәржіма қылуға күші жеткен.

Абайдың орысшаны жете түсіне білуі – Абай орысшаны үш ай ғана оқыған оқумен қанағаттанып қоймағанын көрсетеді. Абай мектептен тыс орысшаны толық, түсінерлік дәрежеде оқығандығы, орысшадан аударған өлеңдерінде ашық байқалады. Я болмаса Абайдың жанында дайын орысша ақындары, ашық түсіндіре білетін білімді бір адамның серік болғаны байқалады. Егер бұл айтылғандай болмаған болса, Абайды жай жабайы адамнан оқшау, өзіндік бөлек нақ данышпан адамның сыпаты барлығы ашық көрінеді. Бұлай болғанда біз Абайда талассыз данышпандық (гениальность) белгі бар деп айта аламыз. Болмаса Спенсер кітаптарын әм «Позитив философия» турасындағы кітаптарды, Дрепердің «История умственного развития Европы» деген кітаптарын анық түсініп білу үшін, аз қуат керек емес. Абайдың Кәкітай Құнанбаев тарапынан жазылған өмір тарихы бізде жоғары айтылғандарымыздың бәріне де жауап бермей қараңғы, күңгірт күйде қалдырып кетеді.

2. Абайдың өлеңдерімен бірге басылған өмір тарихында былайша жазылған: «Абай 13 жасында-ақ балалық қылмай ел ішінде жұртты өзіне қаратқан, басшылыққа бұрынғы төрелермен талас қылып жүрген әм елдің жақсылары баласынбай аузына қарай бастаған». Абай жасынан-ақ ірі адамдардың қатарына кіріп, халыққа басшылық, қылу үшін билермен тартыса бастағандығы,

Абайдың билікке, халыққа таласуына, туған-туысқандарының да атақты, елге басшы адамдардан болғандығы да Абайды жастан ірілікке жетектеген. Туысқандарының әм өскен ортаның мақсат қылған нәрселері Абайды билік үшін таласқа кіргізуге әбден мүмкіндігі болған.

Бірақ Абайдың өлеңдерінің көбінде елге басшы боламын деген адамдарды кекеп, зарлы, улы тілмен шаншатындық бар. Абай жабайы ел адамдарындай билікке өзі ынталы адам болғандай болса, зарлы тілін тап онша қадамас еді. Бұл туралы Абайдың билікке көзқарасының қандай болғандығын өмір тарихында толық ашып айту керек еді. Және Абайдың өмір тарихында былайша жазылады: «Жиырма жасында Абай маңдай алды шешен болды» әм «қазақтың ескі заманы болса, бұрынғы қазақтың атақты биінің бірі болмағы анық еді», – дейді. Міне, бұл сөздер Абайдың табиғаты, ішкі рухы билер сықылды болғандығын аңғартады. Жалғыз-ақ Абайдың тілегіне бөгет болған – заман. Заман бөгет болмағанда, Абайдың тұтынған жолы әкімшілік еді дегенге келтіреді. Бұл сөздер сырт қараған кісіге Абай өлеңдерінің табиғаты, ішкі рухы соңғы кезде мүлде үмітсіздікке айналып кетуі, сол өзінің тілекті мақсаты болмағандықтан да болған шығар деген шүбәлі ой тудырып та қалады.

3. Абайдың шаһармен байланысы болған ба? Семей қаласында 2 жыл оқу оқығаннан кейін оқуды тастап елге қайтып кетеді дейді. Абайдың сол кеткеннен қаламен қатынасы мүлде үзілді ме, жоқ болмаса қаламен қатынасы жиі болып, қаладағы мұсылман яки орыс мұғалімдерімен мәжілістес, пікірлес болып жүрді ме?

Міне, бұл жағы да Абайдың өмір тарихында күңгірт, көмескі түрде айтылмай қалған. Абайдың өлеңін тексерушіге бұл да зор қиындық тудырады.

4. Абай орыс әдебиетімен әм жазушыларымен 35 жасынан былай қарай таныс болып еді. Абайды бұлармен таныс қылуға себеп болған орыстың атақты білімділері мен Михаэлис әм Гросс деген еді дейді. Абайды Пушкин, Лермонтов, Толстой, Некрасов, Достоевский, Белинский, Писарев әм бұлардан басқа да ірі ақындармен жоғарғы айтылған орыс оқымыстылары таныс қылған.

5. Абайдың тәржіма халінде: «Орыс әдебиетімен танысу Абайдың көңіліндегі ақындығын қозғап, Абайдың өлең жазуына

себеп болды», – дейді. Бұл айтылғандардан Абайдың 35 жасына шейін ешбір өлең жазбағандығы көрінеді. Шынында, Абай өлеңдерінің бірінде де 1884 жылдан бастап 1903 жыл арасында ғана жазған, яғни Абай 35 жасына жеткеннен кейін өлең жазуға кіріскен. Хатта Абайдың ақындық күшінің жарыққа шыққандығы 39 жасынан кейін басталды деп айтуға болады. Бірақ тәржіма халінің тағы бір жерінде былай дейді: «Абай 14 жасында-ақ біреуді мазақ яки қалжың қылып құрбылар ортасында өлең шығара бастаған», – дейді. Бұған қалайша түсінуге болады. 14 жасынан былай қарай жазған өлеңдері қайда? Бірінші баспасы басылғанша не үшін жас жігіт шағындағы өлеңінің бір жолы болса да кітапқа кіргізілмеген. Әлде жас шағындағы жазғандары маңызсыз-мағынасыз болғандықтан, баспаға берілмеген бе? Міне, осы жоғарғы айтылғанның бәрі де Абайдың өмір тарихы толық жазылмағандықтан, Абайды басылып шыққан кітабына қарап тексерушіге аса зор жұмбақ болып шығады.

Тексеруші 14 жасынан бастап жазған бір ақынмен 39 жастан бастап жазған ақынды бір көзбен айырып баға беруіне болмайды. Һәм 14 жастан бастап жазған ақын мен 39 жастан бастап жазған ақын өлеңдерінің табиғаты, ішкі рухы еш уақытта бір түрлі болып келмейді.

6. Абайдың қазақ арасындағы ел ақындарымен қатысы болды ма, болған күнде олардың шығарған өлеңдеріне еліктеді ме? Еліктеген болса, олар қандай ақындар еді? Қандай типтегі кісілер еді?

7. Абайдың қазақ арасындағы дайым қатынас жасаған ел адамдары, пікірлес замандастары кімдер болған? Олар қандай табиғаттағы адамдар еді? Бұлардың Абайға қандай әсерлері болды?

8. Абайдың үй-жамағатымен, тұрмыс жүзінде әйелдермен қандай байланысы бар еді?

Міне, Абай өлеңдерін тексеру үшін осы сұралған сөздердің бәріне де Абайдың өлеңдерімен қосылып басылған тәржіма халінде жауап ашық болуы керек еді. Бұл күнге дейін Абайдың басылған өлеңдерінде бұл кемшіліктер толықтырылмай келе жатыр. Әйтсе де біз Абайдың майданға түскен бар өлеңімен өзінше қанағаттанып, Абай өлеңдерінің табиғаты әм ішкі рухын шамамыз келгенше тексеріп өтуге лайық деп табамыз.

Абай барлығы 5313 жол шамасында өлең жазған. Бұлардың ішінен орышадан тәржіма қылғаны 1700 шамасында. Соңғыларын шығарып тастағанда, Абайдың нақ өз тарапынан шығарған өлеңі 3612 жол шамасында болады.

Абай өлеңдерін жыл тәртібімен қарағанда бір түрлі көрінетін нәрсе мынау:

1884	жылы	38 жол	1894 жылы	148 жол
1885	жылы	14 жол	1895 жылы	138 жол
1886	жылы	701 жол	1896 жылы	336 жол
1887	жылы	202 жол	1897 жылы	390 жол
1888	жылы	64 жол	1898 жылы	64 жол
1889	жылы	1032 жол	1899 жылы	48 жол
1890	жылы	205 жол	1900 жылы	72 жол
1891	жылы	164 жол	1901 жылы	72 жол
1892	жылы	116 жол	1902 жылы	152 жол
1893	жылы	212 жол	1903 жылы	16 жол

Абай кейбір жылдары аз жазады. Жазған өлеңдері жыл сайын я артылып, болмаса біркелкі болып отырмайды. Абайдың жыл сайын жазған өлеңдерінің жолдарының санын оқушыларға көрсетіп отуді мақұл табамын.

Бұл көрсетілген цифрлардан Абайдың 1898 жылдан кейін өлең жазуы кенет көп кемігендігі әм әр жылда біркелкі болмағандығы көрінеді.

Абайдың былайша өлең жазуы тексерушіге зор жұмбақ ретінде болмақшы. Бұл жұмбақты шешу үшін Абайдың толық жазылған өмір рухы болу керек.

1898 жылдан кейін Абай өлеңдерінің табиғаты, ішкі рухы өзгере бастайды. Сонымен бірге Абайдың әуелгі ақындық күшінің де кеміңкіреп, жұмсарғандығы сезіледі.

Абайдың дүниеден безіп, өмірден үмітсіздену жолына кіргені 1892 жылдан бастап 1900 жылға шейін артықша күшейіп барады.

Жүрегім менің қырық жамау
Қиянатшыл дүниеден, –

деген өлеңімен хатта адамзаттың өзінен тіпті безгендігін аңғартады.

«Адам бір боқ көтерген боқтың қабы» деген өлеңі де 1899 жылы айтылған. Және сол жылда:

Есінде бар ма жас күнің,
Көкірегің толық, басың бос.
Қайғысыз, ойсыз, мас күнің
Кімді көрсең бәрі дос.

Міне, бұл өлеңдерден аңдаспау бойынша, өлі де шыңдап та Абайдың қарттық күнінде, яғни өмір бітуі жақындағанда, өлең ту-дыратын сезімдерден Абай жүрегі босап, басына қайғы толып, жас уақытта өлең шығаратын қуаты бүтіндей жоғалып, нашарлайтын халге жетті ме екен? Әлде, Абайдың өмірі бітуге жақындағанда, Абайдың ілхамы (шабыты М.М.) әм ақындық қуаты өз-өзінен жоғала бастады ма екен? Әлде, шынында да махаббат қызықтың мол болған жылдары ақырын-ақырын артқа шегініп, Абайдан алыстап кетіп, сондықтан Абайдың ақындығы нашарлады ма екен деген шүбәлі ойлар еске түседі. Яки сол жылдың өзінде:

Көзіме жас бер жылайын,
Жаралы болған жүрекке
Дауа бер жамап сынайын, –

дегенінше жаралы жүрегін жамайтын дауасы бітіп қалып, соңғы өлеңдері өуелгідей түр таба алмай кетті ме? Әлде:

Күйесің, жүрек күйесің
Күйгеніңнен не пайда, –

деп ақындық қуаты дәйім күшті болып тұрған күйінде де Абай өзінің күйгендігінен пайда болмағандығын ойлап, сол себепті өлең жазудан өзі тілеп тоқталды ма екен? Не болмаса:

Жапырағы қуарған ескі үмітпен
Зия ғып өмірімді бос жүріпін, –

1901 ж.

дегеніндей Абайдың өмірінің ақырындағы үмітсізденуі оның ақындығын бүтіндей сөндіріп қоймайды ма?

Шынында, біз Абайда шын ақындық сыртқы тұрмыс сезімінің әм сыртқы тұрмыстың өзі үшін қайғыру дегеннің 1898 жылдан кейін біраз күшсізденгенін көреміз.

Абайдың ең бірінші бастап жазғаны – 1884 жылы жазған «Сұлу қыз» туралы өлеңі. Бұл өлең Абайдың өлең шығара бастауында бірінші адым болса, мұнан соны аңғарамыз: Абайда бірінші адымнан-ақ суреттеу қуаты өзгеше күшті болған екен. Әрі сыртқы тұрмысқа жақын болған яки сонан алынып жазылған екен.

Бұл өлеңнің жазылуы Абайдың 39 жасындағы шағына тура келеді. Бірақ өлеңнің қуатына қарағанда, Абай бұл өлеңді жасырақ уақытта шығармады ма екен деп ойлауға жоқ емес. Абайдың өзі шығарған өлеңдерінің бәрі маңызды, әдемі болып әрі көп шығарған жылы – 1886 жыл Абайдың табиғатты суреттеген ең жақсы өлеңдері және сол халде шығарған. Абайдың жұрт үшін қайғыруы да көбірек сол жылда болған. «Жаз» деген ес кетіретін үстелікпен, тіпті жеңіл әм табиғи шығарылған толық көріністі әм шындықпен суреттеген өлеңі мен «Аттың сыны» деген өлеңі де сол жылы жазылған.

«Өлең туралы» айтқан қуатты өлеңдерінің көбі әм «Сұю туралы» деген аса шебер өлеңдері 1887-1897 жылдар арасында шығарылған. 1899 жылдан бастап, 1902 жылға Абай орысшадан тәржімамен барады. Абайдың соңғы өмірінің көбі тәржімамен өткендігі көрінеді.

Және әуелде Аллаға онша жақын болмаған әм көбірек дүние үшін, халық үшін қайғырған Абай 1898 жылдан соң Аллаға жақындап, Алланы жат етеді. Алла туралы көбірек ойлап, сол ретте халыққа Алла туралы пәлсапа сөздер сөйлеп, Алла туралы діни үгіттер үйретеді.

1886 жылдарда Абайдың үгіті дүние, тұрмыс үшін болса, енді Алла ахрет үшін болуға айналады. Абайдың бұл жылдан соңғы өлеңдерінде Толстой сықылды адамдардың жазған сөздерінің ізі көріне бастайды. Абай өмірінің бұл бөлімінде, шынында, қазақ халқына діни жол басшылық сипатын көрсетеді. «Ой туралы» деген өлеңдері бәрі соған куә. Солай қылып Абай 1895 жылда «Халыққа¹ махлұқ ақылы жете алмайды, Оймен білген нәрсеміз бәрі дәһрі²», – дейді.

¹Халыққа, жаратушыға деген сөз, шахмұң – жаратушының жаратқан заттары деген сөз.

²Замана туралы заманға қас деген сөз. Ташкент баспасындағы көрсету бойынша мәңгілік, дініздік деп ұғу қате (F.C.).

Әм Алла туралы: «Сонда да оны ойламай қоя алмаймын» әм «және оған қайтпақсың. Оны ойламай өзге мақсат ақылға тола ма екен», – деп өзінің енді Аллаға мықтап берілгендігін аңғартады.

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес, –

деп Абай енді дүниедегі өмірден соң тағы мәңгі жасау жанның мәңгілік болуын көксейді. Сөйтіп, шындап та ахретке, машһарға әзірлене бастайды:

Дүниеге ынтық, машһарға амалсыздың
Иманын түгел деуге аузым бармас, –

деген өлеңдері Абайдың сол сырын ашып береді. Абай 1897 жылда:

Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз жол емес.
Ынтылы жүрек, шын көңіл
Өзгесі хаққа қол емес, –

деген болса, 1902 жылда:

Алланың өзі де рас, сөзі де рас, –

деп ойы, пікірі Аллаға, ахретке берілгендігін тағы мықтап айтып қояды. Сол жылда және:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп
Және хақ жолы осы деп әділетті.
Осы үш сүю болды имани гүл

һәм:

Дін де осы, дін ойлаған тағат та осы, –

дейді. Міне, бұл сөздері Абайдың бұл жылдарда шынында да Толстойдың шәкірті болып, ол арқылы Ғайсаның үйреткен жолымен кетіп, сол жолдағы пікірлерін халқына үйретуге кіріскенін көрсетеді:

Абайдың сондағы табиғаттағы өлеңдері мынау: Солардан қысқа, ашық бір нәтиже шығарғанымыз мынау:

1. Абайдың 20 жылдық әдеби өмірі бар. Соның әуелгі жартысында Абай күштілік көрсетеді. Соңғы жартысында әлсізденіп, өлеңнің табиғатын, ішкі рухын бүтіндей өзгертіп жібереді.

2. Өмірінің әуелгі жартысында Абайдың өлеңдері табиғат ішкі рухы мен тұрмысқа жақын дайым тұрмыс қайғыларын, тіршілік пікірлерін шешеді.

Соңғы жартысында (айрықша соңғы 70-80 жылдарында) Алла әм ахрет туралы терең ойларға кетеді. Яғни Абай өлеңдерінің табиғаты, үміттері тұрмыстың түрлі дерттерімен суарылған болса, соңғы жартысы діни пікірлер әм машһарға даярлану атымен суарылады. Идеализм деген пәлсапа жолына бұрып тұйықтайды.

3. Абай өлеңдерінде өзінің ашық сипаттарын өздігін көрсетеді. Абай кітабында түсірілген суретте қандай көрінсе, өлеңдерінде де сондай көрінеді.

Абайдың суретте көрінген маңдайы – өлеңдерінде көрінген маңдайының өзі. Абайдың маңдайында ойшылдық пен толқындаушылық бірлеседі. Бірақ кейіннен ойшылдық жеңіп кетеді.

4. Абай өлеңдері халықшылдық, қазақшылдық рухымен шығарылған.

5. Абай өлеңдерінде (әсіресе әдеби өмірінің соңғы жылында) шындық (реальность) күшті, хатта діни мәселелерге де шын ынтасымен қарайды.

6. Абайға мұсылманшылдық дүниесіндегі сопылық әсер бермеген. Абай – мұндай сипатпен уланбаған кісі. Оның өлеңінен сіздер өтірік монтанылықты сезбейсіздер. Ол оны сезбейді де. Жалғыз-ақ Абайдың кемшілігі өмірі ақтығында дінге берілгендігі. Әм машһар қорқынышынан жеңілгендігі.

7. Абайдың кейбір өлеңдерінің бір пікірден екінші пікірге, бір сезімнен және басқа сезімге бірден секіргендігі, асығыстықпен көшкендігі көрінеді. Соның үстіне бағзы бір келіспегендіктер әм бір-біріне қарсы болған пікірлер де жоқ емес (газет жүзінде орын аздықтан мысал келтіріп болмайды).

8. Абайдың әдеби өмірінің әуелгі жартысында орыс әдебиетінің берген әсері сезілмейді. Абайдың өзінен өлең шығарушылық

дәуірінде ешбір халықтың әдебиетіне әм ешбір адамға еліктегендігі білінбейді.

Әр халықтың ақындары сол халықтың сөйлеген тілінің жемістері болады деген сөз бар. Біз де сол сөзге қарай Абайды қазақ тілінің жемісі дейміз. Абай тілінің кеңдігін, өткірлігін қазақ тілінің кеңдігі, өткірлігі деп аңлау керек. Бұл тілдің байлығы, әдемілігі Абай өлеңдері арқылы ашық көрінеді.

Абай – қазақ тілінің кең, әдемі бір әдебиет тілі болуға лайықты екенін ашық көрсетіп кеткен бір ақын.

Бұл тілдің әдеби жақтан істелуіне де Абайдың көп қызметі тигендігі Абай өлеңдерінде ашық көрініп тұр.

Абай одағай сөздерден жасалған етістіктерді көп қолданады. Яки сондай етістіктерді көп жасайды әм бұл туралы шеберлігі таңданарлық.

Абай пәлсапа сөздерді, аса терең пікірлерді де еш қиналмас-тан жеңіл, ашық тілмен аңдата алады:

Ақыл мен жан – мен өзім, тек менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан
«Менікі» өлсе, өлсін оған бекі.

Һәм:

«Мені» мен «менікінің» айырылғанын,
Өлді деп ат қойыпты өңкей білмес, –

деген өлеңдері соған дәлел.

Абайдың бұл алты жолдық өлеңдерімен идеализм пәлсапасын қандай ашық аңдатып бергендігін көріп отырмыз. Абай жалпы түрік тілдерінің халық өлеңдерінде қолданған өлшеулерден басқа тағы өзінен шығарған жаңа өлшеулері жоқ емес.

Абайдың жаңа өлшеулерінің өсерінен жас қазақ ақындарында ғана емес, яки жас татар ақындарының бағзыларынан көріп отырмыз.

Абайда ескісі әм жаңасы бәрі сегіз түрлі өлшеу бар, бірақ оның бәрін көрсетуге газет бетінде орын аз болғандықтан, оларды мысалдармен келтіріп отырмаймыз.

Сонымен, Абай туралы сөзді тоқтатып, басқа ақындарға көшеміз.

ИБРАҺИМ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ (АБАЙ)

(1845-1904)

АҚЫННЫҢ БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ

Абай – Арғын Тобықты руынан, 1845 жылы Шыңғыс тауында туды. Абайдың шын аты – Ибраһим. Қазақ әдеті бойынша шешесінің еркелетіп қойған Абай атын толық атап кеткендіктен, біз де Абай дейміз.

Абайдың әке тұқымы – Тобықтыға басшы би болған, бай жуан ата. Үлкен атасы Ырғызбай да әрі батыр, әрі жуан би болып елді аузына қаратып өткен кісі. Осы Шыңғыс тауы қонысқа лайық, малға жайлы жер деп орын қылған кісі.

Онан соңғы атасы Өскенбай би, Абайдың өз әкесі Құнанбай – жұртты аузына қаратқан, ел билеген ақсүйек байлар табының өз елінде көсемі болған азулы би байы. Өз тұсында қазақ арасында мұсылмандықты жайып, дін, шариғаттың орнауына мықты еңбек сіңірген діншіл кісі болған. Заманында өз табы – (өзі үшін) діннің мықты құрал екендігіне мықтап түсініп, ел арасына діннің тамырлап, тарауына арнап еңбек сіңірген. Құнанбай өзге жұрт баласын орыстан қашырып тығып жүргенде, өз баласын орыс мектебіне беріп, орысша оқытқан.

Абайдың шешесі – қазақ ортасында елді күлдіргі, қалжыңымен сөгіп, шешендікпен атақ алған әйгілі Қантай, Тонтаймен туысқан Тұрғанның қызы. Абайдың шешесі өзінің тұқымдарындай от ауызды әрі бай, әрі жуан би, той-думан арылмайтын, ақын, жыршы, шешен, би кетпейтін ауыл болған.

Атадан ұл туси геді,
Ата жолын құси геді... –

деген ескі нақыл бойынша, Абай жас шағынан-ақ сөз тыңдап, сөзге үйір боп өсе бастайды. Осындай қожа, молдалар, билер, ақындар кетпеген ортада тәрбие алды. Абайды ақындыққа ыңғайлаған жағдайдың бірі осы сияқты. Он жастан он екі жасқа дейін ауыл-

да мұсылманша оқып, сауатын ашып қана қоймай білімін кеңіте береді. Он үш жасқа шығарда Семейде молда Ризәнің медресесінде оқиды. Медреседе оқып жүріп Приходский школінен орысша оқып, 14 жасында сабақтан шығады. 15 жасында балалықты былай қойып, үлкендер қатарында жұмыс атқаруға кіріседі. Өз тұсында ақылды, саналы, зерделі, шешен, көсем жігіт болып ел билігіне араласады. 20 жасында Абай халық ортасында маңдай алды шешен болады. Орақ ауызды, от тілді кісі атанады.

Абай жасынан-ақ қазақтың бұрынғы салтын, қалпын, әдет-ғұрпын, дәстүрін, ескі сөздерін, ескі билердің ережелі тапқатарын, тапқыр, пішін сөздерін, биліктерін көп зерттеп, үйреніп, тексереді, көп оқиды. Ескі мақал-мәтел, қазақтың өзінің бұрынғы өткен билерінің нақыл мысал өрнек етіп айтқан сөздерін көп зерттеп жаттайды. Бұрынғының барлық шебер сөздерімен Абай өте жақсы таныс болып, өзі де сондай сөздерге өмір бойы машықтанады.

Абайды сөзге, сөз өнеріне, шешендікке баулыған жағдайдың бәрі өмір бойындағы Абайды қоршаған – жуан көсем бидің, ірі байдың ауылы. Абай араб, парсы, түрік тілдеріндегі әдебиеттерді еркін оқып түсінетін болды. Заманында арабшаны, парсышаны, түрікшені Абайдан артық білетін ешкім болмайды. Шала, шапты оқып, шариғат айтып, мал тауып жүрген дүмше молдалар Абай отырған жерде қысылып, сескеніп, сөйлей алмайтын болады.

Абай әлгі тілдерді жақсы білгеннің арқасында әдебиетін де көп оқитын болады. Сөйтіп, араб, парсы, түрік әдебиеттерімен де әжептәуір таныс болады. Абайдың әдебиетке жақындауына бұлар да көп себеп болады. Абай 14 жасында-ақ құрбы-құрдас-тарына арнап тәлкек, сықақ өлеңдер жаза бастаған. Құрбылары Абайдың өлеңдерін жаттап алып, елге жайып жіберетін болған. Өлеңдері сол кезде мәнді, дәмді болған. Бірақ Абай өзін-өзі ақынмын деп санамаған, өзі жуан атаның баласы болған соң, «кедейлер істейтін ақындық кәсібін кәсіп етіп», өзін-өзі ақын деп санамай, бері таман келгенше оның соңына түсуге арланатын болған. Ол кезде қазақ ортасында ақындықтың қадірі де шамалы болатын. Ақындық кәсіп еткен кісіге жоқшылықтан істеген кәсіп есебінде болатын.

АБАЙДЫҢ ОРЫСТЫҢ, БАСҚА ЕЛДІҢ ЖАЗУШЫЛАРЫМЕН ТАНЫСУЫ

Абайдың бойындағы қайнап жатқан қуат, зердесінің жарыққа шығып, «жалпыға» жеміс болып шашылуына сол замандағы жер ауып жүрген орыс халықшылары көп себепші болады. «Орыс әдебиеттеріменен таныстырып, өрісімді кеңейтіп, көзімді ашқан жер ауып келген Михаэлис, Маковецкий, фольклор жинаушы Ги-ролсс деген кісілер болады», – дейді екен Абайдың өзі. Шынында Абайдың сана-сезімінің ұлғайып, өлеңді өнер деп тануына, өлең-нің соңына шұғыл түсуіне әлгі айтылған кісілер көп көмек көрсетеді. Орыстың атақты ақын-жазушылары Пушкин, Некрасов, Салтыков, Толстой, Тургенев, тағы басқа ақын, жазушы, сыншы-ларымен таныстырады. Олардың мұрат-мақсаттарының қандай болғандығымен де таныстырады. Сондықтан Абай өле-өлгенін-ше: «Менің әкемнен артық жанашырлық қылып дүниеге көзімді ашқан Михаэлис еді», – деп айта беретін болған.

Абай бала жасынан тырыстығының, зеректігінің арқасында орыстың өте көп жазушыларының шығармаларын оқып шықты, оқып қана қоймай өзіне керектерін пайдаланды. Пушкиннің, Лермонтовтың, Крыловтың бірқатар шығармаларын қазақ тіліне ұғымды, жатық, әдемі ғып аударды. Кей аудармаларының көркемдігі ана ақындардың түп сөздерінен кем болмаған.

АБАЙДЫҢ ҚАРТАЙҒАНДАҒЫ БІР АРМАНЫ

Абай елдің бар жұмысына қатынасты: болыс та, би де болды. Барлық елді өз аузына қаратып ескі билерше билеп отырғысы да келді. Бірақ Абайдың табы – билер-феодалдар табының әкімшілік дәуірі ол кезде өшкен еді. Сондықтан заман дегенін істетеді. Абайдың бір арманы осы болды. Жас кезінде тереңнен тексерерлік ілім оқи алмады. Қартайған кезіндегі бір зор арманы осы болды. Бұл туралы Абай мынадай өлең шығарды:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.

Өзінің өмірінің үлгісін есінен алып, балаларының бәрін жастайынан оқуға берді, оқытты. Балалардың оқып білім алғанын өте жақсы көрді. Бұл туралы:

Адамның бір қызығы бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім.
Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, пен алсын деп бермедім, –

деген. Абайдың балаларының бәрі де оқымысты болған.

АБАЙДЫҢ ӨЛЕҢІ

Абай өлеңді жазғанменен, күнттап жинамайтын болған. Жазған өлеңдерін ел адамдары, өлеңші жігіттер жаттап алып, елден елге таратқан. Абайдың өлеңдері халық аузында мақал-мәтел орнына жұмсалып ардақталатын болған. Абай өзінің өлеңіне қарағанда үздік жақсы екенін түсініп халықтың оншалық бағалай қоймауына назаланып, мынадай өлең айтқан:

Батырды айтсам, ел шарлап алған талап,
Қызды айтсам, қызықгы айтсам, қыздырмалап,
Әнпейін күн өгізбек әңгіме үшін,
Тыңдар едің бір сөзін мыңға балап.
Ақыл сөзге ынтасыз жұрт шабандап,
Көнгенім-ақ соған деп жүр табандап.
Кісімсінген жеп кетер білімсіз көп,
Жіберсем өкпелеме көп жамандап.

Абай өлеңді өнер деп түсіне бастаған соң өлеңге қоятын шартты да зор деп, қиын деп түсінеді. Өлең жазу екінің бірінің қолынан келмейді. Екінің бірі жазған дәлдубатпақ өлең де болмайды.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.
Өнерге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Ішпi алтын, сырты күміс сөз жақсысын,
Қазақтың келістірер қай баласы? –

дейді. Бұқар жырау, Шортанбайлар сияқты бұрынғы ірі ақындарға сын тартады. Міне, Абай өлеңге осындай шарт қояды. Осындай, осы айтқандай болып келген өлеңді өлең дейді. Осындай қылып өлең жазған ақынды ғана ақын дейді.

Сөйтіп, қазақтың атақты аты шулы ақыны Абай 1904 жылы алпыс жасында дүниеден қайтты. Қазақ әдебиетіне ұлы қазына дерлік мұра қалдырды. Осы мұраны Ленинше ұғып, пайдамызға асыру – біздің әдебиетіміздің міндеті.

АБАЙДЫҢ ӨЛЕҢДЕРІ ТУРАЛЫ

«АТТЫҢ СЫНЫ»

Мынау «Аттың сыны» – Абайдың сол замандағы жақсы деген атты тілмен, сөзбен суреттегені. Жақсы суретші Абайдың осы сөзіне қарап отырып, оп-оңай Абай айтқан аттың суретін салып шығарар еді. Шебер жазушының бір затты суреттеп айтқан сөзіне қарап, сол заттың суретін жолдап алуға болады.

Ат қай заманда болса да керексіз мал емес, ат – мықты көліктің, мықты құралдың бірі. Абай заманы – ескі заман. Ол заманда ат өте-өте қадырлы болған заман. Онда осы күнгі қазақ арасындағы пойыз отарба жоқ. Ауыл арасы, ру ішіндегі тап тартысы, жиын-той, дау-шар атқа байланысты еді. Ол кезде жаңа, өте-мөте одан арғы замандарда да жақсы ат қазақтың бір қызының қалың малы еді. Осы күнге дейін айтылып келген «бір қыздық ат» деген мәтел сол замандардан қалған. Атқа арнап, ат болғанда осындай ат жақсы деп сол замандағы «Аттың сынын» сыншыларша жазды. Ат болса осындай ат болсын дейді. Әрине, әр дәуірдің бір нәрсеге қойған сынында белгілі айырмашылық болуға тиіс.

АҢШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ

Аңшылық – осы күнге дейін маңызын жоғалтпаған кәсіп. Бірақ Абайдың айтып отырған, Абайдың әдемілеп суреттеп отырған аңшылығы біздің кешегі байлар билеген ауылдың аңшылығымен таныстырады. Солардың аңшылыққа беретін сабағымен,

көзқарасымен, суреттеуімен таныстырады. Байлар билеген замандағы әлділердің ит жүгіртіп, бүркіт салып, ат шаптырып, ас беру суреттері Абайдың өлеңдерінде айқын көрінеді. Ақсүйектер, байлар аңшылықты тек қызық салтанат, атақ деп бағалаған. Абайдың аңшылықты суреттеуі, Абайдың аңшылыққа көзқарасы мырза байлардың көзқарасы екенін айқын көрсетеді.

ЖЫЛДЫҢ ТӨРТ МЕЗГІЛІ

Жылдың төрт мезгілі: жазғытұрым, жаз, күз, қыс. Абайдың көркем жазылған шығармалары. Абайға шейін қазақ көркем әдебиетінде жаратылыс құбылыстарын жазған Алтынсарыұлы Ыбырай еді. Құнанбайұлы Абай Алтынсары Ыбырайдан да толық әсерлі қылып суреттейді. Жылдың 4 мезгілін бөлек-бөлек қылып суреттегенде, Абай көркем, әсерлі тілмен, жаңды суреттермен пернелейді. Жасарып, гүлденген жаздың түрін, өнін, махаббатын суреттейді. Жаз суреттері, күлген, елжіреген күн. Масатыдай құлпырған жердің жүзі, өдемі киінген қыз-келіншек, жаңа шыққан гүл-бөйшешек, гүлге қонған көбелектер, «Сыбыр қағып бұрандап аққан су», қаршыға салған жігіттер, қырда торғай, сайда бүлбүл, ойнаған жастар, оң-сол ән-күй, балалаған мал, ойнаған бала... біреуі екеу болған шаруа, көшкен ел... Шілде суреттері: көкорай шалғынға семірген мал, сыңқылдап күлісіп үй тіккен қыз-бозбала, жақсы атқа мініп келген бай, кілемнің үстіне қымызға отырған байдың үйі, байға жарамсақтанып малшыларға «малды өрі қайыр» деп ақырған ақ сақалды қарт, таңертеңнен асау мініп, салпылдап келіп тұрған жылқышылар.

КҮЗ БЕЛГІСІ

Сүр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып дымқыл тұман жерді басқан.
Тоңғаны ма білмеймін, тойғаны ма,
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.
Жасыл шөп, бөйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айырылған ағаш-құрай.

Бұрынғыдай жадырау, көлеңке іздеу жоқ, кемпір-шал күнжың қағып, бала бүрсең қағып, жылы жер, жылы киім іздей бастаған.

Осы жерде Абай еріксіз кедей мен байдың күзгі тұрмысын қосып, күздің суретін талқылайды.

...Кәрі қой ептеп сойған байдың үйі,
Қай жерінен кедейдің тұрсын күйі.
Қара қидан орта қап ұрыспай берсе,
О да қылған кедейге үлкен сыйы.
Үй жылы киіз тұтқан айналасы,
Бай ұлына жалшы ұлы жалыныпты
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы.

Кедейдің күзгі қызықсыз халын суреттейді. Осы суық күзде бай сары тонға оранып, от басында отырса, кедей дірдектеп, соның малын бағып жүреді. Баласы көзінің жасы ағып жүріп байдың баласын ойнатады. Бұл өлеңде осы теңсіздікті көрсетеді. Абай бұл теңсіздіктің аяғының бара-бара жақсы болмайтынын, байға да оңай соқпайтынын сезіп, кедей мен байды келістірмек болады.

...Алса да аяппақтау кедей сорлы,
Еңбек білмес байдың да жоқ қой орны.
Жас бала, кемпір-шалын тентіретпей,
Бір қыс сақта, тас болма сен де о ғұрлы.

ҚЫС БЕЛГІСІ

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды.
Соқыр-мылқау танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Міне, қысты ақ сақалды мылқау қарттың суретіне теңейді, ол мылқау қартты қаһарлы қылып суреттейді.

Дем алысы үскірік аяз бен қар
Кәрі құдаң қыс келіп әлек салды.
Үшпадай бөркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды...

Міне, Абай жылдың төрт мезгілін өстіп суреттейді.

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ТІЛІ, ТҮР ШЕБЕРЛІГІ

Тіл ретінен Абайдың шығармалары көп пайда береді... Қазақ тілінің барлық байлығын, барлық тұлғасын Абай шығармалары толық көрсете алады. Сондықтан да Абай шығармаларының мәні зор. Онан қазақ тілін сұлулар, көркем нақыштап, әдемі кестелеп, әсерлі жыр, сұлу күйлі өлең қылып шығару ретінде де Абай үлгі өрнек болатын үздіксіз шебер ақын екендігі белгілі. Бұл ретте Абай сөздерінің мәні зор.

Ескі тұрмыспен, ескі санамен танысу үстінде Абайдың шығармаларының мәні зор.

1934 ж.

АБАЙДЫҢ СӨЗ ӨРНЕГІ

Абайдың алдындағы қазақ әдебиетінің үлгісі – батырлардың жырлары, билердің, шешендердің сөздері, жыраулардың толғауы, ақындардың айтысы, араб-парсының ескі қисса, ертегілері ел әдебиетінің түрлері еді. Абайдан бұрынғы заман әдебиеті – сол ескі жұртшылықтың заман бетінен торыққандығынан туған әдебиет еді. Абай – негізінде, осы жұртшылықпен қайнасып, осы әдебиетпен аяқтасып жатқан ақын. Бірақ Абайдың басына біткен қайшылық Абайды ескі заманға күйіндіре отырып, жаңаның бағытына жырлаттырады.

Өміріне қарағанда Абай өлеңге бала жастан-ақ ауызданыпты. Өлеңді шу дегенде арабшадан бастайды: араб, парсы, шағатай ақындарына сыйынып кіріседі:

Фзули, Шамси, Сайхали,
Науаи, Сағди, Фирдоуси,
Қожа Хафиз – бұ һәммәси
Медет бер я шағири фәрият.

Бұл – Абайдың 1858-1859 жылдардың бірінде жазған өлеңі. Абайдың бұл кездегі өлеңі тіпті аз. Болған бірлі-жарым өлеңінің ішінде арабтың, парсының шұбар тілімен бүлдіре жазған өлеңі де бар:

Иузи – раушан, көзі – гауһар,
Лағилдек бет үшпi ахмар,
Тамағы қардан әм биһтәр,
Қашың күдірет, қоли шәғә... –

деген өлеңі және алф-бидің ғарпімен қызға жазған өлеңі Абайдың алғашқы тілін көрсетеді. Басында ол кездегі әдебиеттің тілі де, түрі де осыған айналып та еді. Әсіресе Абай ауылы сияқты молда, қожалы ауылда, Абай оқыған Семей молдасының, дін мектептеріндегі елге тарайтын түрлі кітап өлеңінің тілі осы еді. Абай мұны ер жетпей тұрған кезінде алса да, ертең-ақ тастап ке-

теді. Ол кітаптың анандай тілінен жұлқынып шығып, тыңнан жол салады. Қазақтың таза тілін, күшті сөздерін жаңа мазмұнға қалап, жаңа мәдениетке, жаңа әдебиетке жөн тартады. Сөйтіп, Абай өзі өлгенше қазақтың ұлт жазба әдебиетін жасаудың бір қайраткері болады.

Абайдың ақындық ауданы кең. Ол ақындық өнерінің бір-ақ мазмұнды, бір-ақ түрлі саласын қуып отырған емес, Абай ақындықты, тіл өнерін ақындықтың әр жағына да жұмсайды. Бірақ соның бәрінде Абай ақылшы, үгітші не айтса да, не жазса да әлеумет өміріне тірей, әлеумет өмірінен бастап отырады. Өлеңінің көбі үгіт-насихат, мінез-құлық түзеуге арналады...

Абай ақыл айту үшін алдымен айналаны мінеп, қазып отырады. Оның көретінінің көбі – ақылға, «адамшылыққа» жатпайтын жаман мінез, жат өнеге. Абай осыларды сынап, мінеп шығады. Абайдың қара сөзінде болсын, өлеңінде болсын оның сыны күшті. Абай сындары өз ортасына дәл сындар болады. Оның «бала асырау» деген қазақ ұғымына айтқан қара сөзіндегі сыны қара қазақтың ұғымын табандатып жеңіп шығады. Оған айтуға дау қалдырмайды. Абай осы міндерді түзеуге жалаң үгітті, сынды, ғана жұмсамайды, Абай ащы тілді, улы сөзді, сықақты, мысқылды, ілмені, мазақты да қолданып отырады. «Адасқанның алды жөн», «Болыс болдым, мінеки» деген сияқты өлеңдері Абайдың біз тілді (сатирик) ақын екенін де көрсетеді.

Абай, бұлардың үстіне, толғаушы (лирик) ақын, Абайдың ақындығын көрсететін тәтті өлеңдері осында. Бірақ Абай толғағанда сол өз басының күйінен, дүниеге көзқарасынан шығарып толғайды. Өлеңді жан сергітетін жалғыз достым деп біледі:

Өзгеге, көңілім, тоярсың,
Өлеңді қайтіп қоярсың?
Оны айтқанда, толғанып,
Ішпегі дертті жоярсың.
Сайра да зарла, қызыл тіл,
Қара көңілім оянсын...

Міне, осы секілді «Көлеңке басын ұзартып», «Қарашада өмір тұр», «Адамның кейбір кездері», «Көңіл-күйі тағы да», «Келдік талай жерге енді», «Қуатты оттай бүрқырап», «Жүрегім менің

қырық жамау» деген сияқты өлеңдері – Абайдың ішіндегі шынайы шерін толғайтын өлеңдері. Бұл өлеңдердің көбі-ақ Абайдың өмірінің соңғы жылдарында жазылған өлеңдері. Абай осы өлеңдерінің тұсында орыстың, сүйікті ақыны Лермонтовтың бірсыпыра шерлі өлеңдерін қазақшаға аударады. Ол өлеңдердің де өзінің нысанасына келгендерін, жүрегіне жылы ұшырағандарын таңдап аударады. Кейбіріне өзінен сөз жалғап отырады («Ой», «Жартас» деген өлеңдер).

Абай – шебер суретші (художник). Өлеңімен Абай салған суреттер мінсіз, көрікті, тұрманы түгел келеді. Абайдың ондай бір суретшілікпен көрінетін өлеңдері – «Аттың сыны», «Қансонарда», «Аңшылық», «Жаз», «Күз», «Қыс» тектес өлеңдері. Абай бұл өлеңдерінде ақындықты лақылдатып құя салған. Осы өлеңдерінің қай-қайсысын алсаңыз да, өлең жазылған тақырып алдыңыздан жанды тұлғасымен тұтас түрегеледі.

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақты, –

оқыған адам Абайды осы жағынан тани береді.

Абай қазақтың ұлт өнерін ғана өнер деп таныды. Оны арабшаның ала-шұбарынан, басқаның шөлдірігінен аршып алды. Өлең, ән-күй – өнер, оны бағалау керек деді. Өзі бағалап, өнер қылып, өзгеге бағалатты.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі,
Өрнегін сендей сала алмас.
Білгенге маржан,
Білмеске арзан,
Надандар бәірә ала алмас.
Қиналма бекер, тіл мен жақ,
Көңілсіз құлақ – ойға олақ.

Абайдың осы секілді өлеңі туралы, өлеңнің өнер екені, ақыл екені жайында бірсыпыра пікірлері бар. «Білімдіден шыққан

сөз», «Біреудің кісісі өлсе қаралы ол», «Құлақтан кіріп бойды алар» деген сияқты өлеңдерінің барлығы да – Абайдың өлең, ән-күйге, сөзге қандай баға бергендігін көрсететін өлеңдері.

Өлеңді өнер деп бағалаған Абай – сол өлеңді кестелеп, қазаққа қызмет етті. Өлеңнің өнер екенін көрсетті. Қазақта да мынадай сөз өнерінің үлгілері болады деп өнер белгісін қалдырды. Абайды жазба әдебиеттің – сырлы әдебиеттің басы дейтініміздің бір жағы осында.

Абайдың тілі бай, Абай – қазақ ұғымындағы сөздің сабазы. Тілге Абай құйған нәр көп. Абайдың өлеңдеріндегі араб, орыс сөздерінің кірген кейбіреулерін алмағанда, Абайдың жалпы өлеңінің дені сау, тілі таза. Оның өлеңі таудан тасыған бұлақтай сарқырап жатса, өлеңіндегі сөздері сол бұлақтың түрлі тасындай жарқырап жатады. Абай – өзінен тіл жасаған ақын емес, елдің тілін толық пайдаланған ақын.

Абайдың ақындық қуаты, тілге шеберлігі – оның сөзінің арасына қыл сыймайтындығы. Абай ақындықтың өнері – сөздің іші, сырты екеуі де жақсы, екеуі де көркем болсын деген.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын,
Қазақтың келістірер қай баласы?

Сөзді осылай саптап, өлеңге кіріскен Абайдың өлеңінің іші өз мазмұнында алтын болып шығады. Оның аз сөзіне көп мағына сыйып кеткен, сөз шеңберінің іші қалың қазына, өлең қауызының іші толған дән болады. Абай аз сөзбен, аз мұқаммен көп мазмұнды, көп мағынаны беріп тастайды. Абайдың «Болыс болдым, мінеки» деген кішкентай өлеңі болыстың кейіптерін түгел береді. Сол сықылды аз сөзбен ірі мазмұнды айта қоятындығына тағы да бір мысал.

«Желсіз түнде жарық ай» дейтін өлеңінде ұзақ өңгіменің желісін аз сөзбен қайырып тастайды емес пе? Бұл – Абайдың ақындық қуатының күштілігіне дәлел.

«Абайдың әдебиет түріндегі кестесі қалай?» дегенге келсек, оның әдебиет түрі негізінде – өлең. Абай – өлең түрін жасауға қызмет еткен жазушы. Абай – бұрынғы қазақтағы ел өлең-жырларының өлшеуін, парсы, шағатай, орыс өлеңдерінің үлгісін кіргізіп,

үлгілерін кеңітудің үстіне, араб, қазақ әдебиетін жаңалаған адам. Сол түрлерге қазақша тәтті тілмен қызықты мазмұн салып, тыңнан тартқан өз үлгісімен де қазақ өлеңін байытқан ақын. Абайда ескілі-жаңалы он бір түрлі өлең өлшеуі бар. Мұның ішінде Абайдың соңғы ақындар өлі қолданып, үлгі қып жаймаған: «Сен мені не етесің», «Ақылбайға», «Қатыны мен Масақбай» деген сияқты түрлері, өлшеулері бар. Жырдың бірінші, үшінші, екінші, төртінші жолы да ұйқасып отыратын көркемдікті қазақ әдебиетіне бастап кіргізген де Абай. Бұл – Еуропа, араб үлгісі. Сөйтіп, қазақтың әдебиетіне бірсыпыра жаңа өлең өлшемдері Абаймен келіп кіреді. Бізге өзге түрік елдерінің, Батыс елдерінің өлең үлгісін Абай тастап кетті. Абайдың қара сөздері – ақыл, нақыл, үгіт сөздері, сындар. Абай сырлы әдебиеттің күйсіз түріне, драма түріне еңбек еткен болса, Абайдың қалам қызметі бұдан да мол болатын еді. Әйтсе де, Абайдың қара сөздерін, әлеумет пікірінің ортаға түсетін қара сөзінің де (публицистика) алғашқысы деп ұғынуымыз керек. Өйткені Абайдан бұрын қазақтың таза тілімен мақала, нақыл, үгіттер жазған адам, сірә, бола қойды ма екен? Тіпті, таза қазақ тілімен хат жазуға да болды ма екен?

Абайдың жырлары мына секілді сылдырлап шығады:

Жазды күн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек,
Ұзарып өсіп толғанда.
Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда...

Абайдың жыры ырғақ, музыка, дыбыс құрылысы жағынан тәгіліп кетеді. Абайдың бұл өлеңіндегі ақынның бір өзгешелігі – ол өлең ұйқасындағы етістіктердің сайдың тасындай, ірі қимылды, қозғалысты көрсетуде жандылығы. Тегінде әдебиеті өрлеген өзге жұртта (әсіресе Еуропа үлгілерінде) өлең ұйқасын етістіктен тізу ақынның нашарлығына жатады. Ал Абайдың «Жаз» деген өлеңіндегі етістіктен тізген өлеңдері қайта жырын жандандырып шығарған. Бұл – Абайдың тілінің тазалығы, ақындығының күштілігі деп білу керек.

Абай өлеңінің іші алтын болса, сыртының күміс болуына қатты күзет істейді. Оның өлеңдеріне қыл сыймайды.

Қарапада өмір тұр,
Тоқтасаң, тоқсан көнер ме?
Арттағы майда көңіл жүр,
Жалынсаң, қайтып келер ме?
Майдағы жұрттың іші қар,
Бәйшешек қарға өнер ме?
Ішінде кімнің оты бар,
Қар жауса да, сөнер ме? –

сияқты сөздің қиюына қыл сыймайтын сұлу өлеңдер – осындай-лар.

Абай өлеңдерінің көркем болуына, дыбыс сәйкестігі, дыбыс ұйқастығы өлеңнің көркемдігінің бір тұлғасы екендігіне көңілді ерекше бөлгендігін, әсіресе мына өлең айқындайды. Абай бұл өлеңді Оспан деген інісі өлгенде жазыпты:

Жайнаған туың жығылмай,
Жасқанып жаудан тығылмай,
Жасаулы жаудан бұрылмай,
Жау жүрек жомарт құбылмай,
Жақсы өмірің бұзылмай,
Жас қуатың тозылмай,
Жалын жүрек суынбай...
Жақсы өліпсің, япырмай!

Міне, осы жырдың бас дыбысы, бас буынының бәрі «ж» әрпімен келеді. Өлең жолының мұндай бірыңғай дыбыстан құрылуын аллитерация дейді. Бұл қазақтың ел әдебиетінде де кеп кезігеді. Абайдың бұл өңшең «ж» дыбысынан бастап жасаған жырының бір көркемдігі – оның осы өлеңінің дыбыс құрғандағы білінбей еркін шыққандығы. Абай өлеңі мұнда тым еркін, «ж» дыбысы өзінен-өзі құралғандай, сөздің тігісін жатқызып, жымпитып кеткен. Жыр жыртылмай, жосылып жатыр. Бұл – Абайдың шеберлігі. Осы сықылды үлгі Абайдың әр сөзінде келіп отырады:

Самородный сары алтын,
Саудасыз берсең, алмайды
Саудыраған жезіне.
Саудырсыз сары қамқаны,
Садаға кеткір сұрайды
Самарқанның бөзіне, –

дегендері сияқты. Мұнда жырдың іргесі «с» дыбысынан қаланып, сылдырлап келеді. Абайдың осы тектес ұйқастары дыбыс жағынан, ұйқас жағынан ерекше көркемдікпен тізіледі:

Тоты құс түсті көбелек,
Жаз сайларда гулемек.
Бәйшешек солмақ, күйремек,
Көбелек өлмек, сиремек, –

сияқты жырларында ұйқасқан ерекше шеберлікпен, тілге байлықпен, ақындық еркіндігімен жазылғандығын көру қиын емес.

Абайдың қара сөздерінде де түрлер бар. Оның қара сөзінің бірсыпырасында бұрынғы ескі мақалдың өзегі жатады: «Күншілдің күні қараң, еңбексіздің дәмі арам», «Жаман дос көлеңке, басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт алса, іздеп таба алмайсың» дегендері сияқты мақал сездері – Абайдың ақындығының қара сөз түрін жасауға қызмет еткендігі. Тегінде мақалды да Абай сияқты кісілер шығарған емес пе? Абайдың шығарған мақалдары – әрине, көпке таралып, сіңісіп кеткен мақалдар.

Сонымен, Абайдың сөз үлгісі туралы айтқан аз пікірімізді қорытып келгенде, айтарымыз: Абай – біздің көркем әдебиетімізге үлкен еңбек сіңірген, көп жаңалық кіргізген ақын. Ол бұрынғы қазақ өлеңінің арнасына тыңнан табыстар тауып, үлгілер қосты. Терең ойдың толғауы, мұңның, махаббаттың лирикасы, кестелі көркем суреттер, алдыңғы елдің ақындарының үлгілері, мысал, сықақ түрлері бізге Абаймен келіп кірді. Сонымен бірге Абай бұрынғы ескі сөз үлгісін де өлшеп, екшеп, өз дүкенінен жаңалап шығарды. Абайдың өзінен кейін көп ақынға үлгінің ұстасы болғаны содан.

1934 ж.

АБАЙ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ КЛАССИГІ*

(Абай туралы кітапшаның үзіндісі)

*Сонда жауап бере алман мен бишара!
Сіздерге еркін тиер байқап қара!*

Абай

1. Еленбеген ерекшелік

Қазақ әдебиетінің тарихындағы Абайдың ұстайтын орнын босағаға қарай ысырмалаушылар, оған да місе тұтпай, табалдырықтан шығарып тастаушылар, менің байқауымша, даусыз бір моментті ескермей жүр, ол – өз тұсында жалғыз қазақ қана емес, басқа көршілес елдерден де Абайдың әдебиеттегі үздіктігі.

Армения мен Грузияны былай қойып, басқа бастас елдердің өткенін шолып қарасақ, ең озығы Қазан татарлары екен де, өңгері содан кейін қарай тізіледі екен.

Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Қарақалпақстан, қысқасы, бүтін Орта Азия XIX ғасырдың ұзына бойында ескі Күншығыс ислам мәдениетінің кірлі көрпесін қалың жамылып, батыс ауасынан әлі тыныс ала қойған жоқ еді.

Түрікпен әдебиетінің атасы саналатын Мағтұмқұлидың де күрделі еңбегі ескі шағатай әдебиетінің шеңберінен шығып, аз да болса, халық әдебиетінің үлгісіне жуыса жүргендігі ғана еді. Бірақ тозған мұсылман күншығысының мәдени қалыбын бұзып, көнерген халық даналығының тар аумағынан шығып, әдебиет маңдайын жаңа арнаға қарай бұрған, жер жүзі әдебиетінің кеуде жеріне қарай жетелеген ақын-жазушы ол кезде Орта Азия былай тұрсын, Ресей күншығысы ғана емес, мемлекетті ел – Түркияда да кем болған. Онда да «бармақ өлшеулі»¹ өлең «Қаба ділі»², «қа-

* Бұл үзінді алғаш рет «Әдебиет майданы» журналының 1934 жылғы 11-12-нөмірінде жарияланған. – Редколлегия.

¹ «Бармақ өлшеулі» деп түріктер буын негізді метриканы айтады.

² «Қаба діл» – түрпайы тіл деген.

а халық» белгісі болып саналып, «нәфис әдебиетте»³ араб-парсы «ғарузының»⁴ «қаңсығы таңсық» көрінетін-ді.

Башқұртстанға келсек [...] шығарған кітаптарын татар тілінде ғана жазған, кейін башқұрт еліне жау болған Зәки Уәлиди сияқты қашқындарды санамағанда, Шайқызада Бабич секілді талантты ақындары да өз тілімен жазып жарымаған.

Татарстанда Абаймен бастас екі-ақ адам бар еді. Мұның бірі – Чиһабудтин Мәржани, екіншісі – Қажом Насири.

Еділ бойын басқан ескі фанатизм тұманының арасынан алғаш сәуле берген, татардың жаңа өсіп келе жатқан жас буржуазиясына мәдениет жөнінен жол ашпақшы болған XIX ғасырдың соңғы жарымындағы татар жаңашылдары осы екеуі болатын.

Мәржани шіріген ислам іргесін ақыл кездемесімен жамамақ болған, схолостикаға қарсы шығып, елді ақылға бағындырып, мектепке дейінгі ғылымы мен орыс тілін енгізу қамында өткен, өзінше Қазанның Лютері⁵ еді. Дін жөнінде Абайдың ұстаған жолы да осы жол болатын.

Бірақ Лютер шіркеудің «Авғи азбарын»⁶ ғана тазалап қоймай, неміс тілінің азбарын тазартып, осы күнгі неміс прозасының іргесін қалаған...⁷ болса, Мәржани дін реформасын ұсынғаннан, тарих жайында біртіндеп зерттеу жүргізгеннен әрі аспаған; татар тілін ислам ласынан арылтудың орнына, шығарған кітаптарын араб тілімен жазып, ауызекі сөзінде, көбінесе, арабша сөйлеген оқымысты бір молда ғана еді.

Мәржанидың бұл кетігін толтырған замандасы Қ. Насири болды. Бұл да Мәржани сияқты ескіше оқыған молда болғанның үстіне, орысша білімі бар, Қазанның ғылым орындарына қатынасып жүрген адам еді. Ескі түркі кітаптарындағы шағатай тілі

³ «Нәфис әдебиет» – көркем әдебиет.

⁴ «Ғаруз» – араб-парсының өлең өлшеу, жүйесі дауысты дыбыстардың ұзыны мен қысқасының кезектесуіне сүйенген болады. Абайдың 1858 жылдарда жазған: «юзі – раушан, көзі – гауһар, лафилдек бет үші...

⁵ Мартин Лютер – 1483-1546 жылдарда жасаған, «Ояну» дәуірінің атақты дін реформашысы; Неміс тіліне библияны (тәурат) аударған, өз жанынан да дінге қатысты көп нәрселер жазған адам.

⁶ Авғи азбары (авгиевы конюшни). Ескі грек мифологиясында Эллада елінің патшасы Авғидің малы өте көп болған, қора-азбары неше жылдай тазартылмайды екен, мұның арасына өзен ағызып, тек Геркулес қана тазарттырыпты-мыс дейді. Бұрып айтқанда, «Авғи азбары» деп қоқып жатқан нәрсені айтады.

⁷ Ф. Энгельс. Дialeктика природы. ГИЗ, 1931. – стр. 110.

үлгісін жойып, татар әдебиет тілін Қазан төңірегiнiң сөйлейтiн тiлiнше құруға ең алғаш еңбек сiңiрген адам осы Насири едi. Бiрақ соның өзiнiң Насиридiң «таза татаршасы» да Абайдың қазақшасындай таза бола алмай, араб-парсы сөздерiн көп кiргiзген бүйрелеткi тiл болатын.

Сөйтiп, XV-XVI ғасырлардағы немiс Лютерiнiң бiр өзi атқарған қызметiн XIX ғасырдың соңғы жарымындағы Татарстанда Мәржани мен Насири екеуi бiрiгiп барып атқарған [...]. Ал Абайға келсек, мұның жөнi басқарақ секiлдi.

Энгельс ренессанстың тарихи iрi мәнiн айта келiп, ол дәуiрдiң iрi адамдар керек қылғанын, сол дәуiр тудырған титандардың бiрi Лютер екенiн айтады⁸. Сол Лютердiң Энгельс көрсеткен еңбегi, жоғарыда айтқандай, дiн реформасын жасау үстiне, дiн жайында жазған кiтаптарын немiс тiлiмен жазғандығы, жаңа шiркеу музыкасын жазып, оған жаңа түрлi дұғалар шығарып беруi болатын. Бiр елдiң әдебиет тiлiн жасауда мұндай еңбек сiңiрген адамды бiз Энгельсше бағалай бiлетiн болсақ, XIX ғасырда қазақ ауылында жасаған, сеңсең тон, шидем күпi киiп, Шыңғысты жайлаған Абайдан пролетариат төңкерiсiне басшы болуды немесе «Капиталдың» авторы болуды талап етуiмiз орынсыз; бойына шақтап тон пiшуiмiз керек.

Немiс прозасының iргесiн қалаған М. Лютердiң тырнақ алды еңбегi «Жаңа өсиеттi» («Новый завет») аударғаны болатын. Оның 1521 жылдан 1534 жылға шейiн 13 жыл ұдайынан iстеген әдебиет қызметi тәуратты (библияны) немiс тiлiне аудару болған. Сонда да оған Энгельс «библияны неге аудардың?» деп ұрыспай, тiлге сiңiрген еңбегiн бағалап отыр. Абайдың аударғаны Құран емес, Байрон мен Лермонтов, Пушкин мен Гете, Крылов. Өз жанынан жазғандары да дiнге қатысты трактаттар ғана емес, «өткiрдiң жүзi, кестенiң бiзi өрнегiн ондай сала алмайтын» сұлу өлең, шешен сөз. Сонда да оған «дiншiлсiң» деп ұрысп:

«Менi»-менен «менiкi»-нiң айырылғанын
«Өлдi» деп ат қойыпты өңкей бiлмес, –

дедiң, идеализмге түсiп кеттiң! – деп өкпелеймiз-ау! Бұл, әрине:

⁸ Сол кiтапта, 109-110 беттер.

Түзу кел, қисық, қыңыр, қырын келмей,
Сыртын танып іс бітпес, ішін көрмей! –

деп жалынып кеткен Абайдың «арызын» құлаққа ілмегеніміз ғой.
Әйтпесе:

«Өлді» деуге сыя ма, ойландаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған? –

деген сияқты даусыз ақиқатты да көрген, образды көркем сөзбен
пәлсепелік концепцияның қайсысы қай жерде жүргенін де аңғар-
ған болар едік.

Асау жүйрік аяғын шалыс басқан
Жерін тауып артқыға сөз... –

болса да бір сыр, қай кезде дұрыс басқан жерін де «шалыс» деп
шатаспаған болар едік.

Абайдың ақындығын, басқа қасиеттерін былай қойып, тек
әдебиет тілімізді жасаудағы еңбегінің өзін ғана алсақ та, онда
ақымыз кететін түрі жоқ. Оның үстіне Абайдың ірі ақын болға-
нын, оның өлеңі бол, қара сөзі бол, бұрынғы халық ақындары-
нан да, шағатайшыл молда ақындардан да озып шығып, соны жол
салғанын ескерсек, Абай бейнелі ақын ол кезде қазақта ғана емес,
көрші елдерде де болып жарымағанын көру қиын емес.

Өйткені алғаш «Мұхаммедие» ізімен, түрік тілінде жазып жү-
ріп барып, бері келе Европа үлгісіне түскен, сөйтіп, татар өле-
ңі тарихында жаңа дәуір ашқан Абдолла Тоңайлар «Қан сонарда
бүркітші шығады аңға» жазылғанда, туған да жоқ еді⁹.

Қырымда сол жылы Ресей пантюркизмнің атасы Измайл
Гаспринский «Тілде, істе, пікірде бірлік», «Жоғалсын татаршы-
лық!» ұрандарын көтеріп, «Тәржіман» газетін шығарды. «Тәржі-
манның» тілі біраз жеңілтіп алған Осман түрігінің тілі еді. Оның
«Тілде бірлігінің» астары – бүкіл түрік-татар халықтарының ана
тілін құртып, жойып, бәрін де Осман түріктерінің тіліне шоқын-
дыруы еді. Соның әлегінен Қырым татарлары енді-енді құтылуға

⁹ Бұл өлеңді Абай 1882 жылы жазған. Тоқай 1886 жылы туған.

айналып, өзінің ана тілін жаңа-жаңа тауып келе жатыр. Жуырда болып өткен «Тіл, емле конференциясы» ғана Қырым татар әдебиет тіліне орнықты, тура жол белгіледі.

Әзірбайжанда Абай өлгеннен екі жыл соң «Шелале», «Пуюзат» журналдарының басында Ахмет Камал, Сабри-бей-зада Налид, Нүсейин-зада сияқты түрікшілдер отырып алып, «Сенің тілің бұзылған Осман тілі... Сенің өзінде тіл жоқ...»¹⁰ – деп Әзірбайжан еңбекшілерінің өз тілін өзіне бермей, осынысы үшін Гаспринскийден Нүсейин-зада алғыс алып еді¹¹. Әзірбайжан халқының ана тіліне жеңдіріңкіреп жазылған Нариман жолдастың «Тойы» Абай өлгеннен көп кейін жазылған еді.

Рас, Әзірбайжанның бұл жөнінде бас бөйгі алатын бір реті бар. Үйткені темір жол барып ұштасып, Бақуды капитализм арнасына салып жіберген кезден – 1900 жылдардан көп ілік, XIX ғасырдың орта шенінде ескіліктің қай тарауына да төтепкі беруге талаптанған онда бір адам болды. Ол – Мырза-Фатали Ахундов болды. Мырза-Фатали араб жазуынан қашумен бірге, ескі шығыс мәдениетінің, ескі халық надандығының әр түріне де қарсы күш жұмсаған, сонымен қатар бірнеше әдеби мұра да қалдырып кеткен адам еді. Әзірбайжан халқының ана тілі де алдымен соның шығармаларында ғана болмашы орын алған еді [...].

Сөйтіп, Абайды көрші елдердегі замандастары, бастастарымен салыстырғанда Мырза-Фаталиден басқа ешкім де шендесе алмай шығады. Ұлт тіліне, әдебиетіне сіңірген еңбегін, ақындық күшін алғанда, Абай бөрінен де озат шығады. Үйткені ол кезде таза халық тілімен жазып тұрып, ол жазғанын классик әдебиет үлгісімен шығарған ол елдерде адам болған жоқ.

Абайдың бір қатар сыншылар ескермей жүрген бір оқшаулығы – осы.

Абайды өзгеден өңге қылатын оның тағы бір ерекшелігі бар, бұл – Тоқай мен Дәрдімөңдей, Ғали Асқар Камал мен Фатих Әмірхандай, тіпті Мөржани мен Насиридай кезінің қолайлы жағдайы жарыққа шығарған, өсіңкі тұрмыс тілегі тікелей тудырған адам емес. Ол – ояну дәуірінің толқынынан пайда болған неміс

¹⁰ «Пуюзат» журналы, №21.

¹¹ «Шелале» журналы, №1.

Лютері, француз Малербіі де емес. Сондықтан Ренессанстай ұлы нөсердің ірі жемістері: Леонардо да Винчи, Альбрехт Дюрер болуы да Абайға «бұйырмаған».

Абай – жағдайының жағдайсыздығы тудырған, басып тұрған қараңғылық ішінен келер таңның шолпаны болып елестеп, тұнып тұрған тымырсықта келер дауылдың дауылпазы болып күңіренген адам. Бұл – өз ортасының Дантесі сияқты. Бірақ Данте – ескінің соңы, жаңаның алды еді. Орта дәуір мен ояну дәуірінің аралығындағы көпір еді. Ал Абайдың алды жоққа жуық та, арты ғана бар; ол – соны дәуірдің басы, жаңалық желісінің шет бұршағы сияқты. Үйткені оның төңірегі Эгей теңізі емес, Сарыарқаның шөлі де, өткені классик Рим емес, үдере көшкен қайшылық өмір ғой.

Абайдың осы алды жоққа жуықтығы, салған жолының сонылығы – еленбеген ерекшелігінің бірі.

2. Абай және шағатай әдебиеті

Абайдың алды жоқ емес, жоққа жуық. Үйткені Абайдың алдында да әдебиет болды. Ата мұрасы болып, Абайдың еншісіне тиген әдебиет қазынасы екі түлік болатын.

Бірі – емшек сүтімен қатар құлағына кіріп, сүйегіне сіңген ананың «Әлди, әлди, ақ бөпем», атаның «Сал-сал білек, сал білегі», қойшының өні, қыздың сыңсуы, қаралы қатынның жоқтауынан бастап, көркемдік сезімін шарбыдай шырмаған халық әдебиеті.

Екіншісі – қажылы ауыл, молдалы ауыл болған Құнанбай ауылына ала-бөле таныс ескі Орта Азия үлгісі – шағатай әдебиеті.

Абайдың алды осы екеуі ғана. Абайдан бұрынғы қазақ әдебиеті бұл екеуінің шарасынан шығып көрмеген-ді. Абайды кернеген ақындық қуаты алғаш тасып төгілгенде осы қолда бар қалыпқа құйылған. Бірқатар сыншылар соңғы кезде де Абай шағатай әдебиетінің шеңгелінен шыға алған жоқ деп мойындайтын сияқты. Бірақ, менің байқауымша, Абай мұны 13-19 жастарында ғана жалтыратып тағынып, сонан кейін суынып, тастап кеткен тәрізді.

Шағатай әдебиетінің алдымен көзге түсер ерекшелігі – мистицизм, диуаналық лирика. Онда бастан-аяқ өртенген ғашықтық-

тан басқа нәрсе болып жарымайды. Оның ғашықтығының түрі де бөлек, объекті кім екені белгісіз: құдай ма, әйел ме, тіпті еркек пе? Ғашықтығы жыныссыз ғашықтық. Көне, Абайда бұл бар ма? Ұшқыны да жоқ.

Жам-у жәм ишрә һузур суы насибумдур мадам,
Сағия! – та төркі жам әйләп, геда болдум сеңа!

(Навои)

«Рюмке ішіндегі салдуарлық суы мәңгілікті несібем (еді). Ей, арақ құюшы! – рюмкеден баз кешуге де бардым саған («саған» деп ғашығына айтады – Қ.Ж.), бенде (кедей) болдым!» деген сияқты диуаналықты Абайдан тауып болмайды. Абай, «Шырақтар, ынталарың «менікінде» болмасын», – деуімен дүниеге қол сілтеген сұпы болып шықпайды. Ол «мен»-ді кірлететін «менікіне» ғана қарсы. Иран-шағатай мистицизмінің қашып құтыла алмайтыны – сол «мен» – «нәпсі» емес пе? Сондықтан Абай ғашықтықты қаншама өзегін өртей суреттесе де, ғашығының «аяғын жалап», басын бүкпейді. Берілгені соншама, «Саған құрбан мал мен бас» деп, өліп кетуге даяр, бірақ Абайдың көксеген өлімі «еңкейіп өлу» емес, «мендігін» сақтай, шалқайып өлу [...].

Дүние азабының тізесі батып, көресіні көре-көре «құдай салды»-ға көнген, өлім мен тіршіліктің жігін жоғалтқан, қарсыласар дәрмен көксемей, тағдырдың лағынат қамытына мойнын өзі сұққан көнбістілік, құлдың идеалы – міне, иран-шағатай әдебиет мистицизмі салған жол осы.

Абай бұдан аулақ. Бұл – қолмен болмаса да, оймен бостандық іздеп, «көппен көрген ұлы тойды» бұзбақ болған адам. Тағдыр қамытынан қалай босанудың жолын, әдісін, рас, таба алмаған. Бірақ бұлқынбады деу – зорлық.

Міне, осы біріндегі «мен»-нен қашу, біріндегі «мен»-ді ардақтау – Абай мен шағатайдың басын бір қазанға сыйдырмайтын.

Бұл жағынан Абайды шағатайға ұқсатушы да жоқ болмау керек. Бірақ біз Абайдың пікір бағыты, әдеби нысанасы сопышылдық жолынан аулақ екенін айтумен, осы аулақтықтың Абай өлеңінің поэтикалық техникасына да шалығын тигізгендігін мойындағымыз келеді. Үйткені Абайдағы тұтастық, түгелдік, гармония

оны шалағайлыққа жібермеген. Абай – ойшыл ақын. Өлеңін пікір кернеп тұр. Оның сезімі – ойшыл сезім. Бірақ оның ойы да – сезімшіл ой. Сондықтан Абай өлеңінің мазмұны түрін көрсетіп тұрады да, түрі мазмұнын көрсетіп тұрады. Абайдың тілінің сөздігі (лексикасы), грамматикасы, Абай өлеңінің өлшеуі, ырғағы, ұйқасымы, Абай суретінің бейнесі – бәрі бірге қосылып та, жеке тұрып та негізгі тақырыптың күйіне билеп тұрады. Оның сөздері тек бермек ұғымын жеткізерлік амал болып, поэтикасы өлең қалыбына сыярлық қана болып қоймайды; бірі олай, бірі бұлай да кетпейді; солардың әрқайсысы, үлкен симфония оркестріндегі жеке музыка аспаптары сияқты, өздері бір-бір күй тартып тұрады да, бәрі қосылып негізгі күйді шығарады, тақырып соның бәріне дирижер болып тұрады. Дін, құдай жайын өлең қылса, «Мәкен берген, халық қылған – ол ләмәкән», «Уә күтүбиһи дегенмен ісі бар ма?» деп арабшалап кетеді; орыс мектебі, Салтыков, Толстойларды сөз қылса, жаңа кәсіпке шақырса, «здравомыслящий», «занямайся прямотой» деп орысшылап та қояды. Берілген көңілдің шабытына, көтеріңкі бәсеңдігіне қарай, түрленіп, грамматикалық формалары бірде есім, бірде етістік болса, өлең өлшеуі, ырғағы бірде шұбалаң, бірде жүрдек болып келеді. Сөйтіп, Абай өлеңінің мазмұны өзіне лайық түрге орана келсе, түрі де бойына шақ мазмұнын жамылып келеді. Түр мен мазмұн тек жарасып отырмайды, «бірі-біріне ауысып, бірінен-біріне құйылып» отырады.

Осындай іш пен сырттың біте қайнап, қосылған Абайда шағатайдың іші болып, сырты болмауы немесе сырты болып тұрып, іші болмауы мүмкін де емес. Ондай диссонансты Абай гармониясы көтермейді.

Рас, алғашқы өзірде, өлең дүниесіне қадам басқан кезде, шағатай қармағына Абай да ілінген. Бірақ көп ұзамай ол қармақтан бұлқынып шығып кеткен сияқты. Өзірге белгілі әр кезеңіне жататын 3-ақ өлеңі бар. Оның да бірінің бас-аяғы жоқ. Бірақ осы аз өлеңінің өзін жазылған мезгілдері мен формалары арасындағы үйлесімі жағынан алып қарағанда, шағатай қаумасынан Абайдың бір аттаса-ақ шығайын деп тұрғанын көру қиын емес.

Үш өлеңнің екеуі 1858 жылы (13 жасында) жазылған да, қалған біреуі бұдан алты жыл кейін 1864 жылы жазылған. Міне, осы алты жылдың өзі шағатай әдебиеті мен Абай арасына едәуір сына

болып табылған. 1858 жылы жазылған өлеңдерінің екеуі екі басқа өлең екеніне ешкім таласа алмас. Үйткені бірін қызға айтқан да, біреуі иран-шағатай ақындарына арналған. Екі өлеңнің өлшеуі де екі басқа. Бірақ солай бола тұрып, осы екі өлең бір-біріне сондай ұқсас, бұл ұқсастықты өлдеқалай бола қалған деуге сияр емес. Бұл екеуінде мезгіл бірлігіне Абайдың әдеби көзқарасының, әдеби техникасының бірлігі де сай келіп, ол Абайдың қай Абай екенін айтып тұр. Ол – иран, шағатай әдебиетінің классиктерімен танысқан, оларды ұғынған, шеберлігіне қол қойған, сондықтан:

Фзули, Шәмси, Сәйхали
Навои, Сағди, Фердауси,
Хожа Хафуз – бу һәммәси
Мәдет бер, я, шағири фәрияд! –

деп солардан медет-жәрдем тілеген Абай. Ол – әлі бұлардың өнеріне өз көзімен қарауға шамасы келмеген, тек еліктей берген Абай.

Міне, бұл Абайдың өлеңдері, осы екі өлең – шын мағынасымен шағатайша шыққан. Өлең ұйқасымының лажсыздығы (заруата шағрия) қуып әкеп тыққанда, әсіресе артықша орын алатын араб-парсы сөздері – шұбар тіл керек пе? Халық метрикасын менсінбей, ғаруз өлшеуін қолдану керек пе? Халық кәдесіндегі өлең ұйқасын, жолын жинап қойып:

Юзи – раушан, көзи – гәуһар,
Ләғилдек бет үши әһмәр,
Тамағи қардан һәм биһтар
Қаши құдрет, қоли шигә, –

сияқты үш рет жалғасынан ұйқасып келіп, төртіншіден бір түйіп отыру керек пе? – Бұл екі өлеңде осының бәрі де бар. Мұндағы теңеулер де көбінесе шағатай ақындарының мініп-миніп жауыр қылып тастағандары – қазақ сезіміне ұғымсыз бейнелер: «гәуһәр көз», «лағылдай (маржандай) үші қызыл бет», «Сүлеймен», «Шәмши», «Искендір» патшалардай мүлікті, байлығы мол адамдар. Кейінгі кезде тұрмыстың қандай қараңғы түкпірлеріне де жанары түскен кырағы көз әлі онда жоқ. Сондықтан тұрмыстан алынған бейне де жоқ. Күншығыс ақындарынан қалған, тозған

бейнелерден шетке шықса-ақ «қасы – күдірет, қолы – шеге» сықылды үйлесімсіз сорлы суреттерге ұшырайды. «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Айттым сәлем, қаламқас!»-тарды жазған кезде Абай сүйген сұлуына «қолың шегедей» демеген болар еді; қасты күдіретке теңеудің де орнын таба алмаған болар еді.

Міне, бұл – ақындық беті ашылмаған балаң Абай кезі. Абайда осындай түгелімен шағатай тұтқынында болған дәуір болуы, осы екі өлеңнің екеуінің бір жылда жазылуы, түрінің ұқсастығы осыны көрсетеді: екеуінде де шұбар тіл, екеуінде де ғаруз, екеуінде де үштен тастап, төрттен түйген тізгін ұйқасы, бірінде шағатай ақындарына сыйыну болып, екіншісінде солардан қалған жауыр бейне болуы – осының бәрі, осыншама ұқсастық, бұл әлдеқалай, кездейсоқ нәрсе емес. Бұл – Абай ақындығының бір кезеңі – шағатайға еліктеу кезеңі, олардан шығып кетпек түгіл, оларды сынамақ түгіл, әлі олардың өз ішіндегі тәуірін таңдап алуға да, өз ішінен түр іздеуге де шамасы келмеген кезеңі.

Енді үшінші өлеңге («Әліп дек ай йүзіңе ғибрат еттім») келсек, мұны жазған кезде Абайдың бір аяғы шағатайда тұрса да, бір аяғы шетке аттауға таянған кезі көрінеді.

Мұнда алдымен көзге көрінетін – Абайдың шағатай әдебиетіндегі өлең техникасының бұлтарыстарын тегіс аралағандығы, өмірден безіп, кейіпті кескін таба алмай, алдындағы жазудың әріптерін бейне қылып пайдаланған шағатай ақындарының поэтикалық ойынына шейін барғандығы.

Я – ярым! қалай болар жауап сөзің?

Мәт – қасың, тәшптит – кірпік, секін – көзің.

Үтірмен асты-үстілі жазуда бар...

Араб әрпінің ас, үс, үтір, секін, тәштиттерінен көркемдік бейнесін іздеу шағатай ақындарына үйреншікті әдет болатын. Навоидің:

Қашларыңден, кім ірәр қаниғ көңіл ішре қиял,

О – қызыл кәғәда Нун болұр, – шапақ ішреһилал.

(Қастарыңа көңілдегі қиял қанағаттанады, Ол – қызыл қағазды нүн әрпі, шапақ қызылдығына тұрған ай болып көрінеді) дегеніндегі қасты нүн әрпіне ұқсатуы немесе:

«Жан»-ымдағы жем – ол екі далаңға пида;
Анден соң әліп – таза ниналіңға пида,
Нуні дағы – ғанбарлық хилалиңға пида,
Қалған екі нұқта – екі қалыңға пида!

(Жанымның «ж» әрпі ол екі қасына құрмандық, Онан соң, «а» әрпі таза бойыңа құрмандық, «н» әрпі дағы жақсы иісті ай жүзіңе құрмандық, Қалған екі нұқат (бірі «ж»-ның, бірі «н» нұқаттары) бетіндегі екі қалыңа құрмандық!) – деген өлеңіндегі ж, д, а, н әріптері мен нұқаттардың бірін ол, бірін бұл мүшелерге меңзетуі – осы әріп бейнесін ісіне асырған ақындық ойыны болатын. Абай осыған шейін барып, шағатай үлгісінің ұшығына шыққан түрі бар. Бұл алты жыл ішінде Абайдың түр іздеу екпіні көп өскендігін көрсетсе, оның үстіне әріп бейнесін шағатайша бейне түрінде қолдануға місе тұтпай, әріп орнына дыбыс алғанын, әр дыбысты сол дыбыспен басталатын сөзге символ есебінде ұстағанын көрсетеді: а – ай, б – бәле, т – тіл, с – саламат, ш – шекер, к – кәміл, м – мейірім, н – нала, тағы басқалар. Осының өзі шағатай үлгісін ішінен шіріте бастағаны болу керек.

Шынында, «Әліп дек ай йүзіңе ғибрат еттім» өлеңі алдыңғы екі өлеңнен көріне басқа. Бұл – шағатайдан қашықтай бастаған, қазақтың өз үлгісі қайта бейімделе бастаған кезі болу керек. Тіліндегі шұбарлық нәлі қалмаған да болса, алдыңғы екі өлеңнен көп жеңіл, араб сөзі сирек кездеседі. Өлеңнің өлшеуі де ғарузша емес, буын өлшеулі ұйқасым қазақтың қара өлеңінше. Бұл – көдімгі ІІ буынды қазақ өлеңі. Мұны да ғарузша құрылған дәуірлер болуы мүмкін. Ондай құман тудыратын екі-ақ жол бар, ол:

Би – бала и дәртіңе нисбәт еттім,
Си – сәна и мәдхіңа хұрмәт еттім.

Бұл екеуін құманді қылып тұрған – екеуінде де парсы изафетімен байланыстырылған «бала-и-дәрт», «сәна-и-мәдх» деген араб-парсы сөздері болуы, изафеттің алдыңғы буыны созылып айтылған болғандықтан, «ұзындық-қысқалық» негізіне құрылған ғарузға ұқсап тұруы мүмкін. Бірақ бір өлеңнің құрылыс жүйесін, өзгесіне қарамай, тек екі жолына қарап шешуге болмайды. Бұл өлеңнің осы екі жолдан басқаларының бәрі, оның үстіне ұйқасымы қазақша құрылғанына дау қалдырмайды.

Ескі күншығыс ақынының әріп бейнесін дөп қолдануы өмірден қашықтап, қаламы мен әрпіне ғана қарап тізесін күшақтап қалған касталық жағдайын көрсетеді. Абай осы белеске шейін өрмелеп барып, шағатай жолының сорлылық үшін шығып болып, одан безген сықылды. Осы өлеңнен кейін шығыс жұртына қонуды тоқтатқан. Бұдан соңғы Абай өлеңдерінен шағатай үлгісін іздеу, меніңше, құр арам тер.

Абай енгізген өлеңнің жаңа өлшеулерінің кейбірі, кім біледі, ғарузаға ұқсап та тұратын шығар. Арабтың 28 әрпіне келетін комбинациясының ешқайсысын қалдырмай ұйқасым қуалаған Шығыс ақындарының тоқсан тарау өлең ұйқасымы мен өлшеуі Абайдың қайбір өлеңіне тура келіп те кететін шығар. Бірақ оған қарап, оп-оңай шеше салуға бұл мәселе көнбейді. Қазақтың өлеңінің бар өлшеуін созып айтып, бұрмалап қараса, ғарузадан шығаруға болады. Абайдың жаңа үлгілеріне де осыны істеуге болатын шығар [...].

Сонымен, 1864 жылдан кейінгі Абайдан шағатай ықпалын іздеу – бос арам тер болып шығады. Үйткені: 1) шағатай әдебиетінің негізгі бағыты – мистицизм, Абайда бұл жоқ; 2) шағатай әдебиетінің тілі араб-парсымен шұбарланған шұбар тіл; Абайда бұл машықтау үшін болмаса, ұшырамайды; 3) шағатай әдебиетінде өлең өлшеуі – араб-парсының ғаруз өлшеуі, Абай мұны ерте тастаған; 4) Абай сияқты төрт аяғы тең жорға ақын шағатайдың ғарузын сүйсінген болса, жазып алып сүйсінбей, басқа да бір қасиеттерін қосып ала жүрген болар еді; Абайдың еш қылуасында олармен әдеби оты өрелі жанатын қылық жоқ.

Абай шығыс үлгісін көрмей, білмей аман кеткен ақын емес, белшесінен кешіп барып, батпағына аунап барып одан шығып, тастап кеткен ақын.

3. Абай және халық әдебиеті

Абайға сүтпен кіріп, сүйегіне сіңген әдебиет үлгісінің бірі – халық әдебиеті деп едік. Он жасынан бастап «Түйе қайырған қатынға», көңлі ауған қызға Абайдың жұмсаған сөз қаруы осы қалыпқа соғылған. Бірақ ол мұның да қызығына ерте тояттап, ескірген ел даналығын, көп ұзамай-ақ өзіне мұра санаудан қалған

200

сияқты. Халық әдебиетінің заман таптап даңғылдаған көне жолы Абайға тарлық еткен. Ол соныдан жол салмақшы болған. «Мәдет бер!» – деп, 13 жасына Навои, Сағди, Фердаусилерге жалбарынған Абай, келелі кеңестің кеуде биі болмақ болып, ескі бише қосарлап сөйлемек болған Абай, ескі ақынша «көр-жерді өлең қылмақ» болған Абай енді бұларды қомсына бастайды. Оның «күншығысы күнбатысы болып», Хожа Хафиз, Сағди орнына Байрон мен Гетенің, Нысамбай, Бұқар орнына Пушкин мен Лермонтовтың етегінен ұстайды. Классик әдебиет дөңіне шығып, артына қарағанда оған енді:

Шорганбай, Дулат пенен Бұқар жырау
Өлеңі бірі – жамау, бірі – құрау, –

болып, олардың «кемшілігі әр жерде-ақ көрнеу тұрады». Ол – қазақтың өнерінің өзіне сын көзімен қарап, ескі әдебиет мұрасының ескірген жерлерін көзі шала бастайды. Ол жалғыз қыссашыларды ғана мінеп, шөп татыған «Әзірет Әли», айдаһарлы ертегіні термектікті» ғана кемшілік деп тоқтамайды. Өлеңнің ұйқасы үшін «ауылда қонған жерін», «астына мінген атын», «айтамын айт дегеннен»-дерді сүйреп әкеп, сөз арасы бөтен сөзбен былғанса, онда Абай: «ол ақынның білімсіз бишарасы» дейді. Сөздің қасын түзеймін деп «көзін шығарып», бітпейтін кейіпті суреттеген нәрсесінің жанына жарып тығып, өз сөзін өзі есептемей айтып «алтын иек сары ала қыз» табатын өлең арналарын қатаң сыннайды. Сонымен қатар Абай «қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын» екендігін, ұйткені онда басы артық қосарлар жүретінін байқайды.

Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,
Мақалдап айтады екен сөз қосарлап, –

деп қырағы көзбен бұл кемшілікті шолып өтеді де, өзі «ескі бише отырман бос мақалдап» деп, ондайдан аулақ болатындығын айтады.

Жұрттың бәрі сөз сатқан,
Сатып алып не керек
Екі сөзді Тәңірі атқан,
Шыр айналған дөңгелек? –

дейді. Өткен өмір арбасының дөңгелегімен қоса айналып дөңгеленген ескі тозған сөз үлгісін тастап, Абай «тіл ұстартып, өнер шашпақ» болады. Басы артық бір сөз де өлең ішінде тұрмауын, өлеңнің «теп-тегіс жұмыр келсін айналасы!» деген шарттарды қояды Абай. Осындай қатаң шарт, ауыр сынның арқасында Абайдың сөздері, Ілияс айтқандай, «қиюынан қыл өтпейтін» нығыз болып, мағынаға малынып келеді. Сондықтан оны ағызып оқып, сыдыртып өте шықсаң, ішкі мәніне жетпей қаламын деп кідіріп, салмақтап, ақынның кестелеген айшықтары, қошқар мүйіздерімен оралып өтуге тура келеді. Абай айтар сөзінің бәрін айтып, орнын тақырлап кетпейді, оқушыға да шығарғыштық сыбаға қалдырып кетеді.

Міне, Абай сөзінің осы қасиеттері, Абайдың өлеңге қойған осы шарттары күні бүгінге шейін құнын жоғалтпаған артықшылықтарының бірі. «Алтын иек сары ала қыз» сияқты жалаң, жалған жалтыр бейнелер (образдар), ұйқасым қуалап, өлеңнің кетігін басқа сөздермен тығындаулар бүгінгі әдебиетімізден де әлі кетіп болған жоқ.

Халың өлеңінде тақырыптан тысқары басы артық сөз болмай тұрмайды. Ондай артықтар жаман өлеңде сорайып көрініп тұрады да, тәуірлерінде бойын жасырып, бірде құрғақ пәлсепе жамылып, бірде мақал, жұмбақ бүркеніп, бірде орынсыз пейзажға оранып келеді. Қалай болғанда да бұлар өлеңнің мәнін сұйылтып, дөнін жұқартпақ. Абайдың алдындағы әдебиет үлгісі осы сұйық мәнді, жұқа дөнді өлеңдер, тозығы жеткен мақалдар, біроңкей тізіліп жалықтырғыш келетін ертегілер еді.

Айдын көл батпақ атанар
Айдыны құрып, суалса...
Арғымақ аттың белгісі
Аса бір шауып бұлданбас...
Ағарып тұрған ай да өлер,
Қызырып тұрған күн де өлер,
Алшандаған бай да өлер,
Ардақтаған хан да өлер...

Осы сияқты арзан ақиқат, тозған шындық, керексіз тақпақ ескі өлеңнің мазмұнын да, түрін де билеп алған ескілік ауру болатын. «Ескі бише отырман бос мақалдап» дегенде Абай осыларды

айтқан болу керек. Абайдан бұрынғы, Абаймен замандас ақындардың не жақсы дегені де осы бос мақалдан құтыла алмаған. Бұдан құтылмай тұрып, шын мағынасымен әдебиет тілін жасауда мүмкін емес еді. Абайдың сіңірген бір еңбегі әдебиетті осындай артық жүктен тазартуы болса керек.

Халық әдебиеті – халықпен құрдас, бірге жасасып келе жатқан көрі нәрсе. Оның жаңалығы жарытусыз, бұрынғының үстіне жаңа бояу жағу түрінде ғана болады. Жаңа шығармасы да сол ескі тамырға көктеп өседі. Мұның бәрі өмір ағынының шабандығын, ілгері басуда халықтың мандымағанын, ескінің тігісін сөгіп, ыдыратқандай, халық өмірінде ұлы өзгеріс болмағанын көрсетеді. Сонымен, атам заманда айрылып қалған, бір кезде жаңа болған, бірақ бүгінде тозған бір нәрсені, көнерген сөзді халық әдебиеті қайталап немесе болмашы бояу жағып алып, сүйрете береді. Халық әдебиетінің сақталатыны да, оның таусылмайтыны да осыдан келеді.

Оның үстіне басы артық, қосар сөздердің ескі өлеңнен қалмайтын, сонымен сөздің мәнін сұйылтатын тағы бір себебі бар, ол – әдебиеттің ауыз әдебиеті болушылығы. Ауызекі сөйлеген сөз бір айтылғансын өтіп кетеді де, қайта тыңдауға келмейді. Айтушының өзі де, қайтарып айтқанда, алдыңғысын түгел қайта айтып шыға алмайды (жаттап алған болмаса). Ал жазылған сөзді ескермей қалсақ, қайтадан әлденеше рет қарап алуға, түсінбеген жерімізді түсініп алуға болады. Сондықтан жазылған сөзді мейлінше нығыздауға, сөйлемін орамды, мағынасын терең қылып жіберуге болады. Бірақ ауызекі сөзге мұны істеуге болмайды. Жазылған сөзді қаншама жандандырып-ақ ауызекі айтсаң да бәрібір өлі сөз болып шығады. Маяковский жазған өлеңдерін декламация үшін қайта өңдейтін-ді. Пьесалардың сөздерін де Мейерхольд еш уақытта өз күйінде қалдырмайды, тыңдауға қолайлы етіп, өзгертіп шығарады. Қазақтың халық әдебиеті де сахна әдебиеті болатын; көпшіліктің тыңдауына бейімделген шығарма болатын. Тыңдалатын шығарма мағынаның артық қоюлығын көтермей-ді. Ондай болса, тыңдаушының миын шаршатады. Сондықтан халық шығармасында шығарманың тақырыбына катысты сөздердің аралығына, тыңдаушының миына гимнастика болғандай, «басы артық» сөздер енгізілетін. Мұндай қыстырма сөздер, шығару-

шының шеберлігіне қарай, бірде тақырыптан өте алыс кетіп, тек ұйқасым үшін тұрады да, бірде алыстап орағытып келіп тақырыптың бір жерінен жанасатын. Ауыз әдебиетте мұндай қыстырма өңгіменің мынадай 3 түрлі пайдасы бар:

1) тақырыптан тыс өңгіме болғандықтан, тыңдамасаң да, не түсінбесең де өңгіменің ұзын ырғасын ұғуға кемшілік қылмайды. Сонымен, ол тыңдаушыға демалыс болады;

2) тақырыптан тыс өңгіме болғандықтан, тыңдаушының зейінін аударып, миға гимнастика болады;

3) тақырыптан тыс өңгіменің өзі бір шетімен тақырыпқа байланысып жатса әрі логика, образ жағынан дұрыс құрылса, тыңдаушыны күні ілгері даярлап, негізгі тақырыпты жақсы, жанды түрде түсінуге себеп болады.

Шора батырдың ханға өкпелеп, елін сағынып, өзінің Қазанға қайтқысы келгенін ханға айту түрі осылайша құрылған:

Арғымақ үйірін сағынар,
Сағынғанда не қылар,
Тұяғын тарпып қағынар.
«Тау көбелей желсем!»-дер,
«Үйірімді көрсем!»-дер.

Ақ сұңқар ұя сағынар,
Сағынғанда не қылар:
Тұғырында тұра алмай,
Тапыл-тапыл қағынар.

«Көк бұлттың ішінде
Көлденеңдеп ұнсам!»-дер,
«Дәмді қанды ішсем!»-дер,
«Үяласын көрсем!»-дер.

Ер туғанын сағынар,
Сағынғанда не қылар:
«Күдеріден бау тағып,
Көбе тонды кисем!»-дер,
«Ауыр қолды ертсем!»-дер,
«Дұшпанымды көрсем!»-дер.

Жүрт ойламас ер болмас,
Үйір демес ат болмас,

Үя демес күс болмас,
Мәнзілді күнде, падишам!
Өзінің жұртын сағынар.

Қауыста қайтқан қараша,
Қиқулап қонар көліне –
Өсіп-өнген жеріне.

Қазандай ішім қайналып,
Садағым сала байланып,
Ниет қылдым еліме.

Міне, осы отыз жолдың ішінде мақсатты ойын айтатыны тек соңғы «ниет қылдым еліме» деген жол, оның үстіне елін сағынғандығы. Арғымақтың үйірін, сұңқардың ұясын, қараша қаздың көлін, жалпы ер жігіттің елін сағынатындығы, олардың қайсысы қалай сағынғандығы, қалай тыпырлайтындығы негізгі тақырыпқа керек те емес. Айтпақшы, сөзі ол емес. Сол себепті мұның бәрі де басы артық, қыстырма әңгіме болып шығады. Бірақ ақын осы тоқсан тарау қыстырма әңгімені негізгі тақырыпқа сондай шеберлікпен байланыстырған, әрқайсысын сондай дұрыс құрған, бұлардың тақырыптан тысқары әңгіме екендігіне таласуға да болады. Бұлардың бәрін байланыстырып тұрған бас арқауы бөрінде де сағыну барлығы, оның үстіне, сұңқардың ұясы, арғымақтың үйірі, қаздың көлі, ердің елі – бәрі де сағынудың объектісі болғанының үстіне, араларында толық ассоциация бар. Сондықтан бұл ұзын қыстырманың бірін де артық қыла алмай, бәрі жиналып негізгі әңгімеге қарай зейінді аударуға себеп болып тұр. Сонымен қатар негізгі мәселенің өзін баяндап тұрмағандықтан, олардың бірін тыңдамай, не ұқпай кеткеннен зияны да жоқ.

Міне, бұл халық әдебиеті шығармаларының тыңдаушының ынтасына қарай құрылғандағы ең үлкен шеберлікпен, ірі өнермен жасалған түрі.

Өлгенді естіртушілер де қазақта осы әдісті қолданады. Олар да адам атадан бастап, неше түрлі жұрт білетін ірі өлім, аянышты өлімнің бәрін санап келіп, аяғында мақсатының бетін бір-ақ ашады. Онда да бір өлімнің бар екенін сезесің де, бірақ кім үшін айтылып отырғаны, кім өлгені белгісіз. Сол белгісіздіктің өзі тыншытпай, тыңдауға айдап салады. Бірақ бірқатарын тыңдамаған-

нан да зиян келмейді. Соңғы түйінін ғана тыңдасаң, ұқсаң болады. Осыны тыңдауға, ұғуға алдыңғы қыстырма әңгімелердің өзі үлкен себеп болады. Ауыз әдебиеті үлгісінде бұл – таптырмайтын әдіс. Бірақ жазба әдебиетте мұндайлар мағынаны сұйылтып әкетеді. Сондықтан мұнда ұзақ қыстырма әңгімеге орын қалмайды. Мұнда оның орнын сөздің образдылығы ұстайды.

Абай біздің жазба әдебиетіміздің атасы болғанда, өлеңін, қара сөздерін тек қағазға жазғандығымен ғана емес, жазба әдебиет пен ауыз әдебиеттің осы айырмашылығын ашқандығымен атасы болады. Қазақ әдебиетін ауыз әдебиеті дәрежесінен шығарып, неше мың жылдай көнігіп, етке, қанға сіңісіп болған ескі ауыз әдебиет дағдысынан құтқарған адам – Абай. Ескі ауыз әдебиетіндегі артық қыстырмалардан алғаш тазартқан Абай.

Абай сынаған «қазақтың ұзын сөзділігі», «ескі бидің сөз қосарлап бос мақалдайтындығы», «ескі ақынның жоқтан қармап, көр-жерді өлең қылатындығы» дегендер – осы басы артық қыстырынды әңгімелер болатын. Абай сөзінің «қиюынан қыл өтпейтін» ықшам, тығыз болатыны да осы басы артықтан аман болғаннан келетін-ді.

Абай ескінің шұбалаң қыстырмасын икемді бейнеге (образға) айналдырды:

Іздеп табар сұңқармын
Жарастықты шүйгенде.
Қылығында жоқ оғат...
Сіз – қырғауыл жез қанат,
Аш бетінді, бер қара.

Ескі халық ақыны болғанда, «сұңқар» мен «қырғауылдың» өз романын жарыстырып, жігіт пен қыздың өңімесін оның көлеңкесімен бүркеңкіреп қояр еді. Абай олай сөзді ұзатпайды. Ұзатпау үшін «сұңқар» мен «қырғауылдың» арасын алыстатып, арасына негізгі тақырыпты кіргізеді: «Сұңқар», «қырғауыл» дегендер «жігіт», «қыз»-дармен теңбе-тең жасайтын, өз бетілік кейіп болмай, «сұңқар» жігіттің, «қырғауыл» қыздың бір мезгілдік қана кейпіне ұқсатылады да, негізгі суреттің анықталуына, толығына себеп болады.

Абайдың өлеңдері бейнелі, суретті келіп, шын мағынасы мен көркемдік шартын орындап отырады. Сонда Абай образ-

ды қолдан жасап, жат кейіп қылып шығармайды. Қазақтың өзіне қашаннан таныс, оны келтіргенде бермекші суретінің бояуын қандырып, ашып кететін суреттерден алады. Суретті ойдағыдай, күшейтіп жіберетін болса, Абай ондай-мұндай ерсілігіне, әдепке шеттігіне де қарамайды. Мұнысын, әрине, мақтауға болмайды. Көрі шалдың жас қызды еріксіз қатын қылғысы келгенін улы тілмен шаққысы келсе, «тұсап қойып қашырап бұқа ма екен?» деп сөгеді. Елдегі қулардың ұнамсыз қылығын біле отырып, оны тоқтатуға мұршасы келмейтінін айтқанда:

Ойнаспы қатын болса қар,
Аңдыған ерде қала ма ар! –

деп жібереді. Ақы алып өлең айтқан ақын-тыңдаушыны да, сөз асылын да танымай айтады, оны тыңдама деп, ондайдан бездіргісі келсе:

Сатып алма, сөз сатса,
Ол – асылды аңдамас,
Білеткенің байы ақша
Ер жақсысын таңдамас, –

деуге де аузы бара салады.

Абай қазақтың мақалын да, ертегісін де, дінін де, салтын да – бәрін де суретке пайдаланады. Бірақ осының бәрінде қазаққа таныс образдардың өзі бұрынғы құрысып, қатып қалған күйінде тұрмайды, жүріп кетеді, жан бітеді; жетіліп, өсіп, ашылып, жарқырап кетеді. Өз қалпында қалып қоймай уақиғаның өзіне біте қайнап қосылып кетеді. Мақалдар Абайда босқа қосарланып, «солай дегендей-ақ» болып жүрмейді, жанды суретке, қозғалысқа, процеске айналады. «Адам басы – Алланың добы» деген дәрекі фатализм мақалы ғашықтың материяланған суреті болып, бірде теріс ұшып, бірде қайта түседі:

Тәңірі добы – бұл ғарып бас
Кетті амалсыз! Қорлама,
Қайта қақты, қайла болмас,
Келді, түсті ордаңа!

Бұл – аудармада кездессе де (Пушкинде мұндай сөз жоқ), Абайдың өзі тағдырды осылай доп қылып ойнатып қойған. Дәлдеп аударған жерінде де Пушкиннің:

Мои сомнения разреши.
Быть может все это пустое,
Обман неопытной души
И суждено совсем иное, –

дегенін кім біледі, мұның бәрі тәжірибесіз жанның алдануы шығар да, жазмыштың ұйғарғаны басқа болар. Біздегі көп аударғыштарша тікелемейді:

Шеш көңілімнің жұмбағын,
Әлде бәрі – алданыс.
Жас жүрек жайып саусағын
Талпынған шығар айға алыс? –

деп әрі тура, әрі сұлу, суретті қылып, үлгілі әдеби аударма береді. Міне, мұнда «алыс айға саусағын жайып талпынған жас жүрек» бейнесі қазақтың «арыстан айға шауып мерт болған» дейтін мәтелінен алынған. Сондай таныс нәрсе екені білініп тұр, бірақ ол кейіптен ешнәрсе қалып жарыған жоқ, бәрі де Абайдың өз қолымен жаңартылған. Мұнда арыстанның жыртқыштығы, төкаббарлығына, сол «бейілінен тапқандығынан» мерт болған артқы аяғы екендігінен ырым да жоқ. Мұнда жүрегі таза жас сәби айды алмақ болып балдыр саусағын шолтаңдатқан күнәсіз қылық қана бар. Сонымен бірге жай қалмай, мерт болып қалатыны да көрініп тұр.

Абайдың қыз бен жігіті ғана құс пен аңға ұқсап қоймайды, құсы мен аңы да қызға, жігітке ұқсай береді. Түлкіні бүркіт басып, екеуінің алысқанын қара шашы төгіліп, иықтары бүлкілдеп, суға шомылып жатқан сұлуға меңзеп қояды.

Жер-ана деген ұғым қай жұртта да бар. Бірақ Абайдың жер-анасы не қалыңдық ойнаған қыз болып, ұрын келген күйеуі күнмен жымыңдасып, күліп ойнап кетеді немесе ол ана елжіреп емізіп кетеді.

Қысқасы, Абайдың образ қолданудағы өзгешелігі, әуелі, қатесіз анық таныс бейне алады; екінші, образы ескі өлі қалыбында қалмай, жанданып кетеді, үйткені үшінші ескі образды өсіріп, жаңартып, жалғап әкетеді. Оның ескі, таныс образ алуы тек таныс жағымен тартып, жуықтатып алып, келгеннен кейін басқа жаққа

бұрып жіберейін деген сияқты. Ескі әдебиет мұрасын Абайдың пайдалануының бәрі осылай. Ол ескіні де, өз заманын да дәріптемейді. Ескі образды алғанда оны сүйдіру үшін емес, ескіні бұзып, жаңа қылып, сонымен жаңаны ұғындыру үшін алады. Абайдың әдебиет, мәдениет істеріне қолы тиіп кетсе, ол тек сипап, сұртіп шаңын кетіріп шықпайды, өзінше бұзып, өзінше түзеп, өз қолынан ізін қалдырады. Өлеңнің ырғағы да, ұйқасы да, буыны да, әні де, тақырыбы да, сөз төсегі де, суреті де Абайдың қолынан өткенде бұрын көрмеген жаңа нәрсе болып шығады. Қайсыбіреудің құлағын «шу!» дегенде тосаңсытады. Бірақ сөйте тұра Абай өлеңі – қазақ өлеңі, қазақ өмірінің суреті, қазақ тілімен жазылған, қазаққа түсінікті болып шығады. Ол Пушкинді, Лермонтовты, Крыловты қазақша сөйлетеді, күпілі қазақты Пушкинше, Лермонтовша сөйлетеді. Абайдың арқасында XIX ғасырдың соңғы ширегінде қазақ ауылындағы қыз ойнаққа Онегин мен Татьяна «қатысады». Абайдың арқасында XIX ғасырда қазақтың әдебиеті өзінің атам заманғы «азалы ақ көрпесін сілке тастап», Еуропаның классик әдебиетінің қалыбына түседі, сөйте тұра қазақ әдебиеті болушылығын да бұзбайды.

Бұлайша ескіні жаңаға ұштастырып, жан бітіру үлкен шеберлікпен ғана болатын іс. Абайдан біз осы ірі шеберлікті көреміз. Абай ақын болғанының үстіне ескі мәдениет мұрасын дұрыс пайдалана білген ақын. Абай ескі күншығыстың экзотик өнерінің бірі – шағатай әдебиетімен де жақсы таныс болып, онан жанына азық таба алмай, ілгері басқан Еуропа үлгісін таңдап ұстағанының үстіне, қазақтың халық әдебиет мұрасын да жете тексерген, оны барынша бағалаған, онан бар керегін ала білген адам. Абайдың баласы Тұрағұлдың естелігінде «қазақтың ертегілерінде есітпеген ертегісі кем шығар. Сонда қазақтың ескі ертегісінен бұрын қай жерлерде жүргені; көршілес күндес елдері қай жұрттар екені; елдің ескі салты, арманы, кәсіп, hareketі не екені көрінеді деуші еді» дейді. Міне бұл халық әдебиетін (ертегін) осы ғылым айтуындағыдай бағалай алғандығы. Қазақтың мақалдарына қарап отырып, қазақтың тарихын қарастыруы да, өз сөзіндегі қазақтың шаруашылық қалпын; дүниеге көзқарасын білуге мақалдарды кілт қылғысы келгендері де – бәрі де халық әдебиеті мұрасын қалай пайдалану жолын түсінгенін көрсетеді.

Сонымен бірге Абай ескі мұраны талғамай ала беретін адам емес. Ол ескіден қалған мұраға да, өз заманының жайына да сын көзімен қарап, өзінің ақыл елегінен өткізіп алған. Қашаннан келе жатқан «мәңгі шындық» саналатын әдет-заңын Абайдай қирата сынаған адам қазақта ол кезде болмаған. «Ата-анадан мал төтті», «Атың шықсын десең, жер өрте», «Жарлы болсаң, арлы болма», «Көппен көрген ұлы той», т.б. неше түрлі мақалдардың сырын ашып сынаған адам – Абай.

1905 жылдың төңкерісі халық санасын басқан қара тұманды бірқатар серпілтіп, онан соңғы реакция дәуірі бүркеулі сырдың көбін ашып, колония саясаты азуын күннен-күнге батырып, қазақ арасында ұлттық сана өрлей бастаған, ұлы көтеріліс ұшқындап келе жатқан кезде, 1916 жылда орта білімі бар, төңкерісшілдікке бейім азамат қылып көрсетілген учитель Әбіш – Бейімбеттің «Шұғасының» геройы екі рудың балуаны күрескенде қызынып, бір жағын басқарып жүреді; өз жігіті жыққанға көтеріліп қалады. «Шұға» пьесасынан 40 жыл бұрын Абай осындай күрес, бәйгеге ру болып қызыну, арлану әдетін сөге сынайды. Халық мәдениетінің мұндай жақтарын ашып тануға келгенде, Абай, сөйтіп, өзінен 20 жыл соң Әбіштер қараған көзқарастан асып түседі. Осының бөрі Абайдың ескі мұраны білудегі күшін көрсете алса керек.

Жоғарыда айтылып өткендегідей, Абайдың халық әдебиеті үлгісіндегі өлең қалыбын өзгертіп, өзінше құруы да әдебиет мұрасын қалай пайдалануды, қалай сынауды жетік білгендігінен келген. Өлеңнің өлшеуі мен ұйқасымына кіргізген сыртқы өзгерісінің өзі тек бола салған іс емес, Абайдың барды сынай отырып, соныға тартқанынан туған жеміс.

Абайдың музыкаға енгізген жаңалығы – жаңа түрлі өндері де осы өлең құрылысын қайта құруымен байланысты. Жаңа, жат өлшеулерді жұрт құлағына сіндіріп, көп ұғымына жуықтату үшін оларға ән де шығарып берген шағатай үлгісінен шығарушылар Абайдың жаңа түрлі өлең өлшеулерін, өндердің құрылысын сынатып қарау керек, ән «ғұшшақ», «науа» тәрізді дәруіш мақамына бейімделген бе екен, жоқ өзі білген дәрежесінше, батыс үлгісіне тарту бар ма екен? Біздің байқауымызша, Абай өндерінде Орта Азияның ескі мақамына тартқан жер жоқ. Абайдың композиторлық тәжірибесі, бәлкім, бізді қанағаттандырылдық емес

шығар, солай да болса, сол кезде қазақ өнінің құрылысына Батыс әсерін ендіріп, өзгерту талабының өзі – біздің мәдениет тарихымыз елеп өткендей іс. Бұ да қазақ көркем өнерінің қолда барын қанағат қылмай, ескіні ескі біліп, жаңаға тартудың бір ұшқыны.

Сонымен, Абайдың көркемөнер жөніндегі айтқан сөзі емес, істеген ісінде ұлы сыншылық, барды қайта құрушылық барына таласпай көнуге болатын болды:

1. Абай шағатай әдебиетімен жақсы таныс болып, оны баурап алып, соның үлгісімен өлең жазып та көрген. Бірақ оны қанағат қылмай, оның ішінде қалмай, сыртына шығып, соныдан жол іздеген.

2. Абай қазақтың халық әдебиетін жақсы біле тұра, оның айдын жолымен жүріп кетуге шамасы келе тұра, оны да өзіне баянды жол деп есептемеген, онан да шетке шыққан.

3. Абай жер жүзінің классик әдебиетінің үлгісін таңдап ұстап, қазақ әдебиетін Байрон, Шиллер, Гете, Пушкин, Лермонтов, Толстой ізімен Батысқа жетелеген.

4. Әдебиет арнасын басқа жаққа бұрумен байланысты өлеңнің мазмұндылығы, көркемдігі, бояуы – бәрі де өзгеруі керек деп табады. Бұл жөнінде:

а) ауыз әдебиетінің өзгешелігі болып сақталып келген өлеңдегі басы артық сөздерді шығарып, өлең сөзінің мәнділігін арттырады; ә) Бұрын жай қосақталып, негізгі тақырыппен жарыса жүріп, оны солғындатуға себеп болатын көлденең суреттерді шағындап, қиындап, олардан жаңа бейне құрастырады. Бұрынғы мақал, мәтел, халық сенімі секілділердің қатып, құрысып қалған суреттерін жанды, жүрдек кейіпке айналдырады; б) қазақ өлеңін түр жағынан байытып, жаңа өлшеулер жаңа ұйқасымдар, жаңа ритмдер туғызады; в) әдебиет тіліндегі халық үлгісінің басы артық қосарларын жоюмен қабат, шығыс үлгісінен келіп жүрген араб-парсы сөздерін де қуып, әдебиет тілін тазартып, қазақ тілінің бар байлығын іске асыруға жол ашып, жазба әдебиет тіліміздің іргесін қалайды; г) көркем шығармаларды өзі де шығарып, ірі ақындардан да аударып әдеби аударманың, жаңа заман әдебиетіндегі бірқатар белгілі жанрлардың үлгісін іспен береді.

5. Халық әдебиетінің көрі тарауларының бірі болған мақалдардың жарамсызы көп екенін ашып көрсетіп, өзі де бірнеше мақал шығарады.

6. Әдебиет жұмысында өзгеріс жасауымен қатар, әлінше қазақ музыкасына да жаңалық ендірудің талабын істейді.

Міне, осының бәрі де құрғақ сөз емес, Абайдың істеген істері. Адамды істеген ісіне қарай сынайтын болсаң, бұл істерді, бұларды істеген адамды қалай бағалауымыз керек?

Абайды қолда барға қанағаттандырмайтын, үздіксіз сынға, таусылмас наразылыққа қуып салатын, атам заманнан, ата-бабадан қалған, замандас-бастастары түскен даңғыл жолға сыйдырмайтын не?

Неге ол даяр әдебиет үлгісін, дайын мәдениет дағдысын сынап береді? Неге бұлар оның сынына толмайды?

Абайдың әдебиет «бар мәзіріне», мәдениет сатысына бұл сыншыл көзқарасы – өзінің дүниеге көзқарасынан бөлек жатқан нәрсе емес, соның бір бөлшегі, өткенді, төңірегін тегіс сынауының, тегіс ұнатпауының әдеби формада бой көрсеткен бір түрі. Әйтпесе өткенді көксеп, төңіректегі барға ырза болған адам сол өткеннің, төңіректің идеологиялық жемісіне, әдебиетіне, ол әдебиеттің дәрежесіне, түріне де ырза болған, қанағаттанған болар еді.

Ойдағы сыншылдық, жалпы бағыттағы жаңашылдықты істе көрсете алу, онда да әдеби формада ырғақпен ұйқасымда, бейнемен сөздікте көрсете алу – бұл ол сыншылдықтың тамыры терең бойлап кеткенінен келеді. Абайдың тұла бойын түгел алып кеткен осындай өз ортасына наразылық бар. Абай – сол заманды, сол ортаны соя сынаған адам. Абайдың әдебиеттегі сыншылдығының түп тамыры осында жатыр. Сондықтан Абайдың заманы деген не еді? Абай оның несін сынайды, соны қарайық.

1934 ж.

АБАЙДЫҢ ӨЛЕҢ ӨРНЕКТЕРІ

Абай – қазақ поэзиясының сөзсіз бір биік асқар белі. Қазақ поэзиясына тұйықтан жарып шын мәнді поэзияның тұңғыш есігін ашты. Әдебиет тарихымызда поэзияның айқын жолдарын салды. Ол жол қазіргі әдебиетімізде де сайрап жатыр.

Пушкинге дейінгі орыс поэзиясы халық әдебиетінің сарынынан етек алып шыға алмаса, Пушкин орыстың үлгілі поэзиясының кілтін бұрады. Тетігін тауып, кілт бұралғасын, поэзия еркін құлашын жайды. Өмір тарихының өріне өрмеледі. Бұрын поэзия өмірдің босағасынан орын алса, енді төрінен орын алды. «Евгений Онегинмен» орыс поэзиясы мейлінше аспандады. Пернелі сөз, өлеңнің нелер сұлу кестесімен, терең мағыналы пікірмен Пушкин поэзиясы тарихтың желісін тартты. Кейін Лермонтов, Тютчев, Некрасовтармен поэзия кемеріне жетіп тасыды. Декаденттер символистерге жеткенде, кемеріне жетіп тасыған поэзия төгіліп төмен түсе бастады. Жиһангерлік дәуірмен байланысты ол пернешілер (символистер) поэзиясы аспандап көтеріле алмады. Октябрь төңкерісінің зор толқынына араласқан Маяковский поэзиясы ғана дәуірлейді.

Осы қалып шақ келмегенмен, біздегі поэзияның өсуі, бөсеңдеп қайта көтерілу кезеңдері орыс әдебиетінің сарынымен жүріп отыратын сияқты.

Абай Пушкинмен замандас болмағанмен, Пушкиннің әдебиет мәні Абай заманына сәйкес. Іргесі берік, феодал қоғамына сауда капиталының шеті көріне бастаған дәуірдегі жағдай Пушкин заманында Ресейде кез келсе, қазақ жағдайында айырмасымен Абайға кез келді. Сондықтан Абайдың Пушкинмен пікірі қосылып, олардан көп оқып, көбірек ала білген. Өзіне түспа-түс жақын келген Некрасов, Салтыковтерден алмаған. Неге десеңіз, Некрасовтар капитализм өсіп, белең алған кезеңдегі бұқарашыл ағын еді, Абай бұдан алыс еді.

Қазақ поэзиясына Абай Пушкиндей төңкеріс жасады ма? Жасай алды. Абай да өзіне дейін болған тәртіпсіз халық әдебиетінің

тетігін тауып, Батыс-Шығыс әдебиетіндегі нелер жылғы поэзия өнерінің үлгісімен жаңа шын көркем поэзияға жол ашты. Абайға дейін қазақтың бай ауыз әдебиеті, тілі өріс ала-алмай тұйыққа тіреліп тұрса, Абай ол тұйықты жазды. Өзінің поэзиясына жаңадан өріс іздеді. Ол қамала беретін тұйықтан құлашын жайып, қанаты талмайтын жазыққа құлаш ұрды. Ол шыңнан аспанға өрмелеген жоқ, жазықтан шыңға өрмеледі. Жазықтан поэзияға сара жол салып аспандады. Сондықтан Абай қазақтың нағыз көркем поэзиясының басы десек дұрыс болар еді.

Енді Абай поэзиясының ерекшеліктеріне тоқтайық. Абай өлеңдеріне, өзіне дейін болған қазақтың ауыз әдебиеті түгелдей кіреді. Ауыз әдебиетте бар 11 буынды қара өлең, жыр, тақпақ, терме, толғау, мысалдау, арнау, даттау, ақыл-нақыл, үгіт, жоқтау, жұмбақ, мақалдау түріндегі өлеңдердің бәрі бар. Бұл жағынан қарағанда Абай қазақтың нағыз әдебиетінің жуан ортасында, соның бір мықты қазығы сияқты. Қазақтың өнге келтіріп айтатын өлеңінің көбі – 11 буынды өлең. Осы 11 буынды өлеңнің өлшеуін Абай өте көп қолданған, оның өлеңдерінің негізі, осы қара өлең. Абайда 16 өлеңнің мөлшері болса, бірінші орынды 11 буынды алады. Абайдың барлық өлеңі – 210. Соның 84 өлеңі 11 буынмен жазылған. Оның үстіне бұл өлеңнің ұйқасуын 4 жолмен қайырып тоқтатпайды. Бір келкі ұйқаспен созып, 30-32 қатарға дейін апарды. Мысалы:

Қалың елім қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың...–

деген үйлес пен қатарын жазбай отырып:

Пыш-пыш демей қала ма? Ол да астыртын! –

деп 30-жолымен бір-ақ аяқтайды. Бұған Абайдың өлеңге еркін, сөзге қысылмай, айтайын деген ойын бір-ақ кестелі ұйқасымен іркілмей айтып бере алатындығын көрсетеді. «Байлар да мал қызығын біле алмай жүр» деген өлеңнің үйлесі отыз екінші жолмен қайырылады. «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» деген өлеңі бір түрлі сергек үйлес пен қырық төртінші жолдан, «Қан сонарда бүркітші шығады аңға» деген өлеңі елу жолдан қайы-

рылады. Қазақтың бұрынғы поэзиясының ұзын арқауы осы 11 буынды өлең болып отырса, Абай поэзиясының да ұзын арқауы – осы 11 буынды өлең. Абайдың ең тәуір деген өлеңдері де, поэмалары да осы өлшеумен жазылғаны көрінеді. Абайдағы өлеңнің екінші өлшеуі – жыр, тақпақ, терме өлеңдері.

Бұл өлеңдерде Абайға дейін халық әдебиетінен, билер сөзінен, шешендер сөзінен толғау, арнау, жоқтау сияқтылар жырлар да үлкен орын алған. Абай бұл өлшеуді де поэзиясында көп қолданған. Абай өлеңдерін үгіт өлеңдері мен нағыз лирикаға айырып екіге бөлсек, үгіт жырлары осы жыр, тақпақ түрінде айтылады.

Ғылым таппай мақтанба!
Орын таппай баптанба!
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге
Бес нәрседен қашық бол!
Бес нәрсеге асық бол.
Адам болам десеніз,
Тілен, өмірің алдында
Оған қайғы жесеніз...

Бұл – терменің үгіт түріндегісі. Мұнда жырдың сыртқы дәлдігін, тармақтарының бірдей қатар келіп отыруын, ұйқасымдардың бір қалыптасуын ескермейді, айтатын ойын көпке жеткізу мақсатын алға тұтады. «Сабырсыз, арсыз, еріншек» деген тақпақ үлгісімен жазылған. Ол – даттау жыры. Сол кездегі ақынның өзіне жақпаған, өмірде оғаш көрінген жаман қылықтарды әшкерелеп даттап отыр. Әбдірахман өлгенде жазған жоқтау жырларының бұрынғы ауыз әдебиетінде бар жырдан айырмасы жоқ.

Арғы атасы қажы еді,
Бейістен тартқан шербеті.
Жарықтықтың өнері
Айтуға тілді тербетті.
Балалық ақыл жасынан,
Қозғапты, тыныштық берметті...

Тағы осы ретте қайталап келе береді. Жыр өлеңдері, әдетте 7 буыннан аспайды. Жыр түрімен жазылған өлең 36 («Жаз», «Антпен тарқайды » деген өлең бұған кірмейді).

Енді Абайдың «Жаз» деген өлеңі туралы бір-екі сөз. Абайға дейінгі халық әдебиетінде де, Абайдың жыр үлгісімен жазылған өлеңдерінде де «Жаздай» шебер жазылғаны жоқ. Бұл өлеңде Абай сөзді ойнатып, ырғаққа билетіп, дауыс толқындары да бірыңғай шығып, ұйқастарында ешбір олқылық білінбейді, жорға аттың жүрісіндей ырғалып, тайпалады да отырады.

Мына:

Жазды күн шілде болғанда,
Көк орай шалғын бәйшешек.
Ұзарып өсіп толғанда
Күркіреп жатқан өзенге,
Көшіп ауыл қонғанда:
Шұрқырап жатқан жылқының
Ат, айғырлар, биелер,
Бүйірі шығып ыңқылдап... –

деген өлеңді бастап оқып жібергенінде, өзінді еріксіз ерітіп, еліктіріп үйіріп ала жөнеледі. Жүрісті жорғаға мініп алғанда, қамшы салғызып, тізгінін қаққызбайды, желіп жөнеледі. Тізгінді тежеп жүрісіне сүйсініп, жаның жай тапқандай болады. Баратын жеріңе жетпей жорғаның басын тартпайсың ғой. Сол сияқты «Теп-тегіс айналасы жұмыр келген» бұл өлеңді сондай қызығып, сүйсініп оқисың. Өлеңнің ұйқастары 2-3-4 жолдан бір аспайды не кемімейді. Абай өлеңдерінің ішіндегі көтеріңкі, серпімді рухпен жазылған шаттық жағдайды жалғыз ғана өлеңнің мағынасынан ғана емес, ырғақ, дауыс толқыны, ұйқасымның өзінен көрініп отыратын өлең. Сондықтан «Жазды» өз алдына бір түр етіп алдық!

Бұл өлеңдегі сөздің көпшілігі – қимылды, істі көрсеткен етістік. Оның үстіне түс, бояу мен дыбысты да бірдей келтіргендіктен, салқын қанды баяу өлеңдей емес, желпіндіріп отыратын жанды (динамичный) өлең. Онан соң қайталап келген сөздер (2 рет қайталаған сөздер) орнымен қайталанған. Мысалы: «Ақ білек, ақ көйлек», «көк орай, көк құсы», «Жас бала, жасы үлкен», «күн, күннің» деген сияқты. Бұл қайталауда өлең ешбір әлсірмейді. 6 рет қайталап айтылған көмекші етіс «деп» кей жерінде орынсыз қайталағаны байқалады.

«Бай байғұсым десін» деп, басынан мүдірмей оқып келе жатқанында, осы араларына сәл кідіріп қаласың! Барлық қайталаған 29 сөзді шығарып тастағанда, 155 сөз – тыңнан қолданылған сөздер. Мұнда демеу, жалғаулық, септеу, жалғау, үстеулер сөз есебінде алынған жоқ.

Сөзді түйіп айтқанда, «Жаз» өлеңі Абайдың бұрын соңды қазақ поэзиясында ерекше шеберлікпен жазылған өлеңі дейміз.

Енді тоқталатын өлеңдеріміздің көбі – Абайдың өзіне дейінгі ауыз әдебиетте болмаған поэзияға кіргізген жаңа өлшеулері. Өлеңдер шумағы, өлшеуі, ырғақ, бунақтары жағынан қара өлең мөлшерінен айырылады

«Әсетке» деген өлеңі әлгі 8 буынды «Жаз» өлеңіне қарама-қарсы жазылған. «Жаз» өлеңінің ырғағы өзінді ілгері алып қашып жорғалап отырса, бұл өлең шабан аттай жортақтайды. Шалқалап кейін серпіп жатыр. Әдетті қазақ сөзінде екпін сөздің ақырғы буынында келсе, бұл өлеңде ақырғы буынға таяу буында.

Ақыл жоқ, қайғы жоқ онда,
Есі жоқ, теріс пе оң ба?
Тіленіп, телміріп ізденер,
Тиын ба яки бір сом ба?
Кісіміп, белгілі білгіш,
Біреуге сондай-ақ күлгіш.
Бұлықсып, бұлданып босқа,
Өзімшіл, оңбаған шерміш.

Бұл – екі шумақты өлең. Екпін үлгісі: үйлескен а, а, а жолдарының бәрі де екпіні біркелкі. Аяқталған соңғы буын екпінсіз. Өлеңді мұндай тартыншақ ырғақпен келтіріп жазу Абайға дейінгі әдебиетте болмаған. Бұл ырғақтың өзі белгілі бір мағына береді. Ол мағына өлеңнің өзінде айтылып тұрған негізгі пікірге сәйкес. Сондықтан буын ырғақтары, дыбыс күйлері өлеңнің сыртқы құрылыстары Абай поэзиясында мағынамен қалыптасып ұштасып жатады.

Абайдағы бесінші өлеңнің өлшеуі:

Жүрегі айна көңлі ояу,
Сөз тыңдамас ол баяу.
Өз өнері түр таяу,
Ұқпасын ба сөзді тез.

Әр жол 8 буыннан. Екпін ақырғы буында. Өлеңнің ырғағы не көтеріңкі, не басыңқы емес. Баяу бір қалыпта келе жатып 4-жолда тоқтап тынады. Ырғақтың жүрісі шапшаң болмаса да, ақырын жүрістің өзінен қанаты талып шаршағандай 4-жолда кілт тоқтап тұра қалады. Бұл енді – Абайдың ызалы ойға бет алған дәуірінің басы. Өлеңнің мағынасымен бірге ырғақ, рухы да бөсендеп, идеясындағы ұлы сарынның жолына түседі. Бұл өлеңнің түрі Абайдан кейін әдебиет дәуірінде де осы күнгі әдебиетімізде өте аз қолданған. Әлі өрістеп орын алған жоқ. Алтыншы өлеңнің өлшеуі – «Сегіз аяқ»:

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп.
Шымырлап бойға жайылған.
Қиудан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған.
Толғауы тоқсан қызыл тіл
Сөйлеймін десең өзін біл.

Қайғылы сарын күйі жүректен қалғып шығып, қалғып сорғалап аспанда өрлеп барып, қайта жайылып бөсендейді. Тұла бойды шымырлатып балқытады. Күйдің пернесі қайталап тартылғандай дауыс толқыны бір көтеріліп өрлеп өрістей, тағы басылып тынғандай болады. Бірақ жаңғырық күйі тынбастан іле шала іркілген түйдек толқыны бір шапшып жарға ұрылғандай шаңқ етіп, беті қайтады, жаралы болған жан тәрізді өзін мойынсұндырып, әлсіреп, әлі бітіп барып тоқтайды! Өлеңнің ырғағы, дыбыс толқындары (әні өз алдына және бар) «Сегіз аяқтың» осы сарын күйін күшейте түседі: тағы ырғақ пен мазмұнның ән күйіне бірлігі келіп шығады.

Өлеңнің бунақ, буындары ешбір ауыспайды. 11 буынды қара өлеңде Абай өлеңдерінің бунақ, буындары бір шумақтың ішінде әлде неше рет ауысып отырса, мына ұйқас, буын, ырғақ дәлдігін қатты ұстайды.

Жетінші өлеңнің өлшеуі: «Қор болды жаным». Енді бұл өлең бүтіндей құлап түскен. Еш бір көтеріліп серпіле алмайды. Шаршап, талығып аяғы нәзік әлсіреген үнді дыбыс пен тоқтайды да,

сәл серпіліп, сілкініп бойын жазбақ болып, өзін бір қалыптағы ырғақта тербетеді. Бірақ ауыр салмақ зілді көтеріп, өзін-өзі жеңіл билей алмайды. Дауыс толқыны ырғақта дірілдеп, тәлтіректеп тоқтайды.

Қор болды жаным,
Сенсіз де менің күнім.
Бек бітті халым
Тағдырдан келген зұлым.
Тағдыр жетсе Алла,
Не көрмейді пенде.

Бұл өленде буын, бунақ, өлшеулер артық не кем болмайды да, дәл келіп отырады. Екпін сөз аяғында келіп тұрса да, басыңқы болып, төмен түсіп кеткендіктен, екпін күші «н, м» дыбыстарының ықпалымен әлсіреп жойылып кетіп отыр. Сондықтан тиянақты болып тұрған екпін сарын күйге балқып, тірек таба алмайды. Бұл өлеңнің түрі Абайдан кейінгі ақындарда да кездеседі. Бірақ буынға буын, ырғаққа ырғақ дәл келерліктей емес. Ұзын ырғақ үлгісі ғана.

Сегізінші өлеңнің өлшеуі. «Мені не етесің?»

Сен мені не етесің?
Мені тастап,
Өнер бастап,
Жайыңа
Және алдап,
Арбап,
Өз бетіңмен сен кетсең
Неге әуре етесің?
Қосылыспай,
Басылыспай,
Бойыңа
Және жағтан
Бай тап
Өмір бойы қор етесің!

Абай өлеңдерінің ішіндегі техникасы күшті өлеңнің бірі. Өлеңнің кестесін, мәнерін бұзбастан шығаруға ақын өте көңіл бөлген. Әрбір шумақ, әрбір ырғақ, буындарын бытыстырмай, заңды етіп алып отырған. Мұнда әлгі жаншылып, қайғыға гүл

болған көңіл күйі қайта серпіліп, өмір қиясына құлаш ұрады. Бірақ өмірдің соқпағы бой бермейді. Өмір соқпағымен алысады. Аласұрады. Өлең ырғағы, буын, бунақ өлшеулері, тақталары да біркелкі келмей, әр мөлшерде келуінің өзі – өлеңнің өмір соқпағынан серпіліп шыққан сарын күйді көрсетеді. Ұйқасып келген тармақтардың буын саны бірдей емес.

$$6 + 8 + 6 + 8 = a + 4 + 4 = d$$

$$4 + 4 = b$$

$$3 + 3 = c$$

$$2 + 2 = e$$

Аяғы «н»-мен біткендіктен, екпіндері де заңды емес, толқып тұр, д, в үйлестеріндегі 4 буынды тармақтардың екпіні аяғында емес, аяғына таяу буында:

В) – – і –

– – і –

С) – – і –

– – і –

Абайдың бұл өлшеуі кейінгі поэзияда ешбір қолданылып орын алған жоқ.

Тоғызыншы өлеңнің өлшеуі: «Татьяна, Онегин» жырлары. Бұл орыс әдебиетінде Пушкин заманынан бері қалыптанған түрі. Абайға дейінгі әдебиетімізде болмаса, Абайдан кейінгі әрбір ақындардың өлеңдерінде бар.

Таң ғажайып бұл қалай қат. – а

Мағынасы алыс, өзі жаз. – в

Сөзі орамды әр түрі жат. – а

Және әдепті және рас... – в

$a + a = 8 + 8$ (кейде ден)

$b + a = 8 + 8$

Осы айғыс-ұйғыс үйлес өлшеуімен жазған өлеңі – 50. Қара өлең түрімен жазғаны 84 еді ғой. Онан кейінгі 2-орынды осы ала-

ды. Үшінші орында жыр, тақпақ өлеңдері – 36. Бұл өлеңнің екпіні ылғи нық келіп отырады. Ырғақтары дауыс толқыны, әуені көтеріңкі де, түсіңкі де емес, түзу қалыпта таразының тең басқан екі жағындай ырғалып шайқалады да тұрады.

Оныншы өлеңнің өлшеуі: «Бар секілді». Бұл өлеңі ойдағы арманды ашық үгіт түрінде білдірген. Төңіректі атпен шоқытып жүріп болып, бір түсейін деген сарынды көз алдыға елестетеді. Өлеңнің ырғағы да, ұйқастың қатарласып келуі де аттың жорғасындай емес, жортағысындай болып отырады.

Бай сейілді,
Бір бейілді,
Елде жақсы қалмады,
Елдегі еркек,
Босқа селтек;
Қағып елін қармады.

Немесе

Бойы былғаң,
Сөзі жылмаң,
Кімді көрсем, мен сонан,
Бетті бастым,
Қатты састым
Тұра қаштым жалма-жан.

Әуелгі шумақ 5 буыннан 7 буынмен қайырылады. 2-шумақ 4 буынмен ұйқасып, 7 буынмен қайырылады. Абай мұндай өлеңнің мөлшері мен жан күйіктерін, ішкі қасірет қайғыны ашшы тілмен еш уақытта жазбаған. Себебі өлеңнің тыныштықты бұзатын ырғағы, ызалы жүректің нәзік тербеліп қана ақырын күйін шертетін өлшеулеріне жақындайды және ақынның жанын жай таптырмайды. Соның үшін өлеңнің сыртқы құрылысын, жүректің күйін шертуге, ішкі пікірді түйіп, сыртқа шығарып айтуға сәйкестей білген. Осы күнгі әдебиетімізде бұл үлкен орын алған. Бұ да Абай жасаған түр. Онан кейін:

Ем таба алмай,
От жалындай

Толды қайғы кеудеге.
Сырласа алмай,
Сөз аша алмай
Бендеге!.. –

деген өлеңнің өлшеуі де осы оныншы түрге кіреді. Тек айырмасы 6-жол 3-жолмен бірдей 7 буын болып келмейді.

Он бірінші өлеңнің өлшеуі: «Ақылбайға»

Ата-анаға көз қуаныш,
Алдына алған еркесі.
Көкірегінде көп жұбаныш,
Гүлденіп ол өлкесі.
Еркелік жетті
Ер жетті
Не бітті?..
Оқытарсың молдаға оны.
Үйретерсің әр нені.
Медеу етіп ойы соны
Жаны тыныштық көрмейді.
Жасында күтті
Дәме етті
Босқа өтті!..

Құрысқан бой шаршап жалыққандықтан жазыла алмайды. Екпін де, ырғақ та ілгері өрге қарай өрістеп көтерілмейді. Иықтан кері тартып, етектегі шегелеген ауыр зіл бар. Ол ағынды шаршатқан, талыққан бойдан, күйінген, назаланған ойдан қанша көтеріліп, жазылып күй шертюіне болмайды. Ақырында өзін-өзі еріксіз айналмаға отырып, басы айналғандай, жүрегін басып, шекесін ұстап, не бітті деген әлсіреп шыққан үнді есітеді.

Өлеңнің кестесі бірыңғай заңдылықты бұзбайды. Абайдың бұл өлеңінің түрі – өзінде осы жазылған бір-ақ өлең. Кейінгі поэзиямызда да орын алмаған.

Он төртінші өлеңінің өлшеуі: «Ақыр заман жастары». Бұл өлең – айқыш-ұйқыш өлеңнің 7 буынмен жазылған үлгісі.

Заман ақыр жастары,
Қосылмас ешбір бастары.
Біріне бір қастыққа
Қойнына тыққан тастары.

Бұл өлеңнің өлшеуімен 15 өлең жазылған. Өлеңнің ырғақ күйі ширақ, балқып, ерітіп еңсе түсіп кетпейді. Жастардың салқын қанды жайда отырып, ащы тіл, улы сөзбен шенейді. Кейін қазақ әдебиетінің әр кезіндегі ақындардың өлеңдерінде көп қолданылған.

Он үшінші өлеңнің өлшеуі: «Қызарып, сұрланып» немесе «Көзімнің қарасы».

Көзімнің қарасы,
Көңлімнің санасы.
Кетпейді ішімде
Ғашықтық жарасы.

Бұл 11 буын қара өлең үлгісінде әлгі «Заман ақыр жастарынан» да қысқа 4 жолы 6 буыннан құралған.

Қызарып, сұрланып,
Дүрсілдеп жүрегі.
Өзгеден ұрланып
Өзді-өзі керегі.

Әр тақтадағы буын ырғағы ақырғы буынға түспеген дауыс толқыны, екпін де жол ортасында, орта буындарда. Сондықтан ырғағы бірыңғай құлашын жайып серпіп отырады. Не кібіртіктеп тұрып та қалмайды. Тербеліп, шайқалып, көңілдің шақ қана ермегі пайда болады. Бірақ өлең Абайдың өзі айтқандай айналасы «теп тегіс жұмыр келген», 6 буындымен жазып отырса да көп пікірді сыйғызып айтады. Бұл өлеңнің түрі кейінгі әдебиетте бар. Бірақ көп емес.

Он төртінші өлеңнің өлшеуі: «Қатыны мен Машақпай», «Сегіз аяқ», «Сен мені не етесің» деген өлеңдерінен, кейінгі құрылысы өте қиын келген өлеңнің бірі. Бұл түрмен Абай бір-ақ өлең жазып кеткен. Кейін онысын заңдандырып, өзі еліктеп күшейтіп өкетпеген.

Сырмақ қып астына,
Байының тоқымын.
Отының басына
Төрінің қоқымын.
Бүксітіп,

Бықсытып,
Қоқсытып
Келтірді.
Осының бәрімен
Көңілде міні жоқ.
Жүзінің нәрі мен
Бойының міні жоқ.
Бөкшиіп,
Сексийп,
Түксийп
Өлтірді.

Әртүрлі ырғақ, әртүрлі ұйқасым. Әртүрлі дауыс толқындарымен келіп бір шумақ өлең 16 жолдан құралған. Өлеңнің күйі үй шаруасы, үй ішіндегі күнделік тұрмыстың сарынын елестетеді. Үй тұрмысында да адам бір отырмайды, кейде келіп назаланады. Кейде қуанады, күледі. Кейде жай отырып, бұрқан-тарқан болып ашуланған әйелдің сүйкімсіз мінездері оғаш, өрескел көрінеді. Осы қалып, осы жағдай адам көңіліне күй салады. Ақын осы жағдайға лайық өлеңнің ырғағын, ұйқасу, үндестіктеріне сәйкес етіп, сонымен өзінше мазмұнды тереңдетіп беруге тырысқан. Бірақ қоғамдық маңызы бар терең мәнді өлең емес.

Он бесінші өлеңнің өлшеуі: «Сұрғылт тұман дым бүркіп». Бұл өлеңде «Ақылбайға», «Қор болды жаным» деген өлеңдердің ырғағымен жазылған. Ақынның өзіндік қайғылы ойы асқынып, оны сыртқа орағытып, жанамалы көзбен айтып отыр. Пікір терең. Заманның, өмірдің қайғысы бұл өлеңде де аңқып тұр. Ырғақ та соған лайықталып жасалған. Жабырқау тартқан жүректің күйігі.

Сұрғылт тұман дым бүркіп,
Барқыт бешпент сулайды.
Жеңіменен көз сүртіп,
Сұрланып жігіт жылайды.
Әйелмісің, жылама!
Өлең айт,
Үйге қайт!

Көзден қанды жасты төгіп аласұрып, ауыр қайғының күйіне ере бермей бір мезгіл шыдамдық қылып, Құдайына сыйынады.

Өзімен-өзі ғана өлең айтуды ермек қылатын сияқты. Өлеңнің алғашқы 4 жолына ырғақ, дауыс толқыны да бірде баяу, бірде көтеріліп қалқиды. 5-6 жолдарда көтеріңкі ырғақ сөз толқыны бөсеңдейді. Талықсыған, жайылып кеткен күйді көрсетеді. Соңғы жолдары мүлде төмен құлдырап түсіп, әлсіреп тек орнында тұрып қалады. Әлі бітіп тек бір орында ғана тыпырлай беретін сияқты. Абай өлеңдерінің мұндай ырғағы көбі көтеріңкі болмай, түсіңкі, тозып, азып, күні бітуге таянған феодалдық заманның өлуге бет алғандағы қайғылы сарынды көрсетеді. Бұл тек өлеңнің мағынасында ғана емес, сыртқы ырғақ, дауыс толқындарының өзінде ғана. Сондықтан «Абай байлар табының дәуірлеген жыршысы еді» деген лауашылардікі сөз емес екендігін дәлелдемей-ақ қояйық.

Енді ақырғы 16-өлеңнің өлшеуі: «Антпен тарқайды». Бұл өлеңі жыр үлгісімен басылса да, 36 жол, бір-ақ шумақ айқыс-ұйқыс ұйқаспен келіп отырады. Бірінші жолдың ұйқасы «тарқайдымен» басталып, 18 жол бір үйлесіп, «шайпайдыдан» аяқталады. Екінші жол «кеңеске» деп басталып, 18-жол «Он беске»-мен аяқтайды. Не бір ырғақ, не бір екпін орын ауыспайды. Немесе ұйқастар қайталамайды. Бәрі – тың, жаңа сөз. Өлең басынан аяғына дейін 7 буыннан келеді. Аяғын шапшаң тымпыңдап басып, тынбай жүріп отыратын жүрдек тайдың жорғасындай. Қатты көсіліп кетпейді. Не аяқ тұсалып тұрып қалмайды. Ақын үнемі қара жамылып, қайғыра бермейді. Кейде серпіліп, сілкініп тастап, бойын көтеріп, төңірегіндегі шындықты көріп, соны не сөзбен, не іспен қамтиды. Кемістігіне күйініп, тәуіріне сүйсініп мақтайды. Міне, бұл өлең сондай мүнәттік серпілісте ғана жазылған.

Абайдың барлық 16 өлең түріне қысқаша пікірді қорыта келгенде, Абай өлеңдеріндегі өлшеуі көбі әлі әдебиетімізде қолданбағандығын, тіпті өзі де кейбір түрлерді жетілтпей кеткендігін көреміз.

16 өлең түрінің бастапқы екеуінен басқасы – Абайдың кіргізген жаңалықтары. Абай өлеңдерінің ең қиын, ең оңай мөлшер, өлшеулері де қазақтың бұрынғы халық әдебиетінде бар үлгі мен шығыс, орыс әдебиетінен алғаны.

Абай поэзиясында парсы, араб өлеңдерінің өлшеу ырғақтары, ұйқасым құрылыстарында үлкен орын алып отырады. Мысалы, Рубаи үлгісімен жазылған мына өлең:

Иузи – раушан, көзі – гауһар
Лағилдек беті үші әхмәр,
Тамағи қардан әм биіһтар,
Қашың күдірәт қоли шигә!
Өзәң гузәлһәра раһбар,
Сөңе ғйшық болып кәмтар,
Сүләйман, Ямшид, Искандәр,
Ала алмас барша мүлкигә.

Шағатай, Иран ақындарына еліктеп жазған. Әуелі үш жол 7 немесе 8 буыннан бірдей үйлеседі де, 4-жолда қайырылады. Сонан екінші шумақтың 4-жолы мен 1-шумақтың 4-жолы ұйқасады. Бұл өлеңнің ерекшелігі буын екпіндері өнге, күйге келіп айтылуына қарай. Ырғақ екпінін өлеңнің күйі, сарыны билейді. Соның үшін мұнда, қазақтың өзінікіндей, буын аяқта келе бермейді. Бұл Ғаруз өлшеуіндегі (метрический) өлең дауысты созып, ырғағы кеңінен жайылып отырады.

«Жүрегі айна, көңілі ояу» деген өлеңнің үлгісі де осы Рубайи! Бірақ оның буын, ырғақтары, дауыс толқындары парсы, шағатай әсерін жойып жіберген. Буын екпіндері түгел сөз аяғында! «Өліпби» өлеңі 11 буынды болғанымен, негізі парсы, шағатай ақындарына толық еліктеген. Өлеңнің ырғақтары, екпіні сөздің аяғында бірыңғай келіп отырмайды, толқып, біресе жол ортасында, біресе жол басында келеді. Оның себебі әлгіде мөт үвәзіні ғаруз өлшеуіне жақындатып жазғандықтан.

Онан кейін көп өлеңдерінде арап, парсы өлеңінің мөт уәзінге лайық әдетті үйлестің тынуы келіп те отырады. Бұл жоғарғы өлеңдегідей өз алдына толық еліктенген өлеңдер емес, қазақтың өзінің өлеңі етіп жазғанында көрінеді.

Сенсің – жан ләззәті,
Сенсің – тән шәрбәті.
Артықпа жаратқан
Алланың рахматы.
Көрік – тәңірі дәулеті,
Қылса ұнар құрметі.
Сұлуды сүйемгік
Пайғамбар сүнеті.

Міне, мұнда өлең аяғы «ті, ты»-мен ұйқасып тынып тұрса да, әуелде Абай «тій, тый» ұйқасына бейімделген. Сондықтан кейде бұл өлең, өзінің әніне салып айтқанда, «тій, тый»-мен жырланып кетеді.

«Толғауы тоқсан қызыл тіл» деген «толғау» болып әнде айтылуы, ол да сол Шығыс әдебиетіндегі өлеңнің сарын күйіне еліктелгендіктен туған. Абай поэзиясында парсы, арап, шағатай тілдерінің әсері бар екендігіне тоқталмай-ақ қояйық. Бұл арада ескерте кететініміз: Абай өлеңдері түр, өлшеу жағынан шығыс әдебиетінен зор үлгі алғандығын көреміз! Сондықтан Абай поэзиясының түр өрнектері, ырғақ сарын күйлері қазақтың ауыз әдебиетіне негізделіп жатумен қабат арап, парсы, шағатай, орыс әдебиеттерімен де араласып жатыр. Солардан үйренгендігі, солардан өлең түрлерін (әсіресе орыстан) қазақ жағдайында өзінше жасай білгендігін көріп отырмыз. Енді Абайдың сөз пернелеріне, сөз кестелеріне тоқталайық.

АБАЙДЫҢ КЕРІКТЕУ ЗАҢЫ

Тілдің керіктеу жүйесі жазушының өмір тану сатысымен, талантымен, шындықты білуімен байланысты болса, осыған қарай тіл сөздігінің байлығы, тазалығы, өткірлігі кернеп отырады. Бір жағынан тіл, сөз образ сықылды сырлы поэзия тұрғызудағы қажетті шартты еркін билеп-төстеп алмаса, ірі шебер жазушы болмауы да мүмкін. Міне, Абайдың белгілі таптық тіл жүйесін тексеруді осы жағынан алып қарауымыз керек.

Ең біріншіден, Абай керіктеу заңын (идеология) қалай қолданды, қай жағы басым, соған тоқтап өтейік. «Тілі жеңіл, жүрекке жылы тиюі», «іші алтын, сырты күміс» болуы керек. Ол үшін әрбір суреттер, жазып отырған нәрсе көңілге қонымды, жанға әсерлі болуы керек. Көмескі, күңгірт нәрсені асық-айқын нәрсеге сипаттап, ұқсатып, теңеп, салыстырып суреттеуі керек. Абай поэзиясының ең басым, күшті жағы теңеуде жатыр.

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы
Аласы аз, қара көзі нұр жайнайды.

Жіңішке қара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.

Абайдың бұл шумағы тегісінен теңеуден құралған. Әйелдің маңдайын жарқыраған «ақ күміске» ұқсатып теңеп, оның тұлғасын ашығырақ көрсеткен. Абайдың барлық сыршылдығы (лирикасы) осы теңеу арқылы құралған.

Сылдырлап өңкей келісім,
Тас бұлақтың суындай.

Қыранша қарап қырымға.

Тоты құс түсті көбелек.

Жас баладай жаңыс қой,
Байлауы емес ақыл ой.

Масатыдай құлпырар жердің жүзі.

Бұлттай қасы жауып екі көзін,
Басын сіліксе, қар жауып, мазанды алды.

Мұндағы «тас бұлақтай», «қырандай», «тоты құстай», «жас баладай», «масатыдай», «бұлттай» деген теңеулер бәрі де бір қалыптас, өз бетімен өлеңге көрік, жан беретін үдемелі теңеулер емес. Бәрі де оқтын-оқтын сол теңеу арқылы күшейеді!.. Абайдың бұл теңеулері – өзінің сол уақыттағы көңіліне, толқымалы ойына сәйкес алынған теңеулер. «Кейде тасыған бұлақтай» кейде «тырна құстай» қалғып, кейде бұлттай түнеріп, қабағын жауып, күрсініп қайғыланатыны, кейде «масатыдай» құлпырып, жайдары болып қалатыны көңілінің соқпаларына кез келеді.

Абай теңеулерді кездейсоқпен алмайды. Оның өзін таңдап жүрегіне жаққан, ойына сайма-сай келген теңеулерді алып отырады. Абай теңеулері үдемелі өсіп, ылғи алға қарай өршіп отырған теңеу емес. Бірде көтеріліп, бірде басылып отыратын теңеулер. Абайдың теңеулері сол қоғам құрылысына ырза болмай, өз ортасынан іздеген мақсатын таба алмағандықтан, «ол дүниеден», жаратылыстан іздеген теңеулер. Онан кейін өз қара басына ғана алған теңеулері.

Екінші, Абайдың көп қолданып, поэзиясын жандандыруы, уыт беруі, күшейтіп, сырландырып, бір нәрседе болмайтын күйді екінші нәрседе болатын күймен көрсетіп, асығырақ, сезімді тар-тып бейнелеп (метафора) суреттейді.

Көңіл құсы күйкылжыр шар тарапқа,
Адам ойы түрленіп ауған шақта
Салған ән – көлеңкесі сол көңілдің,
Тактысына билесін ол құлаққа.

Мұндағы әннің, музыканың ерекше ауыр сезіміне әсер ететіндігін көрсетуді бейнелеу арқылы суреттеп отыр. «Салған ән – көлеңкесі сол көңілдің», – дегенде ән көңілдің көлеңкесі деп ерекше бейнелеп отыр. Біздің жәй уақыттағы ұғымымыздағы «көлеңке» – ағаштың, үйдің, адамның «көлеңкесі». Ән сол көлеңке сияқты адам сезіміне, сол сағатында ғана түсіп, көңіл күйінің бір жапсарын біреуінен жасырып қана тұрған сияқты. Абай күйінішті, ызалы болып жүрген уақытында ән сол ызалы жерге түскен күннің көзін жасырған көлеңкедей жасырып қана, біраз уақыт көңілін көтеріп тастайтынына бейнелеп, ұқсатып отыр.

Сағыныш бар, дүниеде жұбаныш бар,
Көңілді көтеретін қуаныш бар.

Уақыттарын ғана қамтып көлеңкелеген ән. Өмірдегі күреске, іске адам санасы арқылы біздің дәуірде күш беретін құрал. Бізге де сол өткен өкінішке қайғырмай, келешек бақытты өмірді оятуға, толғандыруға әсер етеді.

Абайдың бейнелеуінің өзі сол таптық пікірге арналған белгілі тіл жүйесі арқылы алынып отыр.

«Жанымның жарық жұлдызы»,
«Үйі – базар, түзі – той»,
«Ұйықтаған ойды кім түртпек»,
«Жүрек – теңіз, қызықтың бөрі – асыл тас»,
«Жүрегі – айна, көңілі ояу», –

дегендегі «жарық жұлдызы», «үйі – базар», «түзі – той», «ұйытқы-
ған ой», «теңіз, айна», «асыл тас» деген бейнелеулері де өртүрлі.

Бірақ сурет түрі бір қалыпта асық емес. «Ұйқы», «теңіз», «базар», «айна» – бәрі де сұрғылт, күңгірт, бұлдыр. Немесе «той», «базар» сияқты шоғыр. «Жұлдыз» бен «асыл» ғана асық. Онысын Абайдың бейнеулі атастыратын объектілерінің негізгі тетігі өз қара басынан алыстап ұзап кетпейді. «Жүрек, көңіл, ой» – бәрі де ақынның өз қара басындағы сипаттар. Олай болса, ақынның әлде алдағы үміті жарқырамай, күңгірт тұрғандығын, айналадағы өмірдің шындығынан өз қара басының сипаттарын жоғары қоятындығын көрсетеді.

Абайдың поэзиясының бір өзгешелігі – кейіптей жазып отырған жансыз нәрсеге жанды кейіпті беріп, ерекше күшпен суреттеу. Бү да Абайдың поэзиясын жандандырып отырады.

Күн жоқта кісімсінер жұлдыз бен ай,
Ол қайтсін қара түнде жарқылдамай,
Таң атқан соң пығарын күннің біліп,
Өңі қашып, бола алмай бұрынғыдай.

Мұнда күздің қара суығын сипаттап беруде өзге әдіс қолданған. «Жұлдыз бен айдың» түнгі уақытта шығатынын, таң атқан соң біртіндеп сөніп, жоғалып кететінін кейіптейді.

Күн – күйеу, жер – қалыңдық сағынысты,
Құмары екеуінің сондай күшті.
Күн қырындап жүргенде, көп қожандап,
Күйеу келді – ай, жұлдыз к... қысты.

«Асау терек долданып, буырқанып,
Тауды бұзып жол салған, тасты жарып
Айдаһардай бүктеліп жүз толғанып».

«Асау жүрек қайнамай,
Жұасыр ма еді кезінде».

«Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап, келіп қалды».

Міне, Абайдың, ерекше шебер, күшті ақынның, керіктеу заңының бір саласын кейіптеу арқылы, жанды түрде көрсетуі.

«Асау терек», «Асау жүрек», «Ақ киімді, денелі, ақ сақалды» деген кейіптеулерін өзінің өмірге көзқарасы өмірді өзінше топшылай білуіне жаратылыс, өмір құбылыстарының қаншалықты қамти білуіне байланысты. «Құс» дегенде, тұрақсыз, алаңдампаз, ұшып-қонып жүрген объектіні айқындайды. Жалғыз бұл емес, Абай поэзиясында кейіптеу ірі орын алады. Ол жүйе болып кірген.

Ендігі бір шарты – Абай алған тақырыпты, суық, жалаң етіп айтып қана шықпай, көрсетіп, суреттеумен қатар әрбір сөзін айқындап, ерекше көзге түсерліктей етіп көрсетеді. Абайдың қай өлеңінде болсын айқындаудан аяқ алып жүре алмайсың. Бірақ айқындауының өзі белгілі нысанада тұр. Одан әрі өтіп кете алмайды.

«Сорлы жүрек мұнша ауыр»,
«Ауру жүрек ақырын соғады жай»,
«Ет жүрек өртенді»,
«Ызалы жүрек, долы қол».

Бұл айқындаулардың бәрі де біркелкі. Бәрі де бір нәрсеге ырза болмағандықтан, ақынның жүзі тойтарылып, қапаланып жамыққаннан шыққан «сорлы», «ет», «ауру», «ызалы» деген айқындаулар әлі құрып, төмендеп құлап бара жатқан күйді көрсетеді. Ақын сыршыл лирикасын дамытумен бірге, айқындаулар әлсірей береді. Бұл әлсіреу жыл уақытына байланысты. Алғашқы кезде, әуелі еттей сұлық жатады. Одан кейін бәсеңдеп, істер қайрат жоқ, жалынышты болады: «Сорлы». Одан кейінгі өзінен-өзі булығып, көтеріліп кернейді: «Ызалы». Ең ақырында дәрменсіз сылқ етіп құлайды: «Ауру». Төмендеп түсіп келеді. Міне, Абайдың айқындау кемері осы.

«Ағар көзден ыстық жас»,
«Қызыл тілім буынсыз»,
«Сайра да зарла қызыл тіл»,
«Ұлы сия, апты тіл».

Мұнда да жоғарғы қалыптас. Өз тілін өзі аяп, тіліне сөйлеп, тілін ермек етіп, ыңғай тұйықта жүреді. Бір шешіліп, жайылып кете алмайды.

Абайдың лирикасындағы орталық тұлға «жүрек», «көңіл», «ой», «тіл» – бәрі де алысқа ұзай алмаған, өз басындағы образдар.

Абай поэзиясындағы ендігі бір шарт өсірелеу.

«Әділ мырза ел болып, әлемге жайған өрнекті»,
«Жазасыз жақын жердің бәрін шапты,
Дарияның суындай қандары ақты», –

деген өсірелеу де бар. Бірақ өткендегі эпостардағыдай емес, өсірелеу аз кездеседі. Абай – өсірелеп суреттеуден көрі бейнелеп, кейіптеп суреттеуге жақын ақын. Сол өз қоғам қатынасына, ортасына ырза болмағандықтан, көбіне өсірелеу, асырамақтап, күшейтіп, дәріптеу шамалы орын алады. Абай феодал дәуірінің ақ жүрек ақсақалдарының ортасынан шығып, бір жақ қолы соның ортасында болумен қабат жаңа кіре бастаған сауда капиталының жас байларының өсуін де көріп, бір жақ ұшы соларда болуының өзі шындық жырлауына әсер еткен. Ол көрген шындығын бүркеп пернелеуде (аллегория) бейімделген жоқ. Пернелеп жазу Абайда аз орын алады. Жалғыз-ақ Крыловтан аударған мысалдары болмаса, жанамалы бүркеп пернелеп жазуы кем. Аздап жазғандары болса, онысын Абай дереу шешіп, байсаңдап кетеді. Абай өлеңдерінде түйдектеу арнау ретінде де келе береді.

Жүрегім, ойбай, соқпа енді,
Бола берме тым күлкі,
Көрмейсің бе, тоқта енді,
Кімге сенсең, сол шикі! –

деген өз жүрегіне бұрылып, сөйлесіп, жарлай арнап отыру да бар (риторические обращения). Жарлай арнаудың өзіне бұлай қас етіп алу өзі мен қоғамдық өмірі арасындағы қарым-қатынасына байланысты.

Ішім өлген, сыртым сау,
Көрінгенге деймін-ау,
Бүгінгі дос – ертең жау,
Мен не қылдым, япырым-ау?! –

деген сияқты сұрай арнау (риторика) да кездесіп, бір жүрегінің маңынан шықпай айналып жүреді. Бұлай өзінің өзегімен айналысып тұрып, жекешілдікке салыну өмірден түңілдікке соғады. Атақты үлгілі акын Пушкин, Лермонтовтар да бар сипат қой.

Абайдың өлеңдерінде арнау-жырлау түрімен келетін жырлар аз емес. Бұл – нағыз адамға тірілей сезім берерлік қас лириканың өзі. Тек өз қара басы түгіл, жансыз нәрсеге де арнап, сонымен сөйлесіп, соған жүрегін ашып, сырын ақтарып бірлеседі. Сонда Абай жырды түйдектеп төгіп тастап отырады. Қуандырса, қуандыра біледі. Жылатса, қайғыландырса, қайғыландыра да біледі.

Абай поэзиясының көрнектеу заңдары (идеологиясы) осы қалыпта.

ДАУЫС ЫРҒАҒЫ ТУРАЛЫ

Дауыс ырғақтары өлеңінің образдарына қуат беріп, жандандырып отырады. Абайдың кейбір өлең тармағының бастары ыңғай бір дыбыспен басталып, дыбыс қуалап отыруы (аллитерация) орын алған. Акын алған тақырыбын түсінікті етіп, образды, пернелі түрде беріп, оқығанда ертіп, еліртіп отырады.

Абайдың «Патша Құдай, сыйындым» деген өлеңінде 6 жол «С» дыбысымен басталып, дыбыс қуалап отырып одан әрі аяқтамай бұзылып қалады.

Самороданы сары алтын,
Саудасыз берсең алмайды,
Саудыраған жезіне.
Саудырсыз сары қамқаны
Садаға кеткір сұрайды
Самарқанның бөзіне, –

дегенде бірыңғай «с» дыбысымен басталған. «Ақылбайға» деген өлеңін де 4 жол «С» дыбысымен басталып барып қалып қояды. «Қайғы шығар ілімнен» деген өлеңінде мұнда да 4 жол «т» дыбысымен басталып барып бәрі де жоғалған. Ең соңғы «Оспанға» деген өлеңінде – 16 жол. Соның бәрі де «ж» дыбысымен басталып аяқтап шығады. Кейбір тармағында жол бойын қуалап кетіп те отырған.

Жайнаған туың жығылмай,
Жасқанып жаудан ығылмай,
Жасаулы жаудан бұрылмай,
Жау жүрек жомарт құбылмай, –

деген сияқты ыңғай «ж»-мен басталып, өлеңнің дауыс ырғағын күшейтіп отырады. Бұған дейінгі жазылған өлеңдерінің ішінде 3-4 тармақтың басы дыбыс қуалап барып жазылып кетпеуі жоғарғы «Оспанға» деген өлеңінің аллитерациясына дейінгі даму жолын қайталай көрсетеді.

Екінші – Абайда дыбыс өртүрлі. Кейде өлеңнің аяғына да ауысып отырады (эпифора). «Тоты құс түсті көбелек» деген өлеңінде 12 жол бойы дыбыс қайталақтап отырып, бірдей тұтас ұйқасып шығады.

Өр кімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек,
Заманға жаман күйлемек,
Заман оны билемек.

Міне, осы сияқты барлығы да «к» дыбысына тынып отырады. Оның бер жағында дыбыс ырғағын күштірек естіртіп тұрған:

«мек»

«мек»

«мек»

«мек»

деген буындар. Онан кейін бір дыбыс қайталақтау бір ыңғай басқы жолға ауысып отырған (анафора)

ҚҰЛІАҒЫНАН өтеді.
ҚҰР айҒАЙ салған әндері.

Өрбір дыбыстар өзінің орнын тауып қайтадан жолдың басына көшкен. Мұндағы «Л», «Р» – екеуі де ымыралы дыбыстар. Естілгенде соңғы дауысты дыбыстың ықпалына еріп бірдей шығып отыр.

Абайда дыбыс қайталақтаудың үшінші түрі бірінші жолдың аяғында келіп, екінші жолдың басында келіп отырады (стык).

«Айналадағы үшеуін таратып БАқ,
БАсты байла жолына малың түгіл».
«Ой көзімен ҚАрасаң,
ҚойдАН жылқы асыл ма?»

Мұндағы жоғарғы көрсетілген дыбыс қайталауы емес. Бұл – оқуға өте жеңіл келтіретін жұмсақ түрі. Шыр айналып, дөңгеленіп отырады. Дыбыс қайталаудың бұл түрі өте майда. Жалғыз бұл түрі емес. Дыбыс қайталақтау түрін жіктегенде, бір тармақтың басынан да, аяғынан да қатарласа келгенін кездестіреміз.

СоңЫСЫНсып, ҚАҚ десін ҚАҚты
ЫСЫН ҰмытСЫН.
ҚАҚ.
қак.
ЫСЫН.

Мұнда 7 дыбыс қайталақтап екі реттен келген. Әрине, бұл өлеңнің айтылуына, ырғағына өте көп жеңілдік беріп отыр. Дыбыс үшін бір тармақта бір үндес дыбыстарды жинаған болмау керек. Сөз ырғағы толқындап, сөз арасының соқпаларын көтеріп, төмен түсірмей, майдалатып, жоғарылатып отырады. Ақын шығармасының сөздегі дыбысын зерттеуде бір үлкен саласы – мол дыбыстың естілуі. Ақындар сол естілуі бойынша жазып отырған түрлі жаратылыс құбылыстарының үндеріне, дыбыстарына қарай әріптерінің ішінен дыбыстары сәйкес келгендерін алып еліктеу жазушылық та бар.

Абайдың «Күз» деген өлеңінің дыбыстары жаратылыстың кейбір құбылыстарын келтіріп тұрады. Күздің қоңыр салқын желінің ысқырып, ызындағанына, дамыл алмай құбылып тұратындығын, Абайға бір жағынан дыбыс естілуінен көрсетілген. «С» қосымша «З» дыбыста, әсіресе жоғарғы екеуі желдің ысқырып, ызындап тұрғанын дыбыс еліктеуінен анықтап тұр. Абайдың «Күзді» жазғанда «с», «з» дыбыстары келуінің өзі де кездейсоқ емес.

«Күзде» небары 24 жол бар. Сол жолдарда 38 «с», 8 «з» дыбысы бар. Ең ішіндегі асып түскен осы дыбыстар.

Сүр бүлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болса, дымқыл тұман жерді басқан.

Бұл екі тармақта 6 «с» бір «з» дыбыс бар. Бұл дыбыстардың бәрі бір жерге жиналуы сол жазылып отырған жаратылыс құбылысының дыбысынан алынған.

Күзеу тозған, оты жоқ елдің маңы, -з, з,
Тұман болар жел соқса шаң тозаңы, -с, с, з,
От жақпаған үйінің сұры қашып. – с,
Ыстан қорыққан қазақтың құрсын заңы – с, з, с, з.
 $Z(2+1+2) + (2+1-) S = Z- 5 + S = 10$

Мұндайда «ө», «з» дыбыстары тармақтанып, ұшын кең жайып алған. Күздің кейпін көрсетуде оның негізгі сипаты – дауыл, қара суық болса, олардың ысқырған дыбыстарын «с» дыбыстарының естілуімен барып жалғыз бұл емес, Абайдың басқа өлеңдерінде де бар.

Абайдың «Өзгеге көңлім тоярсың» деген өлеңі өте жабығып, зарланып, тарығып, қысылып жазылған өлең. Күңіреніп, жүрегі толып сарнаған дауысты «н», «м», «ң» дыбыстары берген. Бұл өлеңнің аяғы бірыңғай «н»-мен тынып, сарнап, ыңылдап отырған күйді толық естіріп отыр.

Жүрегіңмен тыңдамай, - н, м, н, ң, м
Құлағыңмен қармарсың – ң, м, н, м, ң
Соны көріп соларға, - н, -
Қайтып қана сарнарсың? - н, н, ң
Н – 3, м- 4, Н- 7-14.

Бұл шумақта 12 сөзге 14 дыбыс келуі аз емес. Бұл ақынның сарнаған сарынын, күңіренген күйін, ызың қағып қапаста отырғанын көрсетеді. Сол зарлап жазған Абай дауысты жоғарғы көрсетілген дыбыстардан естіліп тұр. Бұл өлеңдегі дыбыстан жинақтап қорытқанда, мынадай болып шығады:

Шумақтар	м	н	ң	а	қ	ж
1	2	3	4	5	6	7
1	1	6	2	6	3	0
2	3	6	1	13	3	2
3	0	10	1	13	4	0

1	2	3	4	5	6	7
4	4	5	1	9	2	7
5	0	6	0	9	4	3
6	3	7	0	7	1	0
7	1	9	13	Пі	0	0
8	2	3	4	9	1	2
9	4	7	3	12	4	1
10	2	5	2	9	3	1
11	4	7	2	8	1	2
12	1	5	5	14	6	0
13	4	4	0	10	2	2
	29	80	34	130	40	14

Міне, бұл цифрға қарағанда, «н», «м», «н» үшеуін бір қосқанда, 187 дыбыс болып, бөрінен асып шықты. Барлық жолы – 54. Әрбір жолда 2,5 ызың дыбыстан келеді. Бұл жабайы есеп бізге енді толық есеп берді. Абайдың бұл өлеңінен басқа да күңіреніп, сарнаған дауысы осы ымырасыз дыбыстар «Қор болды жаным», тағы басқа өлеңдер арқылы өте көп берген. Бұл дыбыстардың өзінің естілуі сол сарынға жақын. Көбіне соны естіріп отырады. Міне, Абайдың дыбыс ырғағы, естілуі осы іретте.

Енді біз азғантай поэзиясының түс бойына тоқталып өтейік.

Поэзияда айқын, жарық, сұрғылт, қоңыр түс бояуы болуы мүмкін.

Жарық бояу түс пен кең дауысты дыбыс «о», «а»- мен бірге қосылып кетіп «қ» түсті беруі заңды нәрсе.

Абайдың «Қыс» деген өлеңінде ақ қардың түсін анық көрсетіп береді.

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды – а, а, а.

Соқыр-мылқау танымас тірі жанды – о, а, а, а, а

Үсті-басы ақ қырау, түсі суық – а, а, а, а

Басқан жері сықырлап келіп қалды – а, а, а, а.

Бұл жол өлеңде 15 «а», 1 «о» дыбысы бар. Бұлардың бәрі де – сол қыстың ақ түсін бояуын көрсетуге жұмсалған, лайықтап қорытылған дыбыстар. Бұл өлеңнің бәрі де кең дыбыстармен басталып, кең дыбыстармен аяқталған.

Абайдың қазақ дауысын тексергенде мысалға алған «Өзге-ге көңілім тоярысың» деген өлеңінің түс бояуы қоңырланып тұр.

«Н», «м» ымырасыз дыбыстар зардың күңіренген, сарынның үнін берумен қатар қоңыр түс беріп, түнеріңкіреп тұр. Ол, әрине, Абайдың идеясына бағынған дыбыс, түс, образдар. Оларды Абай идеясынан айырып алуға ешқашан да болмайды.

Абайдың «Сабырсыз, арсыз, еріншек» деген өлеңі өз алдына түс бояу беріп тұр.

Адам біреуді жек көргенде де бет құбылысқа өз алдына жыбыр пайда болады. Беттің сала-салалары тырысып, тартылып, ерні жыбырлап өзгеше дыбыс шығарады. Сол еріндік қатаң дыбыстар сезімге нысана беріп, жек көріністік ызаланған күйде түс бояуын туғызуы мүмкін. Мысалы «с» дыбысы ысқырық үндерін ыза, жек көруінің түстерін көрсетуі заңды нәрсе.

Сабырсыз, арсыз, еріншек, = 3с

Көрсек қызар, жалмауыз, = 1 с

Сорлы қазақ сол үшін, - 2с

Алты бақан, ала ауыз.

Міне, мұнда 5 «с» бар. Бәрі де сұрғылт тартып, көгелдірленіп, беті ашылып, айқындалмай, ыза кернеп тұрған түсті беріп тұр. «С» пенен ысқырып, жек көріп, ақын баяғы қапасында жүр.

Абай – ірі жыршыл, лирик ақын. Абайдың лирикасы тасыған бұлақтай сырғып, оқығанда сылдырлап еліктіріп, ертіп, тартып, желпілдетіп отырады. Өлеңнің кестесі тармақтанып, жайылмай жұмырланып, дөңгеленіп отырады. Ірі кестелі лирика болуға барлық салаларын өзінің идеясына бағындырған. Негізгі нысанасынан асып кете алмайды.

Абай өз дәуірінен алынған мазмұннан түр туғызып отырды. Түр туғызып, түр жасауда Абай үлкен шеберлігін көрсетеді. Сонымен қатар Абайдың түрін еліктеп, ойламай, үстірт қолдана қоюға болмайды.

Абай түрін қорытып, қайта жасап, жазуды өнерге лайықтап пайдалану керек. Ахмет Абайдың «Сегіз аяқ» түрін алғанда, өзінің ұлтшылдық тілегіне, оның сары уайым сары күйіне бағындырып пайдаланды. «Жыйған-тергенінде» сол сарынға Абайдың ізін алып, өзінің идеясын берді. Әрине, Ахмет өзінің таптық тілегіне икемдеп пайдаланды.

Бізде Абайдың түрін қолданушылық бар, бірақ теріс қолданған. Сол дәуірдің мазмұнынан шыққан түрді әкеліп үстірт ала салып, жаңа мазмұнды жапсыра салуға бола ма? Жоқ.

Қазіргі қазақ ақындарының ірі мәстір жазушымыз Бейімбет «Сегіз аяқтың» өлшеуін алып, «Жаңартты қазір жырды ауыл» деген өлең жазды (1929 жыл).

«Сегіз аяқ» – Абайдың жүрегінен шыққан ызалы, қайғылы күй. Ол күй белгілі бір қоғамдық мән беретіндігін, ол күй сол қоғам ортасының жемісі екендігін көреміз.

Жаяуы қапты,
Аттысы шапты,
Қайырылып сөзді кім ұқсын?
Іпте дерт қалың,
Ауыздан жалын,
Бырт етіп көзден жас шықсын.
Күйдірген соң шыдамай,
Қояды ма екен жылаптай?!

Өлеңнің барлық кестесі, өлшеуі, ырғақ күйі сол күйікшілдік идеясына бағынған. Бейімбеттің коллектив тақырыбына, жаңа өмірді құттықтап, қуанышпен қарсы алған күйі «Сегіз аяқтың» сарынды, қайғылы күй-ырғақты кестесімен жазылуға тиіс пе еді? Жоқ, тиіс емес еді! Бұл жаңа күйге салынған соң қуанышты күй емес, не жылаған сарын емес. Абайдың ойып кеткен оюына Бейімбеттің апарып тіге салған кестесі болып шықты.

Зауыт бүрк-бүрк,
Мәшіне зырк-зырк
Көсемі күшті жұмыскер.
Ескі өмір кезіп,
Жаңалық озып
Істеліп жатыр ұлы істер.
Жаңа өмірді құрды ол,
Жаңарды жер-жерде ауыл.

Міне, жаңа өмірдің, жаңа істің толқынын суреттейтін жаңа жыр Абайдың ескі оюына оранып, тығылып, жан таласып, шыға алмай тұр. Оюы мөлшеріне тар келген. Мазмұн босаңғысы келіп лықылдап, шырмалып шыға алмай тұр. Түр мен мазмұн екі

айырылып, қабыспай тұр. Бейімбет үстірт, қалай болса, солай қолдана салған. Әрбір түрдің өзінің мазмұны бар. Әрбір мазмұнның өзіне сәйкес түрі бар екенін түсінбеген. «Сегіз аяқтың» өрнегі, құрылысы өте бай және шебер келген. Абайдың өлең түрін қорытып, қайта жасап қана пайдалану керек.

Оның түрді-түрдің кестелерін, образдарын өзінің идеясына бағындырып, алған тақырыбын өрнектеп беретіндігінен үйрену керек. Өлеңнің ырғағы, сөз екпіндері, сыртқы құрылысы мағынасыз, қалай болса солай қолдана салатын нәрсе емес. Онда да мағына, онда да идея, пікір бар.

Абай сияқты классик-мастер, шебер, шешен, ұста ақындар өз дәуірін қалай суреттеді, қалай көрсетті, соны көрсетуде тілді қалай жұмсады, қалай пайдаланды, міне, осы шеберлік жағынан үйреніп дәуірімізді, отанымызды осылай суреттей білу керек. Әрине, Абайда кемшілік жоқ емес, төрт аяғын тең басқан ақын деуге болмайды. Әрбір көркемділік, жақсылықтың өзінің кемшілігі болады. Кемшіліксіз болмақ емес. Абайдың негізгі бір кемшілігі көп өлеңінің ырғағы өнге келмейді. Жорғаламайды. Кейде сүрініп қалып отырады. Сүрінгенде тармақ, буындары бірінен-бірі асып, жалпы ырғақтың кестесін бұзбайды, бунақ арасындағы буындары ауысып, жолдың соқпа-соқпа арасын ушықтырып отырады.

Бөтен сөзбен былғанса, сөз арасы,
Ол – ақынның білімсіз бейпарасы.
Айтұшы мен тыңдаушы көбі надан,
Бұл жұрттың сөз тыңдамас бір парасы.

Мұнда сыдыртып оқып келгенінде, бір жерінде кідіріп қана қаласың. Өнге салып, даусыңды шығарып, ызыңдап оқысаң, 4-тармақтың аяғында тұтығып, өз дененді өзің жұтып қаласың. 1-бунақтары 4 буыннан, 2-бунақтары 3 буыннан, 4-бунақтары 4 буыннан келеді де ең ақырғы 4-жолда бірінші бунақ 3 буын, екінші бунақ 4 буын болып ауысып келеді. Сөздің соқпалары бұзылып, ырғақты бұзып жіберген.

«Сөз тыңдамас бұ жұрттың бір парасы» десе, ешбір тұтықпасы жоқ. Майдаланып кетеді. Міне, Абайда осы жағынан кемшілік бар. Біздің соңғы жас ақындардың өлеңінің көбі өнге келмейтіні

сол, ырғақ кестесі бұзылып, бунақтың буындары ауысып кеткені. Біздің қазақ өлеңдерінің ырғақ-кесте негізі – метрлік өлшеу. Метрлік өлшеудің түпкі қазығы – әндетіп айтуда. Біздің бұрынғы жырлау, ақындардың шығарған өлеңдерінің бәрі әндетіп, өнге салынып жүрді. Оның бәрі біздің қазақ өлеңінің негізгі метрлік өлшеу екендігін дәлелдейді. Олай болса, біз ол негізді әлі бұзғамыз жоқ. Әзірше сол негізбен келеміз.

Екінші – Абай өлең жазғанда көп түзетпей, қалай болса, солай жазып тастай берген. Кейбір өлеңдері тіптен аяқталмай басталып қалып қойған. Міне, осы жағын ескеру керек. Біздің жас ақындар өлеңге салақ қарамай, көп еңбек еткен жағынан үйрену керек.

Үшінші – Абайдың өлеңдерінің ішінде жалаң, құрғақ суреті жоқ үгіттер де кездеседі. Нағыз суретті, лирикалы өлеңдеріндей дамып отырып шықпайды. Жалаң, құрғақ-үгіт түрінде келеді.

Міне, Абайдың негізгі кемшілігі – осылар.

Абай – қазақ поэзиясының атасы. Шебер, шешен, ұста, классик ақын. Оның түрінен үйрену керек. Оның поэзиясының барлық түрін зерттеу керек. Бетін ашып, көпшілік алдына тарту керек.

1934 ж.

АБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҒЫ

Біз Абай өлеңдерінің пікір жағына тоқтадық: қандай өлеумет, таптық маңызы бар, жақсысы не, жаманы не, қандай ортаның, таптық әсері бар, ақынның сөз қылған темалары – міне, осы сықылды мәселелерді ашаладық. Бұл Абай өлеңдерінің мазмұн жағы, бірақ осы пікірлерін, осы мазмұнды Абай көркем сөзбен, ақын тілімен айтты. Енді Абайдың сол ақындығына келейік. Абайдың ақындық күші, қазақ әдебиетіндегі орны, үлгі өрнегі, әсері – оңгіменің осы жағын да ашалайық.

Ілиястан (Жансүгірұлы) бұрынғы Абай туралы жазған сыншылар Абайдың ақындығын, көркем сөзін ерекше тексерген жоқ. Бәрі де Абайдың пікіріне, сөзінің мазмұнына тоқтады, ақынның пікірін ғана сынады. Бұл жөнде Абайдың ақындығын, өлең түрлерін тексеруге бірінші рет шұғылданған сыншы – Ілияс. Бұл Абайдың ақындығына ерекше тоқталады. Абай өлеңдерінің көркемдік, түр жағын да тексереді, ақынның көркем әдебиеттегі орнын ашады. Біздіңше, Ілияс мақаласында Абайдың ақындығын тексерген жері – ең қызықты, күшті жері. Тереңдеп, толық тексермесе де, Абайдың ақындығын ұғуда, бағалауда Ілияс көп дұрыс пікірдің бетін ашады, ақын жазушыларға ойланарлық көп мәнді сөздер айтады.

Абайдың ақындығын бағалағанда, бәріміз де күшті ақын дейміз. Бірақ Абайдың сол күштілігі не, әдебиеттегі үлгі өрнегі, тапқан жаңалығы не – ол жағын айтпаймыз. Сондықтан Абайдың ақындығын да жете білмейміз.

Абайдың ақындығын сөз қылғанда, алдымен, оның қазақ әдебиетіне жасаған жаңалығын анықтау керек. Абайдың әдебиеттегі жаңалығы қайсы? Біздіңше, Абайдың әдебиеттегі жаңалығы біреу емес, әлде неше.

Бірінші жаңалығы – Абайдың көркем сөзге – поэзияға көзқарасы. Өлең жазушы, айтушы Абайдан бұрын да көп болды. Өлең қазақ өмірінде үлкен орын алды. Қазақтың салт-санасын сұрыптауда өлең феодал табының тап құралы болды. Жыр, қисса, айтыс өлеңдер – бәрі де қазақтың феодал табының тілегін жырла-

ған өлеңдер еді. Өлеңді осылай тап құралы қылып пайдалануды қазақ байлары жақсы білді, жақсы түсінді, ел ішіндегі жыршы, өлеңші ақындарды қазақ байы өзіне бағындырды. Әрбір байдың өз жыршысы, өз ақыны болды. Бірақ та қазақтың феодалдары өлеңнің өнер екендігін, ақынның талантын бағалауды Абайдан бұрынғы заманда білген емес. Қазақтың ескі феодалының ұғынуынша, ақын байға қызмет қылатын еті тірі, епті жігіттің бірі ғана. Ақынның жақсылығы – өз байын, руын қалай мақтай біледі, осыған байланысты. Абай айтқандай, «жоқты-барды сатып, елін, байын мақтаса», сонымен ескі ақындардың аты шығушы еді. Бұлардың таланты, ақындығы осыған ғана байланысты еді. Абайдан бұрынғы ескі замандағы феодалшы ақындарда өзінің міндетін, ақындық өнерін осылай ғана бағалаушы еді. Ақынға, өлеңге осы көзқарас болғандықтан, ақын да, өлең де жалдамалы болушы еді. Өлеңді ханның, сұлтанның, байдың жалдамалы ақыны ғана айтатын еді. Үстемдік құрып, ел билеп отырған феодалдардың өздері ақындық құруды бойына кемшілік деп санаушы еді. Абайдан бұрынғы қазақтың заманын шолып көріңіз. Қазақтың не ханы, не сұлтаны, не байы, би болысынан осы ақын болып еді дегенді көре алмаймыз. Бұлардан ешкім ақын болған жоқ. Сонда осылардың ақындық таланты, өнері болмағандықтан емес, ақындықты қорлық, кемдік деп санғандықтан, бұлардан ақын болмады. Міне, осы ескі көзқарасқа Абай өзгеріс жасады. Абай өлең үлкен өнер екенін білді. Ақындықты талантпен байланыстырды, екінің бірі ақын бола алмайтынын анықтады. Ақын болу қорлық, кемдік емес, үлкен өнер, өзгеден артықтық, жан байлығы деп ұғынды. Абай өзі – үлкен бай. Бірақ сол байлығына қарамай, өлеңнің өнер екенін, әлеумет тұрмысында орны үлкен екенін ұға білді. Абайдан бұрын байға ақын болу, өлең жазу қорлық болса, енді Абайша, байдың ақын болуы, өлең жазуы асқандық, білімділік, жақсылық сипатқа айналды.

Абайдың ақындық туралы пікірі әлде неше өлеңдерінде ашық айтылады. Бір өлеңінде ескі ақындарды Абай былай баяндайды:

Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,
Мақалдап айтады екен, сөз қосарлап.
Ақындары ақылсыз надан болып,

Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап,
Қобыз бен домбыра алып, топта сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.

Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап.
Мал үшін, тілін безеп, жанын жалдап,
Мал сұрап, біреуді алдап, біреуді арбап.
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,
Өз елін «бай» деп мақтап құдай қарғап.
Қайда бай мақтаншаққа барған таңдап,
Жыйса да бай болмапты қанша малды ап,
Қазаққа өлең деген бір қадірсіз
Бытжырақ көрінеді соларды айдап.

(100-бет)

Шортанбай, Дулат пен Бұқар жырау,
Өлеңі бірі жамау, бірі құрау.
Өттең дүние-ай, сөз таныр кісі болса,
Кемшілігі әр жерде-ақ көрініп тұр-ау.

(102-бет)

Абайдың осы сөздері өз тұсында үлкен жаңалық еді. Қазақ әдебиетін жоғары көтеретін, ілгері бастайтын пікір еді. Абайдан бұрын өлеңге ақынға мұндай сын көзімен қараушы адам қазақта болған жоқ. Абайдың артықтығы, қырағылы – осы ескі ақындарды сынай білді, кемшіліктерін көрді.

Абай ескі ақындарды сынап қана қойған жоқ, ақын қандай болу керек, өлеңді қалай жазу керек, өңгіменің бұл жағын да сөз қылды. Алдымен, жақсы ақынның үлгісін Абай өзі көрсетті. Өзінің ақындық міндеті жайында Абай былай дейді:

Ескі бише отырман бос мақалдап,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.

.....
Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін,
Көкірегі сезімді тілі орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.

.....
Сый дәм етпе, берсе алма еш адамнан,
Нең кетеді жақсы өлең сөз айтқаннан.

Сүйенерлік адамды сүй, қызмет қыл,
Аулақ бол әнін сатып берсе алғаннан.

Міне, бұл сөздер Абайдың ақындық программасы еді. Қазақ ақындарының алдына тартқан жаңа міндет, жаңа бақыт еді.

Абай ақындықты өзіне үлкен бақыт, үлкен жақсылық деп білген. Өлең жазу Абайда үлкен жұбаныш болған. Өлең арқылы Абай елімен сырласады. Өлең арқылы жұртқа үгіт, өсиет айтады. Білім жаяды. Өлең жазу арқылы Абай ойға салынады. Оймен алды, артын шарлайды. Өлеңмен Абай терең сырлы пікірлер толғайды.

Абайдың қайғырып, қамыққанда жалғыз жұбанышы серігі өлеңі болды.

Өзгеге көңілім тоярсың,
Өлеңді қайтып қоярсың!
Оны айтқанда толғанып,
Ішпегі дертті жоярсың.
Сайра да зарла қызыл тіл,
Қара көңілім оянсын.

.....
Тыңдамаса еш адам,
Өз жүрегім толғансын.
Әр сөзіне қарасын,
Ішпегі дертім қозғалсын.

(141-бет)

Өлең туралы Абайдың басқа да жазғандары бар. Бәрі де осы сарынды. Бәрінде де Абай өлеңге айрықша мән береді, өлеңді сөздің асылы, адамның көз ашар ақылгөйі деп түсінеді.

Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Қазақ әдебиетінде өлеңге, ақынға бірінші рет осындай мән беріп, бағасын көтерген – Абай. Сондықтан біз Абайды өз тұсын-да қазақ әдебиетінде жаңашыл ақын, үлгілі ақын болды дейміз.

Абайдың екінші жаңалығы – қазақтың жазба ұлт әдебиетін жасауға бас болғаны. Абайдан бұрынғы қазақ әдебиетінде жеке феодалдан қара басымен байланысты өлеңдер басым болушы

еді. Жалпы, ұлт қамы, жалпы елге ортақ мәселелер аз айтылушы еді. Абай бастаған, Абай жазған әдебиетте жалпы қазаққа, бүтін ұлтқа ортақ әңгімелер сөз болатын болды. Абай өлеңінің жүзден сексені – ұлт қамы, қазақ елінің ортақ мәселелері. Ең аяғы, Абайдың өзіне арналды деген мұң, зарға түскен өлендерін алсаңыз да, осы жұрт қамы, қазақ қамы сөз болады. Сол қазақ жұрты үшін Абай дертті болады. Сол қазақ үшін Абай жылайды. Ең болмағанда:

Жылай, жырлай өлгенде,
Арттағыға сөз қалсын.
Мендей ғаріш кез келсе,
Мойын салсын, ойлансын.
Қабыл көрсе сөзімді,
Кім таныса сол алсын, –

дейді.

Тірі күнімде сөзімді тыңдамаса, кейінгіге сөзім қалсын дейді. Осы ұлт қамын ойлау, бүтін қазақ елінің мұңын жырлау сарыны Абайдың өлендерінен, тіпті ашық көрінеді. Абайдан бұрынғы ақындарда айтылмаған, ұлт мұңымен байланысқан өлендер Абай тұсында, Абай басшылығымен туады. Абай өлеңі «ру» көлемінен асып, бүтін қазақ даласына қанат жаяды. Қазақ елін Абай түгел алады. Қазақта ұлт туы астына, елдікке шақырады. Абайдың осы жұртшылығы ел қамы, ел мұңы деп күніренуі де қазақ әдебиетінде жаңа сарын. Сондықтан біз Абайды қазақтың ұлт ақыны дейміз, қазақтың жазба ұлт әдебиетінің атасы дейміз.

Абайдың қазақ әдебиетіне кіргізген үшінші жаңалығы – орыс әдебиетінің үлгілерін алуы. Абай бірінші рет қазақ тіліне орыстың атақты ақындарының өлендерін аударды. Қазақ әдебиетіне жаңа пікір, жаңа өлең түрлерін кіргізеді, сөйтіп, қазақ әдебиетін өнерлі елдің әдебиетімен жақындастыру, байланыстыру қамын іздейді. Абай заманында қазақ тілінде Пушкин, Лермонтовтарды өлеңмен аудару үлкен жұмыс, өте қиын жұмыс еді. Осы қиын жұмысты, үлкен игі жұмысты алғаш қолға алған Абай болды. Бұл жөнінде Абай үлкен қырағылық көрсетті, ірі ақын, ұлт ақыны екендігін білдірді, сондықтан біз Абайды бірінші рет өнерлі елге қол созған, өнерге ұмтылған, өнерлі, талапты ақын дейміз.

Абайдың төртінші жаңалығы қазақтың тіл байлығын ұқсата білді. Алғаш қазақтың қарапайым, жуан тілінде көркем образды сөзбен, мағыналы, терең сырлы, қызықты өлең жазу үлгісін көрсеткен Абай болды. Абайдан бұрынғы әдебиетте, әсіресе киссаларда қазақ тілі орынсыз шұбарланған еді. Араб, парсы сөздері орынды да, орынсыз да өлең ішінде қыстырыла беруші еді. Абай осыған қарсы болды. Абай қазақтың әдеби тілін шұбарламады. Өлеңдерінде қазақтың жалпыға ұғымды, жабайы тілін қолданды. Қазақтың жабайы тілі Абай өлеңдері арқылы көркем әдеби тілге айналды. Қазақтың осы күнгі жазба әдеби тіліне бірінші негіз салған, жаңа жол ашқан Абай деп білеміз. Орыстың әдебиетінде Пушкиннің рөлі қандай болса, қазақ әдебиетінде де өз әлінше, қазақ жағдайында Абайдың да рөлі сондай болды. Әрине, Абай жазба әдебиетке негіз салды, тілін түзеуге басшы болды дегенде, Абай жаңадан тіл жасады деп ұқпау керек. Тыңнан ешкім де ештеңе жасай алмайды. Абайда жаңа тіл жасаған жоқ. Абайдың істегені қазақтың ескі ауыз әдебиетіндегі, халық аузындағы күнбе-күнгі тұрмыстағы айтылып жүрген қарапайым, жалпылама сыртқа түсінікті тілін пайдалана білді. Көркем әдебиеттің керегіне жаратты. Ақыны келіссе, қазақ тілі де көркем, образды тіл, өз әлінше бай тіл екендігін көрсетті.

Біз жоғарыда Абайда екі жақты әсер болды дедік. Бірі – Абайдың бала жасында, жігіт кезіндегі әкесі Құнанбай тәрбиесінен қалған ислам әсері, араб, парсы, шағатай әдебиетінің әсері. Екіншісі – Абайдың сақайған кезіндегі орыс культурасының, әсіресе орыс әдебиетінің әсері. Осы екі әсердің екеуі де Абайдың тілінде анық көрінеді. Абайдың алғаш жазған өлеңдерінде араб, парсы тілінің әсері тіпті күшті болады. Мәселен:

Жүзі – раушан, көзі – гаухар,
Лағылдек бет ұшы ақмар,
Тамағы қардан әм бихтар,
Қасың күдірет, қолы шыйға.

Дәл осындай болмағанмен де, дін туралы жазған соңғы жылдардағы өлеңдерінде де Абай араб, парсы тілдерінің ықпалынан мүлде құтылып кете алмайды. Азды-көпті араб-парсы сөздерін кейінгі өлеңдерінде де қыстырып отырады. Мәселен:

Аманту оқымаған кісі бар ма?
Оқыту дегенмен ісі бар ма?
Замана, шаруа, мінез күнде өзгерді
Оларға кезімен нәби келеді.
Қағида шарияғати өзгерсе де,
Тәғріп Алла еш жерде өзгермеді.

(1902 ж.)

Алайда Абайдың соңғы жылдарда (80-90 ж.) жазған өлеңдерінде араб, парсы тілдерінің әсері азая береді. Абай көбінесе қазақтың қарапайым-жуан тіліне ауады. Жұртшылық, ғашықтық, аударма өлеңдерінің бәрі де қазақтың қара тілімен жазылады. Кейде осы өлеңдерінде бірен-саран орыс сөздері қатыстырылады. Бірақ бұлардың көбі жаңа термин есебінде, қазақтың тілін байыту ниетімен ғана алынған сөздер болады. Мәселен, Абайдың кейбір өлеңдерінде:

Бизітке төлемей,
Шырағым, бос қалма.

Жә болмаса:

Тактысына билесін...

Тағы осы сықылдылар.

Мұндай термин есебінде орыс тілінен пайдалану Абайдың соңғы ақындық құрған кезіндегі өлеңдерінде көп кездеседі. Мұнысы да Абайдың жаңалығы. Қайта орыс тілінен керекті терминдерді алу жөнінде төңкерістен бергі терминші ұлтшылдардан Абайдың аяқ алысы анағұрлым игі еді.

Абай заманына қарамай, орыстың керекті терминдерін өзінше қазақ әдебиетіне кіргізуге тырысты. Жарытып, қорытып ештеңе істемесе де орыс әдебиетінен орыс культурасымен жақындасу керек деген бетте болады. Бизит, такты, промысыл сықылды сөздерді жаңа термин қылып кіргізеді. Ал кейінгі төңкерістен бергі ұлтшыл терминшілер бұл жөнінде Абайға да ере алмады. Абай заманында адыра қалған ескілікті қайта қозғады. Қазақтың бүгінгі тұрмысында құлаққа жат, үйренуге қиын араб, парсы сөздерін термин қылды немесе тыңнан ойға да, көңілге де қонбайтын «жаңа

сөздер» ойлап шығарды. Қалайда орыс тіліне жоламау, орыс әдебиетінен алыстау, етек жеңін қоршап-қымтап, қазақ әдебиетіне орыс терминдерін (жалпы Еуропаның білім терминдерін, сөздерін) кіргізбеуге тырысты. Мұның атын бұлар қазақ тілін таза сақтау деп түсіндірді. Шынында, мұның аты қазақ тілін таза сақтау емес, қазақты надандықта ұстаудың программасы еді.

Қазақты Еуропаның, әсересе сұрыпталған дайын терминдерімен пайдалану жөнінде бірінші рет игі жұмыс бастаған Абай ақын болды. Абай қазақтың өз тіліндегі барлық байлықты пайдалана отырып, реті келген жерде орыс тілінен де керекті терминдерді алудан қашпады. Абайдың бұл ісі де бүгінгі біздің көп ақындарымызға мәнін жоймаған, үлгі аларлық іс.

Биылғы Мәскеуде болып өткен бірінші Совет жазушыларының съезіндегі үлкен, күрделі сөздің бірі көркем әдебиеттің тілін түзеу мәселесі болды. Бұл мәселе жалғыз орыс әдебиетіне ғана тиісті мәселе емес. Орыста әдебиет тілі ойлағандай шешілмеді деп отырса, қазақ сықылды елдерде бұл мәселе әлі тіпті тың жатыр. Біздің кейбір жазушыларымыз, ақындарымыз соңғы жылдарда қазақ тілінде жазудан қалып барады. Кейбіреулер мұны «пролетариатшылық» деп түсінетін тәрізді. Әрине, «аударма» тілмен, қазақша емес, не орысша емес, жазушының өзінен басқа ешкім ұқпайтын сауатсыз тілмен көркем әдебиет жасай алмаймыз, қазақ тілін байыта алмаймыз. Мұндай жазушыларға Қазақстан жұртшылығы, сөз жоқ, қарсы болады. Алдымен, мұндай «тіл бұзушыларға» қазақ жазушылары қарсы болу керек. Өз жазушыларында қазақ тілінің жақсы үлгісі көрсетілуі керек. Міне, біздің осы үлкен игі жұмысымызда Абайдың да пайдасы аз болмады. Абай тілі қазақтың бүгінгі көп жазушыларына үлгі бола алады. Абай – өз тұсында қазақтың тіл байлығын түгел меңгерген кісі. Абай ескі тілді біліп қана қоймай, сол тілді байытуға қам істеген кісі. Өнерлі елдердің тіліне жеткізуді арман қылған кісі. «Сөз патшасы» өлең тілін өдемілеп, жырлап, құндызша құлпыртқан Абай болатын. Абайдың би, болыстарды сөккен, найзаның ұшындай өткір тілі, ғашықтықты дөттеген нәзік сезімді, ыстық жүректі, жылы сөзі, жұрт қамынан туған өзінің қайғы, мұң басқан сырлы тілі, терең ой, жаралы жүрек, нәзік сезімнен шыққан сырлы жыры – осылардың бәрі де Абай тілінің байлығын, Абайдың әр

өлеңінің маңызына лайық сөз таба білгендігін көрсетеді. Абайдың өлеңдерін оқығаныңда, алдымен, көңіл тартатыны – әдемі, образды, кестелі сөзі. Абай өлеңдерінде артық сөз таба алмайсың (болса бірен саран), әрқайсысы орнымен айтылады, қиуы келіп, жабысып, жатады, бөлектеніп кедір-бұдыр болып тұрған сөз болмайды. Абайдың:

Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы,
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.
Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол ақынның білімсіз, бейшарасы, –

дегені қазақтың Абайдан басталған буржуалыққа бет бұрған байшыл әдебиетінің жаңа жолы еді. Бұрынғы төрт жол төрт жақтан келетін өлең ескіріп, жаңа заманға жаңа өлең керек болғанда туған жаңа өлеңнің алғашқы нұсқа, үлгілерін Абай жазады. Шынында да, Абайдың көп өлеңдері «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиеді».

Абай тілі – образды тіл. Абай образды тілімен әйелді суреттесін, жоқ, жақсы атты суреттесін, жа болмаса, көш-қонды, жазды, жайлауды, қызған қысты, суыған күзді суреттесін – бөріңде де Абай образды тілге байлығы, Абай ақындығының күштілігі, таусылмайтын бұлақ сықылды сөздің де, образдың да қиылып, төгіліп, ағытылып жатқанын көресің. Абай тілінің артықша бір қасиеті – аз сөзбен көп мағына беруі. Төрт-бес жолмен Абай тұтас адамның кейпін, мінез-қылығын көрсетеді.

Мәз болады болысың,
Арқаға ұлық қаққанға.
Шелтірейтіп орысың,
Шенді серкеп жапқанға.

Абайдың осы төрт жол өлеңінде қазақтың ескі болысының мінез-құлқы, сыртқы-ішкі сыйпаты көзге анық елестемей ме? Абайдың «аш би, қу старшын» деген бір ауыз сөзінде де көп мағына жатқан жоқ емес пе? «Аш би» деген сөзбен қазақ биінің арамдығы, елді жалмап, бірді, бірге атыстырып-шатыстырып

отыратыны, сонда да өзі тойса да көзі тоймай, ылғый «аш» отыратыны өтірік пе? Абай осыны бір-ақ сөзбен айтып-түсіндіріп отыр. Ақындық, шеберлік сөзге ұсталық, тілге, образға байлық осындайдан табылады.

Абай қысқа сөзбен адамның ғана образдарын суреттеген жоқ. Абайдың өлеңдеріндегі пейзаж, жаратылыс суреттерін алсаңыз да осы қасиет бар.

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілеп.
Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен күрілдеп.
Қалың ағаш жапырағы,
Сыбырласып өзді-өзі.
Көрінбей жердің топырағы,
Құлпырған жасыл жер жүзі.

Осы сегіз жолда да қалың ағашты, терең сайды жағалай отырған қазақтың жазғы ауылы елестемей ме?

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілеп.

Осы да өте бай образ ғой. Бір сөйлемде жел, түн, ай, су, сәуле – осылардың құбылысы, перне-суреттері – бәрі түел айтылып отырған жоқ па?

Осының бәрі, әрине, Абайдың тіл байлығы, ақындығының күштілігі арқасында ғана болып отыр. Күшеншек ақын бір ауыз сөзді, 10-20 ауызға айналдырып, мылжындап, езіп отырар еді. Абайда бұл жоқ. Абай тереңнен алды, қысқасынан қайырады, тауып айтады. Сондықтан біз Абайды көркем тілдің ұстасы дейміз. Өз заманында ақындығымен, образды әдемі тілімен қазақ әдебиетіне Абай жаңалық кіргізген, үлгі жасаған ақын дейміз.

Абайдың қазақ әдебиетіндегі төртінші жаңалығы – Абайдың жаңа әдебиет түрлерін жасауы. Қазақ поэзиясына Абай түр жағынан көп жаңалық кіргізді. Абай өлеңдерінің сарыны, бағыты, мазмұнындағы жаңалықтар өлең түрлерінде де көзге анық көрінеді. Абай өлеңдерінің тілін, түрін, кестесін ғылыми жақтан тереңдеп ерекше тексерген кісі Абай өлеңдерінің түр жағынан

бүгінгі қазақ поэзиясына да бір сыпыра қолайлы үлгілер табар еді. Абай жасаған өлең үлгілері әлі түгел пайдаланған жоқ. Ұлтшыл ақындар Абайдың бес-алты түрін ғана алды. Төңкерістен бұрынғы қазақ ақындарының Абайдан асып, жаңа түр тапқаны жоқтың қасында. Бәрі де Абайды түгел пайдалана алмады. Абай өлеңдерінде, сұрыптай келгенде, 16 өлең түрі бар. Соның бір сыпырасы – қазақтың ескі ауыз әдебиеті – жыр, қысса қара өлеңі, өндерінен алынған түрлер. Қазақтағы бар өлең түрлерін Абай түгел пайдаланған деуге болады. 11-12 буынды қысса, қара өлең түрі, желдіртіп отыратын жыр түрі, 5-6 буынды, жазық өлеңдері, 7-8 буынды екі жолды, қысқасынан қайырылып отыратын жырау түрі осылардың бәрі Абай өлеңдерінде де көп кездеседі.

Бұлардан басқа өзінің тыңнан шығарған, орыс, араб, парсы әдебиеттерінен алған үлгілері де жоқ емес. Біздің жалпылап шолуымыздың өзінде-ақ Абай өлеңдерінен 7-8 өлең түрлері қазақтың бұрынғы әдебиетінде болмаған түрлер дейміз. Абайдың жаңа түрлерінде екі түрлі өзгерістері бар. Бір келкі өлеңдері – өнге лайықтап, музыка үніне үйлесіп, буын өлшемі, дыбыс ұйқастары, сөз ырғағы күшті болып келеді. Өлеңді оқығанда сөз ырғағы, дыбыс ұйқастары өлеңінің жалпы кестесі өнге өзі тартып тұрады. Қара сөзбен оқығанның өзінде-ақ ән болып оқылады. Мәселен, Абайдың:

Көзімнің қарасы,
Көңілімнің санасы
Бітпейді ішімде
Ғашықтық жарасы.

Жә болмаса:

Қара көз, имек қас,
Қараса жан тоймас,
Аузың бал қызыл гүл,
Ақ тісің кір шалмас (150-151 б.).

Айттым сәлем қаламқас,
Саған құрбан мал мен бас.
Сағынғаннан сені ойлап,
Ағар көзден ыстық жас.
Сенен артық жан тумас,

Туса-туар артылмас.
Бір өзінен басқаға
Ынтықтығым айтылмас.

Абайдың осы сықылды өлеңдері көп. Пушкиннің «Евгений Онегин» поэмасы да осы сарынды өлең түрімен аударылған. Абайдың осы сықылды өлеңдерінің бәрі де ән-күйге лайықталып жазылған. Сөз кестесі, дыбыс ұйқастығы, өлеңнің өлшемі, буын мөлшері, сөзден құрылған сөйлем ырғағы, қисыны – бәрі де әнге күйге тартады. Бір өлеңнің аяғында, Абайдың өзі де айтады:

Мұны оқыса, кім танып,
Жүрегіне от жанып.
Сөзді ұғарлық жан тапса,
Айтса жарар ән салып, –

дейді.

Шынында да Абайдың мұндай өлеңдері елге тез тарады. Ел ішінде ән болып айтылды.

Абайдың екінші бір келкі өлең түрлері әнге келмейді, өлең кестесі, сөз ырғағы, сөз қисыны мазмұнына бағынады. Мағынасы келіп тұрған сөзді кейде өлең ұйқастығын, жалпы кестесін бұзып тұрса да Абай қосып жібереді. Абайдың мұндай өлеңдерінде терең ой, толғаулы, табакты сөз кездеседі, әңдетіп сылдыратып оқи алмайсың, көбінесе, талдап, саралап, тоқтап оқисың. Бір сөйлемнің ішінде әлде неше рет тоқтау керек болады, мәселен, Абайдың:

Шын көңілмен сүйсе екен кімді сүйсе,
Бір сөзбен тұрса екен, жанса, күйсе.
Қырмызы, қызыл жібек бозбалалар,
Оңғақ бұлдай бұлдайды бір дым тисе.
Кемді күн, қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе біріндікін бірін жеткіз.
Күншіліксіз тату бол шын көңілмен,
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз, –

деген өлеңдерін, әрине, әнге салуға болмайды. Абайдың өзі де бұларды әнге деп арнамаған. Абайдың үгіт, өсиет қылып жазған өлеңдерінің көбі осылай жазылады. Толғап, талдап, жаяулатып оқуды керек қылады.

Абайдың жаңа түрлерінің ішінде қазаққа көбірек жайылғаны – «Сегіз аяқ». Бұл өлеңі ән болып та айтылады. Абайдан кейінгі ұлтшыл ақындардан да осы түрді қолдаушылар болды. Абайдың осы «Сегіз аяғының» өзге түрлері де бар.

«Сегіз аяқта»:

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Пымырылып бойға жайылған,
Қиудан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған,
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең өзін біл.

Осы сегіз жолдың түйіні соңғы екі жолда шешіліп отырады. Әрбір екі жолы бір-бірімен үйлесіп, үшінші жол алтыншы жолмен үйлеседі. Ал өзге түрлерінде не «алты аяқ», не «жеті аяқ» болып келеді. Мұнда екіге бөлінеді. Сол әрбір бөлігінде түйіні шешіліп, мағынасы ашылып отырады.

Мәселен:

Бай сейілді,
Бір пейілді,
Елде жақсы қалмады.
Елдегі еркек,
Босқа селтек,
Қағып елін қармады.

Бұл алты жол үш-үштен бөлінеді. Екі жолы бір бірімен ұйқасып, үшінші жол алтыншы жолға ұйқасады. Бірақ алғашқы үш жолда да, кейінгі үш жолда да мазмұны бөлек, бір-біріне бағынбайтын болады. Осы сықылды, «жеті аяғы да» бөлшектеніп келеді.

Мәселен:

Ғашықтық қиын жол!
Жетсең жеттің.
Не болды?
Арманда өмір
Өтті.
Ойлай ма екен мені сол.

Мұнда бірінші бастауыш жол мен жетінші қорытушы жол үйлеседі. Бірден соңғы екінші, үшінші жолдар ұйқасады. Қалғандары сөйлемінің маңызына қарай құбылып отырады, кейде ұйқасады, кейде ұйқаспайды. Абайдың бұл түрі өзінің де аз қолданған түрі. Тегінде, поэзияға өте қиын түр болу керек. Және осында ұйқастық, ырғақтық та аз сықылды. Оқығаныңда томар аттап, жығыла-сүрініп келе жатқан кісіше оқисың. Кейінгі қазақ ақындарына Абайдың бұл түрінің жүкпай қалуының да бір себебі осы болу керек.

Абай өлеңдерінде дыбыс үндестігі құбылып, буын ұйқастығы құбылып, буын ұйқастығын жасағандар да бар. Мұнда Абай өлеңдегі әрбір сөйлем, не бір жолдың ішінде бірыңғай үндес, ұйқас дыбыстарды тізеді және өзі осы жолдардың бастауын бір-ақ дыбыс не бір-ақ түрлі буынмен бастайды.

Мәселен:

Самародный сары алтын,
Саудасыз берсең алмайды,
Саудыраған жезіне.
Саудырсыз сары қамқаны,
Садаға кеткір сұрайды,
Самарқанның бөзіне.

Жә болмаса:

Жайнаған туың жығылмай,
Жасқанып жаудан тығылмай,
Жазалы жаудан бұрылмай,
Жау жүрек жомарт құбылмай...

Міне, бұл өлеңдерінде Абай әр өлең жолын бір-ақ дыбыспен, бір-ақ түрлі буынмен бастайды. Бастапқы біз келтірген өлеңді – «Самародный сары алтынды» ылғиына «с» дыбысы «са» буынымен бастайды. Осы «с» дыбысына ұйқасты дыбыстарды «ж», «з» не «с»-ның өзінің кейінгі жол ішіндегі сөздерде де болуын қарастырады. Сонда жалпы өлеңді оқып отырғанда, «с» мен басталғанынан басқа, бүтін өлең ішіне «с» не осыған ұйқас «ж», «з» дыбыстарымен үндесіп жатқанын көресің. «Жа» мен бастаған өлеңдерінде де осы әдісті қолданады.

Абайдың осы дыбыс ұйқастығын қуалау әдісі өлең жолының басында ғана емес, аяғында да қолданылады. Жолдың аяғын ылғиына өлең біткенше бір түрлі буынмен, үндес, ұйқас дыбыспен ғана қайырып отырады. Мәселен:

Антпен тарқайды,
Жиылса кеңеске.
Анттасын алқайды,
Сен тентек демеске?
Кім аттан шалқайды?
Амал жоқ жемеске (164-бет).

Мұнда өлең жолының аяғы бір түрлі дыбысты буындармен ұйқасып отырады. «Айды, қайды» деген жұрнақтар бірінші жолда, «еске» екінші жолда болып отыр. Жол аралатып осы екі түрлі жұрнақ бүтін өлең біткенше келеді де отырады. Осының өзі, әрине, Абайдың сөзге, образға, түрге байлығын көрсетеді. Жоғарыда біз Абайды күшті ақын, төгіліп, тасып отыратын ақын деп едік. Абайдың сол ақындығы, таусылмайтын бұлақ екені осындай өлең түрлерінде де көрінеді. Сондықтан біз Абайды қазақ поэзиясына жаңалық кіргізген, жаңа түр берген, үйренерлік үлгі қалдырған ақын дейміз.

Абай ылғиына поэзиямен ғана шұғылданды. Поэзия ішінде Абайдың басым сарыны лирика, сырлы өлең болды. Қазақтың Абайдан бұрынғы әдебиетінде де лирика көп орын алып келеді. Әсіресе қазақтың әйел мұңын жыр қылған немесе орыс отаршылығына қарсылық білдірген өлеңдерінде лирика күшті болатын.

Бұл жағынан қарағанда Абай лирикасы қазақ поэзиясында жаңалық емес. Абайда Абай лирикасы ескі әдебиеттегі лирика емес. Абайдың заманына қарай бұл жөнінде де азды-көпті қосқаны бар. Абай лирикасының бір ұшы қазақтың ескі әдебиетінде жатса, енді бір ұшы орыстың Пушкин, Лермонтовтарында жатыр. Бұл екі түрлі лирика – екі елдің, екі түрлі дәуірдің лирикасы. Бірақ Абайда осының екуінің де әсері бар. Абай екеуін де қоса білді. Абайдың қара басындағы, пікіріндегі ақындығындағы екі жақтылық оның сырлы өлеңінде де болды. Абайда торығу, жалығу, шаршау сарыны да болды. Сонымен қабат Абайда өзге тартатын, жұбататын сарын да болды.

Абай лирикасының екі жақты, екі түрлі болып келуі оның таптық жолына байланысты. Біз жоғарыда Абайдың шаршауы-

ның өзі ескілікті көксегендіктен емес, жаңалықты іздегендіктен, соған жете алмағандықтан деп едік. Абай лирикасындағы торығу сарынын да осылай бағалау керек.

Абай лирикасында жеке адамның мұңы мен өлеумет тілегі араласып жатады, Абай қара басын сол көп үшін, жұрт үшін жылатады. Өлең мен өлердегі сырын айтады. Абай сыры жүрек, сезім, сананы «түгел аралайды». Адамның ішіне кіреді, жанын қозғайды. Бұл жағынан қарағанда терең сырлы, ішкі сырды қопартын лирика қазақта Абайдан басталды деуге болды.

Біз Абайдың ақындығын сөз қылғанда, көбінесе, оның жаңалығын, поэзияда жасаған үлгілерін айттық. Абайдың осындай жаңалықтары, өз заманында жақсы үлгілері болғанымен, кемшіліктері де аз емес. Абай поэзиясындағы ең үлкен кемшілік – Абай күнбе-күнгі тұрмысқа ғана сыншы болды, көп өлеңі қысқа үгіт, өсиет ретінде ғана жазылды. Абайдың сырлы өлеңдері де осы белден ұзамады. Үлкен поэма, терең, толымды, тұлғалы, жақсылы, жаман образды күрделі өлеңдерді Абай жазған жоқ. Кесек поэма, өлеңдерді Абай басқа ақындардан аударуға тырысқан. Бірақ бұлары да бітпей қалған. Абай сықылды үлкен таланттың кесек нәрсе жазбауы не? Біздіңше, ең үлкен себебі Абайдың әдебиетке кеш қатысуынан, мезгілін өткізіп алғандығынан дейміз. Абай екі сөзінің бірінде өзінің кеш ояңғанына, өнерге кеш қол сермегеніне өкінеді, қынжылады. Осынысы – Абайдың шыны. Абай кеш оянады. Өнер-білімге сақайған соң қол созды. Қартайған Абайдың уысына білім түгел түспеген. Абай қанша көп оқып, көп тоқыса да надандықтан, шала білімдіктен құтыла алмады. Абайдың ойға алғаны, көздегені тілегені көп болды. Бірақ қолы қысқа, білімі таяз болғандықтан, көбіне жете алмады. Оның үстіне Абай өскен ортасынан, елінен де «етек бастыны» көп көрді. Жалғыз болды. Осының аяғы барып, Абайды кейде жылатты, мұң-зарға салды.

Абай – самородок, қарадан оқымай шыққан талант. Бірақ оның заманы, өскен ортасы, алған тәрбиесі, шыққан тегі – бәрі де Абай талантын өсірерлік болмады, қайта өшіруге тырысты. Сондықтан Абай сынды ақын құлашын жая алмады. Көсіліп отырып, кеңінен туылған терең, үлкен темалы кесе поэзия жасай алмай кетті. Абай арманда кетті.

1935 ж.

ТҮСІНІКТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Абай туралы сөз. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1995 жылы 9 тамызда Республика сарайында Абай Құнанбайұлының дүниеге келгеніне 150 жыл толуына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі. Баспа сөз бетінде жарияланған: Назарбаев Н.Ә. Абай туралы сөз. – Алматы: Рауан, 1995; Абай институтының вебсайты.
2. Ысқақұлы К. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі. Баспа сөз бетінде жарияланған: Ысқақұлы К. Абайдың өмірі // Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай ұғлының өлеңі / бастырған Кәкітай, Тұрағұл Құнанбай ұғландары. – СПб., 1909; Абай институтының вебсайты.
3. Әуезов М. Абайдың туысы мен өмірі. Бірінші нұсқасы (1927-1933). Баспа сөз бетінде жарияланған: Әуезов М. Абай Құнанбайұлы. Толық жинақ. – Қызылорда, 1933; Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. – Алматы: Санат, 1997; Абай институтының вебсайты.
4. Жанатайұлы К. Абай туралы естелік әңгіме. Баспа сөз бетінде жарияланған: Көкбайдың Абай туралы естелік әңгімесі // Абайдың ақын шәкірттері. Екінші кітап / дайындаған Қ. Мұхамедханұлы. – Алматы: Республикалық Абай қоры, 1994; Абай институтының вебсайты.
5. Құнанбаев Т. Әкем Абай туралы. Баспа сөз бетінде жарияланған: Абайдың ақын шәкірттері. Бірінші кітап / дайындаған Қ. Мұхамедханұлы. – Алматы: Республикалық Абай қоры, 1993; Абай институтының вебсайты.
6. Бөкейханов Ә. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Баспа сөз бетінде жарияланған: Семипалагинский листок. – 1905. – 25-27 ноябрь; Записки Семипалагинского подотдела Западно-Сибирского отдела ИРГО. – 1907. – Вып. 3. – С. 178-181 (1-8) <http://lib.rgo.ru/reader/flipping/Resource-823/RuPRLIB12047744/index.html>; Жұлдыз. – 1991. – №9. – 110-114-беттер; Мырзахметов М. Абайды оқы, таңырқа. – Алматы, 1993. – 11-17-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Байтұрсынұлы А. Қазақтың бас ақыны. Баспа сөз бетінде жарық көрген: Қазақ. – 1913. – 23, 30 қараша, 22 желтоқсан; Байтұрсынұлы А. Шығармалары / құраст.: Ә. Шәріпов, С. Дәуітов. – Алматы: Жазушы, 1989; Абай институтының вебсайты.
8. Дулатов М. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Баспа сөз бетінде жарық көрген: Қазақ. – 1914. – 23 маусым; Дулатов М. Шығармалар жинағы. Бес томдық. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003; Абай институтының вебсайты.
9. Аймауытов Ж., Әуезов М. Абайдың өнері һәм қызметі. Баспа сөз бетінде жарияланған: Екеу. Абайдың өнері һәм қызметі. – Абай. – 1918; Абай институтының вебсайты.
10. Сағди А. Абай. Баспа сөз бетінде жарияланған: Ташкент: Ақжол, 1923. – № 335, 356, 359, 363, 369, 372.
11. Сейфуллин С. Ибраһим Құнанбайұлы (Абай). Баспа сөз бетінде жарияланған: Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. 6-том. Ғы-

лыми зерттеу және сын мақалалар. – Алматы: Қазығұрт, 2006; Абай институтының вебсайты.

12. Жансүгіров І. Абайдың сөз өрнегі. Баспа сөз бетінде жарияланған: Жансүгіров І. Көптомдық шығармалар жинағы 4-том. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2005; Абай институтының вебсайты.
13. Жұбанов Қ. Абай – қазақ әдебиетінің классигі. Баспа сөз бетінде жарияланған: Әдебиет майданы. – №11-12. – 1934; Абай институтының вебсайты.
14. Ысмайылов Е., Шашкин З. Абайдың өлең өрнектері. Баспа сөз бетінде жарияланған: Әдебиет майданы. – 1934. – №11-12; Абай институтының вебсайты.
15. Тоғжанов Ғ. Абайдың ақындығы. Баспа сөз бетінде жарияланған: Тоғжанов Ғ. Абай. – Қазан, 1935. – 119-137-беттер.

МАЗМҰНЫ

Назарбаев Н. Абай туралы сөз.....	3
Ысқақұлы К. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі.....	21
Әуезов М. Абайдың туысы мен өмірі	31
Жанатайұлы К. Абай туралы естелік әңгіме	94
Құнанбаев Т. Әкем Абай туралы.....	105
Бөкейханов Ә. Абай (Ибраһим) Құнанбаев	130
Байтұрсынұлы А. Қазақтың бас ақыны.....	136
Дулатов М. Абай (Ибраһим) Құнанбаев	144
Аймауытов Ж., Әуезов М. Абайдың өнері һәм қызметі.....	147
Сағди А. Абай.....	153
Сейфуллин С. Ибраһим Құнанбайұлы (Абай).....	174
Жансүгіров І. Абайдың сөз өрнегі.....	182
Жұбанов Қ. Абай – қазақ әдебиетінің классигі	189
Ысмайылов Е., Шашкин З. Абайдың өлең өрнектері.....	213
Тоғжанов Ғ. Абайдың ақындығы.....	242
Түсініктер.....	258

Оқу басылымы

АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
I том
Ойлар мен толғаныстар

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *Г. Рүстембекова*
Компьютерде беттеген және
мұқабаны безендірген *Қ. Өмірбекова*

ИБ№8504

Басуға 15.09.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60х84/16.
Көлемі 16,37 б.т. Оффсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №2282.
Таралымы 300 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.